

АЙГИЗ БАЙМУХАМЕТОВ

ТАСТАМАШЫ, АНА!

Хикаяттар



«Кітап» баспасы
Алматы
2019

ӘӨЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44
Б 17

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты
комитетінің тапсырмасы бойынша «Қазақстан Республикасында
тілдерді дамыту мен қолдаудың 2011-2019 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды.*

Башқұрт тілінен аударған – Саят Қамшыгер

Баймұхаметов Айгиз

Б 17 Тастамашы, ана! / Хикаяттар. Аударған Саят Қамшыгер. – Алматы:
«Кітап» баспасы, 2019. – 320 б.

ISBN 978-601-7888-43-5

Айгиз Баймұхаметов – жас жазушы, Башқұртстан және Ресей Жазушылар одақтарының мүшесі, Шайхзада Бабич атындағы Мемлекеттік республикалық жастар сыйлығының лауреаты. Уфа қаласында тұратын жазушы бұл кітабында ата-анасынан айырылған жетім балалардың аянышты тағдырын баяндайды. Автор өзі тәрбиеленген балалар үйіндегі ұл-қыздардың қиын тағдырларын қарапайым, оқырманға түсінікті тілде суреттейді.

Қазақ тіліне аударылған бұл шығарма Саят Қамшыгердің қаламынан қазақ қоғамының жүрегінен ерекше орын алатын түсінігі жетік, тілі орамды туынды болған. Аударма сапасының жоғары деңгейін айырықша атап өтуге болады, шығарма қазақ тіліндегі төл туындыдан кем түспеген.

Кітап балалар мен жасөспірімдерге, барша оқырман қауымға арналған. Башқұрт әдебиетінің талантты өкілінің бұл кітабы орыс, татар, чуваш, қырғыз, әзірбайжан, моңғол тілдеріне аударылып, үлкен сұранысқа ие болып, жұртшылықтың қызығушылығын оятқан.

Шығарма қазақ тіліне тұңғыш рет аударылып отыр.

ӘӨЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44

ISBN 978-601-7888-43-5

© Айгиз Баймұхаметов, 2019.
© Саят Қамшыгер. Башқұрт тілінен аудармасы, 2019.
© «Кітап» баспасы, 2019.



КӨКСЕГЕНІНЕ ЖЕТКЕН ШЫҒАРМА

«Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына», – депті Әлішер Науаи. Бүгінгі таңда осы алтын қазынаға қарасты қоғамда әртүрлі пікірлер туындады. Бірі – кітап оқылмай жатыр десе, екіншілері, керісінше, кітапты іздеп оқушылар саны күн санап артып келеді деген пікірде. Әрине, осындай екіжақты пікірдің туындауы ғаламтордың жазадан келіп жармасуынан бастау алған еді. Иә, ғаламтордың салдарынан кітап оқушылар саны азайғаны ащы да болса шындық. Десек те, қарап жатуға болмайды. Денеңізді ауру дендесе өзіңіз күресу арқылы жеңіп шығасыз ғой. Сол секілді бүгінгі таңда кітапқұмарлардың санын көбейтуге барымызды салып күресу үстіндеміз. Күресудің ең тиімді жолы оқырмандарды қызықтыратын кітаптарды жарыққа шығару. Бүгінгі сөзіме арқау болып отырған ақын, аудармашы Саят Қамшыгер тәржімалаған башқұрт жазушысы Айгиз Баймұхаметовтің «Тастамашы, АНА» кітабы да оқырмандар тарабынан оң баға алып, қызыға оқылған кітаптар санатына енді.

Иә, әркімнің өмірі өзінше өріледі. Бірі – бақытқа кенелсе, енді біріне жоқшылықтың қамытын кигізіп, үнемі тарылтып қояды. Барлығы жеткілікті, төрт



құбыласы тең адам кедейшіліктің не екенін қайдан білсін. Ал «Тастамашы, АНА» кітабын оқыған адам әділетсіздіктің не екеніне көз жеткізеді. Меніңше, жазушының да көксеген негізгі ойы осы. Демек, шығарма – өзі көздеген мақсатына жетті.

Дағыстан халық ақыны Расул Ғамзатов «Өзіңді – өзің тану үшін кітап керек, өзгені де тану үшін кітап керек» деген екен. Қолымызға тиген еңбек адамзат атаулы арасындағы немқұрайдылықтың, бейсауаттылықтың соңы немен аяқталатынын көрсетіп береді. Балалар үйінің басшысы тек істеп отырған қызметінен айырылмас үшін ауызында ана сүті кеппеген бейкүнә балаларды атып тастаудан тайынбайтынын аңғару қиын емес. «Сонымен, таңертең қонақтар келеді. Егер түнде үсік жүрсе директордың кәріне іліктің дей бер. Бірақ Мавлида Нұрғалиқызы ауа райын алдаудың жолын тапты... Жоғары сыныптың ұлдары бұл түнді ұйқысыз өткізді. Алдымен біз әр гүлдің түбін ескі шүберектермен жаптық. Одан кейін гүлдер өсіп тұрған маңға от жақтық. Әрқайсымызға суықтан сақтау үшін гүлдер бөлініп берілді. Біз таңға дейін отын әкеліп, отты үзбей жағып тұрдық», – деген жолдардан аса бір суреттеуді байқамайсыз. Бірақ, қызметі үшін басшының бала тағдырын ойыншыққа айналдырғаны анық байқалып тұр. Ұйықтаса түсіне кіретін басшының әділетсіздігіне қарсы тұрар дәрмен жоқтығына еріксіз көз жеткізесіз. Бұл жерде бейкүнә



балдырғандарды баяндай отырып, бүгінгі қоғамда да кездесіп жатқан келеңсіздікті көрсетуді автор негізгі бағыты ретінде алған секілді көрінді.

Шығарманың әрбір бетін парақтаған адам әке мен шеше баланың ең негізгі қорғанышы екенін ұғына түседі. Шешелерінен ерте айырылып, әке қамқорында асыр салып ойнап жүрген ауыл балалары жалғыз қамқоршысын көз алдында о дүниеге шығарып саламын деп ойламаса керек-ті. Дәл осы секундтардан кейін ауылдың қара домалақ балаларының тағдыры ойда жоқта үш жүз алпыс градусқа өзгеріп сала берді. Әкелерін жер қойнына берген сәттен бастап, өкіметтің «жанашыр» адамдары аяқ асты пайда болып, балаларды қалаға алып кетудің әрекетіне кіріседі. Бірақ... Әлі оң-солын тани қоймаған балалар туған жер мен қарашаңырақты қиып тастай алмайды. Сол үшін әлгі өкіметтің жандайшаптарына қарсы шығады. Өкінішке қарай, енді олардың «шырылын» еститін не әке, не шеше жоқ... Сондықтан олардың тағдыры балалар үйіне байланады. Бүгінгі таңда ақша көрсе туған елін, тіпті, қасиетті қарашаңырағын сатып кетуге даяр жандарға кіп-кішкентай ғана Ілиястың іс-әрекеті үлгі боларлық. Тәрбиелік жағынан алып қарасаңыз да шығарма ондыққа дәл тиіп тұр.

Негізінде шығармамен мектеп оқушылары, тіпті жоғары оқу орындарының студенттері танысып, оқып шықса құба-құп болар еді. Өйткені,



қоғамымыздағы түрлі келеңсіздіктер көбіне-көп осы жастардың арасында орын алып жатқаны жасырын емес. Бірі – некесіз бойына біткен баласын тоғыз ай көтеріп, туған соң жай қоқыс тастағандай жәшікке лақтырып кетіп жатса, екіншілері барын аузына тыққан әке-шешесін қарттар үйіне тапсырып, тайраңдап жүргенін жасырып қала алмаймыз. Міне, осылай шалыс басып жатқан жастардың ақылына ақыл қоса білетін еңбек. Өйткені, балалар үйіне келіп түскен жетімектер тасбауыр тәрбиешілердің арқасында талай қысымды басынан өткергенін оқығанда өз-өзіне ой түйер. Сабақ алар. Олай деуімізге басты кейіпкер Илиястың жан қысылып, шырмауықша шырмалған әділетсіз ортадан өзінше жол іздеуі жүрегі бар адамның ет жүрегін езеді. Тіпті, көзіңізге еріксіз жас үйіреді. Әкесі мен шешесі барда жарасқанын киетін жеткіншектер балалар үйіндегі біркелкі киімнің сапалысына қол жеткізу үшін істеген әрекеті үшін немесе қызығушылықпен кәстөм-шалбар киген шенеуніктен кәмпит алғаны үшін жазаға тартқан мекеме басшысының әрекеті Гитлерден бірде-бір кем түспейді. Оқиға желісін одан әрі бойласаңыз бұл бір балалардың тәрбие мекемесіне емес, бейне бір «түрмеге» тап болғандай күй кешесіз. Тісі ауырып тәрбиешілерден дәрі сұрағаны үшін Илиястың жазалы ретінде жауапкершілікке тартылуы кез келген адамның көзіне жас үйіреді. Осы тіс ауруы салдарынан қаншама балалардың өлім құшқаны, олардың іздеушісі



болмағандықтан іс қозғалмай жылы жабылып кетуін жазушы кейіпкердің аузына сала отырып, тамаша баяндайды. Қысқасы, тағдырдың түрлі тәлкегімен осы жерге түскен балаларға интернат директоры Мавлиданың әке-шешесі ішіп, балаларға қарамай кетті деген бір-ақ «диагнозы» жаныңызды қажытады. Менің ойымша, бүгінгі таңда өте өзекті тақырыпты ашқаны үшін жазушының бұл еңбегі оқырмандар тарапынан оң баға алды. Ал осындай еңбектің қазақ оқырмандары арасына таралуына ең бірінші мүмкіндік жасаған – Саят Қамшыгер бауырымыз. Өзімізді танытуға мүмкіндік берген автордың еңбегін қарапайым түсінікті тілде аударып, шығарманың шырқын бұзбай жеткізудің өзі үлкен шеберлік. Гүлдің су сұрап тұрғанын алыстан байқаған бағбан секілді қазақ оқырманының осындай дүниені іздеп жүргенін, жаңа авторлардың қажет болып тұрғанын дер кезінде байқаған аудармашыға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Әркімнің өз орны бар екенін анықтап берген шығарманы көз жасын ағызып отырып оқыған оқырманды әкесі мен шешесін құшақтатып, ешбір қиянатшылық жасамауға серт бергізді. Керісінше, баласына көңілі толмай көкірегінен итеріп жүрген ата-ананы тәубесіне келтіргені анық. Шығарманың аяғына жеткен кезде шынында да «Тастамашы, АНА» деп өз-өзіңе еріксіз сыбырлайсыз!

«Ертегісіз өткен балалық» хикаяты да «Тастамашы, АНА!» хикаятымен бірлікте, тұтастықта.



«Ертегісіз өткен балалық» басты кейіпкер – Ілиястың адам болып қалыптасу жолында балалар үйінде басынан кешкен оқиғалары жайлы. Бұл туындыны да толқымай, тебіренбей оқу мүмкін емес. Қиындықтармен күресе жүріп қалыптасқан Ілияс башқұрттың жасы отыздан енді ғана асқан жас жазушысы Айгиз Баймұхаметовтің прототипі. Айгиз өзінің басынан өткізген өмірді қағаз бетіне әдемі қондыра білгенін баса айтқым келеді.

Екі хикаят та тәрбиелік мәні жоғары шығарма. Сонымен қазақ оқырмандарына қазіргі башқұрт прозасы жол тартты.

***Нұрғиса ӨМІРБАЙҰЛЫ, журналист,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі***



ТАСТАМАШЫ, АНА!

Хикаят

Меніңше, біздің әкеміз әлемдегі ең жақсы әке. Ешкімге қатты сөйлемейді, ешкіммен ренжіспейді. Біздің сабақтарымызға көмектеседі. Ал жазда біз әкемізбен орманға кіріп кетіп, саңырауқұлақтар тереміз, бүлдірген, қойбүлдірген сияқты орман жидектерін үйімізге шелектеп теріп әкетеміз. Бірде тіпті әкеміз бізге бұғыларды көрсетті!

Анамыздың бақиға аттанғанына төрт жыл болды. Әкеміздің қолында жеті бала қалдық. «Балаларды балалар үйіне өткіз де, үйлен. Ғиззат, өзіңді бекер қинама, саған әлі талай жыл өмір сүру керек», – деп оған көп адамдар ақыл айтты. «Сен жалғыз өзің балаларды өсіріп-жеткізе алмайсың, оларды балалар үйіне жібер», – деп барлығы әкемді үгіттеуге тырысты. Әкеміз болса оларды тыңдағысы да келмеді. Жауап біреу болды:

Мен тірі тұрғанда балаларымның бір тал шашы да түспейді! Біз оларды дүниеге әкелгенде балалар үйінде өссін деген жоқпыз...



Осылайша әкемізбен өмір сүріп жатырмыз. Бірақ кейінгі кезде ол жиі ауыра бастады. Әрине, сырт көзге білдірмеуге тырысты, бірақ болып жатқан нәрсені жасыра алмайсың, – қолдары менікі сияқты кіп-кішкене болып қалды. Қақпадан сыртқа шықпай қалғанына бір жылдай болды. Оған не болып жатқаны бізге белгісіз. Анамыздың өлімінен кейін көп түндер бойы ұйықтамады. Терезенің алдында қозғалыссыз ұзақ тұрды, біреуді күтіп тұрғандай. Бір күні түнде мен ыстықтап оянып едім, әкемнің анамның суретін құшақтаған қалпы отырғанын байқап қалдым. Ол кезде оның не ойлап отырғаны маған беймәлім болатын...

Менің екі үлкен ағам мен әпкем қазір қалада оқиды – училищеде білім алып жатыр. Ендігі екі әпкем Алсу мен Әлия, мен, қарындасым Зульфира әкемізбен тұрамыз, мектепке барамыз. Кейінгі кезде әкем тіпті тамақ дайындауға да әлі келмей қалды. Сондықтан да бесінші сыныптағы Әлияға көже қайнатып, нан илеп, оны пісіруді үйренуге тура келді. Оның пісірген күлшелері кішкене, ал біз болсақ анамыз пісіретіндей, үлкенін сұраймыз.

Үлкен болайын, сол кезде үлкенін пісіретін боламын, жарайды ма? Ал қазірше маған соншама нан илеп, пісіру өте қиын болып тұр, – деп әпкеміз ақталатын.

Көктемнің шуақты күндерінің бірі еді. Қар баяғыда еріп кеткен. Алғашқы гүлдер шыға бастады. Көшеде қандай керемет! Әкеміз ғана үйден шыға алмайды, ол күні бойы төсек тартып жатады.



- Балам, маған келші,– деп мені өзіне шақырды.
- Иә, әке...
- Міне, жатып, өткенді есіме алып жатырмын. Неге екенін білмеймін, ойым мені жас кезіме қарай ала қашады. Мен сендердің аналарыңды осындай тамаша бір күнде кезіктірдім. Содан бері қаншама су арнасымен ақты, сол кездегі сәттерді бүгінгі күн сияқты есімде қалдырыппын. Сол шақтарда Гүлнұрыма алғашқы рет бәйшешектер сыйлап едім.
- Әкем үндемей қалды да, қабырғаға қарай бұрылды, ойланып жатты да, сергек үнмен:
- Ұлым, жазыққа барып, бәйшешек теріп келші. Осы көктемде мен бәйшешектерді әлі көрген жоқпын. Сен теріп әкелген гүлдерді төсегімнің жанына қойып, қарап жатайын!
- Мен тез келем, әке! – басымды изеп, мен бірден үйден жүгіріп шығып, тез арада ең әдемі гүл шоғырын алып кірдім. Бөлменің ішінде жұпар иіс қалқып жүр. Үйіміз жап-жарық болып, әкеміздің де көңілі бір серпіліп қалды. Мен әкемді қуанта алғаныма қуанып, күні бойы көтеріңкі көңіл-күймен жүрдім.
- Ұйықтардың алдында әкем мені тағы да өзінің жанына шақырды.
- Сен енді үлкенсің, балам, бәрін түсінесің. Мен де осылай тез қартайып қаламын деп ойлаған жоқпын. Сендерді аяққа тұрғызып, оқытам-тоқытам, үйлендіріп, той жасаймын деп армандадым. Байқаймын, оған жете алатын емеспін.



Оның сөзінен мен өзімді жаман сезіне бастадым. Әкем болса ары қарай сөзін жалғады:

– Ешкім де өзін алдыда не күтіп тұрғанын білмейді. Егер кенеттен мені ауруханаға алып кетсе, менсіз тіршілік етіп үйреніңдер. Ұсақ-түйекке бола ұрсыспандар, тату өмір сүріңдер! Өмірде көп қиындықтар болады, сен бірақ барлығын жеңе біл. Мен ауруханада болғанда сабақтан қалып қойма. Әпкелерің мен қарындасыңа қамқор бол. Сен енді қолыңа балта ұстай аласың, үйге, шаруашылыққа қара. Мен сені жаныма жайдан-жай шақырмадым, мен үшін құнды бір зат бар еді, соны саған берейін деп едім...

Осы сәтте әкем қатты жөтелге булықты. Мұндай жөтелі ұзаққа барушы еді. Сонымен қатар, әкем жөтелген сайын жанындағы шелекке қоңыр-қызыл сұйықтықты түкіретін. Содан кейін күші қалмай, әлсіреп, басын жастыққа сүйеп, үнсіз жататын. Міне, қазір де солай, маған енді бірдеңе берейін деп еді, қайтадан жөтелі асқынып кетті.

– Жарайды, балам, ертең жалғастырамыз, – деп, әкем терең демалды, – басым қатты айналып кетті.

Әкем ауырғалы бері мен үлкен төсекте әкеммен бірге ұйықтайтынмын. Түнде оған дәрі мен су беретінмін. Бүгін бірақ әдеттегідей емес, басқаша.

– Балам, бүгін мен өзім жалғыз ұйықтаймын, – деді әкем.

Мен оның жанына жатуымды өтініп қанша сұрасам да ол көнбеді.



Біз әпкем Әлия екеуіміз мектепке таңертең барамыз, сондықтан ерте тұрамыз. Кейде мен құлық жасап, ұйқыдан оянсам да, жылы төсектен тұрғым келмей, жатып аламын. Міне, осылайша Әлия тамақты ысытып, шәй әзірлегенше жатамын. Үйдің ішін тәтті иістер алып кеткенде ғана төсегімнен атып тұрамын. Бүгін де көбірек жатқым келді. Әпкем тұрды, жуынды. Шәйнек те қайнады. Ыдыстардың сыңғыры естіле бастады. Мен болсам әлі ұйықтап жатқан кейіп танытудамын. Әдетте әкем де бізбен бірге шәй ішетін. Сондықтан Әлия алдымен дастарқанға әкемді шақырды:

- Әке, мен саған шәй құйып қойдым.
- Жауап болмады.
- Әке, шәй суып қалатын болды..., – деп әпкем шақырса да әкем орнынан тұрмады...
- Әлия оның төсегіне жақындады.
- Әке, әке... Әкешім! – жантүршігерлік айқайдан мен төсегімнен құлап түстім. Әлия ақ жаймадан да аппақ болып кеткен. Көздерінде қорқыныш, өзінен бірдеңені қуып жатқандай екі қолын сермей береді. Бұл шудан басқалар да оянды. Әлия болса бір сөзін қайталай берді:

– Біздің әкеміз өліп қалды! Көмектесіңдер! Қайтыс болып кетті!

Мені тоқ соққандай. Қалайша қайтыс болды?! Бұл сөздерді менің сәби санам қабылдамады. Тісім-тісіме тимей сақылдап, тыныстау тым қиындады. Бір орнымда қаққан қазықтай тұрып қалдым, – жылай да алмадым, бір сөз де айта алмадым.



Балалардың ең кішісі, бірінші сыныпта оқитын Зульфира, нәзік дауысымен жылап жіберді. Менің құлағымда енесінен алғаш айырылған күшіктің өксігіндей сол бір аянышты дыбыс әлі тұрғандай. Кішкентай қарындасымнан кейін Алсу да жылап қоя берді.

Үйіміз тоқтамайтын жылауға, жан күйдіретін өксікке толып кетті. Біздің жасымызды тоқтататын әлемде ешқандай күш жоқтай сезілді. Айналамыз қап-қара, көңілсіз болып қалды. Әкемнің төсегінің жанында төртеуіміз ұзақ жылап отырдық. Әкеміз бізді аяп, орнынан тұрып кетер деп ойладық па екен мүмкін?

– Әкетай, ояншы, бізді жылатпа! – деп Зульфира оның қолынан тартқылады. Ол болса еш қозғалыссыз жатты. Сөйте тұра оның көздері ашық болды. Ал өлгендердің көздері ылғи жабық жатады! Мүмкін, әкеміз бізбен ойнап жатқан шығар? Біз оның иықтарынан сілкіледік, Зульфира тіпті оның шашынан да тартқылап көрді. Бір кезде біз әкеміздің алақанын қатты жұмып бірденені ұстап жатқанын байқадық. Бұл біздің отбасылық фотосуретіміз болатын. Арамызда анамыз да бар еді. Қайда кетті сол бір бақытты күндеріміз?!

Мен өзімнің орманға қалай кетіп қалғанымды білмеймін. Сірә, биік қарағайлардың арасынан жаныныштығын іздеген болармын. Түске қарай үйге оралдым. Қақпалар айқара ашылып, аулаға адамдарлық толыпты, барлығының жылаудан көздері ісіп



кеткен. Әр жақтан құлағыма әңгімелердің үзінділері жетіп жатыр:

– Әй, сорлы, байғұстар. Әлі тіпті кіп-кішкентай ғой.

– Жылытатын бір жақын жандары да қалмады.

– Айтпа, аталары мен апалары да жоқ...

– Қыздар жылай бергеннен ісініп кетіпті. Ақ матаға оралған әкемді бөлменің ортасына жатқызды.

Үлкендер бізді жұбатып, тыныштандыруға тырысты:

– Иә, жер бетінде ешкім, ештеңе мәңгілік емес...

– Сендерге ауыр тиді, бірақ құдай қаласа, аяқтарыңнан тік тұрып кетесіңдер.

– Бұлайша көп жылай беруге болмайды. Көз жастарың әкелеріңнің қабіріне кіріп, ол содан кейін сыз жерде жататын болады.

Кешке қарай қаладан үлкендеріміз – екі ағамыз бен әпкеміз келді. Біреулер оларға оқу орындары арқылы хабар бергенге ұқсайды.

Қайтыс болған адамды бір түнге үйінде сақтау керек екен. Түнге қарай әкемнің мәйітінің жанына жасы үлкен көршілеріміз жиналды. Балаларға марқұм болған адаммен бір үйде ұйықтау болмайтындықтан бізді қарама-қарсы үйге алып кетуге бекінді. Мен көршінің үйіне баруға қарсы болдым, өйткені әкемнің өліміне әлі сенбеген болатынмын. Әкемнің жанында болғым келді.

– Жақсы, ұлына қалуға болады, – деп ақсақалдар маған рұқсат берді.



Көзімді жұмып қоймайын деп қорқып түні бойы әкемнің мәйітінің жанында отырдым. Кенеттен ол терең демалды!

– Әкем тірі, қарандар! Ол дем алды! Әкем өлген жоқ!– деп айқайлап, орнымнан атып тұрдым. Бетінен барып сипадым. Мен бірде естігем, біреуді қайтыс болды деп ойлаған екен, ал оның уақытша ғана жүрегі тоқтапты. Ол адам өзіне-өзі келіп, орнынан тұрғанда бәрін таң қалдырған екен. Мүмкін, біздің әкеміз де өлмеген шығар!

Үлкендер селт ете қалды.

– Бала шаршады, ұйқыға жатқызыңдар, – деді біреу. Таңертең мен көршінің үйінде ояндым.





Деревняда барлығы әкемді «ағай» дейтін, әдетте өзінен үлкен ер адамды солай айтады. Ауылдың ақсақалдары да оны «кустым» демей, «ағай» дейтін. Оған себеп те бар еді. Әкемнің техникадан хабары бар еді. Бір күннің ішінде тракторды бір бөлшегіне дейін қалдырмай шашып тастап, келесі күні қайта жинап алатын. Өзіне өтініш білдірген адамнан ешқашан аянып көрмеген еді. Техниканың ақауын қозғалтқыштың дауысынан-ақ білетін. Апталап тұрып қалған тракторды бір-ақ күнде қалыпқа келтіріп жөндеп, тракторшыны қатты қуантушы еді ғой.

Бірде әкемді колхоздың бас механигі етіп тағайындады. Жұмысына ақ жейде киіп шыққан екен. Қараса, жас механизатор өзінің тракторын жөндеп жатса керек. Әкем оған керекті бөлшекті қалай дұрыс шешіп, қайта ауыстырып, бекітуді көрсетіпті. Түстен кейін әлгі адамға келіп білсе, ол әлі аяқтамапты. Әкем шыдап тұра алмай, өзі кірісіп кетіп, жөндеп тастапты. Жұмыстан барлық жері қарамай болып келген екен. Ертеңінде колхоздың төрағасына барып:



Маған тракторымды қайтарып беріңіздерші. Басқаларға үйреткенше маған өзім жұмыс істегенім артық, – депті.

Міне, осындай қарапайымдылығы мен елгезектігі үшін ауылдастар оны «ағай» дейтін.

Әкемізді үйден шығарды. Көше толы әкемді ақырғы сапарға жөнелтушілер болды. Тек сол кезде ғана әкемнің үйге қайта оралмайтыны миыма жеткендей болды. Біз енді оның үнін ести алмаймыз. «Ұйқыдан тұратын кез келді, балам», – деп мені енді ешкім оятпайды. Сыныптастарымның арасында әкем әперген жаңа киімдермен де мақтана алмаймын енді. Кім бізді енді орманға жидек теруге апарарды?

Мәйітті сыртқа алып шыға бастағанда Зульфира нәзік үнімен:

Әкемді әкетпендерші! Оны үйде қалдырыңдаршы! – деп шырылдап жылады.

Әлия да жасын іркіп тұра алмай:

Менің өмір сүргім келмейді! Әкесіз қалай енді күн көреміз? – деді.

Ол бізді тастап кетпеймін, сендер үлкен болып өскендеріңше жүре тұрамын деп еді ғой, – деп Алсу да жылады.

Бейіт басына кіре берісте молда құран оқып, дұға бағыштады. Одан кейін мәйітті терең қазылған шұңқырға әкелді.

Әкелеріңді ақырғы рет бір көріп қалыңдар, – деп молда бізді шақырды, – ылғи да осындай мейірімді,



тату болындар. Тірілерге тіршілікті жалғастыру керек. Көп жылауға болмайды, әйтпесе әкелеріңнің жаны да қиналады.

Мен соңғы рет әкемнің бейнесіне үнілдім. Соңғы рет... Оның жансыз денесін қазылған көрге ақырындап түсірді.

– Әке, әкешім! – деп мен емес, жүрегім бірге жұлынып кетіп бара жатқандай айқайладым. Бізге үш уыс топырақ алып, қабірге тастауды бұйырды.

– Әкемді топырақпен көмбеңдерші! – Зульфира жігіттерге жүгіріп барып, күректерін тартып алмақшы болып жүр, – Өтінемін, керек емес! Кетіңдер, сендер жаман адамдарсыңдар. Анамызды да сендер жерге көміп тастадыңдар. Мен білемін, ол жақтан ешкім қайтып келмейді.

Ол кіп-кішкене қолдарымен жігіттердің күректерін тартып алғысы келіп жанталасып жүр. Оны қабір басынан алып кетейін деп біреулер ұмтылғанда Зульфира қолынан шығып кетіп, шалынып, шұңқырға құлап кете жаздады. Үлкендер оны әрең дегенде ұстап қалды. Тез арада әке қабірі төмпешікке айналды. Оны ағаштармен қоршап қойды.

– Бұл адам тірі кезінде қандай жан еді? – деп молда салт бойынша жиналғандардан сұрады.

- Жақсы! – деп барлығы бірдей жауап берді.
- Ағай қайырымды, ықыласты адам болатын.
- Жаны жәннәттан болсын!
- Топырағы торқа болсын!..



– Пейіште нұры шалқысын!

– Оның жаны жәннатта дамылдасын. Енді, қадірлі қауым, үйлеріңізге қайтыңыздар. Бейіт басында көп тұруға болмайды, – деп молда сөзін қорытындылады.

Жетеуімізді кішкене төмпешіктің жанынан алып кету қиын болды. Біз ол жерді айнала тұрып, жылап-сықтап, өксіп, қиын күйге түстік. Әсіресе, кішкене Зульфираның қайғылы күйін көру бәрімізге ауыр тиді.

– Бұл жерде әкемізді қалай тастап кетеміз? – деп өкірді ол, – Оған бұл жерде қорқынышты. Кім оған дәрісін әкеледі? Мен оны бұл жерде тастамаймын. Қане, оны үйге алып кетейік. Біз әкесіз қалай өмір сүреміз?!

Біз қабір басында ұзақ тұрдық. Менің жаңа үйілген топыраққа жата кетіп, құшақтап, бар дауысыммен: «Әкетай, мен сені ерекше жақсы көремін! Әлемде сенен артық ардақты жан жоқ!» – деп айқайлағым келді. Бірақ, ол менің кеш айтылған жүрек сөзімді бәрібір естімейді.

Бұрын тіршілік қайнап жататын біздің үйіміз бірден босап, тып-тыныш болып қалды. Теледидар да, шкафтағы әдемі ыдыстар да көңілсіз жағдайды өзгерте алмады. Мен әкеме жұлып алып келген бәйшешектер де қурап қалды...

Әкемді жерлеп келген соң оны үйде еске алу үшін адамдар жиналды. Әйелдер дастарқан жайып, барлығын еске алу асына шақырды. Бәрі дастар-



қанға енді отырып жатқанда үйге бір милиционер мен бейтаныс екі әйел кіріп келді. Милиционер үлкен әпкемді өзіне шақырып алып, құлағына бірдеңелерді сыбырлап жатты. Оған не айтқанын білмеймін, бірақ әпкемнің беті бірден бозарып сала берді.





ҮЙГЕ ҚАЙТҚЫМ КЕЛЕДІ...

Бұрын бізге ешқашан милиционер келіп көрмеген. Сондықтан болар, біз оны көргенде бірден қорқып кеттік. Ал мына екі әйел кімдер? Барлығы олар не айтатындарын тағатсыздана күтті. Милиционердің сөздерінен кейін әпкем не істерін білмей тұрып қалды да, қарсы екенін білдіріп басын шайқады. Асүйде жүрген көрші Гүлнәр тәте мәселенің мәнісін түсіне қойып, ортаға түсті:

– Бұл не сұмдық! Ұялсандаршы! Балалар жаңа ғана әкелерін жерлеп келді, ал сендер мынандай мәселемен келіп отырсыңдар! Қолайлы уақыт емес қазір!

– Қане, ұрсыспайық, – деді милиционер, барлығына басу айтып. – Біз өзіміздің жұмысымызды атқарудамыз. Үлкен әпкелері кішілерінің заттарын жинауға көмектессе дейміз.

– Міне, жаңалық! – деп көршіміз өз сөзін жалғастырды. – Қайда апармақсыздар? Олар өздерінің үйінде емес пе? Ешкім сіздерден қонатын жер сұрап тұрған жоқ.

Қаладан келген әйелдердің бірі дауды басу үшін жағдайды түсіндіріп көргісі келді:

– Мен жетім балалар жөніндегі маманмын. Ата-анасыз қалған балалар мемлекет қарауына беріледі.



Сондықтан бұл балалардың ары қарайғы тағдыры біздің қолымызда.

– Иә, уақытты бекер өткізбейік, – милиционер көзін біздің беттерімізге жүгіртіп өтті. – Қане, киімдеріңді жинаңдар.

Бұл сөздерден бойымда тоқ жүріп өткендей болды. Бізді үйімізден алып кетпекші! Әлияның шарасыз кейпіне қарай беремін. Кішкентайымыз да жасын көзінде әрең іркіп тұр. Осы кезде бізді ауылдастарымыз қорғауға көшті:

– Ешқандай ұяттарың жоқ екен! Балалар онсыз да қайғы жұтып отырғанда...

– Бұл мәселені кейінірек те шешуге болады ғой!

– Балалардың жанын бұлар қайдан ұқсын...

– Ең үлкен әпкеміз ақыры өзінің пікірін айтты:

– Мен інілерім мен сіңлілерімді ешкімге бермеймін. Егер қажет болса, оқуымды тастаймын да өзім қараймын бауырларыма.

– Мәселе бұлай шешілмейді, сіңілім, – деп маман сенімді түрде айтып жатыр, – біріншіден, сен әлі өзін аяғыңнан тік тұрып кеткен жоқсың. Екіншіден, сенде тұрақты жұмыс пен үнемі кіріп тұратын табысың болуы керек. Ал сен, сұлуым, тіпті әлі тұрмысқа да шықпағансың. Мемлекет төрт бірдей кәметке толмаған баланы саған жалғыз өзіңе бере алмайды. Бұл мүмкін емес. Сондықтан, уақытты созбаңдар, балалардың киімдерін жинаңдар.

– Біз ешқайда бармаймыз! – Әлия орнынан атып тұрды.



– Біз өз үйімізден ешқайда кетпейміз, – деп мен де оны қостап қойдым.

– Сендер бізден қорықпаңдар, – милиционер жасанды күлкісімен маған жақындап келіп қолымды қысты, – қане, бір сағатқа ғана қалаға барып қайтайық. Ол жерде дәрігер сендерді қарап, тексереді, содан кейін біз сендерді қайта үйге әкеп тастаймыз. Әпкелеріңмен бірге тұра бересіңдер.

Мына бір формадағы аға не деген мейірімді! Анау әйел сияқты емес, анау болмайды, мынау болмайды демейді.

– Бірақ бүгін еске алу асы. Дастарқан да дайын тұр. Балаларды тексеруге ертең апарасыңдар, – деп Гүлнәр тәте уақытты соза түскісі келді.

– Жоқ, жоқ, бүгін апарамыз, – деп милиционер өз сөзін табандылықпен айтты. – Балалар ауыр қайғыны бастарынан кешірді, оларға психологиялық көмек қажет. Оларды қараусыз қалдыруға болмайды. Балақай, сен қалаға барғың келеді ғой? – деп ол менің басымнан сипады.

Милиционер аға маған сондай мейірімді, сүйкімді болып көрінді. Үлкен аға-әпкелерім бізді жібергілері келмесе де, қаладан келгендер бізді алдап-сулап әйтеуір көндірді ғой. Бізді бір сағаттан соң қайтадан әкеп тастаймыз деп тұр, несіне қарсыласамыз? Бізді көлікке отырғызды, киімдерімізді салды, кеттік. Мен туған үйіме қарап көзімді терезеден аудара алмадым...

Бізді төрт қабатты балалар ауруханасына алып келді. Біздің жанымыздағы әйелдер бір құжаттарды



толтырып біткенше дәлізде отырдық. Милиционер біздің жанымыздан бір қадам да аттамады. Міне, ақыры кабинеттен ақ халат киген мейірімді бір әйел шықты.

– Қараңдаршы, қандай сүп-сүйкімді балалар! Қорықпаңдар, бұл жерде сендерге ешкім де тимейді. Төртеуің де бір палатада боласыңдар. Таңертең сендерге дәмді ботқа, түсте котлет береді. Күн сайын жатар алдында айран береді.

Мен көзімді дәрігерден милиционерге қарай аудардым. Бұл қалай, бізге «бір сағатқа ғана» деп еді, ал дәрігер қайдағы бір таңертеңгі, түскі астарды айтып тұр. Бізді алдағандарын біліп, Әлия ашулана бастады:

– Біз бұл жерде қалмаймыз. Сіздер бізді қайтадан үйге апарып тастаймыз дегенсіздер!

– Иә, бізге сендердің ботқаларың мен айрандарың керегі жоқ, – деп мен де қосылдым.

– Үйге қайтқым келді. Жіберіңдерші бізді, – деп Зульфира қыңқылдай бастады. – Әке, қайдасың сен? Бізді бұл жерден алып кет!

– Өтінемін, тынышталыңдаршы! – Дәрігер өзінің көп сөйлеп қойғанын сезіп, – сендерді шынында да қарап, тексеру керек. Егер сендердің денсаулықтарың жақсы болса, ертең-ақ үйлеріңе жібереміз. Қане, төртінші қабатқа көтерілейік, мен сендердің палаталарыңды көрсетейін.

– Ешқандай палатаға барғымыз келмейді!

– Бізді қайтадан үйімізге апарып тастандар!



– Болды, тоқтатындар қарсыласуды! – деп милиционер ашуланды. – Мен сендермен дауласып тұратын бала емеспін.

Сіз өзіңіз айттыңыз емес пе, бір сағатқа ғана барамыз деп едіңіз ғой. Үйде жақындарымыз алаңдайды. Ағатай, бізді үйімізге апарыңыздаршы, – деп біздің үлкеніміз ретінде Әлия көндіріп көргісі келді.

– Болды, менің басымды қатырмаңдар! Онсыз да сендер үшін көп уақытымды зая кетірдім! – Милиционер қарулы қолдарымен Әлия екеуімізді қолдарымыздан қатты ұстап алды да баспалдақпен жоғары қарай күшпен алып жүрді. Алсу мен Зульфираға үнсіз жасқа булығып біздің соңымыздан еру ғана қалды. Бізді палатаға кіргізді де, сыртымыздан құлыптап тастады.



Бұған дейін үйден басқа жерде ұйықтап көрмегендіктен мен түні бойы төсекте аунақшып шықтым. Таң ата Әлия да оянды. Палатада ауа тар екен, дәрілердің иісі де жағымсыз болып шықты.

– Әпке, қалай ұйықтадың? – деп сұрадым мен.

– Ой-й, бұл жерде бір күн де қалғым келмейді. Түні бойы жаман түстер көріп шықтым, бейне бір шайтандар табанымды қытықтағандай күйде болдым...

– Мен де дұрыс ұйықтамадым. Ал бүгін бізді жібереді ме?

– Білмеймін. Айтты ғой, бұл жерде балалар ұзақ жатады деп, – Әлия терең күрсінді.

– Жоқ, жоқ, мен қашып кетемін!

– Менің де үйге кеткім келеді. Бірақ деревняға дейін өте алыс, билетке ақшамыз да жоқ...

Ол да шындық – ақшасыз ешқайда кете алмайсың. Оның үстіне біз төртеуіміз. Үйге қалай қайтқымыз келеді десеңші! Өзімнің төсек орнымды, бақшамды, көшемді сағындым. Шіркін, құс болғанымда ғой! Ертегідегідей қанатымды қомдап туған ауылыма ұшып барар ем. Әпкелерім мен қарындастарымды да өзіммен бірге алып алар едім. Әттең, әкеміз қайтыс болды, әйтпесе ол бізді мұндай күйге түсірмес еді ғой!



Есіме әкеммен болған соңғы әңгімеміз түсті. Тоқта, тоқта. Ол сол кезде маған не деп еді? «Менде бір өзім үшін қымбат нәрсе бар. Соны саған бергім келеді...»

– Илияс, не туралы ойланып кеттің?

– Әпке, білесің бе, әкем өмірінің соңында маған бірдеңе бергісі келген еді.

– Не бергісі келді?

– Білмеймін, ол өзіне қымбат нәрсе екенін айтып еді.

– Қайда онысы?

– Әкем кешке мені өзінің жанына шақырып алып енді сөйлей бастағанда ауруы асқынып, жағдайы ауырлап кетті. Ол таңертең әңгімесін жалғастыратынын айтты. Ал таңертең... – «қайтыс болды» деген сөзді менің айтқым келмеді. Онсыз да әкем туралы еске алу ауыр болып тұрды.

Осы кезде палатаның есігі ақырын ғана ашылды. Тазалықшы апай палатаны жинап, тазалауға келген екен. Ол әпкем екеуіміздің таңертең ертемен оянып алып сөйлесіп отырғанымызды көріп таң қалды.

– Неге ұйықтамайсыңдар, балалар? – деп сұрады.

– Үйде болсақ қатты ұйықтар едік, ал бұл жерде қорқынышты, – деп Әлия да ақырын күбірледі.

Мейірімді жүз бен жұмсақ дауыс маған ылғи да сенім ұялатып, әңгімеге тартады. Мен одан:

– Дәрігер болып қызмет ету қиын ба? – деп сұрадым.

– Білмеймін, ұлым. Мен дәрігер емеспін ғой.



– Қалайша? Сіздің ақ халатыңыз бар емес пе? – деймін мен.

– Мұнда барлығы ақ халатпен жүреді. Мен жай ғана тазалықшымын, палаталарды жинастырып, еденді жуамын.

– Тәте, бізді үйге қашан босатады? – деп Әлия сұрақ қойды.

– Ах, балалар. Кімге оралғыларың келеді сендердің? Шамасы сендердің тағдырларың осындай ауыр шығар, – тазалықшы еденді жууды бастады. – Сендерге енді бір-біріңмен бірге жүрулерің керек. Балалар үйінде де бір-біріңді қорғап жүріңдер.

«Балалар үйі» деген сөзді естіп менің есім шығып кетті. Бұрын үлкендерден балалар үйінің өмірі жайлы аздап естігенім бар. Әке-шешем ауырып қалғанда олар өліп кетіп, бізді балалар үйіне алып кетеді ме деп үрейленетін едім. Ал бүгін мына тазалықшы солай болғандай етіп хабарлап тұр.

– Не? Қайдағы балалар үйі? – Әлияның түрі бұзылып кетті, әне-міне дегенше жылайын деп қалды.

Мен өзімді сондай дәрменсіз, шарасыз сезіндім. Сонда ары қарай қайда тұратыным, кіммен араласатыным туралы мен өзім шешім шығара алмағаным ба?! Жоғарыдан біреу сені, сенің ерік-жігер, қалауыңды басқарып тұрады ғой.

Тазалықшы түк болмағандай ары қарай жалғастырды:

– Мен білмеймін, сендерді қай балалар үйіне бөлетінін. Дәрігерлерден естідім, сендерді тексеріп болған соң балалар үйіне әкетеді екен.



Әпкем орнынан атып тұрып, ашудан жарыла жаздап, тазалықшының қолынан ұстай алып жылап жіберді:

– Тәте, шын айтасыз ба? Біздің балалар үйіне барғымыз келмейді. Оларға айтыңызшы, бізді үйге жіберсінші! Тәте! – Әлияның жас толы көздері тазалықшыға жалына және үміттене қарады.

Мен де шыдап тұра алмадым. Өзінің сөзі бізді қалай жабырқатқанын көрген тазалықшы апай да мұңайып қалды. Оның бетіндегі әжімдері де көбейіп кеткен сияқты. Ол бізге көмектесетін амал таппағандықтан жұбататын сөз де айта алмады. Ақыры көзінен аққан жасын сүртіп біздің палатадан біржола шығып кете барды.

Әлия екеуіміз өз төсектерімізде отырып ұзақ жыладық. Бұрын мұндай сәттерде бізді тыныштандыратын, басымыздан сипайтын. Ал енді қанша бақырып жыласаң да ешкімнің сенімен ісі жоқ. Бұл ащы шындықты мойындаудың өзі де ауыр екен...

Көз жасымен қайғыны жеңе алмайсың. Бұл жерден тезірек кетіп, бостандыққа шығу керек екені анық. Кенеттен маған «қашу керек, тезірек бұл жерден қашу керек» деген ой келді.

– Әпке, бүгін-ақ ауылымызға қашып кетейік. Орманға тығыламыз, бізді ол жерден ешкім таба алмайды. Үйдегілер бізді таппай қалған шығар. Әкем маған бергісі келген затты іздеп тауып аламыз. Қораптардың бірінде жатқан болар...

– Білмеймін... Жол да жақын емес...



– Ең бастысы автобекетке жетсек болды, ары қарай мен жолды білемін. Ертерек шықсақ, кешке дейін жетеміз.

– Илияс, бізді көшеге кім жібереді? – әпкемнің дірілдеген дауысы жүрегі ауырып тұрғанының белгісі еді.

– Міне, күн режимі, – деп есіктің ішкі жағында ілініп тұрған қағазды көрсеттім. – сағат 11 мен 12-нің ортасында аулада жүруге болады. Аулаға шығамыз деп шығып, қашып кетеміз!

– Біздің дауысымыздан кішкентай Зульфира оянып кетті. Ол көзін ашпастан-ақ жылай бастады:

– Әпке, үйге қайтайықшы. Бұл жерде жаман, қорқынышты...

– Әлия оны үлкендерше жұбатуға кірісті:

– Жылама, кішкентайым, жылама. Бүгін-ақ үйге жетеміз. Сен бірақта жылама, жарай ма?

– Жарайды, жыламаймын, бірақ үйге тезірек қайтайық.

Біз таңғы 11-лерде қашатын болып келістік. Бірінші аулаға Алсу екеуіміз шығамыз, кейінірек Әлия мен Зульфира шығып, біздің жанымызға келеді. Біздің не ойлағанымызды басқалар біліп қоймау үшін жеңіл киіммен ғана шығатын болдық. Барлық киім-кешек, заттарымыз палатада қалады. Ең бастысы – қашып кету! Төртеуіміз де көшеге шыққан соң басымыз ауған жаққа қашамыз. Ауруханадан алыстап кеткен соң, автобекетке қалай жетуді ақылдасамыз. Кеш батпай үйге жетуді жоспарладық...



Барлығы біз ойлағандай болды. Ауруханадан шыға салысымызбен биік үйлерге қарай бағыт алып, көшедегі адамдардың арасына кіріп кеттік. Енді біздерді тауып көрсін! Адамдардан автобекетке қалай бару керек екенін сұрап алдық. Ол қаланың шетінде болып шықты. Бұрын мен бұл жерде болғанмын, қайда бару керек екенін жақсы білемін. Деревняға дейін отыз шақырымдай. Жол айналмалы, бірнеше таудан өту керек.

Автобекеттен көлік тоқтатып көрдік. Төртеуімізге қайту қиын болып кетті: бірде орын болмаса, бірде көлік тоқтамады. Жаяу кетуге бел будық. Күн ашық болып тұрды, бізге де көңілді болды. Жанымыздан көліктер шаңдатып өтіп жатыр. Ал біз тәтті қиялдарға толы кейпімізбен туған ауылымызға кетіп бара жатырмыз.

Қаншалықты көп жүргеніміз есімде жоқ. Күн көкжиекке батуға айналды. Бағанағыдай емес, жүру де көңілсіз бола бастады. Жолдың шетінде демалып алайық дедік. Мотордың дауысына жалт бұрылып қарап едім, милицияның көлігін көрдім. Кеудемде жүрегім атқақтап кетті. Мүмкін бізді іздеп жүрген болар! Алыстан байқағаным жақсы



болды – қарындасымның қолынан ұстап алдым да жол жағасындағы ағаштарға жасырындық. Уф-ф, бізді байқамай, өтіп кетті.

– Жолмен жүру қауіпті, ұстап алады, – дедім мен.

– Илияс, мен де солай ойлаймын, – деді Әлия. – Жақсы болды, жасырынып үлгердік. Ұстап алса бізді бірден балалар үйіне апарады. Ауыр болса да орман арқылы жүреміз енді.

Жүру шынында да қиын болды. Біресе бұтақтарға шалынасың, бірде қалың жыныстың арасында дененді жаралап аласың. Жолға шығуға болмайды. Шыдау керек. Алдымыздағы таудың биігіне шығып алсақ ары қарай жеңіл.

– Әпке, мен шаршадым! – деп Зульфира қыңқылдап келеді. Оны басында мен көтердім, содан кейін Әлия иығына отырғызып алды. Тауға мұндай жүкпен көтерілу бізге де тым қиын. Қарындасым қанша қыңқылдаса да біздің енді оны көтеруге қауқарымыз жоқ.

– Ай-яй, – деген Алсудың дауысы орманды жаңғыртты. – Ары қарай жүре алмаймын, аяғым ауырды.

Біз бағана басқаларды күдіктендірмеу үшін бәріміз де жеңіл киінгенбіз, Алсу далаға жұқа матадан жасалған тәпішкемен шыққан болатын. Ол тәпішкесі жыртылып, түгі қалмады, бірақ ол бізге де айтпастан шыдады. Оның аяғына қарап, шошып кеттік – табаны жырылған, кейбір жерлері қанап тұр. Әлия етегінің бір жерінен жыртып



жіберіп, Алсудың табанына жолжелкен қойып, сол шүберекпен орап қойды.

Жүру тіптен қиындады. Қарындасым болса: «Әке, әкетай, қайдасың сен? Мен қатты шаршадым. Алып кетші бізді...», – деп қиналуда. Әкем екеуімізге орман сондай ұнайтын. Бүгін керісінше, ағаштардың сықыры, тоқылдақтың тынымсыз тықылы бір түрлі қорқынышты.

– Кар-р-р! Кар-р-р! – деп бір қарға ағаштан – ағашқа ұшып, біздің соңымыздан қалмай қойды. Үлкендер бұл жақсы белгі емес деуші еді, қарғаның қарқылы бізді ерекше үрейлендірді.

– Апа, мен қорқамын! – деп барлық жері қалтырап Зульфира жылады. – Ол менің көзімді тұмсығымен ойып алып, басқа жаққа алып кетпекші. Қорқамын! Әкешім, құтқар бізді! Біз қолымыздан келгенше оны тыныштандырудамыз.

Таудың биігіне шыққанымызда ауа райы бұзыла бастады. Аяқ астынан қап-қара бұлттар пайда болып, айнала қараңғы болып кетті. Суық жел соғып, қатты нөсер жауды. Найзағай біресе алдымыздан, біресе артымыздан жарқылдайды. Күн күркірегенде аяғымыздың астындағы жер де қозғалуда. Нөсер жауын, найзағай ойнаған кезде біз үйде төсекте бүркеніп алып жатушы едік. Ал мұндай жағдайда ешқайда тығыла алмайсың. Біз малмандай су болдық.

Енесіне жабысқан күшіктерше біз бір-бірімізге тығыла түсіп жылынуға тырыстық. Еріндеріміз



көгеріп, тістеріміз тісімізге тимей дірілдей бердік. Әлия, Алсу, мен шыдауға тырысамыз, ал кішкентай Зульфираның көп жылай бергеннен дауысы шықпай қалыпты.

Біздің құрғақ бір жеріміз де қалмады. Ең қорқыныштысы – найзағайлар. Отты қылыштар барлық жағымыздан жалаңдайды. Найзағай ұрғандықтан бізден жүз метрдей жердегі қарағай жерге дүрс етіп құлады.

– Қазір біздің жанымыздағы ағашты да найзағай ұрады! – деп Алсу айқайлап жіберді. Қорыққаннан біз жолға жүгіріп шықтық. Бақытымызға қарай сол кезде біздің жанымызға бір көлік тоқтай қалды. Ішінде ерлі-зайыпты екі жан бар екен. Төртеуіміз де артқы орындыққа отыра кеттік. Біздің мына жағдайымызды көрген соң олар бізге артық сұрақ та қоймады. Қайда тұратынымызды ғана сұрап, тура үйдің алдына әкеп тастады.

Жүргізуші:

– Енді орманда бұлай жалғыз жүрмеңдер, – деді. Деревняда жаңбыр жаумапты. Үйімізді көргенде көзімізден жас шығып кетті, біз үшін үйімізден артық, үйімізден қымбат жер жоқ еді. Тек қана осы ата-анамыздың шаңырағынан бізді алшақтатпаса екен. Үйдің есігіне құлып ілініпті, демек, әпкеміз бен ағаларымыз оқуға кеткен. Есікті аша алмаған соң біз сол бір қиын күнде қорғауға тырысқан Гүлнәр тәтенің үйіне бардық.

– Ой, балалар! Келдіңдер ме? Ал мен енді не ойларымды да білмей отырғанмын, – деп мейірім-



мен біздің арқамыздан қақты. – Қане, жамылғыға ораныңдар. Менде үйректің сорпасы дайын тұр, қазір тамақтандырамын.

Күні бойы нәр татпағандықтан нан мен сорпа бізге ханның тамағындай болды.

– Біздікілер қайда? – деп көршімізден сұрадық.

Бүгін таңертең қалаға кетті. Оқу жылының соңы, емтихандарын тапсырулары керек екен. Олар келгенше мен қарай тұрамын сендерге. Құдайға шүкір, барлығымызға азық-түлік жетеді...

Біз жылынып, тамақтанып алған соң үйімізге кетуге жиналдық. Гүлнәр тәте құлыпты тез-ақ ашты – бірақ жұлып алды. Үйдің де жаны болады деуші еді, осы шын болар. Біздің үйді бейне бір ауыстырып қойғандай. Қабырғалар да, пеш, төсектер де қайғырып, сағынып тұрғандай. Сонда оларға да біздің күлкіміз, асыр салып ойнағанымыз жетпей тұр ма?



Біздің ойнағанымыз да, күлгіміз де келмеді. Үйіміздің іші ғана емес, ішкі жан дүниеміз де бос болып қалғандай. Ауыр тыныштықты Зульфира бұзды:

– Анашым, әкешім, біз келдік, – деді ол қабырғада ілініп тұрған фотосуреттерге қарап, бізге бұрылып, – анам мен әкемді қайтарып алайықшы. Бізді олар сағынды ғой. Ертең-ақ қайтарып әкелеміз, солай ма? – деді.

Әрқайсымыз өз орнымызға жайғастық. Таңертең ерте далаға кетіп қаламыз, ол жақтан ешкім таба алмайды бізді. Іздеп келгендер қайда екенімізді білмейтін болады. Ата-анамызды әбден сағындық, олардың бейіттеріне барамыз. Тек таң тезірек атса екен! Ертеңгі күн жайлы тәтті қиялмен жатып қатты ұйықтап кетіппін.



Танның елең-алаңында әкем қалаға шаруаларымен шықпақшы болды. «Ерте ғой, әке! Сәл кешірек шықсаң да болады ғой», – деп оны тоқтатқымыз келеді. Бірақ ол дегенінен қайтпады, солай істеуі керек болды ғой деймін.

– Ал, өздеріңді дұрыс ұстандар, не болса соған ренжіспеңдер, мен сендер үшін ұялмайтын болайын, – осы сөздерді айтып тұрып ол бәріміздің басымыздан сипады да кетіп қалды.

– Кішкене қарындасым ұйықтап жатыр еді, әйтпесе әкемізді жібергісі келмей жылар еді. Мектепке баруға әлі үш сағат өту керек, далада қараңғы. Демек, әлі екі сағат бойы алаңсыз ұйықтауға болады. Сөйтіп, мен қатты ұйқыға кеттім...

Бір уақытта түс көріп жатып бір тықылды естідім. Біреу «тық-тық» еткізіп терезені қағып тұрғандай. Бірдеңесін ұмытып кетіп, қайта оралған шығар. Тықыл тағы қайталанды. «Мен неге жатырмын, тезірек есікті ашу керек», – деп оймен ояндым. Терезені шынында да біреу қағып тұр екен. Ұйқылы-ояу жүріп әкемнің тірі емес екенін де ұмытып кетіппін. Терезеге жүгіріп барып шымылдығын ашып жібердім. Біздің аулада



тұрған милиционерді көріп бірден кейін жүгірдім. Ол менің көздеріме көз алмай қарағаннан қорыққанымнан бүкіл денем қалшылдап кетті. Бітті, біз ұсталдық!

– Ашыңдар тезірек! – жүрегім бұл сөздерден соң атқақтап, қатты соғып кетті. Мен бірден Әлияны ояттым, тез арада пештің артына жасырындық. Бір әпкем мен қарындасым ары қарай ұйқыларын жалғастыруда.

– Әй, бала, мен сені көрдім! Есікті аш, милицияға қарсылық көрсетуге болмайды!

Ал біз қозғалудан қорқып отыра бердік. Бірден етіп шыдауымыз керек, есікті ашпауға тиістіміз. Ал олар кеткен кезде орманға қашып кетеміз де, үйге тек түнде ғана қайтып келеміз. Үлкендеріміз демалысқа үйге келгендерінше осылай өмір сүре тұрамыз. Милиционерді жақындатпау керек, бірден қамап қояды. Біз оны жақсы білеміз.

Қорықпаңдар! Есікті ашыңдар! – деп қоймады. – Бізге қалада оқитын үлкен әпкелерің телефон шалды. Ол сендерді өзіне алып келіңіздерші деп тапсырды, сендерді қатты сағыныпты. Міне, сендерді әпкелеріңе алып бару үшін келдік.

Әлия күлімдеп кетті. Біздің бір туғандарымызбен кездесетін сәт келді. Барлығымыз бірге болсақ сондай жақсы емес пе?! Милиционер шындығын айтып тұрса қандай керемет болар еді!

– Қане, ашсаңдаршы есікті!

Саған жақсылық жасайын деп тұрған адамнан қалай тығылып тұра бермексің? Ол бізге әпкеміздің



сағынып, көргісі келіп тұрғанын айтып тұр ғой. Әпкеміздің өзі айтпаса мұны ол қайдан біледі?! Шамасы, мына милиционер анау жолғыдай емес, өтірік айтпайтын сияқты.

Терезені тықылдатып тұр әлі.

– Қазір, ағатай, мен ашамын! – орнымнан көңілді күйде атып тұрып, есіктің күршегін көтеріп, ашып кеп жібердім.





БАЛАЛАР ҮЙІ ТАҒЫ ТӨРТЕУМЕН ТОЛЫҚТЫ...

Милиционер бөлмеге кіре салысымен, мәз болып күліп жіберді. Жан-жағына тез-тез қарап алды. Мұздатқышты ашып, ішіне бір көз жүгіртті. Менің төсегіме келіп, бірдеңе іздегендей жамылғыны сілкіді.

– Қане, қыздарды оятыңдар, үлкендеріңе кеттік, – деді ол Әлияға. – Киім-кешектеріңді жинаңдар!

Біз іске кірістік, бірақ жинайтындай ештеңе жоқ. Біздің бүкіл киім-кешегіміз ауруханада қалды ғой. Мен тез-тез өзімнің заттарымнан бірденелер алдым. Әлия қыздардың қалған киімдерін жинап, бір сөмкеге салды.

Милиционердің бізді үлкен әпкемізге апаратынына мен қатты қуандым. Екі ағам мен әпкемді көріп, барлығымыз бірге тұратын болғанымызды көз алдыма елестеттім. Ешқандай балалар үйінің қажеті жоқ бізге. Сондықтан милиционер райынан қайтып қалмай тұрғанда тезірек кетуіміз керек.

Біз тез жиналдық та, көлікке отырдық. Туған үйді тастап кету бәрібір қиын екен. Бірақ, біз бұл үйге қайтып келеміз деп үміттендік, ішіміздегі қимастық сезімді солайша жеңе білдік.



Мен ешқайда бармаймын! Үйде бәрібір жақсы! Ешқайда кетпеймін! – деп Зульфира қарсыласып көрді.

Солай болуы керек, кішкентайым, қорықпа! – деп Әлия оны тыныштандырды.

Көлік орнынан қозғалды. Мен көз алдымнан жоғалғанша біздің үйден көзімді алмадым. Бейіттің жанынан өтіп бара жатқанда әкем есіме түсті, қайғыра бір тыныстап, еріксіз айқайлап жібердім:

– Ұмыттым!

– Нені ұмыттың? – деп Әлия таңдана қарады.

– Есінде ме, мен саған айтып ем ғой, әкем маған бергісі келген затты.

– Иә, есімде. Илияс, неге сен оны кеше іздемедің?

– Мен шаршағаннан бірден ұйықтап қалдым. Ал бүгін асығып жүріп есіме де түспепті. Суырымалардың бірінде жатқан болар. Әлия, қайта барып, іздеп көрсек қайтеді?

Милиционер келіспеді. «Сендерді ол жақта тағатсыздана күтіп отыр. Уақыт тар», – деп қысқа қайырды.

Мен іштей өзіме ұрса бердім: мұндай маңызды зат жайлы қалай ұмытуға болады?! Әкем оны табы алмайтын жерге жасырмаған болар. Есте сақтау қабілетім қандай өзі, ең маңызды кезде мені сатып кететін! Бұл маңызды затқа енді не болады екен? Әкем әлемдегі ең қымбат нәрсе деп айтқан еді ғой. Оны біреу-міреу өзіне алып қойып жүрмесін? Жоқ, оны әкем маған тапсырам деген соң менің қолыма



тиюуі керек. Жарайды, жуық арада үйге ораламыз, сол кезде іздеп тауып аламын.

Жол ерекше ұзап кеткен сияқты. Көп таулардан, деревнялардан өттік. Бірнеше рет ұйықтап, бірнеше рет қайта ояндық. Бір рет тоқтап, демалып та алдық. Қанша жүргеніміз есімізде жоқ, бірақ уақыт өткен сайын тағатымыз қалмады.

Кезекті деревняға ендік те, орталық көшемен көтеріліп, дөңестеу жерге қарай жүрдік. Барлық жағынан жақсы көрініп тұрған екі қабатты кірпіштен салынған үйдің алдына тоқтадық.

– Міне, келдік, – деді милиционер бізге бір-бір қарап қойып.

– Аға, біздің әпкеміз қалада оқиды, ал біз бір деревняға келдік, – деді Әлия дауысы бұзылып. Бұл менің де күдігімді оятты.

– Аландамандар! – деді жымысқы күлкімен, – Бұл жерде барлығы сендердікі, жақындарың да осы жерде. Менің соңымнан еріндер.

Бізді дәліздегі орындықтарға отырғызып қойды. Милиционер бір топ қағаздарды көтеріп соңғы бөлмеге кетті. Бізді бірден балалардың шулы тобы қоршап алды. Олар бізді қарап, көріп, күлісіп, сыбырласып жатты. Бізге күліп жатыр, ал өздері қалай киінген? Біреуінің шалбары жамау-жамау, енді бірінің шұлығы жыртық, бір баланың футболкасы кірден сатпақ-сатпақ болып кеткен. Олардың ата-аналары қайда қарап жүр? Анау бір сарғыш шашты қыз менімен құрдас, шамасы. Оның ұйысып кеткен



шаштары көптен бері таралмағанын байқатады. Ал анау баланың көзінің асты көгеріп қалыпты, бәлкім бір төбелескіш, тентек қой деймін. Беті тырналған тағы бір қыз атышулы сотқар сияқты. Олар бізге неге қарап қалды? Онымен қоймай бізге барынша жақындап келе жатыр. Бізбен танысқылары келіп тұр ма? Жоқ! Менің деревнядағы достарым мүлде ондай емес. Ал бұлармен тіпті сөйлескің де келмейді екен – барлығы шеттерінен басқаша.

Цок-цок-цок... Бұл дыбысты естіген соң бізді қоршап тұрған балалар кішкене тарай бастады. Дәліздің келесі шетінен сары шашты әйел көрінді. Ол бізге жақындаған кезде мен оны жақсылап қарап алдым. Оның биік етіп жинастырылған шаштары сабанның үйіндісі сияқты көрінді. Киімдері жақсы, анау балалардыкіне мүлде ұқсамайды. Костюмі жарқырап тұр, саусағында алтын сақинасы бар. Мойнында әдемі әшекейі бар. Жақсы киінгенімен, күлімсіреп жүруге көп машықтанбағаны көрініп тұр. Аяқ киімінің өкшесін тақылдатып кеп бізге жақындады.

– Сәлеметсіз бе? – деп амандастық.

– Сәлемет пе? – деп жауапты селқос қайырды. Ол кісінің көңіл күйі болмай тұрған тәрізді және әңгімелескісі де келмей тұр. Тіпті ауруханадағы дәрігерлер де бізді күлімсіреп қарсы алып, әңгімеге тартқан еді. Бұл әйел бізге алыстан көз салып тұрған балаларға ұрсып қоя берді:



– Не, қойылым көріп тұрсыңдар ма? Жаңа балалар келсе болды, сендер көктен түскендей жетіп келесіңдер! Сендерге бәрін білу керек, барлығын көру керек!

Бұдан кейін біраз балалар бұл жерден кетуге асықты. Әйел ары қарай айқайын жалғастырды:

– Барлығың мені қалай жалықтырдыңдар десеңші! Күшім қалмай барады! Сендермен жүріп шашым ағарды. Не керек сендерге? Өздеріңнің топтарына барыңдар, аш балапандардай тіміскіленбеңдер. Кетіндер бұл жерден!

– «Кетіндер» деген сөзді ести сала бастары төмен салбыраған ұлдар мен қыздар дәлізден жан-жаққа тарап кетті. Біз қайда тап болдық? Бізді алып келген ми-



лиционер де бір бөлмеге кіріп кетіп жоқ болып кетті. Бұл жерден тезірек кету керек! Айқай-шудан менің құлағым бітіп қалды.

– Тәте, сіз кімсіз? – Әлия өзінің сұрағын жасырып қала алмады.

– Директор! Менің аты-жөнім Мавлида Нұрғалиқызы. Болды, жетер! Мен артық сұрақтарды ұнатпаймын. Еріндер соңымнан.

Ұзын дәлізбен келе жатырмыз. Оңға бұрылды, одан кейін тағы оңға. Дәрі-дәрмектің иісі шығып тұрған бір бөлмеге келдік.

– Міне, бізге тағы төрт сорлы келді, – деп Мавлида Нұрғалиқызы бізді көрсетті.

Оны көре салысымен медбике орнынан атып тұрып, директордың жанына жетіп келді. Бастығының сөзін қостағандай басын изей берді. Ол болса әлі сөйлеуде:

– Сайда, бұл балалардың бастарын қарап жіберші. Егер бит болса, басқа балаларға жұқтырады.

– Қазір, Мавлида Нұрғалиқызы, бір минут!

– Уф-ф, ылғи алқаштардың балаларына қараймыз деп өзімізге де уақыт бөлмейміз. Мұндай мемлекетке масыл болатын балаларды неге ғана табады десеңші?! Бұларды адам етіп тәрбиелейміз деп қаншама жүйкеміз жұқарып жатыр десеңші! Бұлар қазірше момақан сияқты, қалай тойына бастайды, басыңа шыққылары келеді.

– Тәте, неге бұлай сөйлейсіз? – деп шыдай алмай сөйлеп жібердім.

– Ой, бокмұрын, ауызыңды жап, – деп директор жұлқына жөнелді.



Қызық, бұл кісінің өзінің балалары бар ма екен? Егер бар болса, оларға қандай жаман! Бұл кісіге балалары қалай шыдайды екен? Біздің анамыз мүлде басқаша болған еді...

Медпунктке фотоаппарат ұстаған бір ер адам кіріп келді.

– Төртеуін де суретке түсір, – деп Мавлида апай бұйрық берді. Әйтпесе, бір жылдан кейін өздерін адам қатарына қосып, қайдан келгендерін, кім болғандарын ұмытып кетеді. Мемлекет қаржысынан тойынып, киініп, құтырына бастайды. Ал біз оларға сол кезде осы суреттерін көрсетеміз, олар сонда бізге қандай күйде келгендерін естеріне түсіреді, – деп ол қарқылдап тұрып күлді.

Фотограф бірнеше рет фотоаппаратымен сыртылдатып алып, қалай тез келсе, солай тез кетіп қалды. Медбикенің бөлмесіне өте толық, көзілдірік киген әйел кіріп, бізді көре сала қатты күліп жіберді.

– Танысып қойыңдар – Райфа апай. Ол сендердің тәрбиешілерің, – деді директор. Біз амандастық.

– Мавлида Нұрғалиқызы, қызық, бұлардың ата-аналары қайда?

– Қайтыс болып кеткен...

– А, солай ма?! Не болған екен?

– Шайтан біліп пе. Өлгенше ішкен болар...

– Өтірік! – Әлия қарсылық көрсетті. – Сіздер біздің ата-аналарымызды білмейсіңдер! Олар жайлы неге олай дейсіңдер?



– Ой, Мавлида Нұрғалиқызы, байқаймын, бұлармен бізге оңай болмайтын сияқты. Мына қыз ауыз аштырмайды екен.

– Менің әпкеме ұрыспаңыздар! Бізді жіберіңіздерші, үйге қайтайық, – деп мен ортаға түстім.

– Мәссаған! Мына қамыт аяқ та сондай екен. Түк етпейді, мен бұларды тез орындарына қоям, – деп Райфа апай деп таныстырған кісі айбат шекті.

– Райфа, бұларды топқа апар. Кешірек сөйлесерміз.

– Жақсы, Мавлида Нұрғалиқызы.

Тәрбиеші бізді екінші қабатқа алып кетті. Райфа апай бізге бөлмелерді көрсетіп жатқанда бізге қарама-қарсы жақтан бір қыз шығып, тәрбиешіге сұрақ қойды:

– Тағы да төрт баламен балалар үйі толықты ма?

– Бар, аяққа оралмай ана жаққа бар, – деді Райфа апай.

«Балалар үйінің тәрбиеленушісі» деген сөз жанымды ауырта тілгілеп кетті. Біз таңырқап жан-жаққа қарап қалдық. Әлия кенеттен сұп-сұр болып кетті. Басым айналып кетті.

– Біз бұл жерде қалмаймыз, жіберіңіздер бізді! – деп әпкем есікке қарай беттеді.

– Үйге қайтқымыз келеді! – деп Алсу да қостады.

– Анама айтып берем, – деп Зульфира жылай бастады. Қарындасымды қолынан ұстап мен де олармен бірге есікке қарай жүгірдім. Бірақ есік құлыптаулы екен. Біз жыладық, есікті ұрғылап, тепкіледік, есік ашылмады.



Шарасыздықтан, күшіміз қалмағандықтан біз еденге отыра қалып қатты айқайлап жыладық. Есігі тарс бекітілген бөлмеде біз көз жасымыз тоқтамай ұзақ жыладық. Енді біз балалар үйіненбіз...





АНАМНЫҢ ӘНІ

«Балалар үйінен» деген таңбаға да ақырындап үйренісе бастадық.

Бізді көре салысымен үрпийскен ауыл тұрғындарының:

Әне, балалар үйінің балалары жүр. Байқандар, бірдеңелеріңді ұрлап кетпесін! – деген сөздері де енді таң қалдырмайды.

Балалар үйінде тұрамыз, сабаққа ауыл мектебіне барамыз. Балалар үйінің балаларына көзқарас өзгеше болды. Ұлдардың бірі бірдеңе бүлдіріп қоймасын деңіз. Бірден қорытынды шығаратын: «Бұлардан басқа не күтуге болады» – дейтін.

Алғашқы күннен-ақ кішкене қарындасымды басқа топқа алып кетті. Балалар үйінде түрлі жасқа қарай бес топ болды. Біріншісінде өте кішкентайлар болса, бесіншісінде жоғары сыныптағы балалар болды. Ең ауыр болғаны – Зульфираның бізден бөлек тұрғаны. Оған барудың өзі арнайы кесте бойынша. Бұл жерде тәртіп өте қатал, сен ол тәртіпке бағынуың керек екен. Кей кездерде қарындасымды көруге барғанда беті тырналған, қолы көгерген сәттерін байқаймын. Сөйтсем, оны ұлдар осылай ренжітеді екен, немесе тәрбиеші «өмірге үйретеді». Біздің балалар үйіндегі өміріміз осындай сынақтармен басталды.



Бұрын үйімізде таза ауада серуендеу күнделікті іс болып есептелетін. Ал бұл жерде мұндай бақытты сәт тәрбиеші рұқсат бергенде ғана болады. Топта біреу «екі» алатын болса, сол топтағы бүкіл баланы жазалайды. Күні бойы бәрімізге кітаптар мен дәптерлерге телміріп қарап отыруға тура келетін.

Тамақ та күнде сол. Колбаса, кәмпит, қаймақ сияқтылардың дәмін де ұмытып қалдық. Азық-түліктің көптеген түрі бұл жерде рұқсат етілмейді. Санэпидемстанция рұқсат етпейді дейді. Мен оның қандай адам екенін мүлде білмеймін.

Балалар үйіндегі алғашқы жарты жылда мен ең бастысын түсіндім: балалар да, тәрбиешілер де әртүрлі болады. Біздің топта бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі тәрбиеші жұмыс істеді. Райфа апай өте қатал болса, Хакима апай, керісінше – әрқашанда ақкөңіл, ашық.

Бұл мерекені мен ылғи тағатсыздана күтемін. Бұл жылы маған бір ерекше бақыт келетіндей, менің армандарымның орындалатын жылы сияқты.

Жаңа жылға екі апта қалған кезде біраз ұлдар мен қыздарды мәжіліс залына жинады. Олардың ішінде мен де бармын. Мен өзімнің деревнямда да мұндай шараларға қатысып жүретінмін. Өзімнің қабылеттерімді балалар үйінде де көрсете алатыным ма қуанып кеттім.

– Балалар! – деп мерекені ұйымдастырушы сөзін бастады. – Жаңа жылға дейін санаулы ғана күндер қалды. Сондықтан ұзаққа созбай, бүгін-ақ бірден ба-



стап кетеміз. Қане, барлығын өзіміздің өнерлерімізбен қуантайық!

– Иә! – Балалардың көздері жайнап кетті.

– Мен бұл жерге ең өнерлі балаларды жинадым. Ертегі қоятын боламыз. Зұлым Кощей Аяз ата мен Ақша қарды ұрлап кетеді. Ал қоян, түлкі, аю, және басқа аңдар біздің мерекенің басты кейіпкерлерін құтқарулары керек. Қалай, ойнаймыз ба?

– Иә! Ойнаймыз! – деп бірауыздан жауап бердік. Мен тіпті қуанып кеттім. Қазір аюдың рөлін ойнап, Аяз ата мен Ақша қарды құтқарам!

Ұйымдастырушы рөлдерді бөліп бере бастады. Бірақ маған орман жануарларының рөлін бермеді.

Ал мен ше? – деп таңдана сұрадым.

– Илияс, сен Кощей боласың, – деп жауап берді. – Оны тек қана сен ойнай аласың.

– Апай, неге мен? Менің жағымсыз кейіпкер болғым келмейді, барлығы маған күлетін болады.

– Ол не дегенің, сүйкімдім! Саған ең жауапты рөл бұйырып тұр. Бұл шын емес қой, жай ғана ертегі.

– Сен неге тағы дауласып тұрсың? – деген дауысты арт жағымнан естіп, жалт қарасам, тәрбиеші Райфа апайды көрдім. Ол жұмыс қалай жүріп жатқанын көргісі келіп, мәжіліс залына келген екен. Мен басымды төмен түсірдім, ал Райфа апай маған ары қарай ұрсып жатыр:

– Тағы да мына Илияс! Сен өзінді кіммін деп жүрсің? Әртіс, не жазушы, тіпті кейде ғалым боламын деп айтасың. Өзіңнің қисық аяқтарыңа қарап ал! Саған Кощей бол деді ме, демек, боласың!



Қойылымның ұйымдастырушысы мені араша-
лағысы келіп:

– Илияс келісті, бұл жай ғана ертегі ғой! – деді.

– Ол бірден келісімін беру керек еді, – деп Рай-
фа апай қоймады. – бір рет жіберіп алсаң, бұлар
мойныға мініп алады да, көзіңді шоқып тастайды.
Сен әлі жас болған соң оларды әлі білмейсің. Ал
мен бұл жерде жиырма жылдай болды жүргеніме.
Негізі, Илиястың Кощейдің рөлін ойнайтыны жақсы
болды! Ол дәл Кощей сияқты ғой! Оған арнайы
костюмнің де керегі жоқ – футболкасын шешсе,
барлық қабырғалары көрінеді. Қолдары жіңішке,
аяқтары қисық... Нағыз Кощей!

Балаларға керегі де сол. Барлығы күле бастады:

– Ха-ха... Илияс – Кощей!

– Қолдары жіңішке...

– Аяқтары қисық...

Реніштің жастары мені буып бара жатты, мен
залдан жүгіріп шығып кеттім...

Жаңа жылдық кеште маған бәрібір зұлым кей-
іпкерді ойнауға тура келді. Аяз атаға айтып беріп,
тәтті сыйлықтар алу үшін көп тақпақтар жаттап
алдым. Бұл жерде, балалар үйінде тәттілер – нағыз
рахат, тек түсімізге ғана кіреді.

Мен бекер тырыспаппын – кеш соңында екі
қалтам да кәмпит-печеньелермен толды. Жаңа
жылға дейін санаулы сағаттар қалды, топ-
та көңілді күй қалыптасты. Бөлмемізді алдын-
ала өзіміз қолдан жасаған жылтырауықтармен,



ойыншықтармен безендіріп қойғанбыз. Ал қазір мерекенің құрметіне түшпара пісіп жатқан ас үй жақты төңіректен жүрміз. Бұл біз үшін ерекше көрініс. Біз сияқты балалар үйінің балаларына мұндай бақыт жылына бір-ақ рет келеді. Менің түшпараның дәмін ұмытқанымға көп болып еді.

– Райфа апай, түшпаралар дайын болды ма?

– Кішкене күте тұрыңдар! Аз қалды дедім ғой...

– Иісі шығып жатыр, дайын болған сияқты, – дейді біреу.

– Кетіңдер ары, тойымсыз бейшаралар! Сендерді қанша тойындырса да бәрібір аз болып тұрады. Пілді жеп жіберуге де дайынсыңдар! – деп ол қолдарын ербеңдетіп балаларды қуа бастады. – Егер піскен болса да біраз тұра тұрсын. Он екіге дейін әлі ерте!

Бірақ дәмді етіп дайындалып жатқан тамақ та жанның терең түкпіріндегі сағынышты, қайғыны қуып шыға алмады. Шіркін, ата-анамыз тірі болғанда ғой... Ештеңеден қиналмаушы едік. Барлық нәрсе осы түшпараларға тіреліп тұрған жоқ қой? Әкеміз барлығымызға сыйлық сатып алатын еді, ал біз болсақ оған тақпақ айтып, ән шырқап берер едік...

Райфа апай әрең дегенде бізді дастарқан басына шақырды-ау әйтеуір. Бәрімізге ақ ыдыстарға шай құйылды, әрқайсымызға он түшпарадан салынды. Дастарқанда мандариндер, кәмпиттер, жеміс шырындары болды. Бірақ бәрібір бірдене жетпей тұрды. Бәлкім ата-ананың жылуы шығар...

Райфа апай бізді құттықтап тілек айтты:



– Балалар, шын жүректен сендерді бүгінгі мерекемен құттықтаймын! Өмір болған соң барлығы да болады: кей кездерде сендерге ұрсатын кездеріміз де болады. Бірақ мен оны өзімнің рахатым үшін емес, сендер жақсы адам болсын деп солай істеймін. Жақсы оқындар, тәртіпті, тәрбиелі болындар, бізді тындандар. Біздің үйде сендерге тек жақсылықтар тілеймін!

Сағат он екіні көрсетіп тұр. Біз үйде бұл сәтте бір-бірімізге арман-мақсаттарға жетіндер деп тілек айтушы едік. Демек, қазір де солай істеуге болады. Жанымда сыныптасым Амиля отырған болатын. Одан сұрап қоямын:



– Сен нені армандайсың?

– Мамам мені бұл жерден алып кетсе, балалар үйін ұмытсам. Ал сен нені армандайсың, Ілияс?

Амиляның арманы мені тығырыққа тіреді. Мен ата-анам қайта тірілсе екен деп армандай алмаймын ғой, ол мүмкін емес. Баласын тастап кеткен ана ғана перзентін қайта құшақтай алады. Шіркін, менің анам да түрмеде отырғанында ғой! Әйтеуір бір кезде ол бізге келер еді. Мен Амиляны қызғанып кеттім. Тағы да шарасыз күйге душар болдым. Тоқта, тоқтай тұр! Әкем маған бір нәрсе тапсырам деп еді ғой. Бірақ мен әлі күнге ол не зат екенін білмеймін. Сондықтан мен өзіме мақсат қойдым – күндердің бір күнінде бұл заттықолыма алуым керек. Мұндай арманнан соң жаным бір жадырап қалды.

Теледидардан мерекелік концерт басталды. Барлығы көгілдір экранның алдына рахаттанып отыра кетті. Міне, сахнада менің анамның сүйікті әншісі Валентина Толкунова! Неге екенін білмеймін, әйтеуір анама осы бір бұрымы ұзын орыс әншісінің әндері қатты ұнайтын. Бірден маған кішкене күнімнен таныс ән шырқалып кетті:

... Сені әрқашанда сүйетін боламын,

Басқадай амалым жоқ менің...

– Райфа апай, кішкене дауысын шығаруға болады ма? – деп сұрадым.

– Сен немене, кереңсің бе?! Жоқ! – тәрбиеші сол баяғы қаз-қалпына түсті. – Ұйықтауға жатқызып қоймағаныма қайта рақмет айтыңдар!



– Ап-пай! Бұл менің анамның сүйікті әні еді... болады ма? Өтінемін...

– Мен жоқ дедім, болды! Сенің анаңа ұнаса ұнаған шығар, ал маған бұл ән ұнамайды. Ән-шінің өзін де ұнатпаймын. Шашын дұрыстай алмай жүріп өзінше махаббат туралы ән салғысы келеді. Қане, теледидарды сөндіріңдер, жатыңдар ұйқыға! Сендердің кесірлеріңнен мерекені дұрыстап сезіне алмай отырмын. Менің не, отбасым жоқ па?! Қане, ұйқыға жатыңдар! Еріндерінді қисайтпаңдар, менің көңіл-күйімді бұзбаңдар! – Райфа апай ерекше бір зілмен теледидарды тоқтан ажыратып жіберді. – Таңға дейін ешқайсыңды көрмейтін болайын!

Жаңа жыл кеші менің өтінішімнің кесірінен ойда жоқта аяқталып кетті. Мен бөлмеге жүгіріп барып жастығыма құлай кеттім. Ыстық жастарым бетімді күйдіріп жатты. Көз алдымда – анамның күлімдеген көздері, сымбатты тұлғасы. Ал құлағымда сол ән әлі тұр:

Сені әрқашанда сүйетін боламын,
Басқадай амалым жоқ менің...



ТАСТАМАШЫ, АНА!

– Неге сен бізді қалдырып кеттің, ана? Бұл жерде өте қиын. Сені ойламаған, есімізге алмаған бір күн де жоқ. Естисің бе, ана-шы-м?!

– Тыныштал, балам, жылама. Сендердің жастарың менің қабіріме құйылуда. Білсеңдер ғой, сендер үшін жаным қалай ауыратынын... Жақында тәрбиешінің сенің басыңнан кілтпен ұрғанын көрмеді деп ойлайсың ба, балам? Маған қандай ауыр болғанын білсең! Бірақ, өкінішке орай, көмектесе алмаймын...

– О дүниеде жақсы дейді. Шын ба бұл, ана?

– Сендерсіз маған жұмақтың өзінде де қиын, балапандарым менің. Сендермен қоштасқан күнді еске аламын да тоқтаусыз жылаймын. Сен өзіңді мықты ұстадың, ұлым.

– Мен ол күнді бүгінгідей есімде сақтадым. Барлығы Жаңа жылды қарсы алуға дайындалып жатты. Ал сен сол баяғы төсегінде жаттың. Анашым, саған көп ауыртпашылықты көтеруге тура келді. Үш жыл төсек тартып жаттың... неге екенін білмеймін, ауруханаға да жатпадың... Неге екенін білмеймін, ауруханаға да жатпадың.

– Қазірде, әрине, өкінемін. Дәрігерлер ота жасауға көндіргілері келді, ісіктің өсетіндігін ай-



тып ескертті. Бірақ мен сендерді қалдырғым келмеді, бәрің де кішкентай болдыңдар. Әкелерің күнде жұмыста. Бірде ауруханаға жатайын деген едім, бірақ үш жасар Зульфира мені құшақтап алып, жібермей жасын төкті: «Тастама бізді, ана, қалдыра көрмеші!» үшеуің де жас толған жанарларыңмен маған: «Тастамашы бізді, ана», – деп жалындыңдар. Қалай тастаймын сендерді? Солайша ауруханаға бармай қалдым. Одан кейін бәрі кеш болды – дәрігерлер ісіктің асқынып, қатерлі болып кеткенін айтты... Ауру мені төсекке таңды.

– Соңғы айда ауылдың фельдшері Хания тәте саған апта сайын келіп тұрды. Ол өзімен бірге чемоданын алып жүретін – ішінен дәрінің құтысын алып шығып, шприцке толтырып, сенің тамырыңа салатын. Саған сол сәтте-ақ жақсы болушы еді. Бірақ кейінгі кездерде фельдшер бізге жиірек келетін болды. Бірнеше укол салатын, ал қолданылған шприцтер мен дәрі құтыларын бірден отқа тастайтын. Жаңа жылдың алдында саған тіпті жаман бола бастады. Сен қатты қиналдың, бізге қорқынышты болды. Әкем өзін қоярға жер таппай, есіктің алдына шығып кетіп, темекісін бірінен кейін бірін тарта берді. Тіпті бізбен бұрынғыдай ойнамады да. Ақыр аяғы әкем бізді Хания тәтені шақырып келуге жіберді. «Тезірек барып-келіңдер, аналарың өте қиын қалде», – деді ол. Сірә, өзі сені тастап кеткісі келмеді-ау деймін. Біз фельдшерге жүгіріп кеттік.

Бізді көре салысымен Хания тәте бәрін де сөзсіз ұқты. «Жаңа жылға дейін бірнеше сағат қана қалды,



қане, дастарқан басына жайғасындар, тым болмаса шай ішіндер», – деп шақырды. Біз әпкем екеуіміз қарсы болдық – сенің үйде аурудан қиналып, уколды күтіп жатқаныңды білдік. Бірақ фельдшер бізді ақыры көндірді, бізге асығыс-үсігіс бір кесе шайдан ішуге тура келді. Біздің тағат таппай тұрғанымызды көріп Хания тәте ары қарай бізді қыстамады. Дәрілерге толы чемоданын алды да бізбен бірге көшеге шықты.

Бүкіл әлемді ақ жамылғыға ораған қар жауып тұрды. Білесің бе, ана, мен сол сәтте нені армандадым? Сен тезірек сауығып, жазылып кетсе екен дедім... Бірақ менің арманымның орындалуы бұйырмаған екен. «Хания тәте, сонда сізде жақсы бір дәрінің болмағаны ма? Егер бар болса, анамызға беріңізші. Өскен соң міндетті түрде сізге өтеуін төлеймін», – деп мен фельдшерге өтіндім. Ол болса ештеңе айтпастан терең күрсінді. Ол саған уколды салуын – салды, содан кейін бір қағазды алып саған қол қоюға берді. Жаңа жылға екі сағат қалған кезде саған бір жеңіл болып қалғандай болды. Сонда да бізге мереке тойлайтындай көңіл-күй болмады.

Хания тәте өз міндетін атқарып болған соң әкеме шығарып салуды өтінді. Олар аулада бірдеңелерді ұзақ сөйлесті. Әкем үйге өзіне ұқсамай кірді, бейне бір «салы суға кеткендей». Сен де өзгерісті бірден байқап, әкемнен фельдшер не айтқанын сұрап жаттың. «Гүлнұр, маңызды ештеңе емес, тек қана шығарып сал-



дым», – деп жауап берді ол. Тағы бір сағат өтті. Біз бәріміз сенің жаныңда болдық. Жаңа жылға дейін санаулы минуттар қалды, бірақ үйде мерекенің белгісі де сезілмеді. Солай бола тұра мен ішімнен сыйынып: «Жаңа жыл біздің үйге бақыт пен бәрімізге денсаулық алып келсе екен» деп қайталаумен болдым. Біраздан кейін сен: «Жарықты өшіріңдерші», – деп өтіндің. Басыңды біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа қаратып бұра бердің. Әкем бізді басқа бөлмеге қарай алып кетті. Сен болсаң «Жарықты сөндіріңдерші!» деп қайталаумен болдың. Сірә, сен балаларыңның қалай қиналғаныңды көрмеуін қалаған болуың керек. Немесе бізді қорқытып алмайын деген шығарсың. Біздің кіп-кішкене жүректеріміз қалай азап шеккенін сезсең ғой, шіркін! Әлия алаңын жасыра алмай: «Анамыз өлейін деп жатыр ғой деймін», – деп күбірледі. Біз бірден ыстық жасқа булықтық. Сен бұрындары жігіттердің жыламайтындығын айтқан едің. Сондықтан да, мен жылаған дауысымды шығармауға тырыстым. Бір кезде көйлегімнің түймесін жұлып алып, дауысымды шығармас үшін тістегенім сондай, алдыңғы тістерім сықырлай бастады. Қыздар тоқтамастан жылады, қанша жерден берік болуға тырыссам да, мен де жыладым.

Әкеміз сенің бөлмеңе шақырған соң біз төсегіңнің жанына келіп тұрдық. Көзі қызарып кеткен әкем біраз үнсіз тұрған соң: «Балапандарым, ылғи да сендерді қалай аймаласа, сендер де аналарыңды



солай бір аялап, құшақтап алыңдар», – деді. Бірінші болып өзі сенің маңдайыңнан сүйді. Біз де сені сүйе бастадық, ал сенің көздеріңнен жас ағып жатты. бірдеңе деп айтқың келетін тәріздісің, бірақ әл-дәрменің жоқ. Бұл біздің сені ақырғы рет сүйгеніміз болатын. «Анамызға қиын болып жатыр, қанекей, аяқтарын бір уқалап жіберейік», – деп Әлия өзінше сенің халінді жақсартқысы келді. Біз жыладық, әкеміз ғана көз жасын бізге көрсеткісі келген жоқ. Сені біз құтқарып қала алмадық. Сен көзіңді жұмып, тыныс алуды тоқтаттың... Ах, егерде мен дәрігер болғанымда ғой! Бір-ақ күнде сені орныңнан тұрғызар ем ғой!

– Жетеді, ұлым, менің жанымды қинамашы. Онсыз да менің жағдайым қиын. Білемін, сендерге де



оңай болмады. Қайта әкелеріңнің сендерді өзінің соңғы сағатына дейін тастамағаны жақсы болды....

– Иә, анашым, әкемізге де ауыр қайғыны басынан өткеру жазылыпты. Сенің өмірден қайтқаныңа бір апта өткен соң ауылдық кеңес пен мектептен адамдар келе бастады. «Жақсы, үшеуі қалада оқып жатыр, ал мына төртеуін жалғыз өзің аяқтарынан тік тұрғыза алмайсың, қиналмай-ақ оларды балалар үйіне бер», – деп әкемізді үгіттей бастады. Бірақ ол өз дегенінен қайтпады. Аудандық қызметтерден де адамдар келді. Ашуланып, әкем оларға: «Мен тірі тұрғанда балаларымды ешқайда да бермеймін», – деп үйден қуып шықты. Мектептегі кейбір мұғалімдер де бізге басқаша қарай бастады. Дұрыс жауап беріп тұрсақ та «екі» қоя бастады. Содан кейін әкелері балаларына қарай алмайды, сондықтан да, бұл балалар сабаққа үлгере алмайды деген желеумен жиі арызданды. Олардың бар мақсаттары бізді балалар үйіне жіберу болды. Кейбіреулердің тіпті: «Әйелі өлуіне байланысты Ғиззат үкіметтен көп өтемақы алып отыр, сондықтан да, балаларын мемлекетке бергісі келмейді», – деп айтуға да ұяттары барды. Ауыл әкімдігінің ақылсыз біреуінің қызғаныштан әкеме қарап: «Кейбіреулерге жақсы болды, сен енді бәрінен байсың», – деп айтқан кездері де болды. Әкем шыдай алмай әлгі нақұрысты бірақ ұрды. Ол сен қайтыс болған соң қатты қайғырып жүрді. Түндерде ұйықтай алмай қиналды. Ал бір жыл өткен соң жиі ауыратын болды. Трактор



жүргізіп жүріп қатты суық тигізіп алды. Оның үстіне сенен айырылғанды да көтере алмады деп ойлаймын. Сенің қайтқаныңа үш жыл толғанда әкемнен де айырылды. Бізді осында, балалар үйіне алып келді.

– Сендердің бастарыңа түскен тағдырды дұшпаныңа да тілемейсің...

– Есінде ме, сен маған қаладан бір аяқ киім алып келген едің. Маған сондай қатты ұнады. Мен ол аяқ киімді сен өмірден өткен соң да көпке дейін киіп жүрдім, айырылғым келмеді. Кейін басқа аяқ киімдер де сатып алып берді, бірақ маған осы, сенің әпергенің қымбат болатын. Ол аяқ киім әбден тозса да, мен мектепке ылғи сонымен баратынмын. Бірге оқитын сыныптастарым неге менің ескі аяқ киім киіп жүргенімді сұрағанда: «Мұны маған анам сатып алып берген еді», – дейтін едім. Есінде ме, сен әлі бізбенен бірге болғаныңда мен ана туралы ән жаттап алған ем ғой? 8 наурыз мерекесіне орай маған ол әнді сахнада орындауды сұрады.

«Анам, анашым менің аяулы,

Ұзақ болсын өмірің сенің саялы», – деген жерге келгенде көзіме жас келіп, тамағыма өксік тығылып, әннің сөздерін ұмытып қалдым. Бетімді жас жуып кетті де, көрермендер шапалақ ұрып кетті.

Анасыз өмір сүру қандай қиын! Мұнда біздің бәрімізді алқаштардың балалары дейді. Бірақ мен білемін ғой, сен ондай болмадың. Тірі болғаныңда екі «Алтын алқанды» өңіріңе қадап,



мына тәрбиешілерге кімнің кім екенін көрсетер ең. Біраз балалар шынында да ата-аналарының маскүнемдіктерінің салдарынан осы жерге келген, сондықтан да, біз сияқтылар солардың ішінде кетіп қаламыз. Ал біз сияқты әке-шешесіз тұл жетімдер балалар үйінде аз.

Жақында Сәлима деген қызға анасы түрмеден сәлемдеме жіберді. Онда түрлі кәмпиттер мен печеньелер бар болатын. Бізге жеткенше әбден қатып кетіпті. Тастай болып қатып кеткен сәлемдемелерді Сәлима бәрімізге бөліп берді. Оның анасы адам өлтіріп түрмеге түссе де, Сәлима бәрібір анам бар деп мақтанады. Анасының сәлемдеме жібергенін айтып бәріміздің құлағымызға тыныштық бермеді, әлі ұзақ уақыт есіне алып айтып жүреді.

Кешке ұйқыға жатқан соң біз болашақ жайлы әңгімелесеміз. Фаниль деген баланың ата-анасы ажырасып кеткен. Анасы арақ ішіп кеткен соң оны қарындасымен бірге балалар үйіне өткізіпті. Ол анасының маскүнем екенін ешқашан айтпайды. Анасы жұмысқа орналасып, қарындасы екеуін үйге алып кетеді, зоопаркті көрсетеді деп үміттенеді. Мен оларға қатты қызығамын.

Ауылдың орталығында шағын базар бар. Сабақтан соң балалар ол жерге кәмпит пен басқа тәттілерді ұрлауға барады. Бірде мені де өздерімен бірге баруға шақырды. Мен: «Анам ренжиді, болмайды», – деп қарсы болдым. Олар қатты таң қалды, ал маған сен бәрімізді көріп тұрған сияқтанасың. Сондықтан да, сені жабырқатқым келмейді. Ана-



шым, міне, осылайша өмір сүріп жатырмыз. Сен жанымызда болмасаң да сенің жылуың мен мейірімінді сезінеміз. Ылғи да ұятты бірінші орынға қойып келеміз.

– Дұрыс, ұлым. Ал мен сендерді үнемі қорғап жүремін...

– Ана, сен менің күнделігімді көрсең ғой. Бізді ренжіткен сайын жақсы адам болып қалыптасқымыз келеді. Сондықтан сабақты жақсы оқуға талпынып келемін. Кейбір оқушыларға үй жұмысын орындауға көмектесемін. Ол көмегім үшін маған алма береді. Бәрібір сенсіз бізге өте қиын. Егер сен оралсаң әр күн сайын ән шырқап берер едім. Даладан ең әдемі гүлдерді теріп әкелуші ем ғой. Есінде ме, сен ауырып жатқанда су апарып беретін едім. Сен тіріліп келсең болды, күні бойы саған су тасудан жалықпаймын. Оралшы, анашым! Өтінемін! Бізді басқалардың езгісіне қалдыра гөрме!..

– Бұл жақтан қайтатын жол жоқ, ұлым. Алтындарым менің, шыдаңдар...

Қалғып кеттім де, кеудеме біреу ауыр сөмке тастап жібергендей күйде оянып кеттім. Ол тәрбиешіміз Райфа апай болатын.

– Сол баяғы ұйықтап жатырсың ба?! Асханада кезекші екенінді ұмытып кеттің бе? Мен анаң емеспін, сен үшін ыдыс-аяқ жумаймын!



ТІС АУЫРҒАННАН ӨЛМЕЙДІ

Тіс ауырған не деген жаман десеңші! Әлемде одан артық қиын нәрсе жоқ шығар! Егер менде алтын таяқша болғанда бұлайша қиналмас ем ғой. Ауыруын бірден қойғызар едім. Өзімді ғана емес, бүкіл әлемді тіс ауруынан арылтушы ем, шіркін! Адамдар бұл жанды қинаған ауруды ұмытар еді.

Тісімнің ауыруы кеше басталды. Жан шыдатпас аурудан кейде тіпті жылаймын. Күндіз кішкене қояды да, кешке қарай жанымды көзіме көрсетеді. Маған десең қабырғаға шық, мейлі, айға қарап қасқырша ұлы... Мұндай сәттерде күніне тісімді қырық рет тазалауға да дайынмын. Бірақ неге екенін білмеймін, оны осындай ұйқысыз түндерде ғана ойлайсың.

Таңертең мейірбике Сайда апайға бардым. Балалар үйінде медпункт болғаны қандай жақсы. Жарақат алсақ та, суық тигізсек те, қызуымыз көтерілсе де бірінші кезекте Сайда апайға жүгіреміз әйтеуір. Ол бізге қажетті дәрілер мен ақылын қатар береді. Міне, бүгін де оның жұмысқа келуін күтіп отырмын. Медпунктке жұмыс басталардан өте ерте келген болатынмын.

– Амансың ба, Илияс? Не болды? – деп келе сала мейірімді кейіппен менен сұрай бастады.



Апай, тісім ауырып тұр. Бүгін көз ілмей шықтым.

Ай, Аллам-ай! Сендерге тісті күніне екі рет таза-лау керек деп қанша рет айттым десеңші? Жарайды, бөлмеге кір.

Мен үндемедім – өзімнің кінәлі екенімді білдім. Суық орындыққа отырдым да ол кісінің ақылын ары қарай тыңдадым.

– Қане, аузыңды аш. Саған қай тіс ренжіді екен? «А-а-а» де... Медбике мені ұзақ қарады да басын шайқады:

– Иә-ә-ә... тісінде қанқұрт бар екен. Тез арада емдету керек. Ол үшін қалаға бару керек... – Сайда апай жұмыс үстеліне отырып ойланып қалды. Біресе терезеге, біресе алдында жатқан журналға қарайды. – Мен директордан осы уақытқа дейін қаншама сөз естідім. Өзім үшін жүгіріп жүрген сияқтымын! Біреудің құлағы ауырады, енді біреудің асқазаны ауырады, ал директор көлік тауып бермейді. «Жигули» ғана жүріп тұр, оның өзі де Мавлида Нұрғалиқызыныкі. Жалғыз сен үшін олар автобусты алып шықпайды ғой, Илияс. Қане, біз былай істейік. Мына дәрілерді ал, тісің мазалаған кезде жарты-жартыдан ауырған жерге қоясың. Көмектеседі. Егер тіпті шыдай алмай бара жатсаң директорға өзің бар. Тіспен ойнаудың қажеті жоқ. Егер рұқсат етсе, бүгін-ақ қалаға барып, дәрігерге көрсетеміз. Ал қазір бара ғой, бөлмеңде тісіңнің ауруы қойғанша жата тұр, – деп ол үш тал дәрі берді.



Былтыр біздің балалар үйіне автобус бөлді. Біз қалай қуандық десеңші! Сол жылтыраған дөңгелекті аспақ автобуспен бізді концерттерге, түрлі байқауларға апаратын. Гаражда жасыл «Жи-гули» автокөлігі де тұр. Бірақ бұл көлік біз үшін емес – онымен Мавлида Нұрғалиқызы жүреді. Ол кейде күн сайын қалаға қарай шығады. Бүгін де солай қарай шығатын шығар, егер өтініп сұраса мені



де жолай ала кететін шығар. Ойланып тұрдым да, бөлмеден шығып, директордың бөлмесіне қарай беттедім. Есігінің алдына келдім де, батылым жетпей тұрып қалдым. Бірақ та бүкіл ерік-жігерімді жұдырығыма түйіп алдыға қарай адымдадым – тісті емдетуім керек қой.



– Сәлеметсіз бе, Мавлида Нұрғалиқызы! – деп кіріп бардым.

– Неге сабаққа бармағансың? – деп ол менсінбей қарады.

– Апай, тісім ауырып тұр...

– Сендер ызындай береді екенсіңдер! Біресе біреуің, одан соң тағы бірің...

– Мен алдап тұрған жоқпын, кешеден бері...

Директор ары қарай сөйлеуге мүмкіндік бермеді:

Білемін сендердің қулықтарыңды. Біреуіңнің ішің ауырады, енді біреуіңнің басыңа бірдеңе болған, үшіншіңнің көзі дұрыс көрмейді – қалаға бару үшін әйтеуір бірдеңе ойлап табасыңдар... Ауруханаға бізді апарып жүреді деп ойлайсыңдар ма?! Тапқан екенсіңдер! Мені алдай алмайсыңдар, бокмұрындар! Міне, жағың да іспеген, ал сен болсаң тісім ауырады деп алдайсың!

– Апай, түні бойы ұйықтай алмадым. Сайда апай көрді, тісім шіріп жатыр деді.

– Менің аудандық білім бөлімінде маңызды шаруам бар, сенімен жүретін уақытым жоқ. Дәрілер сұра. Сайдаға айт, директор айтты де, саған анальгинді көбірек берсін...

– Бірақ дәріден пайда аз болып тұр...

– Кет ары миымды жемей! – қолында ұстап тұрған қаламды стол бетіне лақтырып жіберді. – Тіс ауырғаннан ешім әлі өлген жоқ. Бар мектепке!

Басымды төмен түсірген қалпы директордың бөлмесінен шықтым. Тіпті маған жаны да ашыған



жоқ, шынымен де кішкене кезінде тісі ауырып көрмеген бе? Шіркін, құс болғанымда ғой! Ешкімге жалынбай-ақ қалаға өзім ұшып барар едім. Директордың аяушылық білмес сөздерінен кейін тісім одан да қатты ауырып кеткендей болды. Ол аздай дәлізге шығып, менің соңымнан қатты айқайлады:

– Қара мұны! Жақсылықты білмейтін жетесіз! Көрсетемін мен саған!

Маған сондай қиын болды. Ауырып тұрған баланы аяп, тыныштандырудың орнына жазықсыздан-жазықсыз ұрса жөнелді.

Біздің балалар үйінде бес топ бар, мен төртіншісіндемін. Әр топта жиырма шақты бала бар. Бізбен екі тәрбиеші мен екі түнгі кезекші жұмыс істейді. Бақытыма орай, бүгін танертеңнен бастап Хакима апайдың кезегі. Райфа апай баяғыда-ақ: «Жалқау! Сабаққа бармау үшін өтірік істеп тұрсың», – деп ұрсар еді. Бөлмеде жалғыздан-жалғыз жатудан жалықтым да, кітаптарым мен дәптерлерімді жинап салып, мектепке кеттім.

Сабақтарда әрең шыдап отырдым. Қоңырау соғыла салысымен көшеге қарай жүгірдім де қарды уыстап жедім – ауру аздап басылғандай болды. Сыныпқа өзіммен бірге қардың қатып қалған бір бөлігін алып келіп, тісім ауырғанын қояды ма деген үмітпен ауық-ауық тістеп қойып отырдым. Ақыр аяғында менің қиналысымды көрген мұғалім сабақтан босатты:



– Мұхаметов! Бар, қиналма. Ауырған тісті барынша тез емдеу керек.

Мен балалар үйіне қардың бөлігін ұстаған қалпы қайттым. Қарама-қарсы бірінші болып Сайда апай кездесті.

– Әлі басылмады ма ауруы?

– Жоқ...

– Илияс, ертеңге дейін шыда. Жаңа ғана Мавлида Нұрғалиқызымен сөйлестім, ол сені ертең тіс дәрігеріне апаруға келісімін берді. Жүр, тағы да дәрі берейін, тек шыдашы.

Артық сұрақ қоймастан Сайда тәтенің соңынан ердім. Шыда деп айту – жеңіл. Тісің ауырғанда түнің бір жыл сияқты ұзап кетеді.

Кешке қарай тісімнің ауырғаны адам шыдамас-тай үдей түсті. Анальгиннің жартысы емес, енді тұтас дәрінің өзі де көмектеспейтіндей болды. Менің бұл күйімді көрген түнгі күтуші Флюра тәте менің маңымда не істерін білмей безілдеп кетті.

– Мынаны ал, сол жақ қолыңа ұстап отыр, бірден көмектеседі, – деп сөйлеп, маған ұсақталып туралған сарымсақты беріп жатыр. – Көресің, көмектеседі, тек орныңнан тұрма, жүрме, тыныш жат. Тіс ауыруынан жаман нәрсені көрмеппін. Қытайлар өздеріне зұлымдық жасағандарға тіс ауруын тілейтінін білуші едім. Бара ғой, орныңа жата ғой.

– Сарымсақ деген неткен ғажап нәрсе! Жөтелді, суық тигенді емдейтінін білетінмін, енді міне, тіс ауырғанын тоқтататынын көрдім. Таңғы 6-ларда тісім қайта «оянып» мені кеміруді қайта бастады.



Бір нәрсе жанымды кішкене жадыратты – тісімнің ауырғаны қоятын болады, бүгін қалаға барып, емде-теміз. Барлығы мектепке кетіп жатқанда мен дәлізде директордың бөлмесінен шығуын күтіп тұрдым. Көлік есіктің алдында тұрды. Демек, қалаға барып қалармыз...

Әйтеуір Мавлида Нұрғалиқызы шықты-ау дәлізге. Мен орнымнан атып тұрдым да, күлімсіреуге тырысып:

– Сәлеметсіз бе! – дедім.

– Сәлемет пе? Тісің әлі ауырып тұр ма? Сен Сайданың да мазасын алып біттің, түкке тұрмайтын нәрселермен бара бересің...

– Не істеймін енді, тісім ауырып жаным қиналды...

– Бүгін менде конференция, тек кешке ғана босаймын. Тағы да білім бөлімінің бастығына баруым керек. Егер Сайда екеуіңді алсам мен бір сағатымды жоғалтам. Жо-о-оқ, мен осыншама уақытты бекер жібере алмаймын. Әр минут қымбат.

– Апай, менде тіпті күш қалмады шыдауға!

– Екі күн шыдадың, тағы бір күн шыдайсың. Айттым ғой, тістің ауырғанынан әлі ешкім өлген жоқ, – деп кесіп сөйлеп, биік өкшелі туфлиімен тықылдатып жанымнан өтіп кетті.

– Мен қолыммен басымды ұстаған қалпыммен диванда отырып қала бердім. Панасыз баланың қандай сезімді бастан кешіргенін сіздерге айтудың өзі артық шығар. Шіркін, қанатым болғанда ғой!.. Мен «салым суға кетіп», бөлмеме оралдым.



Сабақтан соң сыныптасым Амиля бөлмеме кірді. Мен жалғыз болатынмын.

– Илияс, әлі ауырып тұр ма?

– Иә, – деп жауап бергім келмесе де жауап бердім. Себебі, еш мағынасыз сұрақтардан шаршап кеттім. Менің жай-күйім түрімнен-ақ көрініп тұр емес пе!

– Егер директор ертең де сені қалаға апармаса не істейсің?

– Білмеймін...

– Сенің басың бар ма, жоқ па?! Сен бала емессің ғой – жетінші сыныпта оқып жүрсің! Екінші топтағы балаға не болды, есінде ме? Сенімен де солай болуы мүмкін.

Иә, мен ол оқиғаны ойымда сақтап қалғанмын. Үшінші сыныпта оқитын бір баланың тісі ауырған. Оны да қалаға уақытында апармаған, кейін бәрі кеш болды. Тісі іріңдеп кеткен. Оған ота жасады – бетінің біраз жерлерін кескілеп тастаған. Содан бастап бұрын көңілді болып жүретін сол бала күлімсіреуді қойды, себебі күлген кезде тыртықтар терісін тартатын, беті де бір жағына қисайып кететін.

– Менің де тісім ауыра бастады. Мен саған бірдеңе айтайын деген ем, ешкім оны білмесін, – деді Амиля.



– Қане, созбай тезірек айт, – ішімде бір үміт пайда болды, – тезірек айтшы...

– Ертең, – ол кідіріп тұрып қалды, – қашып кетейік. Мектепке кеткендей боламыз, бірақ қалаға барамыз. Тіс емдейтін емхананы мен білемін.

– Жоқ... Директор ертең апарамын деп сөз берген. Бүгін конференция болатындықтан ғана өзімен бірге алып кете алмады.

– Сен сондай аңғалсың, бәріне сене бересің. Керек едің сен оған! Мавлида Нұрғалиқызын бірінші күн ғана біліп тұрғандайсың. Ол бүгін «иә» дейді, ертең «жоқ» дейді.

– Амиля, ойлану керек. Біліп қойса, басымыздан сипамайды. Өзің білесің.

– Сен қандай қорқақсың. Егер келіссең, бірге барайық. Мен өзім жалғыз-ақ бара аламын. Өзің байқа. Кейін маған бірге барайық деп айтпадың деп ренжіп жүрмесең болды...

Азырақ ойланған соң мен келістім. Тегін жүру билетін завучтың бөлмесінен рұқсатсыз алдық. Амиля дәптер іздеген болып құжаттар тұрған шкафты ақтарды. Ал мен бұл кезде завучты әңгіме айтқан болып көңілін өзіме қарай бұрып тұрдым. Алақай! Құжаттар қалтамызға түсті! Жоспар құрдық. Ертең таңертең – қалаға. Амиля сияқты тәуекелшіл қыздардың жаныңда болғаны қандай жақсы!

Ол өте ақылды қыз – барлығына жаны ашиды, кімге болса да көмек қолын созуға дайын. Біздің бірге оқитынымыз да жақсы болды. Мықты, ешкімге бой бермейді. Шындық үшін кіммен болса



да төбелесуден тайынбайды. Басқалармен салыстырғанда тәрбиешілерден де қорықпайды. Қайткенмен қалалық қой.

Кеш те батты. Сол қолыма сарымсақ ұстасам да бұл жолы сонша жақсы бола қоймады. Барлығы ұйқыға жатты, ал мен болсам жанымды қоярға жер таппадым. Терезені ашып, басымды сыртқа шығардым. Кішкене жақсы болды, бірақ суық еді.

Түнгі күзетшінің бөлмесіне түстім. Менің іскен жағымды көрген ол:

– Мүмкін темекі тартып көрерсің? – деп ұсыныс тастады.

– Мен темекі тартпаймын.

– Түсінікті, мүмкін көмектесер ме дегенім ғой. Мә, бір сорып көр, – деп өзінің темекісін маған ұсынды.

Мен түтінді ішіме жұттым да қатты жөтеліп кеттім.

– Эх, әлі шикісің ғой! Үйренетін кезің болды ғой. Ақырынырақ тартасың, – деп «ұстазым» үйретіп жатыр.

Тағы бір сорып көрдім. Жоқ, керегі жоқ екен. Бұл маған ұнамады...

Амиля қай кездегідей тура айтыпты. Таңертең тәрбиеші көліктің бұзылып қалғанын, ешқайда бара алмайтынын хабарлады. Жарайды, керегі де жоқ! Басқалар бірінші сабақта отырғанда Амиля екеуіміз қалаға қарай жүйткіп бара жатқан автобуста отырған едік.



Міне, тіс дәрігерінің бөлмесіндемін. Есік-тен кіре берісте-ақ көңілім бір көтеріліп қалды. Ақ халат киген дәрігер, ақ үстел, барлық жиназдар адамға нұр мен үміт құйып тұрғандай. Қорқынышты да, ауырады емес пе? Түк етпейді! Оның есесіне мына мезі еткен аурудан біржола құтыламын. Қанша шыдауға болады! Менің қатты ауырып тұрғанымды көрген соң кезексіз кіргізді. Амиля дәлізде қалды.

Дәрігер абайлап ауырған тісті зерттеп көріп, ине сияқты бірдеңемен шұқылай бастады. Содан кейін қолына дырылдайтын бір құралды алды.

– Ай-яй-яй! – мені тоқ ұрғандай, қатты ауырғаннан орындықтан секіріп кеттім. Дәрігердің қолын қалай қағып жібергенімді де байқамай қалдым.

– Тыныш отыр, балақай. Шыда. Әйтпесе тілсіз қаласың – мынау қолымдағы нәрсе айналып тұр, – деп маған ескертіп жатыр.

Не деген дыбыс! Бұл дыбыстан тіпті жүрек те тоқтап қалардай. Ауырған жерге тигенде еріксізден айқайлап кетесің. Ал ақ халатты аға қайталай береді: шыда, шыда. Оның қолындағы құрылғыдан ауызымнан қоңыр түтін шығып жатыр. Мен бұл ұсақ шаңнан тұншыға бастағандаймын.



Уф, дырылдаған құрал тоқтады-ау! Дәрігер аузы-ма су шашты да:

– Шайқа да мынаған түкіріп таста, – деп сол жақтағы ыдысты көрсетті.

– Бітті ме? – деп шыдамсыздана сұрадым.

– Мен қазірше тісіңді тазаладым. Қазір дәрі қойып, уақытша жауып беремін. Одан тіс нервсінің айналасында қорғаныш қабаты пайда болады. Содан кейін тісіңді пломбалаймын, содан кейін болды.

– Пломбаны бүгін қоясыз ба?

– Жоқ, бүгін болмайды. Тісті емдеген соң үш күн өтуі керек. Демек, төртінші күні келесің. Уақытты саған белгілеп қоямын, – дәрігер құрал-жабдықтарын жинастыра бастады.

Соңғы сөзді естіп мен абдырап қалдым. Қалайша ол? Төрт күннен кейін! Әлі бүгінгі қашып кеткенім үшін қалай жазалайтыны белгісіз. Тіпті серуенді дегені мүмкін. Қалаға, дәрігерге тағы келу туралы тіпті әңгіме де жоқ.

– Мен қайтадан келе алмаймын, қазір-ақ пломба балап беріңіз...

– Болмайды, бала. «Асығыстық – шайтанның ісі». Шарты сондай, – деп дәрігер маған бүгінше осы дегендей басын изеді.

Мен болсам істі соңына дейін жеткізуді шештім. Мені мұнда енді ешкімнің әкелмесі анық. Сондықтан да, бөлмеден шығып кетуге асықпадым.

– Олай болса тісімді біржола жұлып тастаңыз, – деп талап еттім.



Дәрігерді бұл сөзім қатты таң қалдырды:

– Асықпа, жігіт. Төрт күннен кейін келесің, сол кезде тісіңнің жұмысын аяқтаймыз. Тісті құтқаруға болып тұрғанда оны жұлып тастаудың қанша қажеті бар?

– Өтінемін, жұлып тастаңызшы. Мен қайтадан келе алмаймын...

– Сен не, «ит өлген жерде» тұрасың ба? – деп күлді ол.

Қанша күндер бойы бұл жерге әрең келгеніме қарағанда, демек солай болып тұр ғой деген ой келді. Жылап, сұрай бастадым:

– Ағатай, жұлып тастаңызшы, өтінемін, жұлыңызшы!

Дәрігерді көз жасыммен ыңғайсыз жағдайда қалдырдым-ау деймін, бірақ менде басқа амал қалмады. Аз-кем ойланып тұрды да, маған ренішті жүзбен қарады.

– Өтінемін, ағатай...

Дәрігер терезенің алдына қарай кетті де ойланып қалды. Бөлменің ішін тыныштық кезіп кетті. Біраздан соң тіс дәрігері жаныма келіп, құрал-жабдықтарын ала бастады, қорабын ашып, ішінен шприц алды.

– Сен енді солай деп болмаған соң... ауызыңды аш, укол саламыз!

Тістің қызыл иегіне шым етіп ине кірді. Бес минуттан соң ауызым мұздап, қатып қалғандай болды. Тіпті тілімді де сезбей қалдым, бейне бір менікі



емес сияқты. Шамасы, бұл ауруды сездірмеудің амалы сияқты. Дәрігер қолына қысқыш сияқты бір құралды алды. Жүрегім атқақтап кетті.

– Шыдауға тура келеді. Бірақ ауырмауы тиіс.

Бірақ, түбір тісті суырып алу оңай емес екен.

– Жасың қаншада? – деп дәрігер сұрақ қойды. Мен ойланып үлгергенше болмады, қолындағы қысқышпен тісімді тартып қалды.

– Ай-яй!...

Дәрігер терең бір демалды да қайта тартты. Тісім шықырлап кетті.

– А-а-а... – мен бөлмені басыма көтердім. Дәрігер тістің жартысын жұлып алды, ал қалған жарты бөлігі орнында қалды. Ауызымнан қан аққандықтан тәптәтті болып кетті. Бірақ дәрігер тістің екінші жартысын да жұлып алды. «Түкіріп таста», – деді ол. Бұл оңай болмады – ұйыған қан еріндерімнен сыртқа шығып жатты.

– Орамалың да жоқ па? Мә, ал, – деп қамқоршы дәрігерім ақ дәкенің бір бөлігін ұсынды.

Алғыстың орнына мен тек басымды изедім. Сөйлеу мүмкін болмады. Солайша мен әбден мезі еткен тісіммен қоштастым.

Амиля мені есіктің алдында тағатсыздана күтіп тұр екен. Бірақ ол тіс дәрігеріне кірмеді, мені бірден шығар есікке қарай бастады. Біз автобекетке қарай аяңдадық. Мен сөйлей алмағандықтан, серігімнің сұрақтарына тек басымды изеп жауап бердім.

– Қалай, Илияс, ауырмай ма? – басымды изедім.



– Білесің бе, – деп жалғастырды. Мен оның ары қарай не айтатынын күттім.

– Менің тісім ауырмаған еді, мен өтірік алдадым, – деп ол күлді.

– Сені аяп кеттім. Әпкең қаланы білмейді. Ал Мавлида Нұрғалиқызын өзің білесің. Сен жақсы баласың, маған үй тапсырмаларына көмектесіп тұрасың.

Бұл сөздерден кейін мен ерекше күй кештім. Сыныптасым қандай мейірімді десеңші! Мен оған сондай ризамын. Еш сөз айтпастан мен оны қатты құшақтадым. Өтіп жатқан адамдар бізге таң қалысып қарады.

Жол жүру билеті арқылы сағат төртке билет алдық. Әлі сағат үш. Егер балалар үйінде бізден неге мектептен кеш келгенімізді сұраса, вокалдың үйірмесінде болдық деп айтамыз. Біздің ән айтқанды жақсы көретініміз бәріне аян. Ол үшін шу шыға қоймас.

Қарным қатты ашты. Тісім ауырып жүріп мен таңертең түк те ішпеген едім. Түк етпейді, шыдауға тура келеді. Ең бастысы – жанымды жеген аурудан арылдым. Амиля болмағанда, бұл немен аяқталатынын бір құдай біледі.

Ұйқы әлемдегі ең тәтті нәрсенің бірі деп бекер айтпайды екен. Ұйқысыз өткен бірнеше түндерден кейін соған көзім анық жетті. Айналадағы шу да, суық орындық та менің терең ұйқыға кетуіме бөгет бола алмады...



– Автобус келді, – менің бұл ғажайып күйімнен Амиля алып шықты. – Жүр, хабарлады.

Алаңқайда біздің Сальмановаға келген сол бір жасыл автобус тұр екен. Халық онша көп емес. Билетті көрсеттік те соңғы қатардағы орындықтарға жайғастық. Автобустың іші жып-жылы екен. Ал көшедегі ауа райы бұзыла бастады – боран сырғи бастады.

Жылы жерде Амиля екеуіміз қатты ұйықтап кетіппіз...





ШІРІК АДАМ БОЛМАҢДАР!

– Ояныңдар, келдік... – көзімді ашсам, тап алдымда қара мұртты бір ер адам тұр екен. Қайда екенімізді білмей біраз отырып қалдым. Жан-жағыма қараған соң барып автобуста келе жатқанымыз есіме түсті. – Бұл соңғы аялдама, сендер қай жерден түсулерің керек еді?

Мені қорқыныш билеп кетті. Амиля да оянды. Біздің деревнямыз жолымыздың ортасында болуы керек, ал мұртты аға біздің соңғы аялдамаға келгенімізді айтып тұр. Демек, біз өзіміздің деревнямыздан өтіп кеттік?! Саусақтарыммен терезені қыраудан тазаладым да көшеге көз жүгірттім. Ол жақта қап-қараңғы. Жүрегім тез-тез соға жөнелді.

– Сендер қай деревнядансыңдар? – деп жүргізуші сұрақ қойды.

– Сальмановоданбыз, – деп оянған Амиля жауап берді.

– Қайда бара жатырсыңдар? – деп сұрады қайтадан.

– Айттық қой, Сальмановоға, – деп серігім дүрсе қоя берді.

– Қалайша? – ағаның қабағы көтеріліп, таңданысын жасыра алмай қалды.

– Біз сонда тұрамыз. Үйде ата-аналарымыз күтіп отыр. Қалаға жұмыстарымызбен барғанбыз, билет



сатып алдық та осы автобуска отырдық. Ұйықтап қалыппыз, – деп Амиля өтірік қосып жіберді. Жүргізуші бізді қаңғыбастар деп ойлап милицияға тапсырып жібермеуі үшін солай деді:

– Не, біз деревнямыздан өтіп кеттік пе?

Жүргізуші терең күрсінді:

– Шайтан алғырлар! Көздерің қайда?! Сендер басқа автобуска отырып, мүлде басқа бағытқа кетіп қалдыңдар ғой!

Жүрегім бақайыма түсіп кеткендей, үстіме суық суды құйып жібергендей.

– Басқа жаққа? – Амиля ауызы ашылып тұрып қалды да шынында да жылап жіберді. – Онда біз біттік, құрыдық!

Мен де өзімді-өзім ұстай алмадым... Неге бұлай болды? Балалар үйінде бізге не болады? Сол сәтте-ақ көз алдыма ылғи айқайлап жүретін Мавлида Нұрғалиқызы, өзімен үнемі алып жүретін бір топ кілттердің жиынтығымен басыңнан ұрып жіберуге дайын тұратын Райфа апай келе қалды. Бізге шынында да жаман болатын болды!

– Болды, тоқтатыңдар жылауды. Өтіп жатқан көліктер көп. Тоқтатыңдар, қалаға дейін ала кетеді. Жылағанмен іс бітпейді. Уақытты құр өткізбей жолға шығыңдар да көлік тоқтатыңдар, – деп жүргізуші бізді автобустан шығарды.

Менің батыл серігімді біреу ауыстырып қойғандай. Тоқтаусыз жылап менің одан сайын зәремді алды:

– Райфа апай бізге не істейді?! Илияс, қайтеміз енді? Неге үндемейсің?! – деп мені жыла дегендей бүйірімнен түртіп қояды.



– Уақытты босқа өткізбендер, мен гаражға асығып тұрмын. Ей, сендерге айтып тұрмын! – Жүргізуші бізден құтылғанша асықты.

– Ағатай, сіз бізді қалаға апара алмайсыз ба? Ары қарай Сальмановоға бірдеңе етіп жетерміз, – деп дауысым дірілдей шықты.

– Ол менің қолымда тұрған жоқ, мемлекеттің көлігін мен қалайша соншама жерге айдап кете аламын, – деп қолын сермеді.

– Сендер үшін сөгіс алатын жайым жоқ! Байқауларың керек еді. Мен сонша жанармайды қайдан табамын? Мені үйде де күтіп отыр. Уақытты босқа алмаңдар, қане! Біреулер тоқтайтын шығар сендерге.

– Ағатай, егерде... – бірақ ол маған ары қарай сөйлеуге мұрша бермеді:

– Түсініңдер мені, жүре алмаймын мен, бара алмаймын! – автобусты оталдырды. – Ал жақсы! Гаражға жетіп үлгеруім керек.

– Дөңгелегің жарылып қалсын! – деп Амиля ренжігеннен айқайлап жіберді. Автобустың есіктері жабылды да, бізді белгісіз жерде қалдырып жүре берді.

Біз қалаға апаратын үлкен жолдың бойындағы бір деревняда екенбіз. Анда-санда болса да жарықтары жарқырап көліктердің өтіп жатқаны жақсы болды. Мүмкін біреуі тоқтап қалар. Ауа райы да бұзылды. Суық жел біздің жеңіл киімдерімізден өтіп, денемізді қаруда. Тезірек бір жылы көлікке мінсек қой!



Өтіп жатқан көліктерге біз ұзақ уақыт қол көтеріп тұрдық, бірақ ешқайсысы тоқтамады. Балалар үйінің жұқа қолбақтарынан қолдарымыздың қатып қалғаны соншалықты, саусақтарымызды да сезбей қалдық. Аяғымыз да қатып қалды. Біз орнымызда тұрып секіру арқылы жылынуға тырыстық. Жанымыздан өткен көліктердің бірі де тоқтамады.

– Илияс, қалаға қарай жолмен ақырындап жүре берейік. Жолда өтіп жатқан көліктерді тоқтатып көрерміз. Мүмкін сонда біреулер тоқтар, – деп Амиля ұсыныс жасады.

– Жақсы, көрейік...

– Көлікті кезек-кезек тоқтатып көрерміз. Әйтпесе менің қолдарым қатып қалды. Сен тоқтатып тұрғанда мен қолдарымды қалтамда жылытып тұрамын. Одан кейін ауысамыз.

Қайткенмен де Амиля ақылды екен! Егер екеуіміз де қол созып тұрсақ екеуімізге де суық. Ал былай істесек кезек-кезек қолдарымызды қалтамызда жылытып тұруға болады.

– Амиля, сенің жақсы көретін саның қандай?

– Төрт.

– Қазір көресің, төртінші көлік бізге тоқтайды, – деп оны үміттендіріп қоям.

– Айтқаның келсін...

Төртінші көлік емес, бәлкім қырық төртінші көлік те тоқтамай кетті. Автобус әкеп тастаған деревня да алыста қалды. Кері қарай жете ал-



масымыз анық. Боран болса адамды аяр түрі жоқ – қарды бетімізге лақтырып, ауызымыз бен мұрнымызды жауып тіпті үдеп барады. Аяз дәл Райфа апай сияқты шымши бастады. Ашық жерде тіпті суық болды. Шынын айтқанда, бізді жылытатын әлемде ешқандай жылу жоқ болып көрінді. Көліктер де сирек өте бастады. Айнала түтек боран, қап-қараңғы. Боран тіпті күшейді. Тынысымыз қиындап, жүру одан бетер ауырлады. Аяқтарымыз бізді тыңдағысы келмей барады... Суық пен қараңғылық жан-жағымыздан қоршап алды.

– Илияс, менің енді күшім қалмады. Осы жерде қатып қалатын болдық... – Амиля бұл сөздерді еріндері көгеріп, жылап тұрып айтты, – саусақтарым түк сезбей қалды, менің жасымды сұртші, Илияс...

Оның жастары бетінде мұз болып қатып жатты, мен ақырындап оның бетінен ол мұздарды алып тастадым. Менің де дымданған кірпіктерім бір-біріне жабыса бастады. Суық. Бүкіл әлем суық. Шіркін, анам жанымда болғанда ғой! Өзінің жылуымен, нәзіктігімен бізді ғана емес, бүкіл жер шарын жылытар еді ғой...

– У-у-у... У-у-у... – жан шошытар үннен біз бір сәт үнсіз тұрып қалдық. Амиля қарға отыра кетті.

– Қас-қыр-лар... – деп сыбырлап еді, сөзінің соңғы буыны жыланның ысылы сияқты шықты.

– У-у-у... У-у-у...У-у-у... – жақын жерден естілген бұл дыбыстардан қанымыз да тамырларымызда қатып тұрып қалғандай. Жүрегім тоқтап қалғандай,



бүкіл жаным мен тәнімді сұмдық бір нәрсе қатырып тастағандай. Бұрын басқалардан қасқырлар туралы талай әңгіме естігенмін, сондықтан қатты қорқынышты болды.

– Тұр, қашайық..., – деп серігімді орнынан тұрғызайын дедім.

– Тұра алмаймын. Аяқтарым өзіме бағынбайды... – жылап отырып Амиля менен ұстай алды. – Тастап кет-пе-ші....

Өлгіміз келмейді. Шынымен де Жаратқан біздің қасқырларға жем болғанымызды қалай ма?! Біздің ата-аналарымыз бар ма, жоқ па, қасқырларға бәрібір, олар балалар үйінің балаларын да аямайды. Олар тобымен келіп адамдарға шабуыл жасайды. Әкем баяғыда айтып берген бір оқиға есіме түсе кетті...

Бір ерлі-зайыпты адамдар түнде көліктерінен түсіп, деревняға жаяу кетіпті. Баратын жерлеріне дейін біраз бар екен. Алдарынан кенет қасқырлар шығыпты. Күйеуі әйелін аққайыңның жуандау бұтағына шығарып жіберіпті. Өзінің шығуына үлгертпей қасқырлар әйелінің көзінше түгін қалдырмаған екен. Әйел таң атқанша ағаштың үстінен түспей отырыпты, адамдар оны түсіріп алып, үйлеріне әкеліпті. Көз алдында болған қайғыдан оның шашы сол түнде-ақ ағарып кеткен екен. Оның үстіне мылқау болып қалыпты...

Жан шошытар қорқыныш менің аяқ-қолымды жұмыс істетпей тастады. Қасқырлардың ұлыған үні барған сайын жақындап келеді:



«У-у-у... У-у-у...» Тыныс алу қиындап әл-дәрменім қалмағандықтан мен де тізерлеп отырып қалдым.

– Анашым! Әкешім! Көмектесіңдер! – деп сыбырлап өзіме жақын жандарды шақырдым. Амиля да үрей үстінде. Сонда осылайша өлгеніміз бе?! Ешкім де біздің сүйегімізді таба алмайды ма?! «У-у-у... У-у-у...» – деп жыртқыштар тым жақын жерден ұлыды.

– Жол бойынан бізге қарай жақындап қалған көліктің жарығы көрінді. Құдайым-ау, бұл біздің құтқарушымыз ба?! Тек тоқтамай өтіп кетпесе болды! Бұл – біздің соңғы мүмкіндігіміз. Бар күшімді жинап аяғымнан тұрдым да жолдың ортасына шықтым... Жүргізуші мені байқаса да жылдамдықты азайтпады. «Темір тұлпар» жанымыздан өтіп кетті... Біздің соңғы үмітіміз...

– Қара, – деп Амиля қарда отырған қалпы айқайлап жіберді. Артыма қарап едім, көлік өтіп кетіп барып, тоқтапты. Енді артқа беріп, бізге жақындаған екен. Терезеден бір үлкен кісінің басы көрінді:

– Тезірек мініңдер көлікке!

Амиляның аяққа тұруына көмектестім. Есікті ашып орындыққа әрең отырдық. Аллаға мың да бір шүкір, біз құтқарылдық!

Біздің жай-күйімізді көрген ата көпке дейін үнсіз отырды. Біз кішкене жылынып, жан біте бастағанда әкелік кейіппен қамқор болып:

– Кім мұндай түнде үлкен жолдың бойына шығады? Мұндай ауа райында иесі итті де бұлай далаға қоя бермейді. Қайдансындар сендер?



– Сальмановодан.

– Мәссаған! Мұнда қалай келдіңдер?

Амиля әлі бағанағы қорыққаннан өзіне-өзі келе алмай отыр – тіпті сөйлеуге әл-дәрмені жоқ. Сондықтан сұрақтарға маған жауап беруге тура келді:

– Қаладан шатасып басқа автобуска отырып, мүлде бөлек жаққа кетіп қалыппыз. Бізге беймәлім бір жерде ояндық. Жүргізуші бізді түсіріп жіберді де кетіп қалды, – деп мұртты жүргізушіге деген ренішімді жасыра алмадым.

– Солай ма? Ал сендер қалада неге өздерің ғана жүрсіңдер? Ата-аналарың қайда?

Осы кезде мен кішкене үнсіз тұрып қалдым, бірақ енді амал жоқ, шындықты айтуға тура келді.

– Біз балалар үйіненбіз. Тісімді емдетуге келгенбіз. Тісім шіріп, іріңдеп кеткен екен, қатты ауырды. Мені қалаға ешкімнің әкелгісі келген жоқ. Сондықтан қашып шықтық...

– Мәссаған! Мынаны қара! Менің бір балалар үйінен танысым бар болатын. Ана әлемге тым ерте кетіп қалды. Өзін сақтай алмады, байғұс. – Ата ойланyp қалды да, сөзін қайта жалғастырды, – сендер қандай жанкештісіңдер. Тістеріңді уақытында тазалауың керек еді, мұндай болмас еді.

– Иә, – деп өз кінәмді мойындадым.

Өмір сондай, балам, – деп тамағын бір қырnap қойды. Ауру тістің зияны көп. Оны емдеу де қиынның қиыны. Оны жұлып алып қана құтыласың. Адамдарда да түкке керегі жоқтары болады, олардан



қоғамға тек зиян келеді. Ондай адамдардан еш пайда жоқ. Сондықтан, балам, шірік адам болмаңдар.

– Адам деген тіс емес қой, ол қалайша шіріген болуы мүмкін? – деп таңдана тағы сұрадым.

– Өскенде түсінесің, – деді ата темекісін бір сорып қойып. – Сендердің жолдарың болды. Мен тура астанаға бара жатырмын, бәрібір Сальманово арқылы жүремін. Тура үйлеріңе дейін жеткіземін. Ұйықтай тұрыңдар қазірше...

Енді қайдағы ұйқы! Қасқырлардың ұлығаны әлі құлағымыздың түбінде тұр, жүрегіміз шаншып қояды. Шіріген адам туралы жұмбақ та маза берер емес...

Көлік балалар үйінің екі қабатты ғимаратының алдына келіп тоқтады. Күзетші сол сәтте-ақ жетіп келді.

– Келдіңдер ме, қашқындар? Дереу топтарына қарай жүгіріңдер, – деп бізге дауысын көтерді. Біздің ата күзетшімен бірдеңе деп сөйлесіп тұрып артымыздан айқайлады:

– Сау болыңдар! Енді ешқашан қашпаңдар!

Ата кетіп қалды. Есіктен бізді түнгі қызметкер Флюра тәте қарсы алды. Сағат түнгі он екіден асып кеткен. Ол Амиля екеуімізді тобымызға дейін алып келді, бірақ одан бұрын асханаға әкелді. Тез арада шәйнекті қайнатып, бізге сүт қосылған шай құйып берді. Матадан тігілген сөмкесінен үйдің нанын алып шықты. Ол кісі кейде осы сөмкемен бізге бірдеңелерді үйінен пісіріп әкелуші еді.




– Рахмет, апай, біз шынында да қатты ашпыз. Сіз болмасаңыз біз не істер едік, – деп мен алғысымызды білдірдім.

– Эх, барлық тәрбиешілер осындай мейірімді болғанда ғой, – деп Амиля да қосып қойды. – Таңертеңнен нәр татпадық.

– Тәрбиеші Райфа сендердің тамақтарыңды басқа балаларға берді. Қашқындар онсыз да күн көреді деді. Жеңдер, ұялмаңдар, – деп нанды бізге қарай жақындатып қойды. – Сендер мектептен оралмаған соң Мавлида Нұрғалиқызы шу шығарды. Бір жаққа телефон шалды. .. Ой, ертең не болатынын білмеймін. Барлығы жақсы болсын, балалар...

Ішімізге ел қонған соң ақырын барып бөлмелерімізге жата кеттік. Ұйқы бірден келмеді. Есіме қайтадан қасқырлардың ұлығыны түсті. Оның үстіне бір сұрақ маза берер емес: ертеңгі күн бізге не әкелер екен?





АУРУ

Түскі астан соң бәріне мәжіліс залында жиналсын деген тапсырма келді. Барлық бес топ сол жерге бағыт алды. Бірін-бірі итермелеп балалар көңілді сөйлесіп келеді:

- Жақсы қойылым болады!
- Тезірек орын алып алу керек!
- Ал не болады екен?
- Білмеймін, ешқандай мереке жоқ сияқты...

Ал мені ол жерге мүлде тартпайды. Не болатынын ойша елестетіп қоямын. Амилия да өз бөлмесінен шығар емес. Мектепте Әлия әпкеме қалай қашып кеткенімізді, қайда болғанымызды, басымыздан кешкендерді асықпай айтып бергенмін. Ол ұрысқан жоқ – менің аурудан қалай қиналғанымды өз көзіммен көрген болатын.

– Жауап беруге тура келеді. Залға жүр, – деді ол маған.

– Бармаймын. Қашып кеткеніміз үшін ұрсады, ал менің барлығының алдында қызарқтап тұрғым келмейді.

– Бірақ сендерсіз бәрібір басталмайды, – деп Әлия көндіргісі келді. – Жүр, әйтпесе маған да қиын болады.



– Сен сондай қызықсың, әпке! Туған бауырыңды сол жерге баруға мәжбүрлеп тұрсың. Түсінбеймін сені. Мен айттым ғой, бармаймын! – деп от алып кеттім. – Онсыз да барлығы таңертеңнен бері Амиля екеуімізге жаман көзбен қарап жүр. Бізге қарап күліп, қашқындар деп мазақтап жүр.

Осы кезде бөлмеге Райфа апай жүгіріп кірді:

– Қараңдаршы мыналарды, қай жерге жасырыңдарын. Тез арада залға барындар! – деп түкірігін шаша айқайлады. Әпкеме қарап тұрып тағы жалғастырды, – сен бауырыңды жақтап тұрсың ба! Ештеңе етпес, мен көрсетемін сендерге! Не қарап тұрсындар! Барындар!

Дәл сондай күймен ол Амиляның бөлмесіне де кіріп барды. Ол жерде шу қатты шықты. Аздан соң ол менің сыныптасымның басынан ұрған күйі сыртқа алып шықты.

Әпкем, мен, Амиля үшеуіміздің тәрбиешінің соңынан құр сұлдеріміз кетіп бара жатты. Мәжіліс залына кіргенімізше басыма қандай ойлар кіріп-шықпады дейсің! Бізді күтіп тұрған жаза маза берер емес. Бәріне дайын болдым.

Залдың іші толыпты. Балалар да, тәрбиешілер де басталуын тағатсыздана күтіп отыр. Залға кіре салып мен бос орын іздеп жан-жағыма қарай бастадым.

– Әне, анау жерде үш бос орын бар екен, жүріңіздер, – деп әпкеме ұсыныс тастадым.

– Қайда? Сен бүгін құрметті орындасың! – Райфа апай менің қолымнан ұстап алды да сахнаға



қарай алып шықты. Амиля біздің соңымыздан ерді. Әпкем бағанағы бос орындардың біріне отырды.

Балалар үйінің директоры Мавлида Нұрғалиқызы бірінші қатарда отырды. Бізді көре сала тұртүсі бірден өзгеріп кетті, бейне бір ежелгі жауын көргендей болды. Бізді сахнаның ортасына әкеліп тұрғызған соң Райфа апай өзін жеңімпаз сияқты сезінді. Енді ше, сондай маңызды жұмысты атқарды ғой!

– Міне, – деп бастады кекесінмен, – қашқын мырзалар келді. Бұлар ерекше жандар, арнайы шақыртуды күткен.

Барлығы қарқылдай күлді. Тек Әлия ғана қызарып кетті. Жылап кетпеу үшін ернін қатты тістеп отырды.

– Ал қане, айтыңдар! Қашуды кім ұйымдастырды, кімнің ойына келді? Қалаға неге бардыңдар? Тыңдап тұрмыз, – деп тәрбиеші сұрақтардың астына алды.

Екеуіміз де түк те айтпаған соң Райфа апай одан сайын ашуланды. Ол өзін-өзі ұстай алмай маған жетіп келді де құлағымнан ұстап алды:

– Айт қане, қой сияқты неғып үндемей тұрсың?!
– Маған ауру сезімі қатты білінгенмен де, түк болмағандай тұра беруге тырыстым. Енді ол Амиляны сілкілей бастады:

– Ал сен ше, шайтан алғыр, неге үндемейсің? Уақытты созба, айт!

Бізді Райфа апай қалай қинаса да ешбір сөз айтпадық. Мавлида Нұрғалиқызы да бір орында отыра алмады. Нық-нық басып сахнаға шықты.



Оның түрі «енді менің кезегім, мен жақындасам болды, бұлар бірден сайрап кетеді» деп тұрғандай.

– Үндемейміз деп келісіп алғансыңдар ма? – деп директор ренішті жүзін менен Амиляға қарай бұрды. – Жақсы! Мен сендер сияқтылармен бірінші рет ұшырасып тұрған жоқпын. Калонияға жіберемін, бірден барлық шындықты айтып бергілерің келмеді...

«Калония» деген сөзден жүрегім тоқтап қала жаздады. Жоқ, бұлар барлығын білмей тынышталмайды. Бірақ кім бастайды сөйлеуді? Ойлап тұрсам Амиляның ешқандай кінәсі жоқ. Ол тек маған көмектесті. Ал мен не үшін зардап шегуім керек? Жоқ, не болса ол болсын, барлығын өзім айтып беруім керек деп шештім.

– Қараңдаршы мыналарды! Директорды да елейтін түрлері жоқ, – деп отқа май шаша түсіп Райфа апай «көрермендерге» қарады.

Онда калонияға кетуді қалап тұрсыңдар ғой..., – Мавлида Нұрғалиқызы ертегідегі арам жыландай бізді арбап, сөйлетуге тырысты.

Директордың сөздері жанымды суықпен «тоңдырып», қашуымыздың себебін айтуға мәжбүр етті.

– Апай, бізді ешқайда жіберудің қажеті жоқ. Мен айтамын бәрін... – дауысымдағы діріл менің қорқып тұрғанымды білдіріп қойды.

– Өте жақсы. Қане, айт бәрін, – деп директор менің сөйлеген кейпімді қостай түсті.

– Тісімнің ауырғанына тағатым қалмаған соң қалаға өзім баруға бекіндім. Бірақ қаланы мен онша



білмеймін. Амиляға өтініш айтуыма тура келді, – ол менің жаныма еруге келісім берді. Тісімді жұлғызған соң автобекетке келдік те, автобусқа шата-сып мініп, басқа бағытқа қарай кетіп қалыппыз. Бізге таныс емес деревнядан бірақ шықтық. Бір мейірімді ата бізді осы жерге әкеп тастады...



– Тағы да сол тіс! Сен не, бір-екі күн күте алмадың ба?! Еркелетіп алыппын сендерді – бәрі бірдеңе талап етеді. Талап етуді тым жиілетіп алған жоқсындар ма? Сендер жүз адамсындар, мен – біреумін! – Мавлида апай одан сайын өрши түсті.



– Сенен сұрап тұрмын, Ілияс, сен не, тісің ауырғаннан өліп кетер ме едің?!

– Енді... Қатты ауырды ғой... Шыдау өте қиын болды.

Амиля да үндемей тұра алмады. Үлкендердің бізді кінәлап жатқанына, ал өз кінәларын сезінбегеніне жаны күйгендіктен шабуылға көшті:

– Мавлида Нұрғалиқызы, сіз тіс ауруынан адам өлмейді деп айтасыз. Ал екінші топтағы баланың бүкіл бетін кескілеп тастады. Оны да уақытында ешкім тіс дәрігеріне апарғысы келген жоқ қой...

– Тоқтат! – деп айқайлады директор. – Қарашы, менімен айтысып тұрғанын, сүмелек! Ұмытпа, сен кім екенінді. Директормен дауласып қояды ғой бұл!

Райфа апай да сөз қосып қоятын мүмкіндікті қалт жібермеді:

– Не деп тұрсың сен, бастықсымақ! Ақымақ! Сен тіпті үй жұмысын да өзің жасай алмайсың. Ылғи Ілияс көмектеседі. Сен оған алғысыңды білдірмек болып қалаға апармақ болғансың ғой, ақымақ!

– Апай, адамды олай қорлауға болмайды ғой. Барлығы беспен оқып кете алмайды. Мен анау бала сияқты Ілиястың да тыртық-тыртық болып жүргенін қаламадым...

– О, қандай жанашыр! Сен енді мен үшін шешім шығаратын болғансың ба, сумұрын! Қане, онда сені балалар үйінің директоры етіп тағайындайық. Барлығын тамақтандыр, киіндір... – Мавлида апай өзін-өзі ұстай алмады.



– Мавлида Нұрғалиқызы, түрмеде отырған әйелдің қызынан басқа не күтуге болады? Амиляның бізге қандай отбасынан келгенін барлығы жақсы біледі, – деп Райфа апай да директордан қалыспай жанды жерін ауыртып қалғысы келді.

– Менің анама тиіспеңдер! – қызарып кеткен сыныптасымның көздерінен жас шығып кетті. – Мен бүгін-ақ оған хат жазамын. Бізді қалай қорлайтындарыңызды айтып, бәрін жазамын!

– Қарашы, Райфа, мына қашқын бізді қорқытқысы келеді. Баяғыдан белгілі – «қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды». Егер сенің анаң дұрыс адам болғанда адам өлтіріп, түрмеде отырмас еді. Сені үйіңнен алып кеткенімізде тіпті нанға да зар болып отырған едіңдер. Бар байлықтарың – бос бөтелкелер. Ұмытпа, сенің бүрге-биттеріңнің қандай болғанын! Киімнің орнына қандай шоқпыттарды киіп жүргеніңді де есіңе ал! Жетеді ме? Әлде тағы есіңе түсірейік пе?

– Өтірік айтпаңыздар – менде бүрге-биттер болмады...

Мен біздің қашуымыз осыншалықты тереңдеп кетеді деп ойламадым. Директор өзіне шақыртып, ұрсып, жазалайды, сонымен бітеді ғой деп ойлаған едім. Ал бізбен барлығының көзінше сот отырысын жасады. Амиляны осылайша олар жер қылды! Мен, мысалы, оның анасының адам өлтіргені үшін түрмеде отырғанын білген жоқпын. Егер оны балалар үйіне әкелгенде биті болған болса да оны сахнадан жар салудың қандай қажеттігі бар?



Амиляны да, өзімді де қатты аяп кеттім. Балалар үйінің барлық жандарының көзінше сағымызды сындырып тастады. Енді болжаудың да қажеті жоқ – жазалайды бізді аямай. Бәрі менің кесірімнен болды.

– Мен бәрінен кешірім сұраймын, – деп кінәмді мойындауға шешім қабылдадым. – Енді ешқашан да қашпайтын боламын. Бәріне мен ғана кінәлімін. Өтінемін, Амиляны жазаламаңыздаршы.

– Қарашы мұның серілігін! Екеуі де кінәлі! Мен сені бірінші күн біліп тұрғаным жоқ. Директор болып тағайындалғанға дейін сендер сияқтылардың талайымен жұмыс істегенмін. Сондықтан бұл жерге балалар қалай келетінін тәуір-ақ білемін. Егер сендердің аналарың дұрыс адам болғанда қырық жасында өліп қалмас еді. Спирттік ішімдіктермен дос болған ғой, шамасы. Артынан әкелерің де қайтыс болды. Жақсы адамдар ұзақ жасайды. Оның үстіне сондарынан қаншама бала қалдырды, мемлекетке масыл етіп...

– Біздің анамыз ондай болған жоқ! – Бұл айқайдан мен салбырап кеткен басымды тік көтеріп алып қарасам, әпкем Әлия екен. Көзінің жасын сүртіп тұрып ол ата-анамыздың неден қайтыс болғанын айта бастады. Кіші топтағы балалардың арасында отырған Зульфира да жылай бастады. – Егер білгілеріңіз келсе, анамыздың төсбелгісі де болатын. Егер ол тірі болғанда ғой...

Директор Әлияның сөзін аяқтатпай, бөліп жіберді:



– Же-те-ді! Біз сендердің шешелеріңді мақтау үшін жиналып отырған жоқпыз. Бұрыннан білеміз сендер кімдердің балалары екендеріңді. Балалар! Бір нәрсені есте сақтандар: кім қашады немесе тәртіп бұзады – бастарыңнан сипамаймыз. Қайталаймын – естерінде жақсы сақтап алыңдар. Амиля мен Ілиясқа жаза: бір ай бойы ешқандай серуендеуге шықпайды. Тек мектепке барып-қайтады. Бұл – ең жеңіл жаза.

Кішкене жеңілдеп қалдым. Демек, директор бізді колонияға жібермейтін болды. Былтырғы жылы бір баланы сонда жібергендіктен, бізге де осындай қауіп төнген еді. Мавлида Нұрғалиқызы жалғастырды:

– Кейінгі кезде тым беттеріңмен кеттіңдер. Кейбіреулеріңді орнына қою керек екен. Бізде бұрын үлкендер кішілердің тәртібіне қараушы еді. Бұл жұмыс босаңсыған екен, – ол біреуді іздегендей көзімен отырған балалар жаққа қарады. Даян осында ма? Қане, көрінші...

Орнынан бойы ұзын, қолдарын қалтасына салған бір жасөспірім тұрды. Беті секпіл-секпіл, ылғи ұйпа-тұйпа болып жүретін Даян менен төрт жас үлкен. Бірақ солай бола тұра бізден бірақ сынып жоғары оқиды. Тәрбиешілер де, басқа қызметкерлер де онымен ортақ тіл табысады. Басқаларға шаш өсіруге болмайды, ал оған – болады. Бірдеңе болса болды – Даян. Оның еркеліктеріне директордың өзі де кешіріммен қарайды. Даян үшін киімдерді де бөлек сатып алады. Енді



ше, ол балалар үйінде – «атаман». Оның алдында тәрбиешілерді тыңдамайтындар да қаздай тізіліп жүреді. Барлығы үшін ол «Даян ағай».

– Тыңдап тұрмын сізді, Мавлида Нұрғалиқызы.

Ол өзін қалай маңызды сезінеді! Енді ше, директордың сенімді адамы! Оның киімдері де басқалардан ерекшеленіп тұрады – бізді бірдей киімдермен киіндірсе, оның киімдері тіпті басқаша.

– Даян, не бұл? – деп сұрады директор, – бізді сау-сағымен көрсетіп. – Жігітім, тәртіп нашар болып тұр. Қалай ма – қалаға қарай қашады. Тәртіп те, режим де жоқ. Мені көздеріне де ілмейді. Бұлай болмайды. Қане, мына балалармен дұрыстап сөйлес... әйтпесе беттерімен кетті!

– Түсіндім, – деп Даян басын изеді. Мавлида Нұрғалиқызы сахнадан түсті де, аяқ киімімен тықылдата басып шығар есікке қарай беттеді. Бүгінгі «қойылымды» өзі аяқтады:

– Жақсы, топтарыңа барыңдар. Сендерге бұлай істеуді құдай жазбасын. Қашқандарға кешірім болмайды, – деп айтты да, күлімсіреп залдан шығып кетті.

Балалар өздерінің бөлмелеріне қарай жүгірді. Кішкентайларға қызық керек – директордың сөздерін қайталап жатыр:

– Ха-ха, қашқындар!

– Мынау бастық!

– Қарашы мынау серіні!

– Амиля, Әлия, мен, үшеуіміз де өз топтарымызға кеттік. Үй тапсырмасын аяқтау керек.



Кешкі астан соң біздің топтың балалары қар күреу үшін аулаға шықты. Таза ауада жұмыс істеген жеңіл – аз уақытта-ақ ауланың біраз бөлігін қардан тазалап, барлық қарды бір жерге үлкен етіп үйіп тастады. Істелген жұмысқа риза болып отыра кеттік. осы сәтте Даян көрінді, жанында тағы үш бала бар. Олар бірден бізге қарай бұрылды. Жақындай бере ол маған күле бастады:

– Ой-ой, біздің қашқын мында екен ғой. Сені көруге келе жатыр едім.

– Менің есімім бар.

– Жарайды, тыпырлама. Әйтпесе, тіліңді бірден қысқартып алам, – деп Даян өктем сөйледі.

– Шындығында онымен дұрыс сөйлесу керек. Бірақ мен оған ешқандай жамандық жасаған жоқпын ғой? Мен оның алдында кінәсіз болғандығымнан ақталғым да келмеді. Ол болса мені үндемей тұрады деп ойлады-ау. Мен өз-өзіме араша түсуге бекіндім.

– Сен неге еш кінәсіз маған соқтығасың, – деп жақтырмай жауап бердім, – мен не істедім саған?

– Сен не дедің, бокмұрын?! Мә, өзіңнің сөздерің үшін сазайыңды тарт! – ол кенеттен менің құлағымнан ұрып жіберіп еді, басым айналып қоя берді.



– Даян ағай, не істеп жатырсың? – менің тобымнан біреу маған жақтасқысы келді. Бірақ бұл сөздер біздің «ағатайды» одан бетер ашуландырды.

– Сендер бұл жерде неге тұрсындар? Тез арада менің көз алдымнан жоғалыңдар! Мүмкін сендерді де бір-екі рет ұру керек пе? – Даянның өктем үнінен қорыққан балалар сол сәтте қашып кетті.

– Мен, Даян, оның үш серігі ғана қалдық.

– Қалай, өз кінәнді мойындауға дайынсың ба? – балалар үйінің атаманы жұдырығын түйіп алып тұрып сұрады.

Мен басымды шайқадым.

– Онда мә саған тағы бір рет! – қатты теуіп жібергеннен мен құлап түстім. Оның жандайшаптары тек қана Даянның бұйрығын ғана күтіп тұр, барлығы маған лап қоюға әзір.

– Ағай, қане, мына есуасқа үйретейік.

– Ой, онымен ұзақ тәжікелесіп тұрамыз ба?

– Жоқ! – деп оларды Даян тоқтатты. – Мен мұны қалай жазалау керек екенін баяғыда-ақ ойлап тауып қойғанмын. Ха-ха, қашқын. Маңқанды сүртіп ал да кешірім сұра!

Мен жауап бермедім. Даян енді бетімнен тепті, мұнымнан қан кете бастады.

– Сен бұл жерде тәртіпке мен жауап беретінімді жақсы білесің. Ал сен, шайтан алғыр, қашып кетуге батылың барды. Директордың бұл үшін Даянға ұрсатынын ұмытып кеттің бе? Мавлида Нұрғалиқызының залда бәрінің көзінше не деп айтқанын естідің бе? Балалар үйіндегі тәртіп ақсап жатыр



деді... Ал ол сен сияқты малдардың кесірінен! Білесің бе, сол үшін сені не күтіп тұрғанын? – айқайлап алған менің «ұстазым» Даян аз ғана сәтке тұрып қалды да, жанына үшеуін шақырды. – Қане, қашқынның бәтіңкесін шешіңдер!

– Не істеп жатырсыңдар? Шешпеймін мен аяқ киімімді!

– Біз сенен сұрамаймыз да. Мен ұстап тұрамын, сендер бәтіңкесі мен шұлығын да шешіп алыңдар.

– Қойыңдар, керегі жоқ! Суық қой! – Даян мені әлеуетті қолдарымен ұстап алды, оның «күшіктері» екі бәтіңкем мен шұлығымды шешіп алды. Қарда жалаң аяқ тұрған мен жүздеген инелердің теріме кіріп жатқанын сездім. – Аяқ киімімді қайтарыңдар, суық!

Бұл оларды одан сайын құтыртып жіберді.

– Атышулы қашқын енді өзінің қабілетін көрсетсін! – деп айқайлады Даян. – Сен енді балалар үйінің маңын айналып жүгіріп шығуың керек. Біз уақытты есептеп тұрамыз. Егер 3 минутта жүгіріп келмесең, онда тағы бір шеңбер жасап жүгіріп келуің тиіс.

– Жүгірмеймін, аяқтарым қатып қалды! Бәтіңкелерімді қайтарыңдар!

– Қане, балалар, соңына түсіп, жүгіртіп отырыңдар, әйтпесе басқа жаққа қашып кетуі мүмкін! Ал мен осы жерде уақытты есептеп тұрамын. Неге тұрсың, жүгір! Қашқаның үшін жауап беруің керек.

Менде таңдау қалмады, тістерімді қатты қысып алып алға қарай жүгірдім. Балалар артыма ілесіп жүгіріп келеді. Кішкене шыдай түс деп өзімді-



өзім жұбатып қоям. Қатып жатқан қардың табанымды қарығаны сондай, суық сүйегімнен де өтіп кеткендей күй кештім. Бірақ мен тоқтамауым керек, 3 минутта жүгіріп келуге тиістімін. Алдымда – гараж, оның жанынан қалай өтсем екен? Гараждың алдында жүргізушілер ылғи көліктерін жуады, аққан су бірден мұзға айналады. Мұзбенен қалай жүгірсем екен?! 1 секундқа ойланып қалдым. Артымыздағылар: «Ұмытпа, 3 минут», – деп айқайлады. Не болса, ол болсын, алдыға қарай ұмтылдым. Сіз мұздың үстінде жалаң аяқ жүріп көргенсіз бе? Сол бір қиын минуттарды еске алудың өзі қорқынышты. Үшкір шегелердің үстімен жүгіргендеймін. Аяғым мұзға жабыса береді, мен болсам жүгіруім керек. Кішкене тұрып қалсаң болды, екінші аяғың да жерге жабысып қалады. Қиындықпен аяғымды жұлып аламын, ары қарай әр аяғымның ізінен қан қалып жатыр...

Даянға дейін аз қалды. Гараж артта қалғалы қашан. Бірақ күшім таусыла бастады. Аяқтарымды сезбей де қалдым, мен қар мен мұзда емес, үлпілдеген жүннің үстінде жүгіріп бара жатқандаймын. Басым ысып, көзімнің алды тұмандана бастады. Мен қардың үстіне жұмсақ қана құлап түстім, ешқандай ауырлықты сезбей де қалдым...

– Бір жерің ауырып қалмады ма, балам?

– Анашым! Сені қатты сағындым ғой! Неге сен бізді тастап кеттің? Сенсіз сондай қиын бізге...

– Өзіңе-өзің кел, ұлым. Сендердің жандарыңда бола алмағаным маған да қиын. Маған бүгін ауыр



күн болды. Тірі болғанымда ешкімнің ренжітуіне жол бермес едім. Қайтсем екен, құдайым-ау?! Аяқтарың қатты ауырып тұр ма, ұлым?

– Жоқ, анашым, ауырмайды. Маған қардың үстінде емес, жып-жылы жүннің үстімен жүгірген сияқтымын.

– Ол жүн емес, балам, менің алақаным болатын... Мен жаныңда жүгіріп келе жатып табаныңның астына алақандарымды қойып отырдым. Сен қатты қиналмасын деп солай істедім...

– Рахмет, анашым! Мен сені қатты жақсы көремін. Бізді бұл жақтан алып кетші, өтінемін...

– Қолымнан келмейді, құлыншағым! Бірақ мен ылғи сендердің жандарыңдамын. Қолымнан келгенше сендерді ары қарай қорғауға тырысамын. Сендерден сұрайтыным, мен сендер үшін ұялып, қызармайтындай, ешқандай жаман іс істемей жүріңдерші. Қош бол, ұлым! Ұмытпа – мен ылғи қасыңдамын...

Сөйтсем, анам менің түсіме кірген екен. Медпунктің төсегінде ояндым. Жанымда медбике Сайда апай, бірнеше тәрбиеші, тіпті директор тұр екен.

– О-о-о, сен бізді қорқыттың ғой, Ілияс! – Мавлида Нұрғалиқызы күлімдей бастады. – Жолдасымен мұнша аяусыз іс істеуге Даянға кім рұқсат берді екен! Көресің, мен оны міндетті түрде жазалайтын боламын. Аяқтарың қатты ауырып жатыр ма?

Көзімнен ірі-ірі жас тамшылары ағып кетті, бірақ директордың сұрағына жауап бергім келмеді.



– Ештеңе етпейді, – деді медбике. – Егер далада енді біраз қалғанда тіпті қиын болар еді. Аяқтарыңды спиртпен сүртіп, қыздыратын жақпа жағып қойдық...

Жауап директорды кішкене тыныштандырды, бірақ болған іске өзінің қатысы болғанын да сезді. Сондықтан оны қамқорсыған кейіп танытып жуып-шайғысы келді:

– Илияс, саған жаңа бәтіңкелер сатып алуға қалай қарайсың? Жақын күндерде Уфаға бару жоспарымда бар – сені астанаға қыдыруға ала кетуге болады...

Мавлида апай менің басымнан сипағысы келіп қолын созды. Оның жасанды мінезі менің жанымды жылыта алмады. Мұны көрсе анам не дейді? Мен оның маған жақындағанын қаламайтынымды білдіріп аунап түстім. Маған одан жаңа киім де, астана да керек емес.

Бұл сәтте жанымнан ешкімді көргім келмеді. Жаным қатты ауырды, бұл ауыру тіс ауруы мен жараланған табаннан мың есе күшті болды. Оны шіріген тіс сияқты жұлып алып тастай алмайсың. Жаным ауырып жатыр, жаным жылап жатыр! Одан ауыр не нәрсе бар дейсің?!



БАЛЫҚ ПЕН КЭМПИТТИҢ ДЭМІ

Көктемнің жаймашуақ күні. Сыныптасым Фарит екеуіміз мектептен қайтып келеміз. Ол кенеттен балалар үйінің жанында тұратын жасы егде әйелдің қақпасының алдына тоқтай қалды.

– О-о-о, қандай иіс десеңші! Апа балық қуырып жатыр, – досым терезеге қарай бұрылып иіскей бастады. – Эх, шіркін, маған дәл қазір бір табасын берсе, бірден түк қалдырмас едім!

Шынында да, иіс керемет аңқып тұр. Балық жемегелі көп болған, сондықтан мен де мұндай тамаққа кет әрі емеспін.

– Білесің бе, Фарит, менің анам балықты сондай дәмді етіп қуыратын. Ұнға аударып алады да... М-м-м, сондай дәмді болатын! – Тәтті иіс анамның ыстық құшағын тағы бір еске салып өтті. – Эх, ата-аналарымыз тірі болғанда ғой – тек балықтың иісін иіскеу үшін басқа біреудің терезесін торуылдап жүрмейтін едік қой! Күнде қуырып жер едік.

– Айтпа. Балалар үйінде бізге балықты жиі бермейді, – деп Фарит мұңайып бір ішін тартып қойды.

Осы уақытта терезеден апаның өзі қарап қалды.

– Тағы да мына балалар үйінің балалары! Сол баяғы тіміскіленіп жүреді – бірдене ұрлап кет-



кілері келіп! Кетіндер, менің қақпамның алдында тұрмандар! – деп айқайлады да ашық тұрған терезесін жауып алды.

Біз ары қарай кеттік. Фарит те, мен де апаға жауап бермедік. Үлкен кісіге не айтасың?.. Ақкөңіл Фарит ұрсысқанды, ренжіскенді ұнатпайды. Ол балалар үйіне жақында тап болды. Анасы қайтыс болды, әкесі бұл жерге өзі алып келді. Біз бір бөлмеде тұрамыз, бірге оқимыз.

Аз уақытта Фарит өзінің бар талантын танытып үлгерді. Ол суретті жақсы салады, суретші болып туған ба дерсің. Оның үстіне өлең жазады. Мені таң қалдыратыны – қарапайым нәрселерден керемет таба білетіні. Мысалы, көктемгі аққан суларды көреді де: «Бұлар да көктемге қуана алмайды», – дейді. Немесе бетін күнге бұрып, маған: «Күн бізді жақсы көреді, сондықтан біз оған рақмет айтуымыз керек. Илияс, көз алдыңа елестетіп көрші, егер ол бір тәулікке жоқ болып кетсе біздің жайымыз не болмақ?» ол сондай қызық жан. Міне, ол қазір де бір жақсы ұсыныс айтты:

– Білесің бе, Илияс, мен саған бірнәрсе айтайын дегем. Бірақ оны ешкімге айтпа. Қазір түскі ас ішіп алған соң өзенге балық аулаға барамыз! Келісесің бе?

– Мен ғой келісем, бірақ біздің қармағымыз жоқ қой...

– Ол да мәселе болып па! Ауылдың балаларының біреуінен сұрай тұрамыз.

– Ал, жарайды.



Біз қуана бір-біріміздің алақандарымызды қыстық та, балалар үйіне кеттік. Түскі астан соң қалталарымызға дастарқаннан қалған нанның қалдықтарынан толтырып салып алдық. Бұл күні Хакима апайдың кезекшілігі болатын. Ол мейірімді тәрбиеші ешқашан айқайлаған емес, бостан-бос ұрыспайтын. Біз оның мейірімді кейпін пайдаландық.

Өзенге жақын барып, сол төңіректе тұратын бір баланың қармағын сұрап алдық. Одан соң ағаштардың астынан жауынқұрттарын тауып алдық. Содан кейін Ақ Еділ өзенінің баяу бір ағысына барып отырдық. Өзен толып ағып жатты, маған екі жағаны жалғап тұрған ағаш көпірді ағызып алып кететіндей болып кетті. Қызық, мына күшті ағын соншама қайда асығып бара жатыр? Егер ағысқа ұзақ қарап отырсаң басың айнала бастайды.

– Илияс, сен қармақты тастардан бұрын жауынқұртқа бір түкіріп, арманыңды айтқан жоқсың ба?

– Ол не үшін?

– Салты бар сондай. Олай істемесең, балық сенің жауынқұртыңнан айналып өтіп кетеді. Байқаймын, сенің қармағыңа әлі бір де балық түспеді. Шығар қармағыңды.

Фарит күршекке жаңадан жауынқұртын салып, тез-тез сыбырлап бірдеңелерді айтты. Одан кейін қармақты суға лақтырды.

– Сенен сұрауға бола ма? – деп оны өзіме шақырдым.

– Әрине.



– Сен әкеңмен бірге балық аулауға барғансың ба? Фариттің бет-бейнесі бірден өзгеріп кетіп, ұзақ үнсіз тұрып қалды. Одан соң өзінің қайғылы оқиғасын айта бастады.:

– Қайдағы?! Әкем менімен ойнамайтын да. Ұзақ күнге достарымен жоқ болып кететін. Кешке мас болып келіп ұрыс-керіс бастайтын. Қыстың суық күндерінде де бізді үйден қуып шығушы еді. Бірде күндегі әдетінше кеш келіп, тамақ сұрады. «Мен ештеңе пісіре алмадым, отын жоқ», – деді анам. Әкеме жын кіріп кеткендей. Ол есіктің алдына жүгіріп шығып шөрке алып кірді. «Отын жоқ па? Міне саған отын!» – деп айқайлап анамды ұра жөнелді. Біз оны арашалауға тырыстық, бірақ әкемнің ұрғанынан жан-жаққа ұшып түстік. Суыққа қарамастан жеңіл киінген анамды үйден қуып жіберді. Бізге: «Мен сендерге жақсы ана алып келем», – деді. Таңға жақын ғана ұйықтады. Біз есікті аштық, қалтыраған анамыз шөптің үстінде отыр екен. Содан кейін аяулы анамыз жиі ауыратын болды. Түні бойы жөтелетін, ауа жетпейтін. Бірнеше айдан кейін анамыздан айырылып қалдық, – осы кезде Фарит бетін қолдарымен жауып қатты жылады. Маған досымның көз жасын көру ауыр болды.

– Қоя ғой, Фарит, мен сені түсінемін. Әйтпесе бар балықты үркітіп аламыз, – деп әзілдедім. – Сенің қарындасың қайда? Екеуің бір туғансыңдар емессіңдер ме?



Көз жасын тия алмаған Фарит әңгімесін ары қарай жалғастырды:

– Иә, ол менің туған қарындасым. Мен бірақ оның қайда екенін де білмеймін. Назгүлді әкем сығандарға сатып жіберді. Ол мас болған кезінің бірінде өзі айтқан солай деп.

– Кетші ары! Ол ойыншық емес қой! – мен таңданысымды жасыра алмадым.

– Сығандар деревняда әдеттегіше бірдеңелер сатып жүрді. Әкем қарындасым екеуі аулада болатын. «Қандай әдемі қыз! Бізге сатшы», – депті сығандар. Ол ақымақ Назгүлді сатып жіберген екен, – Фарит тағы да көз жасына ерік берді.

Осы сәтте қармақтың жібі тартылғандай болды. Үлкен балық түскендей.

– Фарит, балық түсті қармаққа, тарт! Тезірек тарт! – деп шыдамсыздана орнымнан атып тұрдым. Менің досым да жылауын тоқтата қойды. Қармақты тартып еді – үлкен балықты алып шықты!

– О-о-о, иә!

– Илияс, қара, қандай шортанды ұстағанымызды!

Мұңлы естеліктер аяқталып, оның орнына қуаныш келді. Енді ше! Ұсақ-түйек емес, үлкен балық ұстадық – екеуіміз де сылқия тоятын болдық! Шортан болса тулап жатыр, берілгісі келмейді...

Біз балықпен алысып жүргенде көпірге үлкен қара жеңіл көлік тоқтады. Одан әдемі қара костюм киген бір ер адам түсті. Галстук таққан, бәлкім бір үлкен бастық болар. Ағып жатқан өзеннің үстіндегі



сықырлаған көпірге бір қарап алды да, бізге қарай жақындады:

– Сәлем, балалар!

– Сәлеметсіз бе, – деп бірдей жауап қайтардық.

– Сендер мектепте оқисыңдар ма?

– Иә.

– Мұғалімдерің сендерге судың арнасынан көтеріліп ағып жатқан кезінде өзенге жақындамау керегін ескерткен жоқ па?

– Ескертті, – дедім мен, – бірақ балықты қатты жегіміз келді.

– Ата-аналарың балық сатып әпере алмайды ма? – деп кара костюмдегі аға сұрақтарын ары қарай жалғастырды.

– Балалар үйіненбіз, – деді Фарит. – Қараңыз, біз қандай балық ұстадық! Сізге де жетеді...

– Балалар үйіненбіз дендер. Қане, көлікке отырыңдар, мен сендерді үйлеріңе дейін жеткізіп тастайын. Бұл кезде өзен жақта жүру қауіпті.

Жас жүргізуші бізге көліктің артқы есіктерін ашып берді. Бәріміз отырған соң көлік орнынан жеңіл қозғалды. Костюм киген аға бізге бір-бірден кәмпит ұсынды да, біздің аттарымызды сұрады. Қайта-қайта қойын дәптеріне бірденелерді түртіп жазып отырды. Балалар үйіне дейін тез-ақ келіп қалдық. Қоштасып тұрып ол кісі түсін суыта бізге қарап саусағын шошайтты да:

Енді жалғыз өздерің өзенге бармаңдар. Директорларыңа сәлем айтыңдар, – деді.

– Кәмпитіңіз үшін рақмет, ағатай!



– Ал жақсы, сау болыңдар, балықшылар, – деді де кетіп қалды. Фарит екеуіміз соңынан қолымызды ұзақ бұлғап тұрдық.

Балық өте дәмді болып шықты. Асханадан май сұрап алдық та өз тобымыздың ас үйінде қуырып алдық. Бәрімізге аз-аздан жетті, тіпті Хакима апайға да бердік. Ұйықтардың алдында бәріміз баяғыда ұмытылған қуырылған балықтың дәмі жайлы әсерлерімізді қуана бөлістік.

Мені бір сұрақ мазалай берді: қара көлікте болған кісі қандай бастық болды екен?





Үшінші сабақ болып жатқанда мектептің завучы кірді. Көзілдірігін түзеп алды да, қатарларға бір көз жүгіртіп алып, мұғалімге қарай бұрылды да, сөйлеп кетті:

– Кешіріңіз, маған Илияс пен Фарит керек еді. Оларды тез арада балалар үйінің директоры шақырып жатыр. – Сол сәтте-ақ зәрем зәр түбіне кетті – біз не бүлдірдік екен?

– Тезірек, балалар! Директор сендерді шыдамсыздана күтіп отыр, – деп завуч бізді асықтырды, мұғалімге қарады да, – мен директордан сабақтың аяқталуын күтуін сұраған едім. Бірақ ол кісі көнбеді, бірден жіберуімді сұрады, – деді.

Бір жағынан жақсы, сабақтан ерте кеттік, екінші жағынан бізді балалар үйінде күтіп тұрған беймәлім жайт алаңдатуда. Мүмкін біз жайлы біреу арызданды ма екен? Бірақ ешқандай жамандық жасамаған едік қой. Мектепте сабақтарымыз жақсы. Болатын нәрседен айналып өте алмайсың, үйге қарай тартып отырдық.

Балалар үйінің кіре берісіне таяғанымыз сол еді, күзетші біздің бірден директордың бөлмесіне кіруімізді бұйырды. Мавлида Нұрғалиқызының



есігінің алдына келгенде үнемі менің аяғым дірілдейді. Сөйте тұра, тәжірибелі адамдай бірінші болып есікті қақтым да, аштым:

– Сәлеметсіз бе? Кіруге болады ма?

– А, келдіңдер ме, қойлар! Кіріндер, тойымсыз көздер! – директордың түрі де, сөйлеу мәнері де ешқандай жақсылықтан хабар беріп тұрған жоқ. Есік ашылғаннан-ақ ашулы көзбен бізге атылардай болып отыр. – Міне, ұжым болып жиналып сендерді күтіп отырмыз. Бізге басқа айналысар нәрсе жоқ қой, рас па?

– Иә, біз асыр салып ойнап, дәмді тамақ жеп, тәтті ұйықтағаннан басқаны білмейміз, – деп бір тәрбиеші зілмен күлді. – Сендер, балалар, жұмыс істейсіңдер, ал біз ойнаймыз. Солай ма, Илияс, Фарит?

Не болды? Бәрі бізді жеп қоюға әзір. Басқа топтардың тәрбиешілері де отыр. Ох, бүкіл ұжымның директордың бөлмесінде жиналып отырғаны бекер емес.

– Қане, кеше сендер қайда болдыңдар? – деп Мавлида Нұрғалиқызы тесіле қарады.

– Балық аулауға бардық, – деп жауап бердім мен.

– Ох-ох! Боқмұрын, сен іріленіп, батыр боп кеткен екенсің! Су тасып жатқанда рұқсатсыз өзенге кетіп, онымен қоймай мақтанып тұрғандарын кара, – деп директор ашуланды. – Сендер не, аш болдыңдар ма?

– Балық жегіміз келді, – деп Фарит те үн қосты.

Бұл сөз ұжымды сілкіп жібергендей болды да, тәрбиешілер араның ұясындай гуілдеп кетті:



- Бұларға үнемі бірдеңе жетпей жүреді!
- Айтпа, бұлардың жеп жүргендері балаларымыздың өңі түгіл түсіне кірмейді!
- Бөлтірікті қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды деп бекер айтпайды ғой.
- Міне-міне. Алқаштардың балаларын адам қыламыз деп өмірімізді сарп еттік.
- Директор тізгінді қайтадан өз қолына алды:
- Сендер онда кімді көрдіңдер?
- Қара костюм киген ер адамды. Ол бізді өзінің көлігімен әкеп тастады.
- Бізге кәмпит берді, – деп Фарит қостап қойды.
- Білесіңдер ме, сендер кімсіңдер? Сендер тоғышарсыңдар! Үш адамның тамағын жесендер де бәрібір ашсыңдар. Сендер жарылып кетіңдер! Білесіңдер ме ол адамның кім екенін?! – деп Мавлида апай сілекейін шашты.

Біз басымызды шайқадық.

- Өтірік айтпаңдар! Сендер бәрін білесіңдер. Менің атыма кір келтіру үшін әдейі істедіңдер. Өздерің барып, директор анандай-мынандай деп мұңдарыңды шаққан шығарсыңдар. – Мавлида Нұрғалиқызы маған қарады да баж ете қалды, – талтақ, кел, жақында маған. Мына кітаптағы суретке қара! Астында не деп жазылып тұр? Дауыстап оқы!

Суретте кешегі аға тұр еді! Иә, иә. Қателесуім мүмкін емес, тіпті галстугы да кешегі. Оның суретін кітапқа қоятындай ол кім болды екен?



Жазуға жақындап қарап, дауысымды қаттырақ шығардым:

– Аудан әкімшілігінің басшысы... – Маған кенет қатты ыстық болып кетті. Фарит те танданысын жасыра алмады. Демек, бізге кәмпит берген қара костюмдегі аға аудандағы ең үлкен адам екен ғой! Біз қайдан білейік...

Директор үстелінің суырмасынан газет алып шықты да бәрінің көзінше сілкіп қойды:

– Міне, бізді қалай танымал қылды бұлар! Қараңдар! Аудандық газетте балалар үйінде балаларды дұрыс қадағаламайды, өзенде су көтеріліп ағып жатқанда да маңында ойнап жүре береді деп жазған. Таңертең бастықтың өзі хабарласты. Илияс пен Фарит деген балаларың пысық екен, анау-мынау емес, Ақ Еділ өзенінен шортан ұстап алыпты. Мен өз құлағымна өзім сенбедім, ойнап тұрған шығар деп ойладым, – Мавлида апай газетті үстел үстіне лақтырды. – Ұрысты, мен не істеймін енді, барлық су қоймаларын аралап, тәртіпке қатты мән беруімді тапсырды. Білім бөліміне қоңырау шалып, маған сөгіс беруімді тапсыратынын айтты. Не деген жақсылықты білмейтін балалар! Ұят-ай! Екі сұмырайдың кесірінен бүкіл ауданға атышулы болдық! Бұл ақпаратты радиодан да айтқан екен. Басымнан теуіп жібергендей болдыңдар!

Ех, егер балық аулауымыз мынандай келеңсіз оқиғамен аяқталатынын білгенімізде ғой, шіркін! Анау ағаның біздің директорға сонша ұрсатынын біз қайдан білейік? Ол бізге мейірімді болып көрінді, бізбен әңгімелескенде күлімсіреп отырды.



- Қане, жолдастар, бұларды не істейік? – деп директор сұрақты төтесінен қойды.
- Арнайы колонияға жіберу керек. Сол жақта олардың орындары!
- Бір ай бойы балалар үйінің едендерін жусын!
- Бұларға жаңа киім-кешек бермей қою керек, ескілерімен жүрсін!
- Иә-иә, тіпті семіріп кетті. Патшаның отбасында өскендей!
- Көкөністер мен жеміс-жидектерді бермей қою керек!
- Шын сөз, тойынған ит қожайынына секіреді деген осы.



– Даянға айту керек. Бұларды біраз сілкіп алсын...

Тағы да көп ұсыныстар айтылды. Бізге қуырылған шортанның терісі сияқты қызарып, осы сөздерді тыңдап тұру ғана қалды.

– Дұрыс, жолдастар. Осы жазалардың бәрін қолдансақ та бұларға аздық етер, – деп Мавлида Нұрғалиқызы үстелден түрегеліп, қорытындылады.

– Жақында жазғы киімдер таратамыз, ал мына сұмырайлар ескі киімдерімен жүретін болады. Олар бізді ұятқа қалдырады да, ал біз бұларды аяуымыз керек пе?! Қарындары тойғанша тамақ ішеді, ұйқылары қанғанша ұйықтайды – есесіне осылай бізді қаралайды! Мемлекет бұларға қаншама қаржыларын кетіріп жатыр, ешқандай пайда жоқ! Даяннан да сұрақ сұрау керек деген ұсынысты да қолдаймын. Біраз жөнге келтіріп алсын, әйтпесе тіпті құтырып кетті бұлар. Ал енді мектептеріне жөнеліндер!

Ол бізді дұшпандық көзқараспен ұзатып жіберіп, артымыздан:

– Жазда менен жаңа футболкалар мен шұлықтарды сұраушы болмаңдар! – деп айқайлады.



🌀🌀🌀🌀

Бөлmemіздің есігі қатты теуіп жібергеннен серпіле ашылды. Табалдырықта Даян тұрды. Біз Фарит екеуіміз кітап оқып отырған едік.

– Ей, ботаниктер, мен келгенде кітаптарыңды қоя қоюларың керек! – деп бізді қорқыту үшін жұдырығымен есікті бір ұрды. Оның жасының бізден үлкен болуы – үлкен басымдық. Қолдары ұзын, жұдырығы жуан, одан тіпті ауылдың балалары да қорқады. Еш кінәсіз-ақ Даяннан таяқ жеп қалуымыз мүмкін. Сен ешқандай кінәсіз болсаң да оны ешкім тоқтатпайды, кінәламайды. Оның біздің бөлmemізге келуі ешқандай жақсылықтың белгісі емес.

Кешегі директордың алдында болған әңгіmemіз есіме түсті, ол жерде бізді Даянның «қамқорлығына» беру туралы ұсыныс та айтылған еді.

– Менің рұқсатымсыз балыққа неге бардыңдар? – деп Даян маған жақындап келді.

– Сен не, біздің топтың тәрбиешісің бе? – дедім мен де.

– Тыныш! Тойымсыз тоғышарлар! Барлық қиындықтарды сендерден тартып жатырмыз. Білесіндер ме, сендер үшін мен таяқ жедім! Директордан жаман сөз есту маған жақсы деймісіндер. Жетер



енді, еркелетіп жіберіппін сендерді! Өмір бойы балық көрмегендейсіңдер. Мен бұны жәйдан-жәй қалдырмаймын.

– Не болды соншама? Сол бір балық ұстаудан әлем бүлініп кетпеген шығар? – деп Фарит «атаманның» алдында ақталуға тырысты.

Сен дауласайын дедің бе? Мә саған! – Фариттің құлақ-шекесіне ауыр соққы тиді. Одан кейін Даян маған да бұрылды, – Саған да керек пе? Мә саған!

Мен оның жұдырығынан жалтарып үлгердім.

– Сендердей бокмұрындарға қолымды да былғағым келмейді. Менің түсінуім бойынша сендер бір-біріңе адал достарсыңдар. Аштан өліп қалмау үшін балық аулауға да бірге бардыңдар. Балалар үйін бүкіл ауданға танымал еттіңдер. Директор сендердің жазаларыңды беруді маған тапсырды. Мен басқаша жасайтын болып шештім. Бүгін кешкі сегізде сендерді спортзалда күтемін. Ол жерге барлық балаларды шақырдым. Сендер бір-біріңмен төбелесулерің керек. Солай өздеріңнің достықтарыңды дәлелдейсіңдер. Кім жеңіліп қалады, сол менің бүкіл жұмысымды істейтін малайым болады. Менің киімдерімді жуатын болады, анда-мында барып менің тапсырмаларымды орындайтын болады. Түсінікті ме?!

– Мен төбелеспеймін, – дедім мен. Неге біз Даян айтты деп бір-бірімізді төмпештеуіміз керек?

– Біз төбелеспейміз, – деп Фарит мені қостады.



– Тындамай көріңдер мені. Онда бүкіл балалар үйі болып ұрамыз сендерді. Екеуің де менің малайым боласыңдар.

– Ұра беріңдер, бірақ мен сенің құлың болмаймын, – деп тағы қосып қойдым. Даян не істерін білмей аңтарылып тұрып қалды:

– Сендер қандай қырсық едіңдер десеңші! Бұған дейін менімен ешкім сөз таластырып көрмеген, – деп басын сипап, ойланып тұрды да, – жақсы, тағы бір шығар жол бар. Сендер білетін шығарсыңдар, мен кәмпиттерді жақсы көрем. Егер төбелеспеймін десеңдер маған кәмпит әкеліңдер. Қайдан алу керек екенін айтайын ба? Ауылдың ортасында жәрменке бар. Сол жерге барыңдар да бір килограмм кәмпит ұрлап әкеліңдер екеуің. Сонда мен сендерге тиіспеймін. Басқа тапсырмалар да болмайды сонда. Келісесіңдер ме?

Біз ештеңе деп жауап бермедік.

– Жақсы, ойланыңдар. Мен сендердің таңдауларына қалдырдым: не екеуіңді де аямай ұрып-соғып, сендердің үстеріңе аяғымды сүртемін, не болмаса кәмпит алып келесіңдер де кешірім аласыңдар. Кешке дейін уақыт берем, – деп Даян шығып бара жатып есікті қатты күшпен серпе жапты.

Бөлмеде тыныштық орнады. Көп үнсіздіктен кейін Фарит сөйледі:

- Ал, не істейміз, Илияс?
- Білмеймін.
- Ұрлаған жақсы емес.



– Әрине. Көктен анам көретін болса, баласының сондай күйге төмендегеніне ұялатын болады. Фарит, төбелескім де келмейді. Достар бір-бірін ұрмаулары керек.

– Мына Даян дегенің әбден құтырып алды. Оның өзін бір күндері біреулер жәукемдеп кетсе, шіркін. Ілияс, мүмкін базарға барсақ барып көрейік пе?

– Ұрлауға ма?

– Жоқ, барайық, көреміз. Мүмкін бірдеңе ойлап табармыз.

Тәрбиешіден сыныптасымыздың үйіне барамыз деп сұрандық та базарға қарай аяңдадық. Сөредегі кәмпиттерді көзімізбен жеп ары-бері бірнеше рет өттік.

Сатушылар сұрап жатыр:

– Балалар, сендерге не керек?

– Кәмпит керек, бірақ біздің ақшамыз жоқ.

– Тегін тек қана шөп өседі, – деп олар бізді қағытып күліп мәз болысады.

– Фарит, көресің, өскенде сатушы боламын. Кәмпитті тойғанша жеймін. Саған да беремін...

Досым сол сәтте-ақ мен туралы әзіл өлең құрастырып жіберді де, қиындықтарымызды ұмытып, күліп жетісіп қалдық. Сол кезде сатушылардың бірі бізді өзіне шақырып алды да ұсыныс тастады:

– Бағанадан сендерге қарап тұрмын, бірдеңе күтіп жүрсіңдер. Менің жанымнан бірнеше рет өттіңдер. Менде сендерге жұмыс бар. Анау бос қораптарды жинаңдар, – ол бос картон жәшіктерді көрсетті, – ескі



клубтың артына апарып, өртеп жіберіңдер. Мен сендерге ақша төлеймін.

– О-о-о, біз тез-ақ бітіреміз, – деп Фарит күлімсіреді, – Тәте, біз тез аяқтаймыз!

Клубтың артында ескі қағаздар мен жәшіктерді өртейтін арнайы орын бар. Біз ол жерге төрт бос жәшік апардық та, өртеп жібердік. Сатушы бізге әрқайсымызға үш рубльден берді. Демек, өмір сүруге болады! Біз тіпті қуанып кеттік. Келесі сатушыға жақындадық:

– Тәте, сізге көмек керек емес пе? – Тағы бірнеше жәшікті апарып өртедік. Біз жұмыстың ретін біліп алдық. Қалталарымыздағы тиындардың сылдыры бізге күш бере түсті. Үшінші, төртінші, бесінші сатушыға көмектестік. Кеш батқанша базарда жүгіріп жүріп жұмыс атқардық. Отқа күйген шаштарымызбен, кірпіктерімізбен, түтінге қақталған киімдерімізбен, бірақ шексіз бақытты болған біз бар ақшамызға кәмпит сатып алдық. Едәуір салмақты кәмпит келді. Тамаша болды! Жұмыс істеп жүріп байқамаппыз, кешкі тамақтың уақытын өткізіп алып-пыз, демек, ертең таңертең ғана тамақтана аламыз. Ол бірақ маңызды емес. Біз өз күшімізбен бірінші рет ақша таптық. Оған кәмпит сатып алдық. Иә, Даян талап еткендей ұрлап алған жоқпыз, сатып алдық.

Көңілді, өз-өзімізге риза кейіппен екі қабатты үйге қарай жүрдік. Кейде кішкене лақтардай секіріп-секіріп қоямыз. Көптен бері кәмпит же-



мегенбіз, сондықтан бір-бірден дәм татып көруді шештік. Шіркін, қандай тәтті десеңші! Бұрын мұндай тәттілерді көрмегенбіз де. Қалған кәмпиттерді Даянға бердік. Кәмпиттерді көрген «атаман» күліп, мәз болып кетті. Ешқандай жұмыссыз бос жатқан ол төсегінен қарғып түсті де, ауызына бірнеше кәмпитті бірден тығып жіберді де, тамсанып тұрып бізді мақтады:

– Жарайсыңдар! Демек, сендер де ұрлауды үйрендіңдер!

Фарит екеуіміз мектептен қайтып келеміз. Балалар үйінің жанындағы үйден бізге таныс керемет иіс шығып жатыр. Апа балық қуырып жатқан болар.

Көз алдымнан соңғы күндердегі барлық істерім жүгіріп өтті де, мен өзімді тордағы балықтай сезіндім. Тамағыма тас тұрып қалғандай болды.

– Тезірек жүрейік, – дедім досыма, біз тез-тез жүріп балалар үйіне қарай өтіп кеттік.



ҚУАНЫШТАН АЙЫРДЫ

Бірінші сабақтан бастап-ақ Амиля жанын қоярға жер таппады. Онда бір-ақ ой – мектептен ертерек қайту. Оған себеп бар.

– Илияс, бүгін жаңа киімдер таратады, – деп күлімдеп хабарлады, – Түске қарай беруді бастайды, сондықтан басқалардан бұрын баруымыз керек.

– Қайдан білдің?

– Қыздардан. Күшті кроссовкалар мен костюмдер әкеліпті дейді, – көздері от ұшқындап сөзін жалғады.

– Жақсы! Мен де дұрыстау киімдерден алып қалсам ғой...

– Мен не айтып отырмын саған? Есінде болсын, ауызыңды ашып аңқиып жүрсең ештеңесіз қаласың. Тәрбиешімен бірге қоймаға бірге барамыз да кезекке бірінші болып тұрамыз. Сол кезде дұрыстау бір киімдер алып қалуға мүмкіндік бар.

– А, солай ма? Бірақ мұғалім бізді жібермеуі де мүмкін...

– Жібереді. Қалай болса да бірінші болып үлгеріп баруымыз керек. Әйтпесе жақсырақ киімдерді талап әкетеді де, бізге бәрінен қалған керексіз киімдер бұйырады. Есінде ме, өткен жолы кроссовкилер бер-



ген кезде маған үлкен размердегі екі аяқ киім берген. Маған шақ келетін басқасы болмағандықтан алуға тура келді. Одан кейін менің түр-сықыпытыма бәрі күлген еді. Тіпті бірде денешынықтыру сабағында аяқкиімдерім аяғымнан ұшып кеткен болатын. Жоқ, жетер! Бүгін маған дәл болатын, ұнаған киімдерді ғана таңдап алам.

Міне, қоңырау да соғылды. Биология сабағы бас-талды. Мен бір бөлмеде жататын досым Фаритпен бір партада отырмын. Сыныбымызда балалар үйінің балаларынан үшеуміз: мен, Амиля, Фарит. Мұғалім жаңа тақырыпты түсіндіріп жатыр, сондықтан мен ұқыптылықпен дәптеріме түртіп жазып алып жатырмын.

Амиля болса байыз табар емес, қайта-қайта жыбырлап бір орында отыра алмай отыр. Міне, маған бір қағаз лақтырды, мен оған сұраулы жүзбен қарадым. «Қане, сұранып кетейік», – деп ымдайды. Мен басымды шайқадым да жазуымды жалғастыра бердім.

– Апай, бізге үйімізге баруға рұқсат етесіз бе? – деп Амиля батылдық танытты. – Балалар үйіне медициналық комиссия келуі керек, тәрбиешіміз бізге төртінші сабақтан сұранып келіндер деп еді.

– Жоқ! Сабақ кезіндегі қайдағы медициналық тексеріс!

– Онда мен жазбаймын да, оқымаймын да.

– Жетер, Амиля, сен енді кішкене бала емессің. Мына ұлдарға қарашы. Бірге тұрасыңдар, ал мінездерің болса әртүрлі. Сен Ілияс пен Фариттен



үлгі алуыңа болады. Сабақ кезінде өздерін жақсы ұстайды, тапсырмаларды уақытында орындайды, мұғалімдермен ұрысып-керіспейді. Ал сен қыз болсаң да өзіңді дұрыс ұстамайсың. Қане, өзіңді қолға ал.

– Ой-ой-ой! – деп Амиля ернін шүршитіп күлді, – Олар жақсы болып көрінгілері келеді, ал өздері... Фарит, мысалы, ұйқышыл. Ал Ілияс – еріншек, өзінің киімдерін де жуа алмайды, оған ылғи әпкесі жуып береді.

– Өзің ұйқышылсың! – деп Фарит та тұрып қалмады.

– Амиляға біреулерге күліп, мазақтауды берсең болды, – деп сыныптың бір қызы сөйлеп қалды.

Амиля сол сәтте-ақ орнынан атып тұрды:

– Сен не дедің? Неменеге күйіп-пісіп отырсың? Көптен бері таяқ жемедің бе? Басқаларға тиіскенше одан да өзіңнің үлкен мұрныңа қарап алмайсың ба!

– Мен екімен оқитындармен сөйлеспеймін, – деп ол қыз теріс қарады.

– Ах, сені ме! Қазір сазайыңды тартасың! – Амиля ашулы күйде сыныптасымызға жүгіріп барып, бұрымынан ұстай алды.

– Ай, ауырды! Жібер!

– Білетін боласың кіммен байланысқаныңды!

Парта құлап, орындықтар жан-жаққа ұшты. Оларды қартаңдау ұстаз қанша қойғызамын десе де қолынан келмеді. Қыздар бір-бірінің шаштарынан ұстап алып жіберер емес. Қалғандары көмекке баруға дәттері жетпеді. Амиляның төбелесқұмар мінезі бәріне белгілі.



Қыздарды арашалауға Фарит екеуіміз келдік. Дау бізге бола басталған еді ғой.

– Амиля, шашын жібер, – деп оны тыныштандыруға тырыстым.

– Жетеді, сен үшін бәрі бізге күліп жатыр, – деп Фарит қосылды. – Онсыз да бәріне балалар үйінің балалары кінәлі.

Сол сәтте анау қыз Амиляның қолынан тістеп алды.

– А-а-а! Қо-лы-м!

– Мен жібер дедім ғой, – деп ол да ақталып жатыр.

– Қызарып кеткен Амиля қарсыласын ұрып жіберді. Қаламдар мен дәптерлер ұша бастады. Қыз еденге құлап түсті. Екеуін арашалап жүріп біз де өз «сыбағамызды» алдық. Амиля Фариттің бетін тырнап алды, ал мені қатты итеріп жібергені сондай, қабырғаға барып соғылдым. Сыныптың бөлмесі у-шуға толып кетті.

– Болды! Бол-ды дедім ғой! – деп кенеттен мұғалім айқайлап жіберді. Бәрі тыныш бола қалды. Апай бізге кінәлаған көзқараспен қарады. – Шығындар бұл жерден! Сендер менің сабағымды әдейі бөліп жатырсындар!

Амиля бірден өзінің заттарын жинай бастады. Біз Фарит екеуіміз сыныптан шығуға асыққанымыз жоқ.

– Барындар, барындар, барындар! – деп мұғалім бізге есікті көрсетті, – менің көз алдымнан жоғалындар. Амиляның соңынан бізге де шығуға тура кел-



ді. Ол бізді есіктің алдында күтіп тұр екен. Сыныпта істеген бейбастақтан кейін біз онымен сөйлескіміз де келмеді. Ол болса түк болмағандай бізге күлімсіреп тұр:

– Ренжімендер.

– Жоқ, сенімен сөйлескім де келмейді, – деп Фарит тырналған бетін сипады.

– Жарайды, ренжімеші, – деді Амиля. – Мені анау ұзын мұрынды қыз ашуландырып жіберді. Ол ылғи балалар үйінің ұл-қыздарына кінә артып жүреді. Егер шынымды айтсам, бұл шуды әдейі шығардым.

– Қалай әдейі? – деп таң қалыстық.

– Солай. Мұғалім сабақтан жақсылықпен жіберген жоқ, сондықтан мен біреу-міреумен ұстасуым керек болды. Анау қыз аяқ астынан құрбандық болып кетті – өзі сұрап алды. Күшті, иә?

– Білмеймін... Мұғалім балалар үйіне телефон шалып бәрін айтып қоюы мүмкін, – деп күмәнімді білдірдім.

– А, айтса айта берсін! Ұрысады да ұмытып кетеді. Ең бастысы – жақсы киім-кешектер алу. Ұлдар, сендерге костюмді мен таңдап беремін. Менде, құдайға шүкір, талғам бар. Бірақ сендер маған ренжімендер!

Қалай ғана өзіңнің бірге тамақ ішіп, бірге оқып жүрген жолдасыңа ұзақ ренжуге болады? Амиля адамды тез өзіне қаратып алады. Тіпті ол кінәлі болып тұрған жағдайда да тез шешім тауып кетеді. Міне, қазір де ол айқай-шудың үйге тез қайту үшін жасалған себеп екенін айтып, көзімізді жеткізді.



Жарайды, Амиля. Бірақ енді олай істеме, тәрбиелі қыздар төбелеске араласпайды, – деп ұзақ үнсіздіктен кейін Фарит сөзді қорытындылады.

Амиля даяр тұр екен, жауап берді:

– Үй, ақылмандарым менің! Енді өйтпеймін, егер өздері соны қалап тұрса, тоқтамаймын!

Киім-кешек мәселесіне келгенде балалар үйінде үнемі көп шу болады. Жүз адамға бірдей киім-кешек әкеледі де таратады. Отбасындағы үрдіспен әр адамға бөлек-бөлек іздемейді. Содан кейін бәріміз бірдей болып жүреміз – бірдей костюм, күртеше, баскиім, қолғап. Бәріміз бірдей егіздер сияқтымыз! «Әне, инкубаторлар келе жатыр», – депдеревнялықтар бізді табалайды. Мені бұл сөздер ыңғайсыз жағдайға қалдырады. Тіпті осынау жай киімдердің өзін аялап киіп жүруіміз керек. Егер біреудің қолғабы жыртылса, ол жолдасінікін ұрлап алуы мүмкін. Оның сенікі екенін дәлелдеп көр! Ол киімдер бір-бірінен ешнәрсемен ерекшеленбейді ғой. Көпшіліктен ерекшеленетін бірнеше ғана киімдер болатын. Амиля сондай киімдерді алуды армандайтын.

– Өскенде өзіме қалағандарымның бәрін сатып аламын, – деп Фарит армандап кетті. – Әйеліме де, балаларыма да басқаларда жоқ нәрселерді таңдаймын. Қаласандар сендерге де ең керемет нәрселер сыйлаймын?!

Сыныптасымыздың жомарттығына біз күліп қоямыз. Арманшыл-ақ біздің Фарит! Тәрбиешіміз Флюра тәте айтады, егер қатты қаласаң, барлық ар-



ман-тілектер орындалады. Міне, Фариттің, Амиля мен менің армандарымыздың бәрі орындалса екен.

Бүгін біздің топта Хакима апайдың жұмыс істейтін кезегі. Ол біздің ерте келгенімізге таңданып қарады.

– Мұғалім ауырып қалыпты, – деп Амиля жауап қайтарды.

Біз мектеп формасын шешіп, басқа киімдерімізді кигенше бәріне үлгеріп жүретін сыныптасымыз қоймаға барып келіп үлгеріпті. «Хакима апай, қазір киімдерді таратайын деп жатыр. Жүріңіз, барайық, – деп тәрбиешіге өтінді. Одан кейін біз «жұмаққа» қарай кеттік.

Алақай, біз біріншіміз! – деп Амиля қуаныштан секіріп кетті. – Міне, жолымыз болды! Ұлдар, бірінші маған таңдап аламыз, содан кейін сендерге көмектесемін, жарайды ма?

Жарайсың, Амиля! Шынында да, басқаларға ұқсамайтын бірнеше аяқ киімдер мен костюмдер әкелді. Көпшіліктен кішкене болса да ерекшеленетінімді елестетіп қатты қуанып кеттім. Фарит те қуанышын жасыра алмады.

Амиля өзіне ұнайтын киімдерді таңдап алды. Бақыттан ол алты қат аспанда ұшып жүрді. Біз үшін киім таңдауды бастадық:

– Илияс, осы уақытқа дейін жеңі қысқа костюммен жүргеніңді ұмыт! Қазір, қазір... Қане, мынаны киіп көрші.

– Кеңдеу сияқты.



– Онда қоя сал оны, – деп Амиля тәрбиеші естіп қалмау үшін құлағыма сыбырлады. – Басқасын көр.

– Міне, Ілияс, мынау саған құйып қойғандай екен! – деп Фарит те таңданысын жасыра алмады. Оған да дәл келетін костюм таңдап алдық. Аяқ киімді де раз-меріміз бойынша таңдап алдық. Шексіз қуанышта едік.

– Кешігіп қалғандарға енді бұлай болған жоқ. Енді оларды «инкубаторлар» деп тағы мазақтайтын болады. Ал бізге енді ешкім олай айта алмайды. Міне!

Басқалардың алдында мақтанып алдық. Бізбен бір топтағылар қызғанып кетті! Мұның бәрі Амиляның арқасында! Мектепте де ол елдің алдында мерейі үстем болды.

– Қараңдар, бізге қандай киім берді? – деп бір айналып алды. – Балалар үйінен болғандықтан бізде ештеңе жоқ деп ойламаңдар!

Ауылдың ұл-қыздары оның бұл кейпін құптап жатыр:

– Мәссаған! Амиля, саған сондай жарасып тұр!

– Жаңаруыңмен...

– Сендер Ілияс пен Фаритке қараңдар! – деп ол бізге көңіл аудартады. – Костюмдерін өзім таңдап бердім. Жігіттің төрелері ғой!

Костюмдеріміз жарасып-ақ тұр. Жаңа киім киіп жүріп оқу да көңілді болды. Бүгін маған екі «бес» қойды. Амиля да «бес» алды.

Сабақтар бір деммен өтіп кетті. «Тезірек ертеңгі күн басталып, мектепке келсек қой», – деген оймен үйге қайттық.



– Ой, қандай жақсы, иә, балалар?

– Иә, рақмет саған, Амиля!

Біздің қуанышымыздың шегі жоқтай болатын...

Сабақтар біткен соң балалар үйінің директоры бізді бөлмесіне шақырып алды. Бізді көре салысымен Мавлида Нұрғалиқызы айқайлап, сілекейін шаша бастады:

– Сендер әбден шектен шыққан екенсіңдер! Мектепте де, бұл жерде де сендерден ылғи қиындықтар көріп жатырмыз. Кеше сабақта шу шығарыпсыңдар. Тәрбиешілеріңе мұғалім ауырып қалды деп өтірік айтыпсыңдар. Оның үстіне сендердің Хакима апайларың қоймадағы киімдерді сендерге таңдауға рұқсат беріп қойған екен. Жо-о-қ... Мұндай жақсылықты бағаламайтын балаларды еркелетудің қажеті жоқ. Дереу биылғы жылға алған киімдерінді өткізіңдер! – Директордың сөздерінен жаман болып кеттім. Достарымның да бастары төмен салбырап кетті.

– Апай, қалай болғанын сізге дұрыстап айтып берейін... – дей бастаған Амиляның сөзін Мавлида Нұрғалиқызы сол сәтте-ақ бөліп жіберді:

– Же-те-ді! Сендерді естігім де келмейді! Көз алдымнан жоғалыңдар, оңбағандар! Ал мемлекеттің киімдерін дереу қайта тапсырыңдар! Шығыңдар қане, нақұрыстар!...

Ары қарай жаңа костюмде, жақсы аяқ киімде жүру жазбады. Ол аздай оқу жылының басында берілген футболка, жемпір сияқты да басқа киімдерімізді қайтарып алды...



ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛМАЙДЫ...

Күз – біз үшін қызу еңбек мезгілі. Әсіресе, осы бір картошка көп шыққан жылы. Тәрбиеші Райфа апайдың бақшасы өте үлкен. Ол жерде біз күнде жұмыс істейміз. Ол бізге картошка қазамыз деп алдын-ала айтып ескертіп қойған. Біздің сенбі, жексенбіміз сол кісінің бақшасында өтіп жүр. Міне, бүгін де өзі балалар үйіндегі жұмыс орнында қалды да, бізді, алты баланы үйіне жіберді.

– Ауа райы бұзылуы мүмкін, бүгін аяқтауға тырысындар, – деп ескертті ол.

Райфа апайдың бақшасындағы жер өте қатты, оны қазу да қиын. Алғашқы күннен-ақ алақанымыз үлбіреп қалды, оның үстіне түні бойы арқамыз ауырып жүр. Ол ол ма, Райфа апай жоқта оның күйеуі бізді жұмыскердей көретін болды. Түсте бізді балалар үйіне жібереді: «Барындар, түскі астарыңды ішіңдер». Түскі астан соң тәрбиеші тағы бақшаға қарай қуады. Кейбір кезде өздерінің үйінен сүт қосылған шай ұсынатын.

Кеше түнгі қызметкер Флора тәте бізді өз үйіне қонаққа шақырды.

Дәмді сорпа дайындап қоямын, құймақ құйып қоямын. Монша жағылып, әзір тұрады, – деді мейірімді тәте.



Түске дейін Райфа апайдың бақшасында картошка қаздық, бірақ түскі астан соң балалар үйінен қайтадан бақшаға барғымыз келмеді. Шаршадым, картошканы көргім келмейді. Байқаймын, Фариттің де бақшаға баратын көңіл-күйі жоқ сияқты.

– Фарит, Флюра тәтенің үйіне барайық. Ол бізді кеше қонаққа шақырып еді ғой, – деп басқаларға есіртпей досыма сыбырладым.

– Иә, шынында да. Ал мен мүлде ұмытып кетіпін. Кеттік, әрине...

Түстен кейін Райфа апай алтауымызды тағы да картошка қазуға жіберді.

Балалар, бүгін аяқтау керекпіз... – деп тәрбиеші тағы қайталады.

Қақпаның сыртына шыққан соң Фарит екеуіміз басқа жаққа кеттік. Балаларға бізді айтып қоймауларын тапсырдық.

– Егер бізге сәлемдеме әкелетін болсаңдар Райфа апайға айтпаймыз, – деп уәделерін берді. – күйеуі де үйінде жоқ сияқты. Демек, байқамай қалады.

– Рақмет. Сәлемдеме әкелеміз сендерге...

Міне, Флюра тәте тұратын өзен жағасындағы әдемі үйге де келдік. Үйдің айналасына түрлі-түсті көптеген гүлдер өскен, керемет көрік беріп тұр.

– О-о-о, қандай қонақтар! – деп бізді қарсы алып, күлімсіреді. – Келіндер, келіндер. Сорпа дайын болайын деп қалды. Кеше қой сойғанбыз.

Адамның тәбетін ашар сорпаның тамаша иісі бүкіл үйдің ішін алып кетті. Мұндай сорпа ішпегенімізге қанша болғанын біз ұмытып та қалдық.



Флюра тәте бiзбен сөйлесе жүрiп құймақ пiсiре бастады:

– Ұлымды былтыр әскерге алып кеттi, үйде сондай көңiлсiз. Шешенстанда әскери борышын өтеп жүр. Күйеуiм болса күнi бойы жұмыста. Күндiз мен ылғи үйде жалғызбын. Мiне, сендер келiп, айналамыз сәуле мен нұрға толып кеттi.

Ыстық құймақ пен қаймақ дастарқаннан өз орындарын алды.

– Қазiр аяқтаймын, содан кейiн сорпа iшемиз... – деп мейiрiмiн төге сөйлеп жүр.

Мен Флюра тәтеге айтар-айтпасымды бiлмей ұзақ ойланып, басымды қатырдым. Ақыры шештiм – ол бiзге анамыз сияқты емес пе?

– Бiз Райфа апайдан қашып кеттiк.

– Қалайша? Қашып кеткендерiң қалай?

Фарит түсiндiрдi:

– Бүгiн бақшасында жұмыс iстегенбiз. Картошкасын қазуды бiрнеше күн бұрын бастағанбыз. Ал бүгiн аяқтауымызды тапсырды. Бiз түске дейiн-ақ шаршап қалдық. Түскi астан кейiн төртеуi бақшаға кеттi, бiз Илияс екеуiмiз сiзге келдiк.

Флюра тәте ойланып қалды:

– Иә, мiне қалай. Оның өзiнiң екi баласы бар, бiрақ балалар үйiнiң балаларын жұмыс iстеуге мәжбүрлейдi. Бiлемiн, қыста үйiне су да тасисыңдар.

– Иә, болады.

– Естiгем, бiздiң балалар малдарға қарайды, астын тазалайды, қыздарға еден жуғызып, үй жинатады екен.



– Ол да рас.

– Ал біздің сендермен достығымызды Райфа ұнатпайды. «Оларды еркелетпе, ара қашықтықты сақта», – деп айтады маған. Бірде сендерге сәлемдеме апарғанда ұрысып еді. Қызық әйел өзі.

Содан кейін Флюра тәте бізге ыстық сорпа құйып берді, үйдің көтеріліп піскен керемет нанын кесіп берді. Пісірген сорпасы бізге қатты ұнады. Тіпті жай ғана сүтті шайының өзі өте дәмді еді.

Біз тыңқия тойып алған соң көшеге шығып, көршілердің балаларымен ойнадық. Содан кейін моншаға түстік. Мен тіпті уақытша болса да өзімнің балалар үйінен екенімді ұмытып кеттім. Тура өзіміздің үйіміздегідей болды – ешкім мында барма, тиіспе, ананы-мынаны жеуге болмайды деп тыйым салмайды. Флюра тәте де сондай ақкөңіл, мейірімді. Моншадан соң тағы да балмен шай іштік.

Біз күніміздің қалай зуылдап өтіп кеткенін де байқамай қалдық. Флюра тәтенің үйінде қандай жақсы болса да балалар үйіне қайтуымыз керек. Кешіксек Райфа апай бізге көресінді көрсетеді! Флюра тәте бізге құймақтардан, басқа да тәтті-дәмділерден көп қылып салып берді.

– Бәріне менен сәлем айтыңдар. Ертеңге дейін, балалар, сау болыңдар! – деп шығарып салды. Қуанышты, риза болған көңілмен секірген күйі балалар үйіне кеттік.

– Мен де кейін өзіме осындай әдемі үй салып аламын, – деді досым.



– Ол жерде бәріне орын табылатын болады. Илияс, сен менің үйіме қонаққа келіп тұрасың.

– Рақмет. Мен де өзіме Флюра тәтенікі сияқты үй салып аламын.

– Қане, Илияс, серт берейік, балалар үйінен кеткен соң өзіміздің жылы ұямызды құрып, өміріміз біткенше отбасымызбен дос болып араласайық...

– Жарайды! Серт беремін...

Біздің өз бөлмемізге кіріп кеткенімізді Райфа апай байқамай қалды. Балалар өз орындарында болатын, қатты шаршаған екен. Флюра тәте беріп жіберген сәлемдемелерді көрген сәтте-ақ бізді бірден қоршап алды.

– Қыздарды да шақырыңдар, Флюра тәте барлығына бірдей бөліп беруімізді тапсырған, – деді Фарит.

Қыздар да жиналды. Барлығына екі құймақтан, бір уыс кәмпиттен бұйырды. Ұлдар да шаршағандарын ұмыта бастағандай.

– Қалай болды? Картошканы аяқтадыңдар ма? – деп сұрадым.

– Қайдағы... Әлі бір күндік жұмыс бар.

– Мүмкін екі күндік жұмыс болар.

– Оның үстіне тәрбиешінің күйеуі келіп, сендерді талап етті.

– Сендер оған не дедіңдер? – деп төсектен Фарит атып тұрды.

– Ештеңе деген жоқпыз. Ол бәрібір Райфа апайға қоңырау шалып тексереді ғой.

Сол кезде бөлмеге Райфа апай кіріп келді. Зәреміз зәр түбіне кетті.



– Қайда болдыңдар, ақымақтар? – деп тәрбиеші Фаритке келіп басынан кілтпен ұрып жіберді. – Кім ойлап тапты мұны?

Ешкім жауап бермеді. Тәрбиеші аяғынан тәпішкелерін шешіп алды да қатты өкшесімен басымнан ұрып еді, құлағым зыңылдап кетті. Біздің бөлмеміздегі ұл-қыздар аман тұрғандарында қашып кетейін деп еді, бірақ оларды Райфа апай тоқтатты:

– Ешкім ешқайда бармайды! – деп бәрімізге иегінің астынан қарады. – Қаршы, пысықтарын! Бұларға сенуге де болмайды! Ештеңе етпейді, мен сендердің сазайларыңды тарттырамын. Сендердің кесірлеріңнен басқалар картошканы қазуды аяқтай алмады. Егер ертең қар жауса ше? Құдайдан ертең ауа райы жақсы болып тұра тұрсын деп сұраңдар, әйтпесе мен сендерді өлтіремін! Флюраның үйінде болдыңдар ма?

Біз үндемедік. Бұл тәрбиешіні одан сайын ызаландыра түсті.

– Өзінің үйінде жұмыс істету үшін сендерге кәмпит беріп алдаған ғой.

– Біз ол жерде жұмыс істеген... – бірақ ол менің сөзімді аяқтауға мұрша бермеді:

– Тыныш! Жап ауызыңды! Әйтпесе қазір терезеден секіресің... – осы сәтте ол кей балалардың қолынан құймақты көрді.

– Бар, қане, қоқыс салатын шелекті алып кел, – деп қыздардың біріне бұйрық берді.

Анау болса алып келіп, кір шелекті бөлменің ортасына қойып қойды.



– Қолдарыңдағылардың бәрін шелекке тастаңдар!

Мұны естіген балалар таң қалысып бір-бірлеріне қарасты. Көпшілігі құймақтың дәмі қандай болатынын ұмытып та қалған еді ғой. Кейбіреуі ғана әкелген сәлемдемелердің біразынан тістеп үлгеріп қалған.

– Апай, бір рет қана тістеуге болады ма? – деп сұрады біреу.

– Жоқ! Тастандар дереу. Біріншіден, санэпидемстанция рұқсат етпейді. Екіншіден, енді Флюрадан бірдеңе алып көріңдерші осыдан.

Біреу жылап жіберді. Барлығы құймақтар мен кәмпиттерді шелекке тастап, бөлмеден жабырқап шықты.

– Енді ісім Флюрамен болсын! Ол педагог емес, түсінесіңдер ме? – деп ұрса бастады. – Ол балалармен жұмыс істеуді білмейді. Сендердің режимдеріңді бұзып, үйіне шақырған адамның ісін педагогикалық іске қалай жатқызуға болады? Мен жоғары білімді педагогпын, оның бұл ісін түсінбеймін. Бұл туралы Мавлида Нұрғалиқызымен сөйлесуге тура келеді.



🌀🌀🌀🌀

Бір аптадан артық Флюра тәте жұмыста болмады. Оған бірдеңе болып қалды ма деп алаңдадық. Ауырып қалды ма, егер тәуір болса жұмысқа шығатын шығар деп күттік. Бір күні Флюра тәте біздің топқа келе қалды. Оның жұмысқа күндіз келгеніне таң қалыстық. Ол кісімен жылы амандасқан соң біз сол сәтте-ақ оны қоршап алып сұрақтың астына алдық:

- Сізді сағындық, апай! Қайда болдыңыз?
- Ауырып қалған жоқсыз ба?
- Сіз бізбен күндіз де жұмыс істейтін болдыңыз ба?

Бірақ ол кісінің мүлде көңіл күйі болмады. Қолында қандай да бір құжаттар бар. Біраз үнсіз тұрды да, күлімсіреуге тырысып жауап берді:

Рақмет, балалар! Менде бәрі жақсы. Енді сендермен жиі жолыға алмаймыз. Солай болды. Бірақ менің үйімнің есігі сендерге әрдайым ашық.

Флюра тәте бәріміздің басымыздан сипады да есікке қарай беттеді. Одан кейін балалар үйіне ешқашан келген жоқ...



СӨНГЕН ҮМІТ

Наурыздың басы болатын. Балалар үйінің «атаманы» Даян кешкі тамақтан кейін Фарит екеуімізді өзіне шақырды. Оған тағы не керек болды екен? Біздің енді ешқандай бүлдірген нәрсеміз жоқ сияқты еді...

– Сендерге маңызды тапсырма бар, – деді Даян. Өздерің білесіндер, 8-наурыз жақындап қалды. Маған жақсы көретін қызыма сыйлық алып беру үшін ақша керек. Сендер ақылды, қысылған кезде тез жол тауып кететін балалар болған соң осы жерге шақырдым. Екі күн қалды – маған елу рубль тауып беріңдер...

– Оны біз қайдан аламыз? – деп таң қалдым.

– Ол сендердің жұмыстарың: қарызға аласыңдар ма, ұрлайсыңдар ма, еңбек етіп табасыңдар ма... Егер екі күннен кейін елу рубль болмаса, өз обалдарың өздеріңе. Мен бәрін айттым, іздеңдер, ойланыңдар, – деді де төсегіне керіліп-созылып жата кетті. – Барыңдар, барыңдар...

Тағы да мына Даян... ол бізден мықтырақ, сондықтан соны пайдалануда. Сабакты нашар оқиды, кішкентайларға әлімжеттік көрсетеді. Ана жолы маған істегені анау. Енді міне, ақша талап етуде. Тәрбиешіге айтсақ одан да қиын болады. Айтып қойғанмыз үшін ұрып тастайды. Басқа балаларды да саған қарсы қойып қояды.



Сонша ақшаны қайдан табамыз! Мұндай соманы ешкім бізге қарызға бермесі анық. Ұрлыққа өлтірсе де бармаймын!

Ертеңінде мектептен кейін дүкенге бардық.

– Сұрасақ, біреу-міреу беріп қалар, – деп Фарит ұсыныс айтты.

Біреулер кіреді, біреулер шығады. Ақша сұрауға ұялдық. Сөредегі заттарды көрген болып біз дүкенде ұзақ айналсоқтап жүрміз. Орталық көшедегі бір әйел дүкенге екінші рет айналып келді. Бізді қайта көрген ол таңданысын жасыра алмады:

– Тұз алуды ұмытып кетіппін, қайта келуге тура келді, – деді сатушыға. – Ал мына балалар әлі тұр.

– Иә. Тұра берсін – олар маған бөгет жасап тұрған жоқ. Сатып алушы бізден сұрай бастады:

– Сендер біреуді күтіп тұрсыңдар ма, балалар?

– Жоқ, ешкімді... – Ол біз тәттілер сатып алғысы келіп тұр деп ойласа керек, бізге он рубль берді:

– Алыңдар, бүгін жұма – садақа беретін күн, – деп жомарт әйел тұз сатып алды да дүкеннен шығып кетті.

Бұл он рубльге біздің қалай қуанғанымызды сөзбен жеткізу де қиын. Енді қырық рубль тапсақ Даяннан құтыламыз. Балалар үйіне қайтып бара жатып тағы екі рубль тауып алдық. Қалтада енді он рубль жатыр!

– Бүгін жолымыз болды, – деді Фарит ақшаны тағы да санап. – Досым, біздің жолымыз болғыш екен.



– Иә, егер жақсылап тырыссақ ертең мүмкін елуге жеткізерміз...

Келесі күні дүкенге кірмедік, сатушыдан ұялдық. Өзімізді қайрап өтіп бара жатқан адамнан тиын-тебен сұрап көріп едік, ол бас тартқанымен қоймай бізді ұялтып тастады.

– Өскенде ешкімнен ақша сұрамайтын боламын, – деді Фарит. – Өзім еңбектеніп көп-көп ақша табамын. Біреу-міреу қарызға сұраса, берер едім. Дүкеннің маңында жүріп-жүріп бір кезде Фарит жақсы бір ұсыныс айтты:

– Илияс, жоғарғы көшелерде қар еріп жатыр. Сол жақтарға барып көрейік – егер біреу-міреулер тиындарын жоғалтып алса, қардың астынан шыға бастаған шығар.

Досым жақсы ой айтты. Біз жоғары жақтағы көшеге қарай бағыт алдық.

– Ойлап көрші, біреу көшеде келе жатып аяғы тайып құласа. Қалтасындағы ақшалары жерге шашылады. Ол болса байқамайды, тұрады да ары қарай қадам басып жүре береді, – деп Фарит болжам жасады. Несі бар, ондай жайт болуы мүмкін. Еріп жатқан жол үсті сырғанақ. Біз көшеде әр метр жерді қарап келе жатырмыз.

– Қара, Илияс, қара! – деп сыныптасым қатты айқайлап жіберді. – Елу тиын тауып алдым! Алақай!

Біз солай қараңғы батқанша жүрдік, басқа ештеңе тапқан жоқпыз. Қалтамызда бар-жоғы 12 рубль 50 тиын...



Балалар үйінде бізді Даян тосып тұрды. Біздің келгенімізді көріп бірден өзінің бөлмесіне шақырды.

– Қане, менің елу рублімді шығарындар, – оның түлкі қарасы бізге ешқандай жақсылықтың нышанын білдіріп тұрған жоқ. – Қане, қане!

Ақша Фаритте болатын, ол қалтасынан барлық тиын-тебенді алып шығып, Даянға ұсынды. Азғантай тиын-тебенді көріп «атаманның» түрі өзгеріп кетті:

– Не бұл? Сендер не, мені мазақтап тұрсындар ма?!

– Басқа таба алмадық, – деді Фарит дірілдеген үнмен.

– Білмеймін. Не, мен сендерге түсінікті етіп айтқан жоқпын ба?! Сендерден сұрап тұрмын!

– Екі күн іздедік, – деп мен де ақталып жатырмын. – Қайда бармадық десеңізші.

Жұдырығын қатты жұмып алған Даян шкафты қатты ұрып жіберді.

– Мен сендерге ескерттім, ал мен сөзімді жайдан-жай айтпаймын. Фарит, бүгін сенімен жұмысым болсын, ал ертең – Ілис, сенімен айналысамын, – ол біздің ақшамызды қалтасына салып алды да бөлмесінен қуып жіберді.

Аздан соң Даян өз бөлмесіне барлық топтардағы балаларды жинап алды. Содан кейін бір бала жүгіріп барып Фаритті шақырып келді. Оған «атаман» не істейді екен? Ал ертең менің кезегім. Даянның бөлмесі біздің жанымызда, сондықтан мен



әр дыбысқа құлақ түріп тұрдым. Егер досымды ұра бастаса тәрбиешіге қарай жүгіру керек болады. Көп ұзамай терезенің түбінен дүрс ете түскен дыбыс естілді.

– А-а-а, басым! – не істерін білмеген ащы дауыс шықты.

– Өл-дім! Өл-дім!

Жүгіріп барып терезеден қарасам Фарит қардың үстінде жатыр. Бірден оған қарай жүгіріп түстім. Сыныптасым ауырғаннан жерде домалап жатыр. Фаритті тумбочкаға отырғызып қойып екінші қабаттан лақтырып жіберген екен. Ғимараттың жанындағы қар әжептәуір еріген болатын, кешке қарай ол маңның бәрі мұзға айналған еді. Досымды көріп оның басы қан-қан екенін аңғардым. Денем қалшылдап, Фаритпен бірге жыладым. Есік алдында жүрген басқа балалардың көмегімен оны медпунктке апардық. Ол жерде медбике басын таңғышпен орап берді де: «Үйленгеніңе дейін жазылып кетеді», – деп қалжындады.

Фарит түні бойы ұйықтамады. Ол төсекте дөңбекшіп жатты, кейде тұрып, жүруге тырысты. Таңға дейін көз ілмедік. Оның бетінде қан-сөл жоқ еді. Таңғы астан ол бас тартты.

Даян бәріне ештеңе айтпаңдар деп ескертіп қойған. «Кім айтып қойса, онысына өкінетін болады», – деген еді. Мен бәрібір болған оқиғаны Райфа апайға айтуға бекіндім.

– Ойдан шығарма. Үнемі сендер Даянды жамандап жүресіңдер, – деп өзіме ұрса жөнелді.



Фарит мектепке бармады. «Басым айналып жатыр, Илияс, тұра алатын емеспін», – деді ол жасын сүртіп жатып.

Тәрбиеші Райфа апай оны тыңдағысы да келмеді:
– Сабакқа бармау үшін әдейі істеп жатырсың. Түрің жап-жақсы. Болды, өтірік істеме!

Бірнеше күндер өтті. Менің көңілді, күліп жүретін досымды бейне бір ауыстырып қойғандай. Тамақ жегісі келмейді. Екі қасық жейді де ыдысын итере салады. Оған бас ауруының дәрісін беріп, мектепке баруға мәжбүрледі. «Шекем ылғи ауырады, басым үнемі айналып тұрады», – дейтін Фарит. Бірақ оның сөздерін ешкім тыңдамаушы еді.

Сол күннен бері бір апта өтті. Мектепке баруға қалай мәжбүрлесе де досым енді бара алмайтын болды. Күні бойы төсегінде жатады, ешкіммен сөйлескісі келмейді. Мен оның жанында отырамын, кейде су ішкізем.

Міне, Фариттің дауысы шықты – мүмкін жазылайын деген шығар!

– Илияс, сен маған қонаққа келесің бе?

Мен абдырап қалдым – мұны қалай түсінуге болады?! Біз бір үйде, бір бөлмеде тұрамыз ғой.

– Өне, тура ана жаққа қара, – деп төсегінде жатып бір нәрсені саусағымен нұсқады. – Көрдің бе, менің үйім қандай әдемі. Ауласында көлік тұр...

Құдайым-ау, Фарит өз-өзімен сөйлесе бастады! Қайдағы үй, көлік. Мен бірден медбикені



шақырдым. Фарит болса ары қарай бірденелерді сөйлеп жатыр. Медбике досымды ауруханаға алып кетті. Фариттің беті көкпеңбек болып кеткен еді...

Бір ай өтті, ол болса ауруханадан әлі келген жоқ.

– Апай, Фарит қашан келеді? – деп мен күнде сұраймын.

– Сен мені сұрағыңмен әбден мезі қылдың! Не, онсыз өмір сүре алмайсың ба? Келмейді ол! – деп бірде Райфа апай кесіп айтты. – Оны басқа балалар үйіне ауыстырды...

Маған үстіме мұздай су құйып жібергендей болды!

Басқа балалар үйіне қалайша ауыстырады? Фарит келіспейтін еді. Біз балалар үйінен кеткен соң да дос болып қаламыз деп серт беріп едік қой. Ол Флюра тәтенікі сияқты үй саламын дейтін. Бір-бірімізбен отбасы болып араласып, қонаққа барамыз деуші едік. Фарит өзімнің дүкенім болса деп те армандайттын. Егер Райфа апай шын айтып тұрса, онда біздің арманымыз орындалмайды. Мен енді оны қайдан табамын? Тәрбиешінің сөзінен кейін өзіме-өзім келе алмай ұзақ жүрдім. Сенбеймін. Бәлкім одан құтылу үшін өздері бір жаққа жіберген шығар...

Оқу жылының соңына аз қалды. Ауа райы ашық, мейірімді күн жерді жомарттықпен қыздырып тұр. Мұндай әдемі шақта сыныпта отыру қиын. Қоңырау сабақтың басталуы жайлы хабар береді. Бәрі орын-орындарына отыра қалысты. Мұғалім сыныпқа кіріп келді де, кенеттен сынып журналын алуды ұмытып кеткені есіне түсті.



– Мұхаметов, мұғалімдер бөлмесіне барып, журналды алып кел, – деп маған тапсырма берді.

Мұғалімнің мұндай сенімі біз үшін үлкен мәртебе. Екінші қабатқа көтерілдім де сыныбымның журналын алдым. Оқу жылының соңы – тоқсандыққа қандай баға қойылып жатқанын көру қызықты ғой. Ешкім көрмей тұрғанда терезенің алдына барып журналдың беттерін аша бастадым. Фариттің аты-жөні барлық жерде сызылып тасталыпты. Журналдың соңғы беттерін көруге қызығып кеттім. Мүмкін досымның қай балалар үйіне ауысқаны жазылып тұрған шығар. Мен әлі де досымды тауып алудан күдерімді үзген жоқпын. Міне! Міне, мынау бет. Әрең оқылатын майда жазумен жазылыпты. Әйтеуір оқи алдым: «Мектептен шықты. Негіздемесі: қайтыс болуы туралы куәлік №ХР – 10252. Мен өз көзіме өзім сенбедім! Ерінім кемсеңдеп кетті. Не? Фарит өліп қалған ба?! Ыстықтап, демалуым қиындап кетті. Басым қатты айналып, құлап түстім...



ҚОНАҚТАРДЫ КҮТЕМІЗ

Әр жексенбі сайын балалар үйінде жалпы жиналыс өтеді. Барлық топтар бір қатарға тізіліп тұрып өткен аптаның қорытындысын шығарады. Бірінші директор сөйлейді, одан кейін – завуч, соңында – тәрбиешілер... Сол жерде тәртіп бұзғандар, мектепте жаман баға алғандар «сыбағаларын алады». Осы жерде аптаның үздік тобы аталады. Кейбіреулер өздерінің «кінәларын» біліп ол жерге бармауға тырысады. Кім елдің көзінше өзіне ұрысқанды қалайды?! Ал бүгін ешкім жиналысқа қатыспай қалмады, бөлмелерінде қалу үшін өтірік ұйықтап жатқандарды да шақырды. Бірақ күндегідей емес, бұл күні тәртіп бұзушылықтар жайлы айтпады – одан да маңызды мәселелер пайда болған секілді.

– Балалар! Уақыт тығыз, сондықтан бүгін басқа мәселелерге тоқталмаймын, – деп Мавлида Нұрғалиқызы бастады. – Бүрсігүні бізге Уфадан үлкен қонақтар келеді.

– Үлке-ен? – деп кішкене топтағы бір қыз таңдана сұрады.

– Иә, өте үлкен адамдар. Олар жай келмейді – біз қандай жағдайда өмір сүріп жатырмыз, тәрбие жұмыстары қалай жүріп жатыр, соларды тек-



середі, – деді де, саусағын шошандатты, – енді тыңдаңдар да естеріңде сақтандар. Қонақтарды қарсы алуға дәл қазірден бастап дайындықты бастаймыз. Бірінші кезекте барлық бөлмелерге жақсылап тұрып тазалық жұмыстарын жасаймыз. Анау жоқ, мынау жоқ деп бөгде адамдарға мұң шақпау үшін қоймада сендерге киім-кешек береді. Тағы бір ескертетінім – қонақтармен сөйлеспейміз. Олар, әрине, сендер қалай тұрып жатырсыңдар деп сұрайды. Ешқандай өтініш-арыз айтпайсыңдар! Олар келеді де кетеді, ал сендер осы жерде қаласыңдар. Бітті, қазір жиналамыз да тәрбиешілермен сөйлесеміз, ал сендер тазалық жұмыстарына кірісіңдер!...

Қонақтар келуінің қарсаңында маған бір жай есіме түсті. Қазір көктем болғаны жақсы болды, әйтпесе өткен жылғы сияқты қиналар едік.

Қыркүйектің соңы болатын. Бір жақтан келетін кезекті қонақтарды күткен едік. Директордың бұйрығымен күні бойы кездесуге дайындалдық. Барлық бөлмелер жарқырап тұрды. Бізде барлығы дайын, ертең енді қонақтар келулері керек. Кешке қарай ауа райы күрт суытып кетті.

– Мавлида Нұрғалиқызы, түнде үсік жүруі ықтимал, – деп тәрбиешілердің бірі ескертті.

Ол сөздерден Мавлида апай сасқалақтап, күйгелектеп, сөйлеп, жүгіріп кеткені байқалады:

– Қайдағы үсік?! Ондай болса біздің гүлдердің барлығы солып қалады ғой...



– Онда тұрған не бар, күз мезгілі ғой, – деп әдейі әңгімеге араластым.

Менің сөздерім оны тіпті ашуландырып жіберді:

– Кет ары, аяқтың астына қыстырылмай! Гүлдер солып қалса қонақтарға не көрсетеміз? Үсік жүрсе, жүрер, бірақ біз гүлдердің үсуіне жол бермейміз!

Сол күні ол тығырықтан шығар жол іздеп көп адамдарға қоңырау шалған дейді.

Балалар үйінің алдында көктемнен бастап алғашқы суықтарға дейін гүлдер жайқалып тұрды. Бізге келген қонақтардың барлығы бірінші кезекте осы түрлі-түсті гүлдерге назар аударатын. Кейбіреулер: «Жарайсыңдар, сендер осы гүлдер арқылы балалардың өмірге деген сүйіспеншілігін оятуда-сыңдар», – дейтін.

Сонымен, ертең қонақтар келеді. Егер түнде үсік жүрсе, директордың кәріне іліктім дей бер. Бірақ Мавлида Нұрғалиқызы ауа райын алдаудың жолын тапты... Жоғары сыныптың ұлдары бұл түнді ұйқысыз өткізді. Алдымен біз әр гүлдің түбін ескі шүберектермен жаптық. Одан кейін гүлдер өсіп тұрған маңға от жақтық. Әрқайсымызға суықтан сақтау үшін гүлдер бөлініп берілді. Біз таңға дейін отын әкеліп, отты үзбей жағып тұрдық.

Директорымыз қонақтарды жақсы көңіл күйде қарсы алды. Енді ше, бүкіл ауыл бойынша гүлдер үсіп қалған, ал біздікі болса түрлі-түсті әдеміліктерімен көздің жауын алып тұрды. Қонақтар осындай суық күнде де гүлдердің әсемдігіне тоймай ұзақ қарап тұрысты...



Бұл жолы да дайындық жақсы жүріп жатты. Сол күні-ақ терезелерге түрлі түстегі перделер ілінді. Бүкіл дәліз бойынша кіре берістен директордың бөлмесіне дейін, асханаға дейін кілемшелер төселіп, барлық топтардың бөлмелеріне жаңа кілемдер жайылды. Терезенің алдында әдемі вазалар пайда болып, кейбір ескі аспалы шамдар ауыстырылды. Өзгерістер мұнымен біткен жоқ. Біз осы уақытқа дейін ұстайтын жері жоқ шытынаған ыдыстармен шай ішуші едік, сол күні ғайыптан тайып үстелдердің үстінде жап-жаңа, әдемі ыдыстар тұрды. Біз үшін ең үлкен қуаныш жаңа шалбар, көйлектер, шұлықтардың берілуі болды. Демек, шынында да үлкен адамдар келе жатыр, – деп сыбырластық. Жиірек келіп тұруларына болар еді – онда біз ылғи осылай жақсы өмір сүрер едік!

Тәрбиешілер де, басқа қызметкерлер де тыныштықтан айырылды – бәрі мұрындарына су жетпей жүгіріп жүр. Біздің топқа директордың өзі бірнеше рет бас сұқты. Шамасы біздің бөлменің сыртқы көрінісін тағы да қалай жақсартудың қамын ойлап жүр-ау.

– Райфа, мына гүлдеп тұрған ыдысты есікке жақын қой, ал мына солған жапырақтары барын көзіме көрсетпе! – деп бұйрық берді. Одан кейін Мавлида Нұрғалиқызы бізден «емтихан» ала бастады:

– Қонақтар сендердің бөлмелеріңе кіргенде не істейсіңдер?

– Білмеймін, – деп Амиля әдейі жауап берді.



Директордың бет-жүзінде бірден өзгеріс пайда болып, айқайлай бастады:

– Қалайша білмейсің?! Төсекте отырмаймыз, орнымыздан тұрып қонақтармен сәлемдесеміз. Күлімсіреуді ұмытпаймыз. Әйтпесе ауыздарың ашылып, көңілсіз күйде тұрмаңдар.

Біз келіскен белгі білдіріп басымызды изедік.

– Егер біреу-міреу жақындап, қалай өмір сүріп жатқандарыңды сұраса не деп жауап бересіңдер?

Директордың сұрағына жауап беретін ешкім табыла қоймады. Мавлида апай тағы да ашуланды:

– Қойлар! Егер бірдеңе деп арыздансаңдар өз обалдарың өздеріңе! Қайталаймын, былай деп жауап беру керек: «Рақмет, менде бәрі жақсы. Бұл жер ұнайды, өзімді үйдегідей сезінемін.»

Топтан шығайын деп бара жатып ол балалардың бірінің жаңа шалбар киіп алғанын байқап қалып тағы да айқайлады:

– Ах, сен, шошқа! Былғап үлгердің ғой! Саған жаңа шалбарды киюге кім рұқсат берді, а? – Ол баланың қолынан ұстап алып сілкілей бастады, – тезірек жуып қой, әйтпесе жағдайың қиын болады!

Өзін тоқтата алмай бәрімізге айқайлап алды да өкшесін қатты басып топтан шығып кетті.

Уфалық қонақтар келген күні асхананың ас мәзірінде де өзгеріс болды. Түскі асқа түшпара дайындады! Бәріне бір алмадан, кәмпиттерден берді. «Үлкен адамдардың» құрметіне мәжіліс залында концерт ұйымдастырылды. Мен де ол концертке қатыстым – ән шырқадым. Қонақтар сөз сөйледі.



– Балалар үйіндегі жақсы жағдайды көріп риза болып отырмын, – деді қалың қара шашты әдемі келіншек, – Үйде тұратын барлық балалар мынандай кілемдерде жүрмейді ғой? Барлық отбасыларда мұндай қолайлы жай жасалмаған. Ал қай үйде күнде түшпара жейді? Сендерге қарап көзім тояр емес – бастан-аяқ әдемі киінгенсіңдер! Сондықтан да, бет-әлпеттеріңнен бақытты екендіктерің байқалады, көңіл күйлерің де жақсы. Әрине, біздің мемлекетіміз көп мәселелерді шешуде, сендердің өмірлеріңді жақсарту үшін аз ақша бөліп отырған жоқ. Сол себептен де үйлерің гүлдеп тұрған бақтай. Мұндай жұмақ мекенде тұрып жатып жаман оқу күнә болар еді! Балалар, бар күш-жігерімізбен білім шыңдарына жетуге талпынайық. Сендерге Отан үшін пайдалы азаматтар болуды тілеймін! Тәрбиешілер үйреткендей, біз әр адамның сөзінен кейін жабыла қол шапалақтап отырдық. Тағы да бірнеше әндер орындалды, содан кейін көп күттірген қонақтармен болған қойылым аяқталды. Мавлида Нұрғалиқызы оларды асханаға алып кетті. Уфалықтардың барлығы директормен бірге кетті, ішіндегі біреуі ғана залдан шығуға асыққан жоқ. Оны сол сәтте-ақ балалар үйінің балалары қоршап алды. Ол қалтасынан кәмпиттер алып шығып бәріне бөліп берді. Содан соң сахнада тұрған пианиноға отырып көңілді әуендер ойнады. Ақ көңіл, мейірімді әйел бізден аты-жөнімізді, қалай оқитынымызды сұрай бастады.

Бұл уақытта мен шетте тұрдым. Қонақ балалар-



мен сөйлесті де шығар есікке беттеді. Сол сәтте ол мен жаққа қарады да, біздің көзқарастарымыз бір-бірімен түйісті. Маған жақындап келді.

– Сәлеметсің бе, туғаным. Сен неге шетте қалып тұрсың? – деді күлімсіреп.

– М-м-м... – мен не деп жауап берерімді білмедім.

– Сен неге ыңғайсызданып тұрсың?

– Ммм... Жоқ...

– Қане, олай болса танысайық. Мен Гүлшат Әмірқызымын. Ал сенің атың кім?

– Ілияс.

– Қандай әдемі есім, – маған бұл сөзді есту жаныма жағып кетті де, мен алғысымды білдірмек болып басымды изедім. – Ілияс, саған қарап тұрып сен үшін алаңдап тұрмын. Сен кімнен қорқып тұрсың? Иығың түсіп кеткен, көзінде дабылдың, мұңның белгісі бар..

– Жоқ, апай. Менде бәрі жақсы. Бұл жерде өзімді үйдегідей сезінемін, – деп үйреткендей сөйледім.

– Ал жақсы. Жүр, маған өзіңнің бөлмеңді көрсетші.

Осы кезде маған шынында да ыңғайсыз болды – неге ол мені мұнша айналсоқтады?! Мүмкін мені сынау үшін оны директор әдейі дайындап қойды ма екен? Осы ой маған маза бермеді. Осындай күлімдеген көзді, мейірімді жүзді сүйкімді тәтеге қалай жоқ дей аласың? Бөлмеде басқа ешкім болмады, біз көзбе-көз отырып сөйлестік. Бүгінгі қонақтарымыз шынында да өте үлкен басшылар



екен. Барлығы жауапты қызметтерде екен. Гүлшат Әмірқызын өздерімен бірге беделді қоғам қайраткері ретінде алып жүр екен.

– Қобалжыма, Ілияс. Мен сені жақсы түсінемін. Танымайтын адаммен сөйлескенің үшін директор саған ұрсады деп ойлаймысың? Мен оған бәрін өзім түсіндіріп айтамын. Балалармен ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп жүрген адам ретінде мен сенің мұңлы көздеріңнің жанынан өтіп кете алмадым. Мүмкін саған бір көмек керек болар? Айта ғой, ұялма...

– Рақмет, апай. Маған ештеңе қажет емес.

– Сен қай сыныптансың, Ілияс?

– Тоғызыншы сыныпты аяқтаймын.

– Қалай оқисың?

– «Үшім» жоқ. Екі «төртім» бар – денешынықтыру мен химиядан. Мені қолдаған белгі ретінде Гүлшат апай арқамнан қағып қойды да мектеп бітірген соң оқуға қайда барғым келетінін сұрады.

– Педучилищеге түсетін шығармын, – деп жауап бердім.

– Жоқ-жоқ-жоқ... Мұндай бағалармен училищеге емес, университетке бару керек.

Гүлшат Әмірқызының бұл сөздері мені таңтамаша қалдырды. Университет деп айта салу оңай. Ал сен ол жерге оқуға түсіп көр! Мен педучилищеге барамын деген арманды айтқанда біздің тәрбиешіміздің қалай күлгені әлі есімде.

– Мен ол жерде оқи алмайтын шығармын. Ол университет қой. Сөйлесіп отырған жан менің көзқарасымды өзгерткісі келді:



– Қалайша оқи алмайсың? Оқи аласың! Көзіңнен көріп тұрмын – сенің қолыңнан келеді. Сен жақсы адам болып шығасың.

Әңгіме үстінде күш-қуат келіп қосылғанын, өзіме деген сенімім артқанын байқадым, бүгін-ақ университетке түсуге дайын болып кеткендеймін. Әңгімеміз аяқталғанда Гүлшат Әмірқызы маған өз қаламын сыйға тартты. Тура осы сәтте бөлмеге Мавлида Нұрғалиқызы кіріп келді. Ол маған бір қарады да Гүлшат Әмірқызына қарай көңіл аударып, күлімсірей қалды. Бірақ оның қолынан ұнатпаған кейпін жасырып қалу келмеді.

– Ілияс, сен неге қонақтың уақытын алып жатырсың. Ол жолдан шаршап келді, – деді ол. – Гүлшат Әмірқызы, жүріңіз, шай ішеміз.

– Рақмет, бірақ мен бұл жерге шай ішу үшін келген жоқпын.

– Жүріңіз, жүріңіз. Шай суып қалады...

Ол кісіге орнынан тұрып директордың соңынан еруге тура келді. Есіктің алдына келгенде ол тоқтап, маған бұрылды.

– Ілияс, саған айтқан сөзімді ұмытпа. Сенің қолыңнан барлығы келеді! Мүмкін Уфада кездесерміз әлі... – ол тағы да бірдеңе айтайын деп еді, Мавлида Нұрғалиқызы оны асықтырды да, екеуі бөлмеден шығып кетті.

Қонақтар кешке қарай бірақ кетті. Оларды шығарып салуға біз де шықтық. Егер олар келмегенде бізге мына жаңа киім-кешектер берілмейтін еді. Балалар үйі де мынандай адам таныма-



стай болып өзгермес еді. Келгендер көліктеріне отырғанша Мавлида Нұрғалиқызы олармен көңілді сөйлесіп, барлығымен құшақтасып қоштасты. Біз болсақ есіктің алдында қонақтардың соңынан қол бұлғап тұрдық.

Көліктер көрінбей кеткен соң директор кең тыныс алып, риза көңілмен балалар үйіне енді. Балалар да оның артынан кірді. Бірақ ішке кірген соң бірден бәз қалпына түсті – бірден жылан шағып алғандай айқайлауға көшті:

– Не деген ақылсыз балалар! Өмірінде кілем көрмеген олардан тағы не күтуге болады – таптап, барлығын кірлетіп үлгеріпсіңдер! Енді перделерді де жыртып тастайтын шығар! Егер тағы да қонақтар келсе ше?.. Жоқ, бұлай болмайды!

Сол сәтте-ақ әдемі кілемдер алынып тасталды, перделер бұрынғылармен ауыстырылды, терезенің алдындағы ваза мен ыдыстарды қайтадан қоймаға алып кетті. Тіпті балаларға берілген киімдер де қайта жинап алынды.





МИНИСТРГЕ ХАТ

Мен қонақтар кеткен күннен бастап өзімді қояр жер таппадым. Басымда тек бір-ақ ой – университет! Бірақ оған қалай түсуге болады? Қандай емтихандар тапсырады? Өзімді мазалаған шегі жоқ сұрақтарға жауап іздеп кітапханадағы түрлі журналдарды парақтап шықтым. Біреу-міреуден сұрауға батылым бармады. Сен шынында да сол жаққа барғың келе ме, бірақ ол жерде сені ешкім күтіп тұрған жоқ деп мазақтаса не істеймін?..

Менің ізденгенім бәрібір жемісін берді. Сол кезде тағы да бір мәселе шықты – университетке түсу үшін толық орта білім керек екен. Мен әлі тоғызыншы сыныпта оқып жүрмін. Университетке екі жылдан соң түсуге де болады ғой. Бірақ балалар үйінде 11-сыныпты бітіргенге дейін рұқсат берілген ешкімді білмеймін. Тоғызыншы сыныптан кейін барлығын техникумдар мен училищелерге жіберетін.

Қалай істеуге болады? Бұл сұрақ маған маза бермеді. Құлағымның түбінде Гүлшат Әмірқызының: «Сенің орның – университетте. Сенің қолыңнан келеді...» деген сөзі үнемі жаңғырып тұрды.

Мен енді балалар үйінің әлжуаз баласы емеспін. Қалай болғанда да тоғызыншы сыныптамын.



Бұрын бізге тек үлкендер ғана тиісетін. Енді олар жоқ. Тәрбиешілер де қазір бізге қол көтере алмайды. Мүмкін тікелей директорға барып мені балалар үйінде мектепті аяқтағанымша тұрғызуын сұрасам ба екен? Егер рұқсат етпесе ше? Оның үстіне кәсіптік-техникалық училищеге барасың десе ше?! Жоқ! Ондай болса тоғызыншы сыныптан кейін құжаттарымды алып туған деревняма кеткенім артық. Ол жерде біздің өз үйіміз бар, мектепті аяқтағанша сол жерде тұрамын. Одан кейін – Уфаға кетемін!

Бірақ көп ұзамай бізді Мавлида Нұрғалиқызының өзі шақыртты. Біз бесеу едік. Директордың бір қызық әдеті бар еді – ешқашан адамның көзіне тік қарамайтын. Бұл жолы да көзқарасы біз жақта емес, төбеде, терезе жақта болды.

– Бізге тез арада Уфаға есеп беруіміз керек, – деді ернін шүршитіп. – Сондықтан да, сендерді шақырттым. Уақыт жоқ, жақында балалар үйінен кетесіңдер. Бізден қайсыңды қай оқу орнына жіберетінімізді сұрап ақпарат беріндер деп жатыр. Қане, өз пікірлеріңді айтыңдар, – деп сол кезде ғана біз жаққа қарады.

– Мен суретші болғым келеді, – деді үшінші топтағы қыз. – Оған көркем сурет училищесінде оқытады екен.

Директор оған бірден жауап берді. Сөйлемей тұрып қатты күліп жіберді.

– Сен арманда, бірақ орныңды біл, – деді ол күлкісін тыймастан. – Сенде, әрине, сурет бойынша



«бес», бірақ басқа сабақтардың бәрінен «үш» қой. Мен сен үшін уфалық комиссияның алдында ұятқа қалғым келмейді.

– Апай, маған мұғалім соған түс деп ақыл-кеңес берді, – деп қызарып кеткен қыз арманын қорғауға тырысты.

– Жо-жо-жоқ! – Мавлида Нұрғалиқызы орнынан атып тұрып кетті. – саған сондай алысқа барудың қажеті қанша? Аудан орталығындағы кәсіптік-техникалық училищеге бар. Сурет салуды ұнатасың ба – онда бояушының оқуын оқы. Мен, мысалға суретші мен бояушының айырмашылығын көріп тұрған жоқпын.

Сонымен, төрт түлекпен мәселе шешілді. Директор оларды аудандық училищеден ары жібергісі келмеді. Кезек маған да келді.

– Ал, Илияс, сен қайда оқығың келеді?

Мен оған өзімнің арманымды қалай жеткізетінімді білмедім. Сөздерім ауызымнан шығуға даяр тұр, бірақ оларды айту сондай қорқынышты.

– Сен не, тіліңді жұтып қойғанбысың? – деп Мавлида Нұрғалиқызы қолымен үстелді ұрып қойды. – Әлде бұлттарда ұшып жүрсің бе?

– Жоқ, – деп әрең сөйледім.

– Қайда оқуға түсесің?

Барлығы тек маған қарады. Көздерінен байқап тұрмын, балалар да менің не айтатынымды тағатсыздана күтіп тұр. Не болса, сол болсын, шешімді ақырын ғана айттым:



– Университетке.

Таңданысынан директор ауызы ашылған қалпы үнсіз тұрып қалды. Ол көзін менен басқаларға жүгіртіп, олардан қайта маған қарады.

– Міне, сен жоғары ұштың-ақ! Байқа, ешкім естімесін – күлкіге қаласың! – деп дәптерін үстелдің үстіне тастады да қатты күлді. Одан кейін маған ренішті жүзбен қарады да қарсылықпен райымнан қайтаруға ұмтылды, – сендердің пікірлеріңді сұрағанымыз ол армандарыңды орындаймыз дегеніміз емес. Сен сияқтыларды Уфада күтіп тұр екен! Екіншіден, біз он бірінші сыныпты аяқтағанша ешкімді балалар үйінде қалдырмаймыз. Сен не, ерекшесің бе?

– Онда тоғызды бітірген аттестатымды алып өзімнің деревняма кетемін. Сол жерде орта мектепті аяқтаймын да...

Мавлида Нұрғалиқызы ары қарай сөйлетпеді:

– Олай болмайды! Содан кейін сен үшін жауап беріп жүрер жайым жоқ. Жақында тәрбиешіңе педучилищеге түскің келетінін айтыпсың. Енді тіпті құтырып кеттің – университетке деп желігіп тұрсың.

– Сіз өзіңіз сұрадыңыз ғой менің арманымды, содан кейін айттым.

– Оны маған емес, білім министріне айту керек. Сондықтан мына тізімді тезірек жіберуіміз керек. Ал сен болсаң бұл жерде уақытты алып тұрсың, – деп директор ұрысуын ары жалғастырды. – Сен өзің шамаң жететін бірдеңе айтуың керек.



Қане, университет туралы ұмыт, сені техникумға орналастырайық. Мысалы, электрликтің мамандығы кімнен кем?

- Ешкімнен кем емес. Бірақ ол маған ұнамайды.
- Егер ұнамаса, ұнайтын болады!

Біз директордың бөлмесінен шықтық. Ешкімнің де көңіл күйі болмады. Бұл әңгімеден кейін мен тағатымнан мүлде айырылдым. Егер директор шынында да мені техникумға жіберсе не болады! Ешкім құжаттарымды қолыма бермейді. Бірақ қалай болса да мен Мавлида апайдың ұсынысымен келісе алмадым. Өзің жақсы көрмейтін іспен қалай айналысасың? Жарайды, оқып шығып, диплом алдым дейік. Ары қарай? Жаным қаламайды...

Ұйқысыз түндердің бірінде басыма бір тың ой келе қалды. Директор ана жолғы тізімді білім министрі талап етіп жатқанын айтып еді. Қызық, ол қандай адам екен? Оның да жүрегі бар шығар. Әлде министрдің өзіне хат жазып көрсем бе екен?

Келесі күні ол жайында мұғалімдерден сұрастырып алдым. Министрліктің мекен-жайын да тауып алдым. Ешкім ол жайында білмеуі үшін бөлмеде өзім ғана қалған кезде хат жазуға отырдым. Бірінші мен өзімнің кім екенімді, қайдан екенімді, қалай оқитынымды айтып таныстырдым. Маған қандай пәндер ұнайтынын да жаздым. Өзімнің университетке түскім келетін ойымның бар екенін де хабарладым. Директордың оған келергі болып тұрғанын, тіпті менің туған дерев-



няма да жібергісі келмейтінін де жаздым. «Орта білімді алған соң мен өз күшіммен университетке түсетін боламын, бірақ, сізден өтінерім – менің 11 сыныпты аяқтағанымша балалар үйінде тұруыма көмектесуіңізді сұраймын», – деп қорыттым.

Бір ай өтер-өтпестен бізге Уфадан министрліктің өкілі келді. Сөйлесу үшін мені директордың бөлмесіне шақырып алды.

– Егер Ілияс осылай оқығысы келсе, қалсын, – деді әлгі әйел. – Оның қалауына кедергі жасамайық. Шынында да, оның қолынан келер...

Ақырында сыныптастарым тоғызыншы сыныпты аяқтап кетіп жатқанда мені балалар үйінде қалдырды. Бірақ министрге жазған хатым үшін маған көп рет таяқ жеуге тура келді.



ТУҒАН ҮЙДІҢ ТАБАЛДЫРЫҒЫНДА...

Бүгін өте ерте ояндым. Басталатын күн маған не дайындап тұр екен? Бұл сұрақ маған түні бойы маза бермеген еді. Өйткені мені аландатар оқиғалар күтіп тұр. Бүгін туған деревняма барамын. Үйіміз қандай жағдайда екен? Ауылдастарым мені таныр ма екен? Көршілеріміз тірі ме екен? Сол жолғы милиционердің бізді алдап үйімізден алып кеткен күнді есімде жақсы сақтап қалыппын, бейне бір кеше ғана болғандай. Бірақ бірнеше жыл өтті. Сол кезде қалада оқып жүрген екі ағам мен үлкен әпкемнің бүгінде өз отбасылары бар. Олар жыл сайын бізге келіп тұрды. Тоғызыншы сыныптан кейін Әлия мен Алсу балалар үйінен кеткен. Бүгінде мамандықтарын оқып жатыр. Бұл жерде Зульфира екеуіміз ғана қалдық. Уақыт өткен сайын бәрі өзгереді. Бұрын көңілге келер әрбір сөзден жылауға дайын тұрушы едік. Енді мұндай жайларға етім үйреніп алды. Әкем мен анамды да көзіме жас алмай есіме ала беремін. Бәлкім жылайтын жасым қалмаған болар.

Міне енді 11-сыныпты сәтті аяқтадым. Бірнеше күннен кейін Уфаға университетке түсуге алып барады. Үлкен сапардан бұрын туған үйіме баруға



шешім қабылдадым. Енді мен өзіне-өзі жауап бере алатын адаммын. Кезінде тіс дәрігеріне қашып баратын кезде Амиляның көмегіне жүгінуге тура келген болатын. Қазір бәрі басқаша. Айтпақшы, Амиля 9-сыныптан кейін училищеге түскен, тігінші болып шығады. Біз хат жазысып тұрамыз. Біздің жазалаушымыз Даян да балалар үйінен кеткен. Әйтеуір оны техникумға орналастырған, ол жайлы басқа ештеңе білмеймін.

Тезірек автобус келсе екен! Бұл көптен күткен күннің әр минуты мен үшін өте құнды, қымбат қой. Енді біраздан соң үйде боламын. Әлі күнге дейін өзіме-өзім сене алар емеспін. Жүрегім кеудемнен секіріп кетуге даяр. Жаным ең таза, нұрлы сезімдерге толы. Ауа райы да менің көңіл күйіме сай.

Өршіп бара жатқан шуға қарай бұрылып қарадым. Қоқыс контейнерінің жанында екі бомж бір-бірімен ұстасып қалды. Біреуі қолында бос бөтелке ұстап тұр, екіншісі оны тартып алмақшы.

– Бермеймін, – дейді әлгі жасы үлкенірегі. – Мен бірінші тауып алдым оны. Бар, өзіңе басқа жерден ізде.

– Бер деймін, айтпесе сазайынды тарттырамын!

Бөтелкені тартып алғысы келіп тұрған бомжды бір жерден көрген сияқтымын. Кір-кір футболка мен шалбар киіп алыпты. Сақал-мұрты көптен бері алынбаған, маскүнемдіктен беті ісіп кеткен, көзінің асты көгерген... Өмірде бірінші рет бомждарды жақыннан көріп тұрмын, бірақ анау жастауы маған



біреуді есіме салып тұрғандай. Еріксізден соларға қарай екі қадам аттадым да кенет Даянды таныдым! Иә, иә, міне маңдайындағы меңі де сол. Бұл кезінде мені қар мен мұздың үстінде жалаң аяқ жүгірткен, менің досым Фаритті екінші қабаттан лақтырып жіберген сол баяғы Даян болатын! Жек көрушілік сезімі мені тез бұрылып кетіп, бомжардың жанынан тезірек кетіп қалуыма әсер етті. Олар болса бос бөтелке үшін ұрсысқандарын ары қарай жалғастырып қала берді...

Деревняға келісіммен бірінші кезекте бейіт басына бардым. Бұл жерде менің ең жақын жандарым жатыр. Бұл жер менің ата-анамның дамыл тауып жатқан жерлері. Зираттардың аумағына оң аяғыммен бастап аттадым. Бүкіл денемді жеңіл діріл басып, жүрегім тез соғып кетті. Ата-анамның бейіттерін



тез таптым. Әкемнен айырылғанда біз күн көре алмаймыз деп ойлаған едім. Бізге қалай қиын болса да ата-анасыз өмір сүруді үйрендік. Бірақ оларды ешқашан ұмытқан жоқпыз. Олар ылғи жанымызда сияқты болып тұратын.

Бейіттері қаралған, тіпті гүлдер отырғызылған екен. Демек, ағаларым мен әпкелерім бұл жерге келіп, қараусыз қалдырмаған екен.

– Рақмет сендерге! – дедім өзімнен-өзім күбірлеп. Әке, сен үйреткендей біз үнемі бірге болуға тырыстық. Балалар үйінде де бір-бірімізді қолдап отырдық. Анашым, мен сені ешқашан ұмытқан емеспін. Сенің аяулы жүзің ылғи менің көз алдымда... – осы кезде анам фотосуреттен маған күлімдеген сияқты болды. Кішкене кезімде анамның менің шашымнан аялы алақанымен сипағанындай жылы леп есті. Көп жылдардан бері бірінші рет бейіт басында маған жеңіл болып, жаным жай тауып қалды. Жүрегіме жақын жандармен ойша сөйлескен соң деревняға қарай шықтым.

Үйімізге дейін санаулы қадамдар ғана қалды. Қазір бұрылысқа дейін барсам ары қарай біздің көше басталады. Қара шаңырағымыз қандай күйде екен? Бәрі жақсы болса екен деп қайталаумен болдым.

Әйтсе де туған үйімді бірден танымай қалдым. Қақпа баяғыда-ақ күнге оңып кеткен. Терезелер сынған... Аулаға кірдім – босап қалғандықтан жа-



ным жабырқап кетті. Үйдің ішінде мүмкін бәрі бұрынғыдай болар деп үміттендім. Алайда, үйдің есігі айқара ашық. Абайлап бөлмеге кірдім де қол-аяғым байланғандай тұрып қалдым. Үйде түк те қалмаған. Тіпті үй пешінің темір бөшектеріне дейін алып кеткен. Тек бір төсек қана қалыпты. Ол үйдің ішіндегі өтпе желден жалынышты сықырлап тұрды...

Бұл не болғаны? Бұл жерде ешкім тұрмағандай. Мен болсам бұл жерден отбасылық фотосурет көрем бе деп армандағам. Демек, ол арманның орындалмағаны ғой. Үйде бір де бір бүтін нәрсе қалмаған екен. Кезінде әкем маған бірдеңе берем деген еді, енді ол не нәрсе екенін ешуақытта білмей кететін шығармын. Ол өзі үшін ең қымбат нәрсе деп айтқан болатын. Балалар үйіндегі ең қиын сәттерде мен оны ұмытқан жоқпын, күндердің күнінде үйден тауып аламын деп армандадым. Бұл арман маған жақсы оқуға күш-қуат беріп, әкем тапсырғандай тәртіпті болуым үшін ынталандырып жүрген еді. Бүгін бұл арманым да қайырылмай өтіп кетті. Мен есіктің алдына келіп отырып, еріксіз жасқа булықтым...

Жақын жандарыма бардым, үйді көрдім – енді қайтадан балалар үйіне де қайтуға болады. Ертең мені Уфаға алып барады, демек, кешікпей жетуім керек. Мен қақпадан шығып бара жатқанда көшеде бір қарт кетіп бара жатқан еді, кенеттен аялдап тұрып қалды.



– Маған елестеп тұр ма, әлде, бұл шын ба? – деп ата ұзын сақалын сипады, – Ғиззаттың кіші баласысың ғой, шамасы?

– Иә, кішкентайымын, – деп жауап бердім оған жақындап келіп.

– Мәссаған! – ата екі қолын жайып жіберіп күлді. – Қаншама жылдар өтті! Аллаға шүкір, күткеніме! – Ол мені құшақтап, арқамнан қақты, тіпті аздап көзіне жас та алды.

– Ал сен мені танысың ба? – деп сұрады ол.

– Ештеңе деп жауап бермедім – ыңғайсыздандым, ол мені таниды, ал ол менің есімде жоқ.

– Мен Рамазан атамын, – деп ол маған көмектесті. – Қазір деревнядағы ең үлкені менмін. Сендер кішкене болдыңдар, сондықтан есінде жоқ шығармын. Әкенді соңғы сапарға шығарып салған едім. Жуыпшайып, кебіндеп, жерлеуге қатыстым. Әх, өмірден ерте кетті, өте ерте...

– Мен оның соңғы сөздерін қостағандай басымды изедім.

Жүре ғой, балам, мен саған бірдеңе беруім керек, – деп ата таяғына сүйеніп алға адымдады. Мен оның жанына ердім.

Үйіне келген соң ата маған отыруымды сұрады, өзі болса сандықтағы заттарын ақтаруға кірісті. Қайта-қайта өзіне-өзі сөйлеп жүр:

– Не деген ұмытшақ бас бұл! Мында қойған сияқты едім. Қайда кетуі мүмкін?

Қызық, Рамазан ата ол жерден не іздеп жатыр? Сандыққа салып қойғанына қарағанда, демек,



маңызды зат болғаны. Ата көбірек іздеген сайын маған да соғұрлым қызықтырақ бола түсті.

– Міне-міне! Таптым!

Ата қуанып келіп жаныма отырды. Ол өзінің тапқан нәрсесін алақанында ұстап тұрып маған көрсетуге асықпады. Арыдан бастады:

– Сен қазір қай сыныптасың, балам?

– Он бірінші сыныпты аяқтадым. Енді университетке түсуге дайындалып жүрмін.

О-о-о! Жақсы, керемет! Әкелерің өмірден қайтқанда сендер кішкене болдыңдар. Жаны қиналып жатқанын естіген соң оған барған едім. «Байқаймын, әл-дәрменім кетіп барады, – деді ол. – Егер олай-бұлай болып кетсем мына нәрсені кішкене ұлым Ілиясқа берші». Содан соң көп ұзамай қайтыс болды. Мұны мен саған беруге үлгермедім – сендерді апыр-топыр балалар үйіне алып кетті. Кемпірім өмірден қайтқан соң әкеңнің аманатын орындай алмай мен де өліп қаламын ба деп қорықтым. Жоқ, Аллаға мың да бір шүкір! – Ата маған көзіме тік қарап тұрып қолын созды. – Мә, ұлым, әкеңнің естелігі ретінде қабыл ал.

Алақанында тұмар жатты! Міне, әкемнің маған бергісі келгені осы екен. Асқан жауапкершілікпен, саусақтарым дірілдеп тұмарды қолыма алдым.

– Сақтап, қорғап жүр оны, Ілияс, – деді Рамазан ата. – Бұл жай нәрсе емес, тарихи жәдігер. Мұнымен сенің атаң соғыстан тірі қайтқан. Иә, иә, бұл тұмар жарты Еуропаны аралап қайтқан. Қайтыс боларының



алдында мұны атаң сенің әкеңе берген. Енді міне, Физзаттың өтініші бойынша оны саған тапсырамын.

– Рақмет, ата, сізге көп рақмет! – қуанышымды жасыра алмай атаны құшақтай алдым.

– Сенің атаң да, әкең де жақсы адамдар болды. Бүкіл деревня оларды құрметтеп, сыйлады. Осы тұмарға сен де адал бол – жақсы өмір сүр, адал бол, ата-бабаларыңның жандары сенің жаман мінездерің мен жаман істеріңе қиналмайтын болсын.

– Иә, ата, түсіндім бәрін.

– Сен қалай деп едің, увенисер...

– Университет, – дедім күлімдеп.

– Иә, иә. Соған түсуге тырыс, – деп ата да күлімсіреді. – Аудандық газеттен сендер туралы мақалаларды оқып ылғи қуанып жүрдік. Қарашаңырағыңды ұмытпай, осыншама жылдардан соң іздеп келген сен жарадың. Байқауымша, осы жолыңда көптеген сынақтар да болған сияқты. Аллаға шүкір, сен бәрінен өте білдің. Уфада да емтихандардан ойдағыдай өтіп кетесің деп ойлаймын...

Рамазан ата шай әзірледі. Керемет дәмі бар бұлақтың суы мені алыста қалған балалық шаққа қайта әкелгендей. Әлденіп алған соң мен жолға жиналдым.

– Отбасылық тұмарды үнемі сақтап жүр, балам! – деп ата қол бұлғап қош айтысты.



ЕМТИХАН

Кештен бастап ертеңгі сапарға дайындала бастадым. Қоймадан азық-түлік бөлді: екі килограмнан күріш, қарақұмық, макарон, бір килограмнан қант пен кәмпит. Жаңа шұлықтар мен дәптерлер, қаламдар берді. Алдын-ала көйлегім мен қысқа жеңді мектеп формасын жуып қойдым. Барлық азық-түліктер мен заттарды салып алатын тек қана жол сөмкесі ғана болмай қалды.

– Бізде қанттан босаған қаптар көп, ал, – деп қоймадағылар айтқан соң бүкіл «дүние-мүлігімді» сондай қапқа салуға тура келді.

Менің туған ауылым болмаса да Сальманово да менің өмірімнің бір бөлшегі болды. Бұл жерде жақсы достар таптым, мектеп менің қалыптасуыма әсер етті. Мұғалімдерге көп рақмет! Олар барлық оқушыларға бірдей қарады. Сен ауылдағы отбасынансың ба, балалар үйіненсің бе – бәрібір болатын бәріне бірдей талап қойды. Сондықтан болар, оқу жеңіл болды. Барлығына алғыстан басқа айтарым жоқ.

Мен енді бұрынғы Ілияс емеспін. Әрбір ісіме жауап бере аламын. Ал балалар үйіне кіп-кішкене марғау сияқты кезімде келген едім. Райфа апай да,



Флюра тәте де, достарым да менің көзімді ашты. Солардың айтуы бойынша қорытынды шығарып отырдым. Керек кезде үлгі алдым.

Алғашқы кезде «мемлекеттің киім-кешегін қайтар», «сені мемлекет асырауда» деген сөздерді естігенде қатты ыңғайсызданатынымын. Мемлекет деген кім екен деуші едім. Енді ғана ол сұрағыма жауап таптым: мемлекеттік есеп – жалпыхалықтық қазына екен ғой. Ал мен оны бұрын бір бай адам деп елестететінмін. Бізді ұзын немесе қысқа, өте жұқа киімдермен киіндірсе де мемлекет үшін алғысым шексіз. Демек, барлық халыққа да. Ата-анамыз қайтқан соң сол ғой бізді көшеде қалдырмай, қанатының астына алды, аяққа тұрғызды. Сол үшін мен барлық адамдардың алдында қарыздармын.

Уфаға бара жатқан жол бойы мен осы жайында ойланып бардым. Қызық, мұндай ойлар қайдан шығады?! Солайша мен туған мекен болған жерлермен қоштасқан болармын.

Астанаға директор Мавлида Нұрғалиқызымен бірге бара жаттық. Жол бойы ол маған бірде-бір сөз айтпады. Уфаға келіп, үлкен ғимараттың алдына тоқтадық.

– Мынаны ал, – деді директор менің қолыма салмақты бір қорапты беріп тұрып. Оны кетер кезімізде балалар үйінің қоймасынан алып шыққан болатын. Егер онда құжаттар болатын болса қорап жеңілдеу болар еді. Онда екі толы қалтамен тәттілер бар екенін байқадым.



Директордың соңынан ердім. Үлкен есікті ашып ішке кірдік. Ішінен қарағанда ғимарат тіпті әдемі болып көрінді. Дәліздің екі жағында көп бөлмелер бар екен. Бұл жерде үлкен бастықтар жұмыс істейтін болар. Екінші қабатқа көтерілер жерден солға бұрылып дәліздің соңына дейін жүрдік. Осы жердегі темір есіктің алдына келгенде Мавлида Нұрғалиқызы өзіне-өзі келу үшін сәл бөгеліп қалды. Осы жерде үнемі қату жүретін директордың қабағы жадырап, жүзіне күлкі үйірілді. Есіктің ішінен бізді әйел адам қарсы алды.

– Қайырлы күн, қамқоршымыз біздің, – деп Мавлида Нұрғалиқызы амандасып жатыр. Қалай білмегенмін, біздің директор басқа адамды осылайша жылы қабылдай алады екен ғой. Мен оның мұндай кейпін бірінші рет көрдім.

– Сәлеметсіздер ме, сәлеметсіздер ме, – деп әйел көзілдірігін шешіп жауап берді.

– Мен біздің таулы ауданнан сұлулардың сұлуына, ақылдылардың ақылдысына, педагогтардың педагогына ыстық сәлем әкелдім, – директордың мұндай шешендік сөздері мені таң қалдырды. – Кішкентай ғана сәлемдеме – сыйлықты қабыл алыңыз.

Бұл сөздерден кейін тәкәппар әйелдің көздері жарқырап кетті.

Рақмет, – деді ол, біресе қорапқа, біресе маған қарап. – Мен ылғи сізді басқа балалар үйінің директорларына үлгі етіп айтып отырамын. Жолдың алыстығына қарамастан Уфаға жиі келіп тұрасыз. Ылғи ізденісте жүресіз.



Мавлида Нұрғалиқызы қысылған қалып танытып, қолын жайды:

– Барынша тырысып жүрміз.

– Айтпақшы, Мавлида Нұрғалиқызы, сізді мемлекеттік марапатқа ұсынсақ па дейміз. Мен өзім айналысамын онымен. – Бұл сөзден соң директор тіпті еріп кетті. Менің арқамнан қалай қаққанын өзі де білмей қалды-ау деймін. Мавлида апай да мейірімді бола алады екен ғой! – ал қазір біздің жаққа қандай жұмыстармен келдіңіз? – деп бөлменің иесі сұрақ қойды.

– Кандидаттық диссертациямды бастайын дегенмін. Айтып-айтпай не керек, тәжірибем жеткілікті.

– О-о-о, қолдаймын және табыстар тілеймін. Ал мынау жасөспірім кім?

– Менің балаларымның бірі, – деп Мавлида Нұрғалиқызы күлген кейіп танытып басымнан сипады. – Әйтеуір бірдеңе қылып университетке түсуіне көмектескім келеді. Осы баладан бірдеңе шығатын сияқты. Бұл баланы бірдеңе қылып университетке тықпасам мен болмай кетейін.

– Сіздің жаныңыздың жомарттығына таң қалуды тоқтатпаймын. Нағыз педагог осындай болуы керек.

Содан кейін менің дәлізге шығуымды өтінді де өздері бірдеңе жайлы ұзақ әңгімелесті. Байқаймын, Мавлида апай өз мақсатына жеткен сияқты – бөлмеден өте риза болып шықты. Көлікке тағы да отырып бір жаққа кеттік. Мен университетті көргім келіп шыдай алар емеспін.



– Апай, университетке қашан барамыз? – дедім мен ұзақ үнсіздіктен кейін.

– Ой, иә! Мына құйрық маза бермейді. Көлікті тоқтат, – деп бұйырды жүргізушіге, – Келдік, көліктен шық!

– Университет қайда?

– Асықпа, тыңда мені. Міне, сенің құжаттарың. Аттестатың да, барлық анықтамаларың да осында, – деп маған кішкене папканы ұсынды. – Міне саған 500 рубль, өмір сүруіңе. Егер дұрыстап жұмсайтын болсаң жетеді. Бір бөлке нан 15 рубль тұрады, демек, мына ақшаға біраз өмір сүруге болады.

– Сіз мені университетке апармайсыз ба? Мен ол жаққа қалай бару керек екенін білмеймін ғой...

– Түк білмегенсіңбе! Менің сыртымнан министрге арыз жазғанда ешкімнен ақыл-кеңес сұраған жоқсың ғой! Сенің тілің ұзын. Сондықтан университетті өзің тауып ал! – директор көлікке отырды да есікті тарс етіп жауып алды, олар ары қарай кетіп қалды.

Бірінші рет үлкен қаладамын. Таныстарым да, жақындарым да жоқ. Университетке қалай жетсем екен? «Горсовет» деген аялдамада ұзақ тұрып өзіме-өзім келе алмадым. Жолаушылар маған таңдана қарасып кетіп бара жатыр, шамасы қап көтерген адамды алғаш көріп тұрған болулары керек.

Асығу керек, кеш түсейін деп қалды. Шіркін, қолымда қаланың картасы болғанда ғой... Киоскіде бар-ау бәлкім. Елу рубльге Уфаның картасын



сатып алдым, ол жерде жоғары оқу орындарының мекен-жайлары мен оған қалай жету керектігі белгіленген. Жақсы болды! Мен таңдаған университет Телеорталықтың жанында екен. Алыстау, жаяу жүрсең бір күнде де жете алмайсың. Жолдың арғы жағына өттім де автобуска отырдым.

Ақыры армандаған оқу орныма келдім. Болашақ мұғалімдер білім алатын жер осы жер екен ғой. Қабылдау комиссиясына кірдім, қажетті құжаттарды тапсырдым, өтініш жаздым. Қолхат беріп барлық құжаттарымның көшірмелерін алды.

– Емтихан болатын күні келіңіз. Ал қазір бара беріңіз, – деді маған бір маман. Бірақ мен бөлмеден шығуға асыққан жоқпын. Қайда барарымды білмедім. Емтихан болатын күнге дейін көшеде қаңғырып жүре алмаймын ғой. Ақыры әлгі әйелге бәрін түсіндірейін деп оқталдым.

– Аландама, қазір студенттердің кәсіподағына барып сенің тұратын жеріңнің мәселесін шешеміз, – деді ол. – Жетімдерге жатақханаға тегін беріледі. Менің соңымнан ер.

Бір сағаттан соң мен жатақхананың үш кісілік бөлмесінде демалып жаттым. Жолдан шаршап жатып өмірде жақсы адамдардың көп екеніне қуандым.

Міне, астанаға келдім, университетке құжаттарымды тапсырдым, жатақханадан орын алдым. Ендігі менің мақсатым – емтиханды жақсы тапсырып шығу.

Жатақханадан ешқайда шықпадым деуге де болады – жақын жердегі дүкенге барып, қайта



бөлмеме келіп отырдым. Күндіз де, түнде де оқи бердім. Маған босаңсуға болмайды. Егер оқуға түспей қалсам үлкен масқара болады! Мавлида Нұрғалиқызы онда қуанады, менің аты-жөнімді бәріне айтып мазаққа айналдырады. Жоқ, олай етуге болмайды! Қалай болса да мен университетке түсуім керек! Кейде кітабымды қолыма ұстап ұйықтап жүрдім. Осылайша өткенді қайталаумен бір аптадан артық уақыт өтті.

Екі емтиханды мен «үздік» тапсырдым. Қуанышымда шек болмады, бірақ оны бөлісетін айналамда ешкім болмады. Басқаларды ата-аналары күтіп тұрды. Ал менімен бірге қуанатын адамның болмауы да маған ауыр тиді. Орыс тілінен диктант жазу мен ана тілінен шығарма жазу ешқандай қиындық туғызбады. Ал енді тарихпен қиындау болды. Ақпараттардың көптігінен басымда бәрі ауысып кетті. Ертең таңертең – соңғы емтихан. Тізем қалтырап қорықтым. Жылдардан шатаспасам екен. Қолыма тұмарды алып, білетін барлық дұғаларымды қайталадым:

– О, Аллам, өтінемін, сұраймын, көмектесе гөр маған. Менің жоғары білім алғым келеді. Менің дұғатілектерімді қабыл ете гөр...

Емтиханда бәріне сұрақтар жазылған қағаздар үлестіріп берді. Жауаптарын да сол жерге жазуымыз керек болды. Иә, соңғы емтихан бәрінен қиын болды. Жауаптарымның дұрыстығына өзім де күмәндана бастадым. Көп ойланған да артық екен.



Профессор болса үнемі қатар-қатармен жүріп талапкерлерді бақылаумен болды. Бір жігітті шпаргалкамен ұстап алып, аудиториядан шығарып жіберді. Сол сәтте менің жүрегім кеудемнен секіріп кетердей атқақтап кетті!

– Уақыт бітті, жұмыстарыңды өткізіндер! – деп емтихан алушы хабарлады. – Ертең осы аудиторияда жиналамыз. Емтиханның нәтижесін хабарлайтын боламыз!

Маған сол тәулік бір жылдан да артық болып көрінді. Түні бойы ұйықтай алмай дөңбекшіп шықтым. Ойыма не келмеді десеңші! Соңғы емтихандан ұшып кетсем не боламын! «Кезінде кәсіптік-техникалық училищеге орналастырайын дегенде тыңдамап едің, жалын енді маған» – деп директор мәз болады. Ұят-ай! Таңертең ерте мен университет табалдырығында тұрдым...

Белгіленген уақытта бәріміз аудиторияға кірдік. Қолында қағаздары бар кешегі профессор да келді. Онымен бірге декан, яғни, факультеттің басшысы да кірді.

Декан емтиханды жақсы тапсырып, қорытынды баға бойынша оқуға түскен талапкерлердің аты-жөндерін оқып жатыр. Біреуінен кейін біреуі аты-жөндерін естіп, орындарынан тұрып оқытушыларға алғыстарын жаудырып жатыр. Кейбіреулер қуаныштан шапалақ соғып, орындарында секіріп жүр. Енді біреулер қуаныштың көз жасын тоқтата алмауда. Он тоғыз фамилияны айтты. Он шақты адамның бастары төмен түсіп кетті.



Менің аты-жөнім де айтылмады... Армандарым бітті осымен! Енді заттарымды жинап, балалар үйіне қоңырау шалу ғана қалды. Қалтамда ақшам да қалмады. Мұғалімдердің көзіне қалай қараймын? Мен үшін әлі балалар үйінде жүрген Зульфира да ұялатын болды.

– Назар аударыңыздар! – деп айқайлады декан, шуылдаған аудиторияны тыныштандыру үшін, – кешіріңіздер, мен тағы бір адамның аты-жөнін ұмытып кетіппін. Ілияс Мұхаметов осында ма?

Қолдарым дірілдеп, тілім де күрмеліп қалды:

– О-о-осында! – деп орнымнан тұрдым.

– Құттықтаймын! Сізде де «бес». Бүгіннен бастап біздің университеттің есіктері сіз үшін айқара ашық!

Бұл сөздерден кейін қандай сезім кешкенімді бірдеңе етіп жеткізу де артық болар. Мен бақыттан басым айналып аспанның жетінші, жо-жоқ, мыңыншы қабатында ұшып жүрген шығармын!



ЕРТЕГІСІЗ ӨТКЕН БАЛАЛЫҚ

Хикаят

АНАМНЫҢ ДАУЫСЫ

Біздің балалар үйіне тап болғанымызға бір аптаға жуық уақыт өтті. Жаңа өмірге үйрену қиындау екен. Өте көңілсіз, ештеңе істегің келмейді. Бүкіл ойымыз туған ауылымыз, қара шаңырағымыз. Ех, өмір-ай... Қалай ғана бұлай болды? Әке-шешеміз қалайша бізді ерте тастап кетті? Оларсыз жер бетінде өте қиын... Жақын жандарыңды еске алу көзіңе жас келтіреді. Бірақ бұл жерде жылауға болмайды, соны аңдып жүрген балалар мазақтап, ұятқа қалдырады. Сондықтан өзіме балалар үйінің артындағы ақ қайыңдар алаңқайынан бір жер тауып алдым. Сол жерге жүгіріп барамын да, ешкім көрмей тұрғанда көз жасыма ерік беремін.

Соңғы кездерде қызық түстер кіріп жүр, анам тірі сияқты, жұмыстармен шығып кетіп, міне-міне оралатындай болып тұрады. Әпкелеріммен, қарындасыммен оны тағатсыздана күтіп, үйдің



ішінде тазалық пен тәртіп орнаттық. Білемін, анамыз ешқашан құр қол келмейді, міндетті түрде бізге тәтті-дәмділер әкеледі. Міне, міне, ол есікті ашып, үйге енеді. Міне, қазір... Дәл сол сәтте оянып кетемін. Бұл түсім екенін сезгеннен соң жаным ауырғаннан тістерімді шықырлатамын. Анам ешқашан қайтып келмейді...

Бір күні бөлмеме әпкем Әлия жүгіріп келді:

– Илияс, қарашы, мен не тауып алдым?! – ол менің алдымда аудиокассетаны ұстап тұрды. Бақытты сәттен жүзі бал-бұл жанып тұр. Таң қалғаннан орнында тұрып секіріп-секіріп қояды.

– Бұл не?

– Есінде ме, мен анамыздың ән айтқанын жазып алып едім ғой, – деді Әлия. – Жаңа үйден жіберген заттарымды реттестіріп жатып мына кассетаны тауып алдым. Сенемісің?

Біз қуанғаннан құшақтасып кеттік. Қандай бақыт десеңші! Анамыздың дауысы сақталыпты, қазір оны тыңдаймыз... Алаңдағаннан үнім шықпай қалды, қолдарым дірілдеп кетті, ал жан дүнием рахат сезімінде...

Әзілдеп тұрған жоқсың ба? – деп тағы да сұрадым. Әпкем менімен ойнап тұрған жоқ па деп қорқып кеттім.

Қарсы алдымыздан анам пайда бола кететіндей. Ол бізге сөйлейді, біз болсақ оны мұқият тыңдайтын боламыз.

– Мұндай нәрселермен әзілдесуші ме еді! – деп Әлия ренжіген кейіп танытты.



Біз тәрбиешіге жүгіріп барып одан магнитофон сұрадық. Біздің топта ол жалғыз ғана, тек мерекелерде ғана беріледі. Бізге магнитофонды қолдануымызға бір сағат берілді.

Әпкемнің бөлмесінде ешкім жоқ. Магнитофонды қостық та, кассетаны қойып, үнсіз тыңдауға көштік.

Басында анамның әні емес, басқадай түрлі дыбыстар естілді. Жүрегіміз атқақтап тұр! Кеудемізден секіріп шығуға даяр. Бұл біз үшін нағыз кездесу болайын деп тұр! Көзімізді жұмып, қайта ашсақ болды, анамыз тап алдымызға келетіндей!

Әлия қандай ақылды десеңші! Бұрын ол түрлі қызықты нәрселерді жақсы көретін. Бізге ән салдырып, тақпақтар айтқызып, соның бәрін магнитофонға жазып алушы еді. Анамның дауысын жазып алу да ойына қалай келді десеңші.

О-о-о... Міне, сол дауыс...

« – Анашым, өтінемін, өзің жақсы көретін бір әніңді орындап берші.

– Балапандарым, қазір әкелерің келеді. Үйде жұмыс көп, қазір ән шырқайтын кез емес.

– Ана, айтыңызшы...

– Біздің Абзелилово жайлы ма?

– Иә...

– Жарайды, балапаным, алдымен бұл әннің тарихы жайлы айтып алайын. Бұл ән біздің деревнядан шыққан. Шұғайып деген авторы оны халқымыздың сүйікті әншісі Роза Ақкүшіковаға арнаған. Бүгінде бұл әнді радиодан жиі беріп жүр...»



Осы жерден біз аудиокассетаны тоқтата тұрдық. Демала тұрсақ қой... тамағыма тас тұрып қалғандай. Бізге жақын дауыстан денемізде діріл пайда болған... Қатты жылағым келіп тұр, бірақ болмайды, әлсіздік таныту ұят... Сондықтан бір-біріміздің көздерімізге де қарамаймыз. Бұл біздің анамыз ғой! Тірі! Ол бізбен сөйлесіп тұр. Оның дауысы сондай жұмсақ. Әр сөзі жанымызды ерітіп барады. Оның «балапаным» деген бір ауыз сөзі үшін мен бүкіл жер бетін жаяу аралап шығуға дайынмын. Ана...

Әпкем мұрнын бір тартып қойып ақырын ғана магнитофонды қосты. Бүкіл әлемді анамның әні әлдилеп кетті:

*«Жан жадыратар бұлбұл құсты жырлатып,
Бұлбұл үнін тыңдау маған бір бақыт.*

*Бұлбұл әні – көңілімнің жалауы,
Бұлбұл әні – жүрегімнің алауы.*

*Шырқаса ол ойға келер бәрісі,
Оның әні – Отанымның дауысы.*

*Ел сенімі – халымыздың өскіні,
Байлық, бақыт – халықтардың достығы.»*

Ән жанымды нұр мен жылуға толтырды, өзімді жеп-жеңіл сезіндім. Ерекше бақытты сезіндім



өзімді. Қайғы мен мұңды, күнделікті қиындықтар, күйбең тірлікті ұмыттым. Ананың сиқырлы дауысы жан дүниенің ең терең жараларын да емдей алады екен. Армандар мені туған жеріме, ең қымбат, ең жақын жандарыма алып кетті. Сол сәтте мен жетімдер үйінде емес, өзімнің үйімде жүргендей болдым, хош иісті шай ішіп отырғандаймын... Ал анам сөзін ары қарай жалғастырды: «Жандарым менің! Ар-ұятты бірінші орынға қойыңдар, таза, адал өмір сүріңдер. Сонда сендер бұл әлемде нағыз адам боласыңдар...» Дауыс кенет үзіліп кетті.

Қап, Әлия неге ғана көбірек жазып қалмады екен?! Анамның соңғы сөздерінен кейін мен өзімді біртүрлі сезініп кеттім, ерінім дірілдеп кетті. Бұл сөздерде бізге тілек те, мұң да, өкініш те, бізбен қоштасу да бар еді...

Біз ұзақ уақыт үндемей қалдық... Жан азабы, сағыныш, анамызды жоғалтқан өкініш ерекше бақыт сезімімен араласып кетті! Ананың дауысы не деген қымбат, жақын дауыс десеңші! Оның сөздері біздің жан дүниеміздің қақпасын ашты, бұл әлемде біз енді жалғыз-жарым емеспіз. Өмірдегі аяулы анамыз тірі! Жүректерімізде ән ұзақ уақыт күмбірлеп тұрды. Жоқ, біз бәрібір бақыттымыз... анамыздың дауысымен бірге бақыттымыз!

Міне, енді күн ұзарды, көшеде жап-жарық. Біз бөлмеде жиналып ана жолғы кассетаны тыңдап жүрміз. Зульфира қарындасым үнемі қатты алаң-



дайды, себебі анамыз «қарлығашым» деп оған қарата айтты ғой. Қазір де осы сөзді ести салысымен жылай бастады. Біз де бір-бірімізге көрсетпеуге тырысып ағыл-тегіл жылаймыз. Әнді тыңдаймыз, өсиет сөзін тыңдаймыз... содан соң тоқтайды.

Анамды тағы да тыңдағым келеді, – Зульфира осымен бірнеше рет магнитофонды қайта қосты. Тағы да бәріміз бірге анамызбен біргеміз....

Анамыздың өсиет сөзі бізге зор күш береді – нағыз адам болып өсуіміз керек! Мектепке барғанымызда осы сөздер жүректерімізде сөйлеп тұрады. Ол сөздер бізді барлық жерде қорғап, еріп жүреді. Қазір мектепте жақсы оқуға талпынып жүрміз. Нашар бағаларды, екіліктерді алуға болмайды.

Біздің кассетамыз жайлы хабар Даянның құлағына жеткен екен. Кассетаға көзін тікті – радиодан үнемі беретін сәнді музыканы магнитофонға жазып алғысы келді. Магнитофонды уақытша сұрап алады, ал әнді қайда жазатынын білмеді.

– Сендерде аудиокассета бар деп естідім. Дәл қазір соны маған бересің! – деді қатты сөйлеп.

– Мен Даяннан қорқатын болсам да үндемей қала алмадым:

– Ол кассета өзімізге керек! Онда біздің анамыздың дауысы жазылған!

– Мені онда кімнің дауысы жазылғаны қызықтырмайды. Сені ұрмасын десең тез арада оны әкеп бересің...



Осы кезде Әлия енді. Даянның маған ашулы көзқарасы бәрін өзі-ақ айтып тұр еді. Ол мәселенің неде екенін бірден біліп қойды.

– Неге менің ініме тиісе бересің? – деп әпкем маған ара түсті.

– Ал сен қыз, неге өзгенің ісіне араласасың? – Даян ашулы кейіпте төбелеске дайын екенін білдірді. – Мен одан кассетаны тартып алайын дегенмін, ол маған өзі әкеп беретін болады. Табады! Таппай көрсін!

– Осыдан Ілиясқа тиісіп көр! Менің үлкен ағаларым келгенде сыбағанды аласың! Ол саған кассетаны қайдан тауып береді? Ол менде сақталып тұр, мен де оны ешкімге, ешуақытта бермеймін! Жүр, бұл жерден кетейік, – деп әпкем мені қолымнан тартып алып шықты.

– Мен сендерге көрсетем... – Даян бізді ашулы жүзбен шығарып салды.

.... Әлия екеуіміз мектептен көңілді келе жаттық. Жақсы көңіл күйде болуымызға себеп бар. Бүгін Әлия бірнеше бестік баға алды, менің күнделігіме де жақсы бағалар толған. Осылай жалғаса берсе осы тоқсанда «төртке» шығуымыз мүмкін.

– Ілияс, бүгін қандай күн, білесің бе? – деп менен әпкем емтихан алғандай сұрады.

– Білмеймін... – бірден жауап бере алмай қалдым.

– Солай ма? Ұят емес пе саған? Бүгін біздің анамыздың туған күні емес пе!

Шынында да, қалайша басымнан шығып кеткен екен?! Егер тірі болғанында анамыз 44 жасқа толар еді...



– Шіркін, анамыз тірі болғанында бізге қарап қалай қуанатынын сезсең ғой! – Әпкем ауыр күрсінді.

Осынау керемет күнде анамызды көбірек еске алғымыз келді. Сондықтан түскі астан соң Әлияның бөлмесінде жиналып анамыздың дауысы жазылған кассетаны тыңдаймыз деп ақылдастық. Иә, біз оны күнде тыңдасақ та жалықпаймыз!

Біз топқа келдік, Әлия өзінің бөлмесіне бұрылды, мен де киім ауыстыруға кеттім. Бес минуттан соң қыздардың бөлмесінен айқай мен қатты жылаған дауыс естілді. Мен не істерімді білмей тұрып қалдым да, бірден не болғанын білуге жүгірдім. Әлияның бөлмесіне жүгіріп кіре салысыммен оның шашылған заттарды жинап, жылап отырғанын көрдім. Еденде кітаптар мен дәптерлер, ұсақ-түйек заттар шашылып жатты.

– Не болды? – деп сұрадым.

– Ол ұрлап кетті... Мына жерде жатқан еді... – Әлия сөйлей алмады, көз жастары мен өксік оның сөздерін тұншықтырып тұр еді.

– Не болды? Адамша түсіндірсеңші...

– Біздің кассета! Анамыздың дауысы!

Әпкемнің сөздерінен өзімді жаман сезіндім. Қаным басыма теуіп, еріндерім жыбырлап кетті... Даян ғана істей алады мұны! Мен өзімнің қимылдарыма жауап бере алмай қалдым, мені басқа біреу басқарып тұрған сияқты. Бір минутты да жоғалтпау керек! Бірден Даянның бөлмесіне



қарай жүгірдім. Есікті қақпастан жебедей атылып бөлмесіне кірдім. Даян төсекте жатып музыка тындап жатыр екен. Ешқандай сөз айтпастан магнитофонға жармастым.

Аң-таң болып Даян орнынан атып тұрды:

– Сен не, бокмұрын, ақылыңнан адастың ба?

– Кассетаны бер. Онда анам бар! – деп айқайладым оған.

Менің бұл әрекетімнен Даянның көздері алақандай болды, жұдырығын түйіп төбелесуге дайындалды. Көмекке әпкем жүгіріп келді. Даянға ұмтылып барып оның бетін тырнақтарымен тырнап жіберді. Шу басталып, абыр-сабыр болып кетті. Біздің дауыстарымызды естіп тәрбиеші жүгіріп келмегенде мұның бәрі немен бітері анық емес еді.

– Сендер не үшін төбелесіп жатырсындар? – деп бізді тоқтатқысы келді.

– Ол біздің кассетамызды ұрлап алды! – Әлия жылап тұрып болған нәрсені айтты. – Онда біздің анамыздың дауысы жазылған болатын!

Тәрбиеші қысқа жауап берді, біздің сөзімізді жақтады:

– Тап қазір бер кассетаны! – деді Даянға. – Ал магнитофонды енді сұрамаңдар. Мен оны бөлмеге тығып, есігін сыртынан жауып қоямын.

Қуанышым қойныма сыймады! Кассетаны біз тез-ақ қайтарып алдық! Уақытында қимылдамасақ бұл жазбаны қайтара алмас едік. Кешірек, тәрбиеші болмағанда әлгі Даян не істесе де дайынмын. Содан келер көресінді көріп алдым. Ең бастысы – біз



анамыздың дауысын құтқарып қалдық, ол бізбен бірге.

Біздің магнитофонды бермейтін болған соң басқа топтан сұрауға мәжбүр болдық. Бірден кассетаны қостық та тыңдауға кірістік. Бірақ... ерте қуанған екенбіз, өте ерте. Біз кассетаның бір жағын тыңдадық, одан соң екінші жағын қойдық... Қайдағы бір рок-концерт... Даян біздің жазбамызды өшіріп үлгерген екен!

Сол кезде біз қандай күйді бастан өткергеніміз сізге белгілі болар... Солайша соңғы қуанышымыздан айырылдык. Анамыздан екінші рет айырылдык. Енді біржола жоғалттық...





СЫНАҚ

Соңғы кездерде біздің топтың оқу үлгерімі нашарлап кетті. Бұл жолы біреу екі алса, одан кейін тағы біреуі алады. Ол үшін балалар үйінің директоры әдетте тәрбиешілерге ұрсады, ал олар бізге айқайлайды.

Бұл жолы Райфа апай, біздің тәрбиешіміз, бәрімізді жинап алып екі алғандарға ұрсуды бастады:

– Сендер – арамтамақсыңдар! – сілекейін шаша айқайлап тұр. – Жылы жерде ұйықтауды, тойып тамақ жеуді ғана білесіңдер, басқа жұмыстарың жоқ. Сендерді асырағаннан мемлекетке шошқа фермасын ашқан анағұрлым тиімдірек. Сендер біздің балаларымыз түсінде де көрмеген игіліктерге шомылып жүрсіңдер. Жарты тырнақтай болса да пайда жоқ сендерден.

– Күндердің күнінде бізден де пайда болады, – деді Амиля. Өзінің сөзін бөлгені үшін Райфа апай тіпті қатты ашуланды.

– Шайтан алғыр, сен бе! Мен сөйлеген кезде ауызыңды ашушы болма, ақымақ!

– Мен шайтан алғыр емеспін...

– Үндемей қалу қолыңнан келмесе, мә саған!



Райфа апай аяғынан ауыр тәпішкені бірден шешіп алып Амиляға лақтырып жіберді. Тәрбиешінің «қаруы» нысанаға дәл түсті, тәпішке қыздың қолына қатты тиді.

Қолы ауырғандықтан ол жылап шығып кетті. Бәрінің көзінше Амиляның ауызын жаптырғанына масаттанып, тәрбиешінің көңіл күйі бірден көтеріліп кетті. Сол жағдайдың қожайыны ретінде сезінген ол бізге ұрсуын ерекше сезіммен жалғастырды. Енді бәрімізге тиісті.

– Мен ойланып мынандай шешімге келдім, – Райфа апай тоқтаусыз ұрысқаннан терлеп кеткен көзілдірігін сүртті. – Халықта сөз бар: «Қолы қимылдағанның ауызы қимылдайды». Бұл мақалды мен басқаша айтар едім: «Кім оқымайды, сол тамақ жемейді». Сондықтан бүгіннен бастап байқау жарияланады. Осы тоқсанды кім бәрінен үздік, үштік бағасыз аяқтайды, сол жүлде алады: бүкіл топ оған бір реткі түстен кейінгі тамағын береді. Осындай талапқа келісесіңдер ме?

Көпшілігі келісімін берді. Динар деген бала ғана үндемей қалды. Шынын айтқанда, ол барлық сабақтардан екі алып қажып жүрген еді. Күн сайын ол мектептен жаман бағалар алып келетін. Жұрттың күлкісіне қалған оған «академик» деген лақап ат берілген.

– Сен неге үндемей отырсың, академик? – Райфа апай мысқылдай сұрады.

Білмеймін..., – деді Динар. – Түстен кейінгі тамаққа қандай да бір жемістер берілсе, оның барлығы әлгі оқымыстыға беріледі ме?



– Қолыңнан келсе, сол оқымысты сен бол, – деп тәрбиеші кесіп сөйледі.

– Жарайды, Академик, ұнжырғанды түсірме! Келісе сал, қандай жағдайда да сен жеңімпаз боласың, – біреу Динарға қатты әзілдеп еді, барлығы күліп кетті...

Тәрбиешіміздің бұл байқауын біреулер дұрыс қабылдаса, біреулер ауыр күрсінді. Бірақ қалай болса да Райфа апайға қарсы бірдеңе деп көр! Оның тәпішкесі немесе көп кілттердің ауыр жиынтығы бізді ақылға үйретуге үнемі дайын тұрады.

Мұнда, балар үйінде бізді жемістер беріп жиі еркелетпейді. Астанадан «үлкен» қонақтар келгенде ғана бізге біраз тәттілер беріледі. Анда-санда алма береді, оны да бізден мықтырақ балалар тартып алады. Түстен кейінгі тамаққа кешігіп келсең, онда саған ештеңе бұйырмайды, саған тиесіліні міндетті түрде біреу өзіне алады. Кей кездерде тәтті алмаларды сондай жегің келеді, тіпті бір шелегін жеп қоюға даярмын. Біздің тобымызда бүгінде жиырма шақты ұл-қыз тәрбиеленіп жатыр. Егерде осы тоқсанды барлығынан жақсы аяқтасам, онда ... елестету де қиын! Маған жиырма алма беруі мүмкін! Міне, мен солайша қып-қызыл, нәрлі алманы қырш еткізіп тістеп жеймін. Мен үшін керемет мереке болады! Көз алдымда пайда болған суреттен сілекейім шұбырып кетті. Жоқ, бос қиялдай бермейін, одан тіпті қиын бола түседі. Кімнің жеңетіні әлі белгісіз. Мүмкін мен жеңімпаз бола алмаспын.



Өзіме тиесілі үлестен айырылып қалмайын, бәріне даяр болуым керек. Бәрібір де оқу үлгерімім үшін қойылатын жақсы бағалар менен басқа ешкімге керек емес. Бәрібір сабақты жақсы оқуым керек...

Райфа апай жариялаған байқау топтағы көпшілік баланың қолдауына ие болды. Біразға жуық балалар оқуларына жауапкершілікпен қарай бастады. Кейбіреулер үшін бұл келісім ешқандай маңыз атқармады. Далада қалай алуан түрлі гүлдер өссе, біздің топтағы балалардың да түрлі мінездері бар. Арамызда алдыға ұмтылатын оқушылар да бар, жалқаулар да бар, бір ауыз сөз сөйлете алмайтын үндемейтіндер де бар, бірдеңе айтып бастап берсең, ауызы жабылмайтын қырттар да бар.

Тобымыздың тәрбиеленушілері мектепте болғанда әйтеуір бір оқиғаларға міндетті түрде тап болып жатады. Ол жайттардың куәгерлері бәрін балалар үйіне алып келіп, түк қалдырмай айтып береді.

Бүгін Динар – Академикпен болған нәрсе бірден бүкіл балалар үйіне жайылып кетті. Динар оқуға селсоқ қарайды. Ол мектепке ешқашан кітаптар мен дәптерлерін апармайды. Оның сөмкесінде оқу жылы біткенше бір ғана қалың дәптер жатады. Оған ол анда-санда математика, физика пәндері бойынша жазу жазады, кейде география бойынша бір-екі сөйлем жазып қояды. Шамасы ол «қалың дәптер» дегенді барлық сабақтарға біреуін ғана пайдалану деп түсінетін болар.

Сонымен, математика сабағы болып жатқан. Динар сыныпқа кіріп, артқа қарай өтіп, бір қатарға төрт



орындық қойып жатып, ұйықтап қалған. Мұғалім оны көрмеген. Оқушылар бірінен соң бірі тақтаға келіп есеп шығарып жатқан. Сабақтың бір қызған кезінде талас болып қалды. Бір сыныптасымыздың үй жұмысын біреулер дұрыс орындаған деді, енді біреулер қате жасалған деді.

– Апай, барлығы дұрыс жасалған онда. Есеп сіз бізге үйреткен формуламен шығып тұр ғой! – деп біреулер дәлелдегісі келді.

– Не айтып тұрсың! Онда қателер өріп жүр! – деп тағы біреулер қатты сөйледі.

– Таластың қашанға дейін жалғасары белгісіз болар еді, кенеттен артқы қатардан біреудің сөзі естілді:

– Неменеге сендер шуылдап кеттіңдер! Адамға ұйқы бермедіңдер ғой!

Бәріміз бірден тыныштала қалдық. – мұғалім де, балалар да. Не болғанын білген соң бәрі қарқылдап күліп кетті. Біздің Академик ұйықтап кетіп, сабақта екенін ұмытып кеткен екен...

Динар сабаққа барады ғой әйтеуір, ал Даян сабақты мүлде ойламайды да. Кей кездерде ғана келді деп көріну үшін пайда болады. Көбіне ол сабақтарға келмейді. Таңертең балалар үйінен шығады, жолдан өзінің достарына қарай бұрылып кетіп, темекіні әбден тартады. Одан соң бірдеңе етіп әйтеуір уақыт өткізіп, балалар үйіне тура түскі асқа келеді.

Ол өзіне тіпті ақталатын сөз тауып алған:

– Мен денешынықтыру техникумына оқуға түсемін, – дейді. Онда түсу үшін көп білімнің қажеті жоқ,



күш-қуатың болса болды. Көресіңдер, бірнеше жыл астанадағы техникумда оқимын да, деревняма оралып, мектебіміздің директоры боламын. Сол кезде маған екі қойып қинаған мұғалімдердің басына бұлт үйіремін. Оларды жанып тұрған шоқтың үстімен жүгіртемін...

Амиля да соңғы кезде оқу үлгерімін түзей бастады. Үй жұмысын орындауға үлкен жауапкершілікпен қарайтын болды. Маған мектепте назар да аудармайды, ал жұмыстарына көмек керек болып қалған кезде мазанды алып, артыңнан қалмай қояды.

Амиля мектепте өзін паң, тәкаппар ұстайды. Сыныптастар онымен сөйлесуді өздеріне мерей санайды. Оның кез келгенмен сөйлеспейтінін барлығы біледі. Оның тілі де кекесінді, уытты.

Амиляның денесі сәл толықтау. Бірде сыныптас қыз Амиляны кемсіту үшін бәрінің көзінше:

– Толық қыздарды сондай аяймын. Жігіттердің ешқайсысына олар ұнамайды..., – деді.

Амиля тұрып қалмай оған жауап берді:

– Жігіттер сүйекке жүгіретін аш иттер емес. Менің керісінше, арық қыздарға жаным ашиды!

Бірде Амиля қоңырау кезінде жаным келіп отырды да менің қал-жайымды, сабағымды, көңіл күйімді сұрай бастады. Жоспарларым туралы сұрады:

– Саған қараймын да, Ілияс, таң қаламын, – деді күлімсіреп, – мектепке ылғи уақытыңда келесің, кешікпейсің. Бәрін білесің, мұғалімдердің сұрақтарына дұрыс жауап бересің...



– Асыра мақтама, көзің тиіп кетер.

– Неге мақтамасқа? Сен сияқтыны бұған дейін кездестірмедім. Білсең сен, Ілияс,өзіңмен араласу, сөйлесу мен үшін бақыт.

Мен сыныптасымның салған беттен мақтай жөнелгеніне аң-таң болып қалдым.

Келесі қоңырауда Амиля жаныма тағы жақындап келіп:

– Ілияс, не, сенің басың компьютер ме? Сен бәрін қайдан білесің? – деді.

– Сабақтан қалмаған, мұғалімді зер салып тыңдаған кез келген жан осы нәрселерді білетін болады.

– Қане, басымызды ауыстырайықшы, – Амиля күле әзілдеді.

Біразға дейін Амиляның бұл іс-әрекетін түсінбедім. Мақтағанда бұлбұлдай сайрайды! Мүмкін емес! Мұның астарында бір себеп бар шығар.

Ақыры математика сабағында бәрі белгілі болды.

– Ілияс, біздің ақылдымыз, менің сенде бір өтінішім бар, – Амиля маған қарай жақындады, – білесің бе, қазір математикадан емтихан болады. Кейде қиын формулалардан шатасатыным бар. Сенімен бір партада отырсам болады ма? Маған аздап көмектесіп жіберсең...

Сыныптасым Амиляның жаны жадырап, маған бәйек болып жүргенінің себебі осы екен ғой... Мен аңқау, шынында да жылы сөз бен жомарт мақтауға лайықтымын деп сене жаздадым. Оған бірден келісім бергенімді өзім де білмей қалдым:



– Отыр, маған көмектесу ешқандай қиындық тудырмайды...

Сабақтар біткен соң біз балалар үйіне қарай жарыса жүгіреміз. Әдетте топ бойынша кезекшілер түскі астың дастарқанын әзірлейді. Бірінші тамақты тәрелкелерге құяды, нан қояды. Кешіксең сорпа суып қалады. Салқындап қалған сорпадан ешқандай пайда да, сезім де жоқ. Асханаға тездетіп жүгіріп келсең де ыдысында ештеңе қалмай қалатын кездер де болып тұрады. Сондықтан тезірек жүгіріп бармасқа амал жоқ.

Бүгін ерекше себеп бар. Амиля жағымды жаңалықты жеткізді. Түскі асқа бізге алмұрт таратуы мүмкін. Алақай! Уууух, балалар үйіне жылдамырақ бару керек. Жемістің тәтті дәмін таңдайыммен сезініп үлгердім. Ерінімнен тәтті шырын ағып барады... қандай керемет! Осындай ой ойлағаннан ауызымнан алмұрттың бал татыған дәмі сезіліп кетті.

Қас қылғандай, осындай сәттерде кедергілер шыға келеді. Қазір де солай, барлығы баяғыда-ақ жүгіріп кетті, бізді сабақта ұстап қалды. Сабыр сақтап, төзімділік таныту керек. Әлде сабақтан қашып кету керек пе? Жоқ, болмайды, кейін мұғалім сазайымызды береді... Бірақ ағашта ілініп тұрған піскен алмұрттар қайта-қайта елестеп жаныма тыныштық бермей тұр...

Сабақтан кеш келдім. Киімімді ауыстырмастан бірден асханаға бардым. Ох! Енді алмұрттымды жеймін-ау. Жоқ! Бірден жей салатын мен тоғышар



емеспін. Ең бірінші ерекше ләззатпен тістеп, шырын-нын жұтамын...

Өзімнің үстеліме жүгіріп барғанымда саскалақтап, абыржып қалдым. Алдымда шіріген, көгерген бірнәрсе жатты. Бүгінгі арманымның жемісі деп оны айтуға да жарамайды. Өз көзіме өзім сенбедім. Қолыма шірік алмұртты қалай алғанымды, алақанымнан сасыған сұйықтық ағып бара жатқанын да білмей қалдым. Арманым мыжылып, сыртқа ағып бара жатқандай елестеді. Шіріген жемісті қайтадан үстелге тастадым да асханадан жүгіріп шығып кеттім...

Бірнеше күннен кейін менің тәтті алмұртым қалайша шіріген жеміске «айналғанын» білдім. Бұл Даянның кезекті оңбағандығы екен. Ол бірінші өзінің алмұртын тез жеп алып, одан соң менікін жеген. Сонымен қоймай маған қыр көрсетіп қоқыс шелегінен шіріген алмұртты тауып алып, менің ыдысыма салып қойған...

Сол күні оның үлесімді жеп қоюуына емес, мені масқаралағанына жүрегім ауырды. Шіріген жемістерге қарағанда шіріген жандар жиіркенішті көрінеді... Сол бір шіріген, көгерген, сасық алмұрт сияқты жан дүниесі бүлінген жандар да сасық иістерін бүкіл әлемге мұңкітіп таратады...

Оқу тоқсаны тез-ақ, байқалмай өтіп кетті. Таңғы тұман сияқты алмұрт жайлы оқиға да ұмытылды. Бірде түскі астан соң бәріміз бөлмеде жиналды. Тәрбиеші Райфа апай өткен тоқсан туралы жиналыс өткізді.



– Мен сөзімді ылғи орындаймын, – деп бастады Райфа апай. – Сендердің естерінде, тоқсан басталғанда біз байқау жариялаған едік. Жеңімпаз сыйлық ретінде бүкіл топтың түстен кейінгі асын алады деп келіскенбіз. Бәрің соған келістіңдер. Міне, айтқанымызды орындайтын кез келді. Райфа апай менің алдыма алмаға толы үлкен пакетті қойды.

– Ренжімендер, бірақ бұл тоқсанда оқу үлгерімі жағынан Ілияс ең үздік болды. Ілияс қана оқуды үшсіз аяқтады. Құттықтаймыз, Ілияс! Ас болсын!

Ештеңе айта алмадым. Райфа апай тез шығып кетті. Топтағы балалар маған телміріп қарап қалды. Олардың көзқарастары жанымды тырнап барады. Осы тоқсанды үшсіз аяқтауды қалай армандап едім, енді, міне, оған өкініп тұрмын. Пакетті алдым да алмаларды балаларға тарата бастадым. Осы кезде біреу құлағыма сыбырлады:

– Даянға берме! Есіңде ме, ол кезінде саған шіріген алма қойып қойған еді ғой!

Даянға кезек келгенде пакетте бір-ақ алма қалған болатын. Мен үнсіз ол алманы Даянға ұсындым.



МЕРЕКЕ

8 наурызға байланысты мектепте концерт болатын болды.

– Ертең дастарқан жасап, шәй ішеміз. Әрқайсың соған орай тәттілер әкелесіңдер, – деп сынып жетекшіміз тапсырма берді. Мұндай сөздерді естіп, біз, балалар үйінің ұл-қыздары, сасқалақтап қалдық.

– Біз ештеңе әкеле алмаймыз ғой,– деп Амиля қарсы болды, – Бізге кәмпитті кім береді?

– Мен балалар үйінің директорына қоңырау шалып, сөйлесіп көремін, бір жолға табылып қалар, – деп сынып жетекшіміз біздің алаң көңілімізді орнына түсірді.

Шынында да солай болды. Бізді қойма меңгерушісі өзіне шақыртты да жарты килограмм кәмпит пен печеньеден берді. Енді басқа балалардың алдында өзімізді ыңғайсыз сезінбейміз. Қатты қуанып кеттік!

Амиля, Фарит, мен мектептің іс-шарасында өзімізді жақсы сезіндік. Біз құр қол келмедік! Тәттілерге тойдық! Біреулердің аналары түрлі тәттілерді пісіріп беріп жіберген екен: чак-чак, бауырсақ, бәліш сияқтылар. Тілінді жұтып қоюға болады! Бәрін жеп үлгерсең болды! Балалар үйіне



мәз болып келдік. Шіркін, осындай мереке күнде болса ғой!

Бір апта өтті. Ана жолғы тәттілер әлі ойымда жүр. Сол жолы дәмін көрмегендерді неге ғана жемедім екен деймін. Ылғи солай емес пе, үнемі кейін өкінесің: «Неге сол кезде анау тәттіні жемедім?»

Мектептен қайтып бара жатқанда да әңгіме сол жайлы болды:

– Естерінде ме сол жолғы мереке? – Амиля жеңілдеп қана ашық тұрған жараға тұз септі. – Дастарқан тәттілерден қайысып тұрған еді. М-м-м...

– Жетеді, жанымызды ауыртпашы, қайтадан есімізге түсірмеші, – деп ренжи сөйледім.

– Келесі мереке қашан болады екен? – Бұл сұрақ Фаритті көбірек алаңдататын көрінеді.

– Ой, әлі көп бар. – Амиля қолын сілтеді, – 1 мамыр. Ол кезде бәрі демалатын болады, мектептегі шәйді ойлайтындай емес.



Біраз уақыт біз үнсіз келе жаттық.

– Идея бар! – Амиля алақанын қуана шапалақтады.

– Не, қандай да бір күнді мереке деп жариялайтын заң шығарасың ба? – деп Фарит анық айтты.

– Қалайша? – Мен таңданысымды жасыра алмадым.

– Міне, былай! – сыныптасымыз тоқтады да біздің жақын келуімізді өтінді, содан соң ақырын ғана, басқа біреу естіп қоймасын деп сөйлей бастады. – Қазір балалар үйіне барған соң ертең мектепте тағы шәй ішеміз дейміз. Тәрбиешіміз қоймадан тәттілер алып береді бізге.

– Ертең мектепте ондай ештеңе болмайды ғой, – мен қарсы болдым.

– Болмаса болмай-ақ қойсын. Сендер менің сөзімді құптасандар болды. Ешкім мұғалімге қоңырау шалып жатпайды, кімге керек ол?!

– Өтірігіміз шығып қалмаса болды. Біздің шәй ішуіміз қандай мерекенің құрметіне болады?

– Біздің сынып республикалық байқаудан бірінші орын алды дейік. Соның құрметіне дейміз! – деді Амиля.

Амиляны білгеннен бастап оның тығырықтан жол таба білетін тапқырлығына риза болып келемін. Шынында да, бәрі ол айтқандай болды. Амиля тәрбиешіге айтты. Одан кейін бізді қоймаға апарды. Меңгеруші өтініш жазуды тапсырды. Ертеңгі мектептегі іс-шараға кәмпит пен печенье керек деп Амиля өтініш жазды. Болды! Біздің өтінішіміз орындалды!



Ертеңінде біз өмірге риза болдық! Түскі астан кейін мектептегі мерекеге кеткен болдық, бірақ деревняда қыдырып жүріп тәттілерді жедік. Тәттілерге тойдық! Біздің сол кезде мектепте болғанымызға тәрбиеші сенді. Көңіл күйіміз көтеріңкі, бәрін алдау бізге тіпті жеңіл болды.

– Батыл болу керек! – деп бізге Амиля ақыл айтты. – Үндемей, қарапайым болып жүрсен аш қаласың. Мен ешбір ұялмаймын, тамақта ұят жоқ.

Біршама уақыт өтті. Біздің бұл ісімізді ешкім білген жоқ, бәрі байқаусыз қалды. Бірақ тәттілерге деген құмарлық біздің мазамызды алып бітті...

– Мүмкін тағы бір мереке ұйымдастырамыз? – деп Амиля мектептен қайтып бара жатқанымызда ұсыныс тастады.

– Білмеймін...

– Бірақ ескертемін, енді Фариттің кезегі. Өтінішті сол жазады.

– Не дейміз? Қандай мереке?

– Әдеттегідей, Амиля жауапты тез тапты:

– Сыныбымызда КВН өтеді. Ол біткен соң сынып болып шәй ішеміз. Сынып жетекшіміз осындай ұсыныс айтты дейік.

Бұрынғы жоспар бойынша тағы қайталадық. Бұл жолы тәрбиешіге Фарит барды. Ол тәрбиелі бала, сабақты жақсы оқиды. Ондай жақсы бала қалайша өтірік айтады? Сондықтан оған сенді, ешқандай күмән болмады. Қойманың меңгерушісіне келдік. Өтініш жаздық та екі бума тәтті алдық. Ертеңінде



біздің «өмір мерекесі» қайталанды. Бұл жолы ауылдың кітапханасына бардық. Кітап та оқыдық, тәттіге де тойдық. Печеньелерді құрғақтай жеуіміз ғана онша болмады.

– Келесі жолы жемістер шырынын да қоса сұрауымыз керек. Әйтпесе тамағың құрғап қалады екен, – деп күлістік.

Тағы да екі апта өтті, Амиляның ұсынысы ойымыздан кетер емес. Басқа балаларға мұндай қулық бастарына да кіріп шықпайды. Олар шәйға бір-екі печенье қашан беріп қалар екен деп үміттеніп күтіп жүрген шығар.

«Ал жарайды, біраз еркеледік, жететін шығар енді. Күн сайын мереке болмайтын шығар», – өзімді-өзім тыныштандырып қоямын.

Фарит бірде қайта азғыра бастады:

– Илияс, кәмпит жейсің бе?

– Оның нені меңзеп тұрғанын бірден сездім. Бірақ әр нәрсенің де шегі бар ғой. Бізді біліп қоюлары мүмкін!

– Әрине, жегім келеді. Біз бұл жолы ұсталып қалуымыз мүмкін, – деп қарсы болуға тырыстым.

– Солай жеңіл құтылып кеткің келіп тұр ма? – Әңгімемізге Амиля араласты. – Мен сұрадым, Фарит те сұрады, енді сенің кезегің келді!

– Мен сұрар едім, бірақ қазір ешқандай мереке жоқ келе жатқан...

Амиля тіпті соңына дейін сөйлеуіме де мүмкіндік бермеді.



– Мектепте соғыстың ардагерлерімен кездесейік деп жатырмыз. Әңгіме ары қарай мерекелік дастарқанда жалғасады.

Қалай қарсы болсам да оларды райларынан қайтару мүмкін болмады. Менің кезегім келді.

Қойма меңгерушісіне аяқтарым басқысы келмеді, бірақ амалым қанша, сыныптастарыңның алдында қарыз болған кімге жақсы? Бұған дейін мені олар сыйлады, енді менің де кезегім келді. Бұл жолы біз тәрбиешіні мазаламай-ақ бірден қоймаға қарай тарттық.

– Жеміс шырынын қоса сұрауды ұмытпа. Құрғақтай жеген онша емес, – деп қойды серіктерім.

Қойма есігінің алдына барғанымызда меңгеруші отырып алып бірнәрселерді санауда екен. Үшеуімізге күдікпен қарады.

– Сендер тағы келдіңдер ме? Не керек сендерге?

Оның темірдей суық түрінен аяғым бұралаңдап кетті. Не деп жауап берерімді білмей қалдым. Амиля қолымнан сілкіп қалды да, неге үнсіз тұрсың, сұра деген белгі берді.

– Апай, сыныбымызда шәй дастарқанын жасаушы едік... – деп қинала сөйледім.

Бұл сөздерден соң қойма меңгерушісінің түрі өзгеріп кетті. Орнынан атып тұрып бізге ұрса жөнелді:

– Сендерге бітпейтін қандай мерекелер болып кетті өзі?

– Білмеймін, оны мектептен тапсырады ғой, – деп сөзге Амиля араласты.



– Қарай гөр бұларды! – қойма меңгерушісінің жұмсаратын түрі жоқ. – Бұлай кете беретін болса сендер мемлекетке үлкен шығын келтіресіңдер!

Ештеңе айта алмадым. Бұл жерге келгеніме қатты өкіндім. Бізге ешкімнің енді тәттілерді бермейтіні анық еді. Енді айқай шықпаса екен. Бұл істің тезірек, ушықпай тұрғанда тігісін жатқызуымыз керек. Біз қалжыңдадық деп айта алмасымыз белгілі. Жай кете алмайсың енді...

Тура осы кезде қоймаға балалар үйінің директоры Мавлида Нұрғалиқызы кіріп келді. Арнайы ойластырсаң дәл бұлай болмасы белгілі!

– Не істеп жүрсіңдер бұл жерде? – деп сұрады ол.

Тура осы сұрақты күтіп тұрғандай меңгеруші ашулы кейіппен сөйлеп кетті:

– Мавлида Нұрғалиқызы! Мына балаларға не істесем болады? Үнемі тәттілер сұрайды! Бұлардың сыныбы апта сайын мерекелер ұйымдастырады. Осымен төртінші рет, тағы келіп тұр.

– Шын ба? – деп директор бізден сұрады.

– Иә, – деп жауап бердік. Олай дегенде не дер едік?

Директордың түрі бұзылып кетті, ойланып тұрды да, бір шетке қарап тұрып сөйледі:

– Сендердің мұғалімдерің не істеп жүр? Ол не, ақылынан алжасқан ба? Дәл қазір мектепке қоңырау шалып оған ұрысайын бір. Біздің балаларымызды өйтіп еркелете бермесін.

Директор аяқ киімінің біз өкшелерін тықылдата шығып кетті. Біз болсақ өз тобымызға аяңдадық.



Әрине, көңіл күйіміз түсіп кетті. Ал енді не болады? Ішімнен директор мен сынып жетекшіміз ұрсысып қалмаса екен деп тіледім.

Он минут та өтпеді, тобымызға Мавлида Нұрғалиқызы жүгіріп кірді.

– Аш қарғалар! Тамақсау ауыздар! Зиянкестер!..

Ол алдымен теледидар көріп отырған Амиляның шашына жармасты.

– Қарандар бұларды! Алдағысы келеді бәрімізді! Не жетпейді сендерге?

Амиля ауырғаннан айқайлап жіберді. Бірақ директор оған мән бермеді. Одан кейін Фарит екеуіміздің беттерімізден ұра бастады. Саусақтарына жүзіктер тағып алғандықтан беттеріміз ауырып кетті. Басқалар таңданған кейіппен аң-таң болып қарап тұрды.

– Апай, не болды? – деп біреу сұрады.

– Мыналар біздің бүкіл бір айлық тәттілерімізді жеп тастапты. Енді сендердің ешқайсыңа кәмпит те, печенье де берілмейді, – деп директор айқайлап жатыр. – Енді өздерің біліңдер бұларға не істейтіндерінді!

Жүрегім шаншып ауырып кетті, жан дүниемде аласапыран болып жатыр. Өзімді торға түскен балықтай сезіндім. Кей кездерде тәттілердің де ащы дәмі болады екен...



АРМАН

Жылау... Біреудің тоқтаусыз жылауы жап-жақын жерден, көрші бөлмеден естіліп тұр. Жүрегім жиырылып, тоқтап қалғандай. Не болды екен? Біз бірден орнымыздан тұра салып көрші бөлмеге жүгіріп жеттік.

Төсектің бұрышында нәзік қолдарымен тізесін құшақтап, басы салбырап Рустам отыр екен. Оның балалар үйінде тұрып жатқанына екінші жыл ғана болды. Бесінші сыныпта оқиды. Оның қой көздерінде үнемі бір мұң болушы еді... Оның бір күлгенін де көрмедім!

– Рустам, не болды? Сен неге жылап отырсың? – біз бәріміз оны тыныштандыруға тырыстық.

– Біреу ұрды ма сені?

Рустам қатты өксіп жылады, әбден әлсіреуге дейін апарған ағыл-тегіл жылаудан нәзік денесі дірілдеп тұрса да ол тоқтай алмады.

– Сені кім ұрды? Айтшы, мен қазір сені ұрған адамның сазайын беремін! – Үлкендеу бала қалтасынан кәмпит алып шығып Рустамға ұсынды. Бірақ ол жылауын қоймады.

Осы сәтте есік айқара ашылып, бөлмеге біздің тәрбиешіміз Райфа апай кіріп келді:



– Не шу бұл?! Мен не, сендерді күзетуім керек пе? Бір минутқа шығып кетсем де болмайды, бір-бірлеріңді өлтіруге де дайынсыңдар! Менің үйде басқа жұмыстарым жоқ па? Әне, сиырларым бар дауыстарымен мөңіреп тұр! Мына жақта басқа балаларды тәрбиелеймін деп жүрмін, өзімнің балаларыма уақытым жоқ!

Беттерімізден шапалақпен ұрмау үшін ол өзін әрең ұстауда, көзқарасы бізге жебе боратып тұр.

– Ал қане! Кімнің қолы қышып тұр? Кім кішірек, әлсіз болса соған күштерің жете ме?!

– Жоқ, біз оған тиіскен жоқпыз!

Райфа апай бөлменің ортасына барды да еденді қатты өкшесімен теуіп-теуіп жіберді.

Алдамандар! Ұрмай-соқпай, жайдан-жай ол неге былай өкіріп отыр?

– Біз де оның жылағанын естіп осы жерге келдік. Рустам мұнда жалғыз екен. Не болғанын біз білмейміз.

Рустам көп сөйлемейтін бала еді. Балалар үйіне келген бірінші күннен бастап ауызына су толтырып алғандай, бір сөз де айтпады. «Атың кім», «қай жақтансың» деген сұрақтарға да жауап бермей, басын төмен түсіріп алып естімей отырғандай кейіп танытты. Балалар бір-бірімен сыбырласып оның ақыл-есі дұрыс емес, не мылқау шығар деп жатты. Кейін бәрі белгілі болды. Тәрбиеші айтып берді бізге.

Суық, боранды күндердің бірінде күзетші қоқыс төгетін контейнерлер жақтан дауысы әрең



шығып жылап жатқан оралған сәбиді тауып алыпты. Оралған тірі сәбиді тауып алған ол қандай күйді басынан кешірді десеңші. Ешқандай құжаты болмаған екен. Басында баланы сәбилер үйіне тапсырған, одан ары жетімханаға ауыстырған. Мектепке баратын уақыты келгенде оны балалар үйіне ауыстырды.

Қанша тырыссақ та баланың атын біле алмадық. Оны бір атпен атауымыз керек қой. «Рустам ғой деймін оның аты», – деді ішімізден біреу. Содан бастап жаңадан келген баланы Рустам деп кеттік. Ол бұл атты айтқанда қарайтын да болды. Біраз уақыт өткеннен кейін Рустам бізбен сөйлесетін де болды. Басында «иә» не «жоқ» деп қана жүрді.

Оның қаладан құжаттары да келіп, мектепке баратын болды. Осы құжаттар бойынша анықталды, баланың аты-жөні Боранов Ильнур екен. Сәбиді кезінде тауып алған күзетшінің құрметіне соның атын қойыпты. Ал фамилиясын сол күнгі боранның белгісі ретінде Боранов деп жазған екен... Балалар үйінде оны бәріміз Рустам деп айтуды жалғастыра бердік, өйткені, оның осы атына барлығымыз үйреніп кеткенбіз.

Кейінгі кезде оған бірдеңе болып жүр. Күнде түскі астан соң Рустам жоқ болып кете бастады. Бір сағаттан соң пайда бола кетеді, және де көңіл күйі сондай тамаша. Оның жоқ болып кетуі жиілей бастады, оның қайда барып жүргенін білгім келді. Артынан жасырын аңдиын деген ойға келдім.



Міне, Рустам балалар үйінен шықты да бірден ғимараттың артында өскен қайыңдарға қарай жүрді. Мен ақырын ғана оның артынан жүріп отырдым, көрінбеуге тырыстым.

Орманның ішіне кірген соң бір жерге тоқтай қалды да аппақ, түп-түзу қайыңды құшақтап тез-тез бірдеңе айта бастады. Сол кезде Рустамның қандай сөздер айтқанын есту мүмкін емес еді. Ол ағашқа өзінің бір құпияларын айтып тұрғаны белгілі. Рустам оқтын-оқтын көзін аспанға көтеріп күліп қояды. Кейде көзінен аққан жасын алақанымен сүртіп қояды. Оның бұл күйін бұзғым келмей қайтуға оқталдым. Сол кезде Рустам мені байқап қалды. Кенеттен болған кездесуден оның бет-әлпеті өзгеріп сала берді.

– Сен бұл туралы ешкімге айтпашы, – деп өтінді.

– Рустамның сөйлегенін бірінші рет көрдім.

– Жақсы, ешкімге айтпаймын. Ал сен жалғыз өзің орманда не істеп жүрсің?

– Балалар үйінде жүргенімде ойлаған нәрсемді айтудан қорқамын. – Рустам өзін қолайсыз сезінді. Еріндері дірілдеп, үнінде кінәлі адамның белгісі тұр еді. Біреу-міреуге өз құпияларымды айтатын болсам ол басқаларға жаяды да, мені барлығы келеке ететін болады. Ал мына қайың менің жалғыз досым. Ол мені ешқашан сатып кетпейді. Оған мен жүрегімнің түкпірінде жатқанның барлығын ақтара аламын. Неге екенін білмеймін, тек орманда ғана өзімді еркін, жеңіл сезінемін. Бұл жерде армандай аламын, болашағымды елестете аламын.



– Ал сенің арманың не? – деп байқап қана сұрадым.

– Білесің бе, аға, кейін өскенде үлке-ен адам боламын деп армандаймын, – Рустамның жанарлары ұшқын атып, өмірге деген құлшынысы артып кетті. – Міне, мен Уфаның көшелерімен келе жатырмын, қолымда қара портфель, әдемі костюм, аппақ көйлек кигенмін, тіпті галстугым бар, ал аяқ киімдерім жылтырап тұр!

Рустам осы сөздерді айтқанда шалқайып кетті, ол өзінің арманының ішіне еніп кетті, сол сәтте өзін іскер адам, басшы ретінде сезініп кетті.

– Мені танитындар тоқтап, амандасып жатыр. Мен болсам қуана адымдап алдыға кетіп барамын. Бұл кезде менен бақытты адам жер бетінде, әй, сірә, жоқ шығар! Үйде отбасым күтіп отыр: сүйікті әйелім мен балам...

Осы сәтте Рустам аяғымен жерді бір теуіп тағы да өкіріп жылап кетті.

– Не болды, жылама! Бәрі сен айтқандай болады, сен қалағандай болады, болашағың алдыңда ғой! – оны тыныштандыру үшін сөздерді таңдап құрап, айттып жатырмын.

– Иә, солай, әрине... Егер менің балаларым атам мен әжем қайда деп сұрай бастаса оларға не деп жауап беремін?

Айтарға сөзім жоқ. Ата-анамнан айырылғаным да көп жылдар өтті. Рустам менен гөрі бақыттырақ сияқты көрінді. Оның алдыға деген үміті бар еді. Ата-анасы тірі деген дерек бар, бірақ балаларын



таппай жүрген көрінеді. Күндердің бір күнінде олар міндетті түрде кезігеді!

– Илияс аға, мені балалар үйінен алып кетеді деп сенемін! Сенімім үнемі өзіммен бірге! – баланың жүзі нұрланып кетті. – Біраз шыдау ғана қалды.

Әрине! Сендей ақылды баланы мына жерде қалдырмасы анық!

– Сен қалай ойлайсың? Мені қашан алып кетулері мүмкін? Ол кезде мен жазғы демалыста болғанда келіп қалмай ма? Ондай болса олар мені ұзақ уақыт іздейді. Мені бірден көрмесе анама қиын болады, – енді бала еркін сөйлей бастады. – Мен көптен бері «ана» деген сөзді айтпаған едім. Қалай айтылатынын ұмыта бастадым. Мына жерге, қайыңға келгенімде «ана», «әке» деген сөздерді сыбырлап айтамын. Қандай әдемі сөздер, иә, аға? – Рустам маған өзінің жас толған қой көздерімен қарады. Ақырын ғана: «Ана! Әке! Жақсы көремін сіздерді!» – деді.

Жүрегімді от қарығандай болды. Рустамнан анағұрлым үлкен болсам да мен де көз жасымды тоқтата алмадым.

– Өтінемін, ешкімге айтпашы, – деп Рустам шырпыр етеді.

– Жақсы, айтпаймын...

Екеуіміз асықпай балалар үйіне қарай аяндадық.

...Төсектің шетінде отырған Рустам аздап тынышталды. Оның неге жылағанын білмей кеткіміз келмеді. Тәрбиеші де бізбен қалды. Рустам басын



көтеріп жеңімен қызарған көзін сүртті де бізге қарады.

– Ыжди, ыжди... – өксіктерінің ортасында бірдеңе айтайын деп еді, одан да бетер қатты жылап кетті. Біз не істерімізді білмей дал болдық.

– Болды енді! Тыныштал! Керек пе, саған жап-жаңа бейсболка сыйлаймын, – топтағы бір бала Рустамға жақында туыстары сыйлаған баскиімді ұсынды. Біреу су берді. Бірнеше рет жұтқан соң Рустам тынышталғандай болды. Біраздан соң бәрі анықталды:

– Үнемі теледидардан «Күт мені» деген хабар көремін, бір хабарын да жібермей көрдім. – Рустам ренжіген кейіппен сөйледі. – Адамдар іздеген жандарын ылғи табады. Бүгін де анасы өзінің ұлын тауып алды. Ол ұлын қатты құшақтап бауырына басты! Мені де теледидар арқылы іздейді деп күтемін! Күтемін! Бірақ ешкім жоқ... Сонда ешкімге керек болмағаным ба?! Керек емес шығармын...

Бөлмеде тыныштық орнады.



ЕГЕУҚҰЙРЫҚ

Сыныпқа кіргенім сол еді, балалар маған балға ұмтылған арадай жабысты.

– Шын ба, Илияс? – деп қыздардың бірі сұрады, – Қалай болды? Амиля бізге өте аз ғана айтты. Біз түк те түсінбедік...

– Иә, – парталасым иығыма қолын қойды, – одан да бәрін өзің жақсылап айтып бер.

– Не туралы сұрап жатырсыңдар? – ештеңе түсінбегендей кейіп таныттым. Сыныптастарымның қызығушылықтары арта түсті...

– Болды, өтірік істеме, сен бәрін де білесің!

– Сұрата бермесеңші...

– Сен не, бізді достарыңның қатарына қоспайсың ба?

– Не, егеуқұйрық туралы оқиға рас па?

Белгілі, бәрінен құтылу оңай болмайын деп тұр. Не істейін, бәрін кезек-кезек баяндап бердім. Мына Амиляны-ай! Ештеңені жасыра алмайды! Елеуіштен өткен су сияқты ағады, құпияны сақтамайды! Мектепке менен бұрын келіп алып, бәріне сауысқан секілді жеткізіп қойыпты...

... Бір ай бұрын менің туған күнім болған еді. Достарым, сыныптастарым мені әрқайсысы бөлек



құттықтады. Тәрбиеші Хакима апай үлкен тәп-тәтті алма сыйлады. Амиля қалам сыйлаған болатын. Біреулер кәмпит, біреулер дәптер берді. Барлық құттықтаулардан басым айналып кетті. Бәрінен де Фаяз озып кетті.

– Илияс, мектептен соң біздің үйге барайық, – деді қулана жымиып. – Мен саған керемет сыйлық дайындап қойдым. Барғанда көресің...

Сыныптасымның сөздері тыныштығымнан айырды. Қашан бітеді мына сабақтар?! Күткенде уақыт созылып кетеді, сағаттың тілдері орнында тұрып қалғандай. Мені Фаяз немен таң қалдырар екен? Меніңше, ол үлкен нәрсе сияқты. Егер кішкене бірдеңе болса портфеліне салып та алып келер еді ғой...

Фаяздың үйіне келгенімде ол мені кіре беріске тұрғызып қойды да күте тұруымды сұрады.

– Көзіңді жұм! Әйтпесе қызықты болмай қалады, – ол біршама уақыт түпкі бөлмеде жүріп алды, содан кейін маған жақындап, алақаныма бір жұмсақ, жылы нәрсені сала қойды.

– Болды, көзіңді ашсаң болады...

Алақанымда кішкене бір тіршілік иесі отыр еді. Қорыққанымнан оны еденге лақтырып жібергенімді де байқамай қалдым. Өзім басқа жаққа секіріп кеттім.

Осылай әзілдеуге болады ма?!

Қолдарым дірілдеп тұрды, қорыққаннан тіпті сөйлей алмай қалдым.



Фаяз болса ештеңе болмағандай күліп тұр.

– Саған күлкілі! Қалай ойнағанды тапқан екенсің! Тістеп алса ше? – менің сөздерімде реніш пен ыза бар еді.

– Қой, болды, неменеге қорқасың?

– Қорықпағанда ше, алақаныңда егеуқұйрық отырса! – Көңіл күйім түсіп кетті, кетуге оқталдым. Бірақ сыныптасым менің асты-үстіме түсіп бәйек болып жатыр:

– Жарайды, ренжіме, Илияс. Бұл еденнің астында, сарайларда жүретін егеуқұйрық емес қой. Бұл қолға үйретілген, теңіздің ар жағындағы елдерден әкелінген. Сен не, қалада бір рет те болмағаның ба? Қалада біраз пәтерлерде бар мұндай егеуқұйрық. Бұл сәнге айналған.

– Не деп тұрсың сен? Адамдар олардан қалай құтылудың амалын білмей жатыр!

– Иә, қазір көрсетемін, – Фаяз төсектің астынан қашып кеткен аппақ егеуқұйрықты алып шықты. Сөзінің дәлелі ретінде сипады да өзінің мойнына отырғызып қойды. Егеуқұйрық соны күткендей-ақ мойынын айнала құйрығын бұлғандатып ойнап кетті, одан кейін Фаяздың басына шығып кетті. – Бұдан ешқандай зиян жоқ. Көп адамдар осындайды армандайды. Менде біреу ғана емес, үшеуі бар.

Оның еркелеп жүргенін көріп көңілім орнына келіп, қызыға бастадым.

– Тағы бірдене көрсетейін бе? – Фаяздың дауысы жарқын шықты. – Бұл кішкене егеуқұйрық адамның



ауызынан су іше алады! Мен үйреттім оны. Түнде су ішкісі келсе кеудеме отырып алады да ақырын ғана ерінімді тырналайды. Міне, ол сондай ақылды!

Қызық! Мұндай егеуқұйрықты бұрын-соңды көрмеппін. Олар адамға тек зиян шеккізеді деп ойлайтынмын. Тамақтарды ұрлап, дүние-мүлікті кеміреді деуші едім. Бір адамның аяққа киетін калошын да кеміріп тастаған екен.

Қандай жақсы сыйлық! Досыма рақмет айттым да егеуқұйрықты портфеліме жасырып балалар үйіне қарай асықтым. Тезірек басқа балаларды таң қалдырғым келді. Бірақ балалар үйіне жақындағанымда қуанышым су сепкендей басылды.

Бұл егеуқұйрықты алуын алдым, оны қайда ұстаймын? Бізге үй жануарларын ұстауға рұқсат бермейді. Тіпті мысыққа да рұқсат жоқ. Санитарлық нормалдарды бұзады дейді. Егеуқұйрықты қалайша бөлмеге алып бармақпын? Менің сөзімді ешкім құлағына да қыстырмайды. Балалар үйінің табалдырығында қуанышым үрейге айналды. Тәрбиешіміз егеуқұйрықты бөлмеден көріп қалатын болса ұрыстың көкесі сонда болады, ал менің кішкене досымды көшеге лақтырып тастайды... Не істесем екен? Мына жұп-жұмсақ нәрседен айырылғым келмейді. Жарайды, не болса да көре жатармын! Байқатпай егеуқұйрықты бөлмеге алып кірдім.

Бөлмедегі балалар таңданыстарын жасыра алмады, кіп-кішкене, қара көзді, ұзын құйрықты аппақ



егеукұйрық оларды салған жерден баурап алды. Мен болған нәрсені түсіндірген соң кішкене өз-өздеріне келді. Ешкімге айтпаймыз деп уәделестік.

Енді бұл егеукұйрық біздің ортақ, жақын, кішкене досымызға айналды. Мектепке кетерімізде біз оны кішкене шкафтың ішіне жасырып салып кетеміз. Оған асханадан тамақты да кезек-кезек әкелетін болдық. Ал түнде, ұйықтарымыздың алдында қыдыруға бос қоя береміз. Ол қуана-қуана бөлмені кезіп жүреді. Бөлменің бір бұрышынан екінші бұрышына жүгіріп, төсекке шығып, бәрімізге еркелейтін болды. Кейде жамылғымыздың астына кіріп кетіп аяғымыздың үстімен жүтіргенде қытығымыз келіп күлеміз. Оның әр қимылы, жүрісі бізді қуантатын болды.

Сол түні біздің тобымызда Тағзима апайдың кезегі болды. Ол кісі жұмысқа келгенде тобымызда тыныштық орнайтын. Ол кісіге бәрі ұнауға тырысатын, көмектесуге даяр жүретін. Оған ерекше себеп те бар. Теледидардан бір отбасының тарихы туралы қызықты сериал көрсетеді.

Күні бойы қызықты фильмнің келесі сериясын көру үшін кештің болғанын күтіп жүреміз. Фильмді көру үшін барлығы теледидардың алдына жиналады. Бір нәрсе қамықтырады: кино 23.00-де, өте кеш басталады. Ал күн режимі бойынша бұл уақытта біз ұйықтап жатуымыз керек.

Біздің түнгі тәрбиешілеріміз кезекпен ауысып тұрады. Флюра апай кезекші болғанда теледидар-



ды қанша көрсек те болады. Тағзима апайды үнемі көндіруге тырысамыз.

– Жоқ, жоқ, жоқ! – деп қолын көтереді ол. – Мұндай түнгі уақытта қандай кино көрмексіңдер? Ұйықтаңдар!

– Апай! Біз өте тыныш отырамыз. Өтінеміз, көруге рұқсат беріңізші, – деп қыздар оны көндіруге тырысты.

– Балалар үйінің директоры жақын жерде тұрады, – деп терезені көрсетеді. – Өне, оның үйі. Бұл жақтағылардың бәрін ол байқап отырады. Залдағы жарықты көретін болса бірден қоңырау соғып ұрсатын болады. Жоқ, бұл ұсыныс қабылданбайды. Ұйықтаңдар...

Бірақ фильмнің оқиғаларының ішіне кіріп алған балалар оңай берілгісі келмейді. Жауап тез табылды:

– Мавлида Нұрғалиқызы бүгін Уфаға кетті, – деді бір бала. Директордың іссапарларға жиі шығатынын тәрбиеші біледі, сондықтан аздап жұмсара қалды.

– Егер сендер бүгін кеш ұйықтасаңдар ертең мектепке тұра алмайсыңдар!

– Тұрамыз!– жауап күтіп отырған балалардың бәрі бірауыздан айтты.

– Егер біреу таңертең тұра алмай қалса, онда кино көрмей-ақ қойсын, – деп тағы біреу сөйлеп қалды.

Көп өтінгеннен соң әдетте Тағзима апай келісімін береді, бірақ біз оның алдында қарыздар болып қаламыз. Сондықтан оның тапсырмаларын орын-



даймыз, бәріміз оны тыңдаймыз.

Сол күні бәрі әдеттегідей жақсы болып жатқан. Тағзима апай бірдеңеге алаңдап, өзін қоярға жер таппай жүрді.

– Не болды? – деп сұрадым.

– Сұрамай-ақ қой! Сиырыма алаңдап жүрмін, – деді ол терең күрсініп. Бүгін-ертең туатын уақыты келіп тұр еді. Егер бүгін түнде туып қалатын болса бұзауы суықта қалып қояды, үйде ешкім жоқ.

Далада шынында да суық еді. Уайымдаудың жөні бар. Тағзима апай маған жақындады.

– Илияс, екеуіміз біздің үйге барып келейікші. Сиырымды бір көрмей тынышталатын түрім жоқ.

Мен, әрине, келістім. Оның үстіне ұйықтардың алдында таза ауамен серуендеу де жақсы.

Қораға кірсек ауыр демалып сиыр жатыр екен. Тәрбиешіміз ішін ұстап, арқасын сипап қойды – аяп тұр.

– Мен жұмысымды тастай алмай тұрмын, деп терең күрсінді.

– Егер кетсек сиыр түнде туып қалуы мүмкін бе? – деп сұрадым. Тағзима апай не істерін білмей қалды:

– Қайдан білесің сен? Айтқаның келіп жүрмесін! – деп кейіді.

Ешқашан малдарға қарамағанмын, бірақ дәл солай, сиыр туып қалатындай болып, ішкі түйсігім соны айтып тұр еді. Сиыр қалай болғанда да ауыр тыныс алып жатыр. Ақылды кейіппен сиырдың жанына келіп, оң жақ ішін, содан соң сол жағын сипадым, қалай демалып жатқанын тыңдадым.



– Тағзима апай, сиырдың туатын уақыты анық жеткен екен, – дедім нағыз кәсіпқой мамандарша.

– Шын ба?

– Иә. Мен осылай айтты деп әлі есіңізге аласыз осы сөзімді.

– О, Аллам! Не істесем екен? Сендерді де тастап кетуге болмайды!

– Сіз бізге алаңдамаңыз, үйде қала беріңіз. Біз тәртіп бұзбаймыз. Жарықты өшіріп, ақырын ғана ұйқыға жатамыз. Ал сіз таңертең кезегіңізді өткізердің алдында келесіз.

– Тағзима апай біраз ойланып тұрды да келісті:

– Бірақ, бұл туралы ешкім білмеуі керек, өтінемін. Әйтпесе жұмыс орнымды тастап кетіп қалғаныма басымнан сипамайды.

Балалар үйіне бар екпініммен жүгірдім. Қандай қуаныш десеңші! Мен көріпкел емеспін, сиыры бүгін туа ма, жоқ па, білмеймін. Бірақ бірнәрсені анық білемін: біз түні бойы теледидар көреміз! Ол үшін аспанға дейін секіріп қуанудың қажеті жоқ. Киноны көреміз де ұйқыға жатамыз. Сол үшін мен Тағзима апайды үйінде қалуға үгіттедім ғой.

Бәрі мен ойлағандай болды. Таңертең бізді тәрбиешіміз оятты. Жүзі қуаныштан бал-бұл жанып тұр.

– Рақмет саған, Илияс! – арқамнан қағып-қағып қойды. – Сиырым туды-ау әйтеуір!..

Әдетте Тағзима апай асханадан таңғы асты өзі алып келіп бізге үлестіріп береді. Ол әрқайсымыз-



ға тамағымызды бөліп бергенде бізді кіргізбейтін, қалай екенін білмеймін, көмек сұрамайтын. Барлығы дайын болғанда дастарқанға бірақ шақырады. Тағзима апайдың кезегінде біздің тамақтарымыз ылғи аз болып шығады. Нан бір тілімнен ғана беріледі, онда да өте жұқа етіп тілінген, бірінші жағынан қарасаң екінші жағы көрініп тұрады. Қасықтың бір бөлігіндей ғана май беріледі. Таңғы асты бір-ақ минутта жеп алып, дастарқаннан қарнымыз тоймай, ашулы күйде тұрамыз. Жарайды, біз бірдеңе етіп шыдармыз, ал денесі үлкен Динар осыдан қиындық көретін. Ол біреу-міреу бірденесін жемей қалдырып кете ме деп дастарқаннан ең соңғы болып тұрады.

– Апай! Неге бізге өте аз береді? – деп тәрбиешімізден сұраймыз.

Тағзима апайдың жауабы дайын тұрады:

– Бергенге рақмет айтыңдар! Өздерің табыс тапқан кезде тоя тамақ жейтін боласыңдар...

Бірде таңғы асқа алма таратты. Тағзима апайдың кезегі болатын. Келсек алмалар алдымызға екіге бөлініп, бір бөліктен ғана қойылған екен. Көңіл күйіміз түсіп кетті. Бұлай болуы мүмкін емес! Жемістер бізге онсыз да сирек беріледі, енді, міне, екіге бөлініп, бір бөлігін ғана ұсынған!

– Алманы бөлмей, тұтас берсе де болатын еді, – деп Амиля өзінің қарсылығын білдіріп қалды.

Қалғандарының қарсы сөз айтуға батылдары бармады, өйтетін болса кешке Тағзима апай теле-



дидарға жақындатпайды. Амиля ғана сөзін ары қарай жалғады:

– Ешқашан тойғанша тамақ ішпейміз, – деді ол ерінін шүйіре. – Нан да өте аз, жеген кезде тіліңмен сезіне алмайсың. Мысықтарға да бізден көбірек тамақ берілетін шығар.

Тағзима апай ештеңе естімегендей кейіппен ыдыс-аяқтарды жинастырып жүр. Біз бастарымызды көтерместен жеп отырмыз. Тезірек жеп болып мектепке қарай жүгіру керек.

Бүгінгі ботқамыздың тұзы аздау болып қалыпты. Динар тұз іздеп шкафты ашып қалды. Тағзима апай оны байқамады. Шкафтың есігі ашылып қалып еді, одан тасырлап алмалар төгілді.

– Мәссаған! Қызық, бұл кімнің алмалары болды екен? – деп Динар таңданғаннан қатты сөйлеп жіберді. Одан кейін шкафтың басқа есіктерін аша бастады, бірдеңе іздеп жүргендей.

– О-о-о, мына жерде нан да көп екен! – деп қуанып кетті. Барлығымыз ештеңе түсінбей үндемей қалдық. Сол сәтте Динарға ашулы тәрбиеші тап берді:

– Тойымсыз қарға! Ол жақтан не іздеп жүрсің?! Басыңды сұқпайтын жерің жоқ!

Біз мәселенің неде екенін біліп қойдық, у-шу ба-сталып кетті. Демек, тәрбиеші біздің үлестерімізді өзіне алып қалып отырған. Нандарымызды да алып қалып отырған ба?

Амиля орнынан атып тұрып шашылған алмаларды жинай бастады.



– Бес, алты, он, – деп Амиля дауыстап санады.

– Теледидар туралы ауыздарыңды да ашушы болмандар. Көрсетем енді теледидарды! – Тағзима апай бізге ұрсып жүріп шығып кетті.

Бұл оқиға күні бойы ойымнан шығар емес. Қалайша былай болды? Тағзима апай ондай адамға ұқсамайды. Бәлкім ол бізге кейін алманың қалғанын бөліп бергісі келген шығар? Ал Динар бәрін бүлдірді. Оның үстіне Амиля өзінің сөздерімен отқа май құйды. Қалған алмалардың бөлігін кейін бізге таратып бергісі келген Тағзима апайдың бұл ниеті шын болатын болса, біз Тағзима апайдың ыңғайсыз жағдайға қалдырған екенбіз, ренжітіп алған сияқтымыз. Балалар үйінен анда-санда азық-түліктерді алып шығатын қызметкерлер барын еститінбіз, бірақ олар асханада жұмыс істейтіндер шығар. Оның үстіне олар «артылғандарды» алатын болар. Бірақ әр балаға бөлінген үлесті қалай бөліп алып қалуға болады? Таңертеңгі, түскі, кешкі тамақтарды әр балаға бөлек-бөлек салып береді.

Ойланғанымнан бұрынғы өткендер де есіме түсті. Бірде кешке асхана қызметшілерінің бірі Динар екеуімізді өзіне шақырды:

– Балалар, мыналарды маған үйге дейін жеткізуге көмектесіп жіберіңдерші, – деп біздің қолымызға екі пакет ұстатты. Өзінің қолында тағы сондай екі пакет бар екен. Алып жүру өте қиын болды, саусақтарымыз ұйып, қолдарымыз ауырып кетті. Ыңырысып жүріп бір қолымыздан екінші қолымызға ауыстырып жүріп



жеткіздік-ау әйтеуір. Көмектескеніміз үшін алғысын айтты. Рақметін білдіріп алақандарымызға уысымыз толатындай кәмпиттер салды. Сол кезде қандай бақытты едік десеңші!

Сол күні кешкі тамақ кезінде бізге дәл сондай кәмпит таратты, бірақ бір-ақ талдан...

Еденге шашылып түскен алмалар... Көз алдымда әлі не істерін білмей қалған Тағзима апайдың түрі тұр. Сонда ол біздің үлесімізден өзіне алып қалып отырған ба?.. Жо-жоқ! Басқа неше түрлі ойлар келе береді екен ғой!

Иә, Тағзима апай кейде тым қатал, бірақ ол мұндай айлакер емес. Егер дұрыстап сұрасаң түннің бір уағына дейін теледидардан кино көруге рұқсат береді. Шыны керек, біраз жалынып сұрауымыз қажет. Түк те емес! Бірден келісе кетсе қызықсыз емес пе? Қалай болса да Тағзима апай – жақсы адам! Қайдағы жоқ бір алмалар үшін оның жүрегін жараладық!

Сол күні-ақ топта бәріміз өзді-өзімізбен сөйлестік. Біздің ыңғайсыз қылықтарымыз үшін таңғы ас үстінде кешірім сұрайтын болып келістік. Әрине, Амиля мен Динар бізге ұзақ қарсы болды:

– Өзі бізден кешірім сұрасын! Мен оның алмаларын ұрлаған жоқпын! – деп Динар бір-ақ кесіп сөйледі.

– Ол туралы осындай істейді деп естуші едік, енді өз көзімізбен көрдік, – деп Амиля дауласа жөнелді.

Бәрібір де бәріміз екеуін райларынан қайтара білдік.



Тағзима апай өз кезегіне жұмысқа келгенінде бізге өкпелі түрде кірді. Бізге қатты ренжігені білінеді.

– Сіз бізге ренжімеңізші, өтінеміз, –деп әңгімені бастап едім, тәрбиеші бірден шарт кетті:

– Кетіндер, ашуландырмандар мені, асты-үстіме түсе бермеңдер!

– Тағзима апай, біз әдейі істеген жоқпыз ғой, – деп оған ренжіп жүрген Амиляның өзі сыпайы сөйледі.

– Білеміз ғой, ол алмалардың сізге керегі жоқ. Нан мен майды да бізге кейінірек беремін деп шкафқа салып қойған боларсыз.

Бұл сөздер де Тағзима апайдың ашуын баспады. Керісінше, ол бұрынғыдан бетер ашуланды:

– Қарай гөр бұларды! Ол аздай мені келеке етеді. Ендігі бүкіл балалар үйіне сендердің тамақтарыңды ұрлап жүр деп жайып жіберген шығарсыңдар. Болды, көзіме көрінбеңдер!

– Жоқ, ол не дегеніңіз! – дедім мен. – Олай емес, апай!

– Жақсылықты түсінбейсіңдер! Енді ешқашан теледидар көрейікші демеңдер! Ауыздарыңды да ашпаңдар! – деп тәрбиешіміз саусағын шошайтты да шығып кетті.

Ары қарай әңгімені жалғастыру мүмкін болмады. Ох, Динар! Неге ғана әлгі шкафқа бара қалды екен? Басымызға қаншама қиындық келе қалды. Кешке кезекті серия, жалғасын көргіміз келіп-ақ тұр.

– Жоқ, болмайды! – деп Тағзима апай бірден қарсы болды. – Ендігәрі маған қалай қарасаңдар,



мен де сендерге солай қараймын. Тап қазір ұйқыға жатыңдар!

Тәрбиеші айқайлап барып теледидарды тоқтан ажыратып тастады. Не істейміз, бөлмелерімізге та-
раудан басқа амалымыз қалмады...

– Аттан! Ат-тан! – деген жаныңды тітіркендіретін айқайдан оянып кеттім. Басқа балалар да төсек-терінен атып тұрды. Бәріміз залға не болғанын білуге жүгірдік.

– Көмектесіңдер! Құтқарыңдар! Өлдім! – деп үстелдің үстіне шығып алған Тағзима апай айқайлап тұр. Шаштары жалбырап кеткен. Бізді көре салысы-мен дауысын одан әрі үдетті:

– Құтқарыңдар! Ол осы маңға жасырынды! – тәр-биеші дірілдеп тұр, түрі өрт өшіргендей. Жүрегіміз жарылардай болып тұрмыз. Оның түрінен бәріміз қорқып қалдық.

– Не болды, апай? – ұйқыдан тұрған балалар өзде-ріне-өздері әлі дұрыс келе алмай, не болғанын білуге тырысуда. Ал Тағзима апайдың үстелден түскісі де келмейді, бейне бір астында оны улы жылан күтіп тұрғандай. Жылап тұрып бізге бірдеңе түсіндіруге тырысты.

– Ол жексұрын осы жерде! Жаңа ғана көрдім!

– Кім сізді қорқытқан? – Тағзима апайды саба-сына түсіруге тырысқан Амиля ақырын барып оның қолынан ұстады.

– Егеукұйрық! Бізде егеукұйрық пайда болыпты!



Тәрбиешінің сөздерінен соң ішім мұздап сала берді. Менің егеуқұйрығым!

Қобалжығанымды білдірмеу үшін бөлмеге жүгіріп кеттім. Кішкене шкафымның есігін ашып қалып едім – егеуқұйрығым жоқ екен! Ұйықтарымыздың алдында біз ылғи бөлmemіздің есігін жауып қоятынбыз. Балалардың бірі түнде шыққанда есікті жабуды ұмытып кеткен тәрізді. Егеуқұйрық сондықтан да шығып кеткен!

Қайтадан залға шықтым. Балалар Тағзима апайды қоршап алыпты. Оның айқайына 1-қабаттан вахташы да келіп жеткен екен. Ол «жедел жәрдем» шақырыпты.

Тағзима апай жүрегін ұстай отырып өкіре жылап дәрігерге көргенін айтып отырды.

– Қан қысымы жоғары! Жүрегінде кінәрат бар, инфаркт алмаса болды... – деді дәрігер.

– Ұйықтап жатсам бірдеңе менің ерінімді тырналап жатыр, – өксіп отырып Тағзима апай сөйлеп отыр. – Көзімді ашсам – үлкен егеуқұйрық! Кеудемде отыр!

– Мүмкін сізге солай елестеген шығар? – деп оны дәрігер тыныштандырғысы келді. – Мүмкін ол мысық болған шығар?

– Не, мені мысықты егеуқұйрықтан ажырата алмайды дейсің бе? – деп шаптығып, тәрбиеші қайтадан қатты егіліп жылап кетті. – Бұл балалар үйі құрып кетсін! Басыма бәле болды!...

Тағзима апайды «жедел жәрдем» қалаға алып кетті. Сағат таңғы төрт болатын. Көпке дейін



ұйықтай алмадым. Не болғанын білген балалар қарқылдап күліп ұйқы бермеді.

Міне, не деген егеуқұйрық! Бұл жерге неге ғана әкелдім екен! Фаяз сыйлығын беріп тұрып егеуқұйрықтың ауыздан су ішкенді ұнататынын айтқан еді. Байғұс су ішкісі келген шығар. Әрине, содан соң тәрбиеші шошып кеткен ғой! Тағзима апайдың жүрегі жарылып кетпегені жақсы болған.

Барлығы жатқан соң мен ақырын ғана егеуқұйрықты тауып алдым да кішкене шкафқа бекітіп қойдым.

Бұл егеуқұйрықтың менікі екенін білетін болса, маған оңай болмайын деп тұр! Сыйлықты қайтадан қайтарып беруге мәжбүрмін. Таңертең сыйлықты бұрынғы иесіне апарып бердім. Балаларға бұл жайлы ештеңе айтпауларын тапсырдым. Тағзима апай ауруханада екі апта жатты. Балалар үйіне одан соң оралған жоқ, өз өтінішімен жұмыстан босады.

– Бұл балалар өздері егеуқұйрықтан бетер. Солардың маңына сондықтан да егеуқұйрықтардың тобы жиналады! Ендігәрі аяғым баспас бұл жерді! – деп Тағзима апай құжаттарын алып кетті.

Осылайша Тағзима апай мен егеуқұйрықпен қош айтыстық.



ҰРЫ

Биылғы жылы жаздық лагерде жайбарақат демалудың сәті түспеді. Біздің бірқалыпты өмірімізде кенеттен күтпеген оқиға болды. Лагерьдің күзетшісінің заттары жоғалды. Біреу оның бөлмесіне кіріп бәкісі мен мың рублін ұрлап алыпты. Бұл жерде демалып жатқандар көп: бізден басқа қалалық балалар бар, басқа аудандардан келген балалар да көп. Бірақ ұрлық болды дегенде ең бірінші кезекте, бізге, балалар үйінің балаларына күдік келді.

– Кінәліні таппайтын болсаңдар өз обалдарың өздеріңе! – деп күзетші доқ көрсете сөйледі. – Сендер ғана бұл жерде тіміскіленіп жүресіңдер, басқалар бұл жерге келмейді!

Біздің тәлімгеріміз Рафис аға өзін қоярға жер таппады. Қалай болса да біздің тәртібімізге бұл жерде ол жауап береді. Егер іс насырға шапса бірінші кезекте сол сұралады. Балалар үйінің директоры мен лагерь басшылығы оны балаларға дұрыс қарамағаны үшін жауапқа тартады.

Рафис аға бізге бөтен емес, бұрында ол өзі де осы балалар үйінде тәрбиеленген. Қазір қалада орташа оқу орнында оқып жатыр. Жазғы уақытқа оны бізге тәлімгер болуға жіберген. Директор



Мавлида Нұрғалиқызы үнемі тәрбиешілерді емес, балалар үйінің бұрынғы тәрбиеленушілерін жібереді. Оған ерекше себеп бар. Біріншіден, Рафис аға бізбен тез тіл табысып кетеді. Екіншіден, балалар оны сыйлайды әрі одан аздап қорқады. Егерде бір қателіктер жасап қойсаң «орныңа қоюды» біледі. Оның санасынан кезінде балалар үйінде атаман болған күндері жоғала қоймаған.

Ұрлық туралы хабарды Рафис аға көңілсіз қабылдады. Тез арада біздің бәрімізді жинап алды да ұрыны табуымызды тапсырды.

Іздеу басталды! Бөлмелеріміздің астаң-кестеңін шығарып іздедік, әрқайсымызға сұрақтар қойылды, қалталарымыз, сөмкелеріміз тексерілді. Бірақ еш пайда болмады: бәкі де, ақша да табылмады.

Бұл тінтулерде Динар ерекше белсенділік танытты. Үнемі тәлімгердің жанында айналшақтап жүрді. Бәлкім Динар оның алдында өзін көрсеткісі келді ме, мүмкін шынында да болған жайға бар жан-тәнімен күйіп-піскен болар. Бұрын Динар Даянның оң қолы болған еді, сол кезде оның тарапынан көп жексұрын істер көрген едік.

Кешке дейін ұры табылмады, сондықтан біз ол заттарды лагерьге келген басқа балалар ұрлады деген ойға келдік:

– Не, тек балалар үйінің балалары ғана ұрлайды ма? Бірдеңе бола қалса болды, бізді кінәлап шыға келеді, – деп балалар ызаға булықты. – Оның үстіне мына күзетші... Өзінің жеке заттарына ие бола



алмаған ол қандай күзетші?! Өзіне керек пе, заттарын өзі іздеп тауып алсын. Бірдеңе болса болды, бізге, балалар үйінің балаларына кінә арта береді...

Бірақ біз қорытынды жасауда асыққан екенбіз... Ертеңінде бәріміз естіген жаңалығымыздан есеңгіреп қалдық – ұры табылған екен! Ол балалар үйінің Альберт деген баласы болып шығыпты. Ерекше белсенді болып жүрген іздеуші Динар бүгін таңертең жоғалған бәкіні Альберттің жастығының астынан тауып алыпты.

Түскі астан бұрын ғимаратқа тәлімгер бәрімізді жинады. Ешкім қалыс қалмады: ересек балалар да, кішкентайлар да келді. Бәрі орындарына тұрған соң тәлімгердің бөлмесінен Альбертті алып шықты. Біреулер оны көре салысымен қатты күліп жатты, енді біреулер ысқырыққа басты, түйрейтін сөздер мен айқай естіліп тұрды. Бала қатты қорыққаннан тоқтаусыз жылап тұр екен. Жылай бергеннен беті ісіп кетіпті. Оны ұрған да болуы керек, беттерінде дақтар пайда болыпты. Альберт басын төмен түсіріп, көзін көтерместен тұр. Ол ең алдымен осынау соттан қашып кетуді ойлап тұрған болар...

– Міне, балалар, ұры табылды. Бұл біздің адал, таза атымызға кір келтірді!

Тәлімгердің осы сөздерінен кейін у-шу болып кеттік.

– У-у-у – егеуқұйрық! – топтан біреу айқайлап жіберді.



– Мұны екінші рет ұрламайтындай етіп жазалауымыз керек!

– Не деген ұятсыз! Ештеңе болмағандай жүрген еді ғой.

– Осының кесірінен бәрінен күдіктенген болатынбыз! Өзім-ақ біраздан соң басына әңгіртаяқ ойнатамын!

– Мен алма... – Альберт желді күнгі көктеректің жапырағындай дірілдеп тұр. Ол өзін қорғап, кінәлі емес екенін дәлелдегісі келді, оны бірақ ешкім тыңдамады. Керісінше, одан сайын тәлімгерді ашуға булықтырды.

– Ауызыңды жап! – Рафис аға оның құлағын бұрап жіберді. Альберт өкіріп жылап кетті. – Бәрі біледі, сен екенінді. Куәлар да бар.

– Осының ғана қолынан келеді! – деп сөзге Динар араласты. – Кеше ғана оның сағыз шайнап жүргенін байқағанмын, арамтамақ неме! Ақшасы болмаса оны қалай сатып алады?

– Ол қарағайдың сағызы болатын! Мен соны шайнап жүргенмін, – деп Альберт басын көтерместен сөйледі.

– Өтірік айтуды қалай үйреніп алғансың?! Өтірікке де шебер екенсің! Мен өзім көрдім, шайнап жүргені ақ сағыз болатын! – деп Динар болмады. Оның сөзіне бәрі бірдей сенді.

Сонда ұры Альберт болып шыққаны ғой. Динар оның ақ сағызды шайнап жүргенін көріп қалған ғой. Қазір Альберт не айтса да оған енді сенім



жоқ. Мұндай жай ғана жүрген баланың біреудің затына көз алартқаны қалай болған?

– Қандай ыңғайсыз жайға тап болдық, – тәлімгер ауыр күрсінді. – Адамдардың көзіне түсудің өзі ұят. Басқа балалар біреудің қалтасына түсуді ойламайды да. Сендерге не жетпейді?!

– Рафис аға! Бір адамға бола бізді олай кінәламаңыз, – деп Амиля қарсылық танытты.

Тәлімгер ары қарай сөзін жалғастырды:

Мұндай ұрылардың басынан сипамаймыз. Бұл жай барлығы үшін сабақ болсын. Бұрынғы замандарда ұрыларды өте ауыр жазаға тартқан, білесіңдер ме? Бірінші рет ұрласа саусағын шапқан, тағы да келесі жолы ұрласа қолын кескен!

– Мәссаған, Альберт! Енді бір саусағыңмен қош айтысасың! – деп артқы қатардан біреу қатты дауыстады. Бәрі ду күлді. Ортада тұрған кінәлі жан одан сайын бақырып жылап кетті...

– Мен Альберт үшін басқа жаза ойлап таптым, – тәлімгер пакеттен картон мен қара фломастер алып шықты. Бұл заттар не үшін керек екенін әлі ешкім түсінген жоқ. Балалар жақындап келіп тәлімгерді айнала қоршап тұрды. Біреулер қызық көріп секіріп жүр. Рафис аға үлкен әріптермен «Мен ұрымын!» деп картонға жазды. Балалар жіп тауып әкелді. Жаңағы жазу жазылған картон Альберттің мойнына ілінді. Ондағы жазуды көрген Альберт тіпті қатты өкіріп жылап жіберді.

– Ва-у-у! Керемет жаза ойлап тапты! – деп балалар құптады.



– Ха-ха, ұры! Ақша мен бәкіні ұрлап алған!

– Енді осылай жүрсін! Басқалары біліп жүретін болды! Бөгде адамның заттарын ұрлағанда сондай, көрсін енді!

– Осы жазумен екі күн жүреді, – деп тәлімгер саусағын кезеді. – Егер алып тастасаң одан да бетер ауыр жаза қолданамыз. Сендер, балалар, оның бұл картонды мойнынан шешпеуін қадағалап жүріңдер.

– Асханаға да осылай баратын болады ма? – деп Динар күлкісін баса алмай тұрып сұрады.

– Иә! Ұйықтаған уақытыңда да шешпейтін болады! – деген тәлімгердің үкімі шықты.

Жиналысты аяқталды деп жариялады да, балалар жан-жаққа тарасты. Көп балалар Альберттің жанынан өтіп бара жатып қорлауға тырысты. Біреу шашынан тартып кетті, біреу қолын мүйіз етіп, артынан теуіп кетті. Енді біреу алдынан атып шығып: «Мен ұрымын! Мен ұрымын!» – деп мазақтап жатты.

Рафис аға не істерін білмей тұрған Альбертті қуып жіберді:

– Кет! Көзіме көрінбе!

Альберт жүгіре жөнеліп еді, оны Динар қуып жетіп арқасынан бір тепті. Ұры мұндай ауыр соққыдан аяқта тұра алмай қалып алдыға ұшып түсіп, бірнеше рет айналып түсті. Бірақ бір ауыз сөз айтпады. Орнынан тұрып алды да, ары қарай жүгіріп кетті...

Бұл жайдан соң Альбертке тыныштық бермеді. Таңертеңгілік жаттығуға ол осы мойнындағы жазумен барды. Асханаға да солай барды. Әрқайсысы



оған бірдеңе істеп қалуға тырысты: қасықпен басынан ұрып қалды, біресе компотына саусақтарын батырды, нанын тартып алды...

Балалар үйіне қатысы жоқ балалар болып жатқандарға таң қалып қарасты. Біреулер аянышты көзбен қараса, біреулерге қызық керек болды.

Ал, Альберттің кінәлі басы төмендей берді, төмендей берді. Ол ешкіммен сөйлеспеді. Сұрақтарға жауап бермеді. Ол осынау жаман жазудан қуана құтылар еді, бірақ барлығы тәлімгерге жағу үшін оның жазуды шешпеуін жіті қадағалап жүрді. Оның үстіне кезі келгенде бәрі Альбертті төмендетіп, тұқырға берді. Ұрыға кім жақтасушы еді? Бәрі оған оның өзі кінәлі деді.

Үшінші күні Альберт жоқ болып кетті! Қашып кетті! Бәрі ұйықтап жатқанда ғимараттан ақырын шығып, қашып кетті. Ешкімге ештеңе айтпады.

– Әрине, қашып кетеді! – деді біреулер. – Оның қалтасында бір мың рублі бар ғой! Ұры ақшаны қайтарған жоқ қой! Сыртқа барып тәтті-дәмді тамақтар жегісі келген шығар...

Лагерге танымал болған ұрының қашып кетуі біздің өмірімізді ащырақ ете түсті. Құмырсқаның илеуіндегідей бәріміз жүгіріп кеттік. Сол күні-ақ балалар үйіне қоңырау шалынды, милиция шақыртылды. Погон таққан аға ұзақ уақыт бойы бізді сұраққа алды. Қайда баратынын айтпады ма, туыстарын білеміз бе, ол қашатыны туралы айтты ма, осындай сұрақтар барлығымызға қойылды.



– Қиындықтарымыз аздай! – ашудан қып-қызыл болып кеткен тәлімгеріміз ұрсып жүр. – Қолыма түссең, шіркін, аяғыңды тұсар едім!

Бір аптадан кейін Альбертті ұстап алып лагерьге әкелді. Ол көрші аудандағы анасына қашып кеткен екен. Бұл аралық жүз шақырымдай жер! Мұндай алысқа қашып кету үшін қандай жүрек керек десеңші! Ештеңеден қорықпау керек!

Ешкім көрмей тұрғанда онымен сөйлесіп үлгердім. Егер жанымызда біреу-міреу болғанда Альберт маған бұлайша сенбес еді. Мен оның былтыр мектеп бітірген ағасымен дос болатынмын. Сондықтан болар, ол маған сеніммен қарап, үндемей қалмады.

– Сен ол жаққа қалай жеттің? – деп сұрадым.

– Басында жаяу жүрдім... Мені көріп қоймасын деп күні бойы орман арасымен жүрдім. Ізімнен тауып алады деп қорықтым. Түн болғанын да білмей қалдым. Содан соң қайың ағашының түбінен үйшік жасап алып, сонда ұйықтап шықтым. Таңертең жолдың бойына шықтым, келе жатқан көлікті тоқтаттым. Олар мені деревняға дейін әкеліп тастады.

– Мәссаған! Дұрыс болған екен! Сен не жедің? Қарның ашқан болар?

– Қайдағы? Жазда адам аш болушы ме еді? Орманда жидектер өте көп екен!

Баланың сыртқы түрінен үйінде оған ешкімнің ерекше көңіл бөлмегені байқалады. Киімдері кіркір, тырнақтары өсіп кеткен, шаштары жуылмаған.



– Анаң сен келгенде қуанып қалған шығар, – деп баланы бір сергітіп қояйын дедім.

Альберттің түрі өзгеріп кетті, көзін менен тайқытып әкетіп басқа жаққа бұрылды.

– Жоқ, – деп ауыр күрсінді, – Үйге келгенімде адамдар толып жүр. Анам мас екен. Жейтін ештеңесі жоқ. Туыстарыма баруға тура келді. Анам менің келгеніме қуанбады, оған бәрібір болды...

– Үйде осынша жаман болса, онда неге қаштың? Бұл жерде тым болмаса тамақ береді, киіндіреді.

– Онда мен аш болсам да жаным тыныш. Ешкім ренжітпейді, мазақтамайды. Өзің – би, өзің – қожа! Білесің бе, Ілияс аға, мен мына өмірден қатты шаршап кеттім. Кейде өмір сүргім де келмейді. Күнде сүргін, ренжісу. Менің ең сүйікті уақытым – түн! Тек түсімде ғана шынында да бақыттымын: жүгіремін, күлемін, ойнаймын... Ертегідегідей – бәрі жақсы, барлығы бақытты, мұң, қайғы жоқ... Сол себепті ұйқыдан тұрғым да келмейді. Қорқамын. Ұйқыдан тұрған соң мүлде басқа өмір басталады. Шаршадым...

– Ұрламағаныңда мұндай жағдайға тап болмас едің! Әлгі бәкі неге керек болды саған? Сен өзіңнің арыңды осымен былғап алдың...

Альберт бірден қып-қызыл болып кетті де жыламсырап:

– Ілияс аға! Не, сен де осыған сеніп жүрсің бе?! Мен ештеңе ұрлаған жоқпын! – бала басын төмен түсіріп алып бөлмеден жүгіріп шығып кетті...



Әрі ұры, әрі қашқын Альбертке көресінді көрсетті! Рафис аға оны ешқандай жазасыз қалдырса, басқа балалар өздеріне бәрі болады деп ойлаулары мүмкін. Балалар тәлімгердің қыр соңынан қалмай жүріп: «Ұрыға не болады», – деп сұрап қоймады. Енді барлығына сабақ болуы үшін жазалау қажет болды. Оның үстіне қайта-қайта тәлімгердің айналасында үйіріліп жүрген балалар да жай жандар емес. Жаман бірдеңелер ойлап тауып, басқаларын соған еліктіретіндер бұлар.

Білмеймін, Альбертке кезекті жазаны кім ойлап тапты екен, оны лагерьден жайдан-жай жібере қоймады. Балалар оның мойнына «ұры» деген жазуды кетпейтіндей етіп инемен жазып қойды. Керекті нәрселерді қайдан аламыз деп бас қатырмады: жай ине мен қаламсаптың жасыл сиясы жеткілікті болды. Инені жасыл сияға малып алып осынау ауыр сөзді енді Альберттің тәніне жазды...

Балалар үйінде денеге инемен сурет салу, жазу жай ғана нәрсе болып есептеледі, біраз балалар өздеріне жасатып алады. Бұл іс бойынша шеберлер де бар арамызда. Балалар оларға өздерінің ескі киімдерін беруге, алмаларын сыйлауға даяр. Әдетте кеудеге жақсы көретін қызының есімін, қолға өзінің туған жылын жаздыртады. Біреулер балалар үйінде болған жылдарын жаздыртады... Айдаһар, жылан, қасқыр – тіпті осындай суреттер де кездеседі. Темекі шегетін, төбелесетін балалар үшін инемен денеге сурет салу, жазу ерек-



ше мақтаныш, бедел, абырой болып есептелетін. Альбертке жазылғандай жазуды мен алғаш көрдім. Бұл жазудан ол күндердің бір күнінде құтыла алар ма екен?

Осы оқиғадан соң Альберт ешкіммен сөйлеспейтін болды. Ол почтаға жиі баратын болды, өзінің алыс туыстарына хат жіберумен айналысты. Жаңа жылдың алдында оған анасының туыстары келді. Олар Альбертті асырап алуға бел буған екен. Оның қалай қуанғанын көрсеңіздер ғой! Содан бастап мен Альбертті көрген жоқпын. Мойнындағы жазуын да уақыт өте келе ұмытып кеттік...

Келесі жылы біз тағы да демалуға жазғы лагерьге бардық. Бұл жолы мен қалалық бір баламен достасып алдым. Ол былтырғы жылы да демалған, бірақ ол кезде біз онымен жақын араласпаған едік.

– Сендер балалар үйінен болсаңдар да, жақсы өмір сүресіңдер, – деді ол қызғана қарап.

– Неге олай ойлайсың?

– Сендер жазғы лагерьге келгендеріңде бәріне ақша береді. Дүкеннен не қаласаңдар, соны сатып алуларыңа болады. Ал маған анам ақша бермейді...

– Мен таң қалдым:

– Не айтып тұрсың? Бізге кім ақша береді? – шындығында да, соңғы рет қашан қолыма ақша ұстағаным есімде жоқ. Ал мына баланың не туралы айтып тұрғаны белгісіз.

– Өзім көрген соң айтып тұрмын!

– Не көрдің?



– Былтырғы жылы сендердің бір балаларың дүкенге барғанында мені өзінің жанына ертіп алды. Біз дүкенге кіргенде сатушыға мың рубльді ұстата салды. Мұндай байлықтан көзім алақандай болып кетті.

– Балалар үйінде әрқайсымызға осынша ақшадан керек-жарақтарымызға деп береді, – деп мақтанды ол.

Мен не дерімді білмедім, ауызым ашылып отырып қалдым. Содан кейін әңгімені жалғастыратын күш-қуат жинап, сұрақ қойдым.

– Ол бала кім болып еді?

– Динар!...





СҮЙЕК

Уф, қарным қатты ашты! Қазір не болса да таңдамай жер едім! Асқазаным қасқырша ұлып тұр! Демалыс күндерін ұнатпаймын...

Бүгін таңғы сегізде тұрдық. Таңғы асқа ботқа, шәй, екі тілім нан берді. Одан соң жалпы жиналыс болды. Ол біткен соң бізді, балаларды қар тазалауға жіберді. Оны біткен соң бөлмелерімізді жинауды бастадық: кілемді далаға шығарып, қағып-сілкідік. орнынан жиһаздарды жылжытып, шаңдарды сүртіп, еденді жудық. Эх, осындай жұмыстар істегендіктен күшіміз қалмады! Оның есесіне қарнымыз ашты! Таңертең бергендері қарнымыз түгілі өңешімізге де түспегендей. Мектепте, төртінші сабақтан кейін екінші таңғы асқа барамыз. Одан асқазанымызға бірдеңе барып жетісіп қалатынбыз. Ал демалыс күндері екінші таңғы ас жоқ, өйткені сабақтар болмайды. Бүгін екіге дейін түскі асты күтуіміз керек. Сағат болса 12.00...Қалай шыдасақ? Шіркін, бірдеңе жесе ғой!..

Кенет бөлмеге Айнұр кіріп келді:

- Илияс, кеттік асханаға!
- Неге?
- Аспаз Зиля апайдан сүйек сұрап аламыз!



– Жоқ, бармаймын. Ол бермейді – деп қолымды бір сілтедім.

Балалар үйінің балаларында сондай әдет бар. Егер демалыс күндері қатты қарындары ашса амалсыздан асхананың алдындағы есіктің түбіне жинала бастайды. Түскі асқа дейін әлі біраз бар, бірақ бұл уақытта аспаздардың еттері дайын болып қалады. Олар піскен еттердің сүйектерін ажыратқан соң қу сүйектерді лақтырып тастайды. Ұлдар содан үміттенеді. Екі сағатқа сүйек мүжіп шыдай тұруға болады. Тіпті сол сүйектерді алу да оңай емес. Кімге беріп жатқандарына мән береді. Бүгін Зиля апайдың кезегі, сондықтан барудан бас тарттым. Бәрібір біздің меселімізді қайтарады. Бір күні, есімде, бәрімізді қуып жіберген:

– Директор рұқсат етпейді! Біреулерің сүйекке қақалып қалсаңдар мені тірідей жейді. Тұрмандар бұл жерде, сұрамсақтанбандар!

Оның қатал түріне қарап балалар лақап ат қойып қойды – Карлсон. Иә, Зиля апай ертегінің сол кейіпкеріне сырттай қатты ұқсайтын.

Өткен аптада бірнеше бала сүйек сұрауға барған болатын. Ол кісі бермеді. Балалар оны мазақтай бастады. «Аш адам ұрысқақ болады, ауру адам тырысқақ болады» деп бекер айтпаған екен.

– Пропеллерің сынып қалсын!

– Ылғи ұшып жүреді, аккумуляторы отырып қалсын!

– Пыр-пыр-пыр, – деп мазақтап жүріп балалар кетіп қалды.



Осыдан кейін оған қайтадан қалай барасың? Бірақ Айнұр жаныма тыныштық бермеді.

– Сен қалай ойлайсың? Басқаларға жұдырығын түйеді, ал бізге сүйек береді ме?—деп шыдамай кеттім.

– Ал мен оған тосын сый дайындап қойдым, —деп Айнұр күлімсіреді. — Қазір өзің көресің.

Ол өзінің дегеніне жетті, оның соңынан ердім. Асханаға кіре бергеніміз сол еді, Зиля апай ұрса жөнелді:

– Не керек еді сендерге? Жана ғана бесінші топтағы балалардан әрең құтылдым. Есіктің алдына күзетші қойса да кіре бересіңдер!

Үндемей шығып бара жатыр едім, Айнұр саспалды:

– Апай, мен сізге ән тарту етемін! — деді бойын тіктеп.

– Қандай ән? — Зиля апай кішкене жұмсарды, оны дауысынан байқадым.

– Сізге арнаймын! Бұл әнді радиодан тыңдап жаттап алдым. Айнұр сәл кідірді де бар дауысымен ән салып кетті:

*«Сезімге толы көзіңмен,
Жүрегіме үңілдің.
Не жетер, шіркін, сәніне,
Зиля деген күнімнің!»*

*Қарай бергім келеді,
Күлкің сенің керемет.*



*Қарасаң маған күлімдеп,
Жаным нұрға бөленет!»*

Мен де, аспаз да таңырқап тұрмыз. Қандай керемет дауыс! Ән қалай әдемі шыққан! Айнұр бұлбұлша сайрағанда тоқтата алмайсың! Оның әнін ешкім бөлмеді, ештеңе айтпай тыңдады.

«Сені ғана сүйемін,

Зилям менің, жүрегім!», – деп әнді аяқтады.

Алақанымызды соқтық! Бұл сыйлық аспазға қатты ұнады. Риза болды. О! Демек, бүгін біздің жолымыз болды!

– Рақмет, Айнұр! Жаның сенің көркем, әнің сазды. Саған әнші болу керек, – деп оған Зиля апай алғысын жаудырып жатыр. Одан кейін алдымызға үлкен табақ қойды. Ыдыс сүйектерге толы болатын! Не үшін келгенімізді білген сияқты.

– Байқап мүжіңдер. Басқалар білмесін.

Қандай байлық десеңші! Қазір сүйек кеміретін болдық! Күліп жүріп бөлмемізге қарай тарттық. Ешкім көріп қоймаса екен...

Әх, білсеңіздер ғой, қандай қуанышты едік! Үлкен ыдыспен тола жаңа піскен иісі керемет сүйектер! Қазір мүжіміз! Бәрекелді, Айнұр, жарайсың! Бөлмеге кіргенімізде төрт бала күтіп отыр екен. Олар қайдан білген? Қалаған сүйектерін көргенде жүздері күлімдеп, нұрланып кетті. Қуаныштарын жасыра алмай у-шу болып төртеуі төрт жағымыздан жетті. Біреуі ең үлкен сүйекті алуға



ұмтыла беріп еді, Айнұр оның қолынан сарт еткізіп ұрып жіберді.

– Шектен шықпаңдар! Өзім бөліп беремін! – Айнұр асықпай барып төсегіне отырды, ыдысты тумбочканың үстіне қойды. Содан кейін сүйекті асықпай бөле бастады. Бөлмеге тамаша иіс тарап кетті.

Тамақ табушы өзін ойламаса болмайды. Сондықтан Айнұр ең етті үлкен сүйекті бір шетке өзіне қойып қойды. Маған да жақсы үлес берді, қалай болғанда да асханаға бірге бардық қой!

– Илияс менімен бірге барды, сондықтан жолымыз болды, – деп Айнұр әзілдеп қояды.

Қалғандары өз кезектерін күтіп алақандарын бір-біріне ысқылап тұр, аштықтан бұратылған балалардың көздері жанып тұр еді, ойларында бірнәрсе – тезірек дәмді сүйектерді мүжу. Бәріне бөліп берді. Біраз уақыт сүйектерді үнсіз отырып мүжідік. Ол түсінікті, не сөйлеуің керек, не ауызың сүйектен босамауы керек. Көп сөйлесең басқалар сүйектің қалғандарын тез мүжіп тастайды. Саған аз қалады. Сол себепті бізде балалар үйінде тамақ үстінде ешкім сөйлемейді.

Табақ ақырындап босай бастады. Ешкім бір ауыз сөз айтпады, бәрі бос емес, өз үлестерін мүжуде. Рустам ғана, біздің ең кішкентайымыз үнсіздікті бұзды:

– Айнұр аға, сен сүйекті дұрыс мүжи алмайды екенсің! – деді ол.



– Оның не оқуы бар? Аласың да мүжи бересің! Ет қалдырмай мүжіген сияқтымын...

Рустам күлімдеп мүжілген сүйекті қолына алды.

– Қазір мен сендерге бірдеңе үйретемін. Кейін басқаларға мақтанасындар. Өздерің білдік дейсіңдер.

«Мұғалім» бөлменің ортасына шықты:

Сүйекті дұрыс мүжу – асқан шеберлік. Сендер оны жып-жылтыр етіп мүжідіңдер, енді онда түк қалмады деп ойлайсындар. Ал ең дәмдісі ішінде жасырынған, – Рустам сүйекті тумбочкаға ұра бастады. Сүйек бөлініп, ішінен дәмді майы шықты.

– Міне, сүйектің ең дәмдісі осы, – Рустам шаттана күліп жіберді, біз үшін керемет жаңалық ашқандай. – Сендер мұны білмедіңдер!

Қарай гөр мұны! Кіп-кішкене болып алып бәрін біледі! Осы сәтте көрші бөлмеден тағы екі бала кірді. Рустамды естіп кірген сияқты.

– О-хо! Сендерде мереке болып жатыр екен ғой! – деді күтпеген қонақтардың бірі. Оған екіншісі қосылды:

– Қане, бізге де беріңдер.

Бірақ табақта бір-ақ сүйек қалған еді.

– Бұл байлықтың иесі – Айнұр, онсыз біз ештеңе шеше алмаймыз.

– Асханаға барып өздерің сұраңдар. Бұл менің үлесім.

– Береді саған анау Карлсон. Сараң ғой ол, ауыздарын қисайтып балалар сөйлеп жатыр.



– Егер мәдениетті, сыпайы түрде сұрасандар неге бермесін, – деп әңгімеге Рустам араласты.

– Дегендері болмаса да қонақтардың кеткісі келмеді.

– Ал анау тумбочканың үстінде жатқан қандай сүйектер? – қонақтар шыдай алмай тұр.

– Олар мүжілген сүйектер... – деп жауап бердік.

– Қараңдар, онда әлі еттері бар жерлері бар екен, сендер дұрыс мүжімепсіндер! – қуаныштан ба, бізді табалағаннан ба, біреуі сөйлеп жүр. – Соңына дейін мүжіп шығайыншы.

– Ал, – деп жауап берді Айнұр.

Анау екеуі сүйектерді бір-бірімен жарыса қайта мүжуге кірісті. Бөлмеде енді сегіз бала болдық. Әңгіmemіз де басқа емес, тамақтар туралы болды...

– Мына балалар үйінен қашан құтылады екенмін?! – деп Айнұр терең күрсінді. – Әйтеуір бір рет тойдым-ау!



– Оның сөзін жаңадан келген балалардың бірі жалғастырды.

– Айтпа. Мына Карлсон тамақты дәмді дайындауды да білмейді. Бірде сорпадан ұзын шаш тауып алдым. Ал оны бұл үшін ешкім жауапқа тартпайды. Ол біздің директор – Мавлида Нұрғалиқызының жақын туысы ғой.

– Күн сайын тек қырыққабат береді. Күнде жегеннен енді өңешімізден өтпейді.

– Қуана бер, бүгін тағы қырыққабат береді, – деп айтып жібергенімді өзім де байқамай қалдым.

– Біз қазір осы сүйектер үшін бір-бірімізбен төбелесуге дейін дайынбыз, ал өз үйлерінде тұратын балалар астың, тамақтың қадірін білмейді, – деп Айнұр ересектерше сөйледі.

– Тамақтан, астан үлкен нәрсе бар ма? Ондай адамдар да бар ма?

– Әрине, ондай ақымақтар да бар, – Айнұр өзін мығым ұстады. – Біздің сыныпта бір бала бар, не деген тәкаппар десеңші! «Анам күнде ет пісіреді, жалықтым. Етті көргім келмейді тіпті», – дейді. Ол миғұлаға қалай іштей ренжідім десеңші! Ұшып түсетіндей етіп аямай бір ұрғым келіп кетті. Өзі семіз торайға ұқсайды. Жүгірген кезде іші ірк-ірк етеді.

– Біздің сыныпта да осындай бір ақымақ бар! – білетініммен мен де бөліскім келді. – Мектептің асханасына барғанымызда қыңырлығын көрсете



бастайды: сорпасын төгіп-шашады, пияздың жүргенін көрсе, ыдысын ысыра салады. Өзі ғана ішпесе бірсәрі, «фу-у, мұндай қоқысты қалай жеп-ішесіңдер» деп біздің де тәбетімізді құртады.

– Ол түк емес! – Рустам да әңгімеге араласты. – Сыныптасым туралы айтсам, сенбеулерің мүмкін. Тіпті құтырып кеткен!

– ...

– Қалайша? Түсінбедік!

– Ол қатты ерке болып кеткен! Таңертең анасы оған ботқа пісіріп береді – ол болса жемейді, баласын көндіру үшін алдап-сулайды. Түскі асты да дұрыс ішіп-жемейді. Оған печенье мен кәмпиттер болса болды. Не істерлерін білмеген ата-анасы келісім-шарт ойлап тапты: егер балалары ботқаны жейтін болса, оған қосып он рубль ақша береді. Түскі тамақты жегені үшін де ата-анасынан ақша алады.

Бұл сөздер біздің ашуымызды келтірді. Әркім өзінің сөзін айтып жатыр:

– Оның әкесі болсам, шыдамас едім, сазайын жақсылап берер едім...

– Мектепте көрсетші бізге оны. Бір тоқпақтап алайық.

– Бір айға оны балалар үйіне әкеле тұрса. Төбелесіп жүріп тамақ ішер еді, қалай өзгергенін өзі де байқамай қалар, – деп көрші бөлмедегі бала кейіп сөйледі. Содан соң маған келді де:

Илияс, маған да кішкене қалдыршы. Сен біраз мүжидің ғой, – деді.



Не істеймін енді, мүжіп отырған сүйегімді бердім. Біздің қуанышты отырысымыз астаң-кестең болды...

Есігімізді тепкеннен ол топсасынан шығып кете жаздады. Алдымен басын Даян көрсетті. Артында Динар да бар.

– О-хо-хо! Мына жерден мейрамхана ашқан-сыңдар ма?

Атаманға ешкім жақ аспады.

– Сендер неге Даяннан бұрын сүйектерді алған-сыңдар? – деп Динар килікті. – Кім рұқсат берді сендерге?

Даян қатты ашулы еді. Еріндері ісініп, бұқа сияқты көзі қызарып қарап тұр. Нық басып бөлменің ортасына келді. Босап қалған ыдысқа қарады. «Егеуқұйрықтар!!!» – деп басқаша бір дауыспен айқайлап жіберді де шіреніп тұрып табақты теуіп жіберді. Ішінде жатқан бір сүйек төсектің астына ұшып түсті. Динар еденге жата қалды да, сүйекті тауып алып, мүжуге кірісті.

– Бізге Зиля апай өзі берді ғой... – Айнұр дауысы дірілдеп ақталмақшы болды.

– Ал мен рұқсат бердім бе сендерге, боқмұрындар? Бәрін алып кетіпсіңдер, тоғышарлар! – деп Даян ашуын баса алмай тұр.

– Сүйектерді бізге ғана алуға болады! Солай ма, Даян? – деп Динар қақала сөйледі. Ол әдейі отқа май құйды. Бұл «құйыршықтың» сөздері Даянды одан сайын жындандыра түсті.



– Кім сендердің араларыңдағы ең батылдарың? Мұның бәрін кім алған? – Даян жауап іздеп әрқайсымызға бір қарады.

– Мен, – деп Айнұр ақырын сөйлеп, басын төмен түсірді.

– Өте жақсы! Қазір ақылға үйретемін! – деп атаман келеке етті.

Ол Динардың қолындағы сүйекті тартып алды. – Неше сүйек мүжіген болсаңдар, осы сүйекпен бастарыңнан сонша рет ұрамын. Сендер сол уақытта: «Енді өйтпейміз», – деп айтып тұрасыңдар.

Даян бар күшімен Айнұрдың басынан ұрып кеп қалды.

– «Енді олай істемеймін» де!

Айнұр үндемеді. Даян тағы бір рет ұрды. Ауырғаннан досымыз көзін қатты жұмып алған. Тағы ұрды... Мен шыдай алмадым.

– Біздің не кінәміз бар? Бізге Зиля апай сүйектерді өзі берді! – деп қорыққаннан дірілдеп тұрып айқайлап жібердім.

– Жап ауызыңды, кепкен балық! Саған әлі кезек келген жоқ.

Айнұрдың үн-түңсіз қасарысып тұрғаны Даянды ашуландыра түсті.

– Айтасың ба? «Енді алмаймын» деп айтасың ба? Сенен сұрап тұрмын, бокмұрын!

Айнұр басын шайқады. Даян оның басынан тағы бір рет қатты ұрып жіберді. Айнұрдың шыдамы таусылды-ау. Ол төсектен атып тұрып айқайлап жіберді:



– Айтпаймын! Күтпендер! Мен сенің құйыршығың емеспін! Сүйектерді ұрлап алған жоқпын!

Даян оқиғаның бұлай өрбуін күтпеген еді. Балалардың біреуі де осы уақытқа дейін былайша қарсы шығып көрмеген болатын. Арамызда ондай адам жоқ та еді.

– Ах, паразит! Не, дауысың шықты ма?!

Даян сүйектің өткір жағымен Айнұрдың бетінен ұрып жіберді. Жаман дыбыс шықты. Не істерімді білмей тұрып қалдым. Айнұр ауырғандықтан жылап жіберді.

– Өкірме! – Даян жұдырығын түйді.

Мұндай айуандықтың түрінен ішімде бірдеңе үзіліп кеткендей болды. Неге Даян осындай әрекет істейді? Айнұр ұрлаған да жоқ, алдап-сулап та алған жоқ қой. Бұл сүйектерді алу үшін ол кереметтей етіп ән салды! Әдемі сөздерді теріп қойып, сөзін жаттап алды... Бізге де беру үшін тырысып, талпынды. Сол үшін енді міне!..

Айнұрдың бетінен қою күрең қан ағып жатты. Жарақаты терең екен. Орамалмен бетін бүркедім. Біреу суға жүгірді. Айнұр жан төзгісіз ауырудан ыңырысып жатты.

– Тыныштал!

Әдетте біреу-міреу жыласа, үлкендер осылайша бұйырады.

– Егер біреу-міреу сұраса, өзің құлап түстім дейсің. Біреулерге айтып көр осыдан, сазайынды тартасың!



– Бұл сендерге де қатысты! – деді Динар. –
Әйтпесе бәріңді ұрамыз!

Түк болмағандай Даян мен Динар бөлмеден жай
басып шығып кетті...

Осы жағдайдан соң, әрине, бізге сүйек берілмей-
тін болды.

– Иттер! Адамша жей алмайсыңдар! Бір ғана кіш-
кене нәрсеге бола бір-бірлеріңді талауға дайынсың-
дар! – деп Зиля апай бізге ұрысты.

Уақыт өте келе бұл оқиға ұмытылды. Айнұр
ғана кейде болған оқиғаны қынжыла еске алады.
Сүйекпен ұрғаннан Айнұрдың бетінде терең тыр-
тық біржола қалып қалды.

Радиодан ән шырқалып тұр... Сол жолы сүйек
сұрап алу үшін Айнұр орындаған ән... Енді бұл ән
шырқалғанда көз алдыма Айнұрдың тыртық түскен
беті елестейді.



БАҚЫТ

– Бірақ бұл туралы ешкімге айтпа, – деп апай қоштасып тұрып телефон тұтқасын орнына қойды. Байланыс үзілді. Оның жағымды дауысын естіп жан дүнием жадырап кетті! Жок, мен бөлмеге қарай жүгірген жокпын, тау ешкісі сияқты секіріп, ойнақтап бара жаттым! Біреу-міреу көрсе, мені есінен ауысқан деп ойлап қалуы мүмкін. Жарайды, ойласа ойлай берсін. Ол сондай маңызды емес!

Бүгін неге қатты қуанып жүргенімді ешкім білмейді. Құпиям бар менің!

Бірақ оны ешкімге айтпаймын! Ешкімге!

Бақыт деген бұл әлемде, шынында да, бар екен! Қайдан екені белгісіз, күтпеген жерден адамның басына қона қалады. Сол бақытты күтіп кейде көп күндер, айлар, жылдар өтеді! Сен күтіп жүріп шаршайсың.

«Бақытым менің, келші! Оң жағымнан келші, сол жағымнан келші, күтпеген бақытым, сен де келші!» деп анамыз күбірлеуші еді. Бақыт болса шыдамыңды тауысып, келмейді. Соңында үмітіңді жоғалтасың. Тура сол сәтте, күтпеген кезде келе қалады!

Бақыттың кезегі маған да келді! Көресіздер, бір-неше күннен соң менің тағдырым да жақсы жаққа күрт өзгереді!



Өзімнің бөлmemде кітап оқып отырған едім, кеттен вахтаға шақырды: «Біреу сені телефонға шақырып тұр».

О! Жеті қат көк! Дәл қазір менің жаным сол жерде еді! Мені әлі күнге ешкім телефонмен іздеп, вахтаға шақыртқан емес.

Жеткенше басымда мың түрлі ойлар ойнақтап барды: кім болды екен?

– Илияс, сәлемет пе? Таныдың ба мені? – байланыстың ар жағынан сүйкімді бір дауыс шығып тұр. Басында не істерімді білмей қалдым, кім екенін бірден біле алмай қалдым. – Қалың қалай? Жиі ауырып жүрген жоқсың ба? Жазылдың ба?

Осы сұрақтарды естіген соң ғана түсіндім. Бұл – Нәйлә апай! Жазғы лагерьдегі мейірбике! Ол кісімен жазда таныстық. Бізді ауданымыздан өте алыс жерге демалуға жіберді. Демалыс кезінде неге екенін білмеймін, көбіне ауырдым. Ауарайы жақпады ма, әлде туған жерді сағындым ба екен... Қызуым жиі көтеріліп, медпункке жиі баратын болдым. Мейірбике күнде маған қарап, емдеп, дәрілерін беріп, ақыл-кеңесін айтудан аянбады. Нәйлә апай өте қамқор жан екен! Жасы шамамен елулерде, мейірімді, сыпайы. Маған жақын жандардың біріне айналды. Тәтті-дәмділерін ауызыма тосатын.

Бір күні ойланып тұрып: «Біз күйеуіміз екеуіміз ғана тұрамыз, балаларымыз жоқ. Мүмкін сені бала етіп асырап алармыз...», – деді.



Мен қарсы емеспін! – дедім сол жолы аз-кем ойланып тұрып...

Балалар үйіне қайтатын уақыт жетті. Нәйлә апаймен қоштасу қиынға соқты. «Ілияс! Мен саған әлі барамын!» – құшақтап, менің жанымды тыныштандырып тұр.

Жаз тез өтіп кетті, оқу басталды. Нәйлә апайды жиі есіме аламын. енді міне, көптен күткен қоңырау соғылды!

Ол менің жетістіктерімді сұрады, тұрмыс-тіршілігімді білгісі келді, күзгі демалысымды қайда өткізгенді қалайтынымды сұрады... Күзгі демалыста мен балалар үйінен басқа қай жерде болмақпын? Тек осы жерде боламын!

– Ілияс, саған қоңырауды жай соғып тұрған жоқпын. Сені өзіме алып кетуге бекіндім. Күйеуіммен сөйлестім. Ол келісті.

Нәйлә апайдың бұл сөздерін ести салысыммен аспанға ұшып кете жаздадым. Мені?! Мені бұл жерден алып кеткісі келеді! Маған мұндай нәрсе түсіме де кірген емес!

– Демалыстарға алып кетесіз бе? – деп көңіл-күйімді білдірмеуге тырысып сұрадым.

– Жоқ, біржола. Тиісті орындармен алдын-ала сөйлесіп қойдым, қажетті құжаттарды жинаймын. Сен келісесің бе?

– Иә! Мен келісемін! Әрине! – деп телефон тұтқасына қуана сөйледім. Мені естімей қалады ма



деп қорқып кетіп қаттырақ сөйледім. Маңдайым терлеп кетті. Шаттық бүкіл денемді кернеді! Шын ба бұл? Мүмкін түсім шығар?

– Олай болса, мені келесі аптада күт, – деді Нәйлә апай. – Бірақ ешкімге ештеңе айтпа...

Бұл бақыт емей немене? Ішімдегі қуаныш пен ерекше сезімді не деуге болады? Нәйлә апай ешкімге айтпауымды тапсырды. Қалай істеймін? Бұл құпия сырды өзімде қалай сақтауға болады? Өзіңнің бақытыңмен қоршаған ортада бөліспей қалай жүруге болады? Өте ауыр, қиын екен! Қуанышың тасып, сыртыңа шыққысы келіп тұр! Шіркін, балалар үйінің бәріне айтса ғой! Иә, білсін, қызғансын! Әлемде әділет барын көрсін! Әйтпесе мені кепкен балық деп мазақтап, бәрі күледі... Ал Нәйлә апай басқаларға қарамастан мені таңдап алды. Бақыт деген, міне – осы!

Көп уақыт бойы аяқ астынан келген бақытымды не істесем деп ойланып, қиналып жүрдім, бірақ өзімді-өзім ұстадым. Нәйлә апайды тыңдауым керек болды.

Кешке бәріміз теледидар көріп отырғанымызда айтып қоя жаздадым.

– Білесіңдер ме... – дедім де, «тілімді тістей қалдым». Артық сөйлеп қоймайын деп тіпті алақаныммен ауызымды басып алдым.

Сол түні ұйықтай алмадым. Нәйлә апайдың сөздеріне ойландым, алаңдадым. Басыма неше түрлі ойлар келді. Қалай ұйықтайсың мұндайда?



Нәйлә апайдың пәтері кең шығар... Маған бөлек бөлме берсе тіпті керемет болар еді! Бәрінен де тәттісі – еркіндік! Қашан, қанша тамақ ішемін десең де өзің білесің! Киімдердің де әдемілерін сатып әперетін шығар.

Велосипед! Нәйлә апай маған міндетті түрде велосипед сатып әпереді! Велосипед теппегеніме қаншама уақыт өтті десеңші! Енді қашан велосипед тепкім келеді, өзім білетін боламын. Бұл жердегі балалар ескі-құсқы заттардан самокат құрастырып алған, оны тебуің үшін ұзақ уақыт кезекке тұрасың. Ол үшін төлеуің де қажет: не алма, не кәмпит бересің.

Отбасында тұруды бастасам, жүннен байпақ тоқып беретін шығар. Онсыз қысты қалай өткересің? Біздің түнгі тәрбиешіміз балалар үйінде әрқайсымызға осындай байпақ тоқып береді. Жұмысқа келе сала тоқуға кіріседі. Біз оған көмектесеміз: жүнді түтеміз, жіпті иіреміз. Бірақ та тобымызда жиырма адамбыз, ал тоқымашы – біреу ғана. Тоқудан басқа ол кісінің басқа жұмыстары да көп. Бұл іске бір-екі сағатын арнайды. Айына үш балаға байпақ тоқып берсе, бәріне жету үшін қаншама уақыт кетеді? Сондықтан өз кезегімізді үндемей күтіп жүреміз. Ал бізге беретін шұлықтармен алысқа бара алмайсың, олар ұзаққа жетпейді. Ол шұлықтарды кисең аяғың тоңады. Оның үстіне қысқы аяқкиімдеріміз де онша емес... Аязда ол аяқ киімдердің өкшелері түсіп қалады.



Әйтеуір маған жүн байпақ бұйырды-ау! Менің кезегім сәуір айында келді... Бұл уақытта күн жылына бастаған. «Жарайды, қайта жақсы болды. Қарашада кигендердің байпақтары тесіліп, жыртылып үлгерді. ал мен болсам күзде жаңасын киемін», – деп өзімді жұбатып тумбочкама салып қойдым. Жазғы демалыстан кейін қарасам... танымай қалдым. Байпағымды қара күйе жеп қойыпты. Барлық жері тесілген... Ақыры киюді жазбаған екен.

Нәйлә апайда бәрі басқаша болады. Мен әлі жүн байпақта жүретін боламын! Осындай тәтті ойлармен жатып қалай ұйықтағанымды білмей қалдым.

Ертеңінде құпия сырды сақтайтын күшім мүлде қалмады. Алдымен оны сыныптасым Амиляға айттым. Ал егер Амиля бірдеңе білсе... хабарлау үшін радио да керек болмай қалады. Бәрі біліп алады. Солай болды да. Басында өзіме де қызықты болды: бәрі қалай болғанын білгісі келіп үтір-нүктесіне дейін сұрап білгісі келеді. Біреулер қызғанады. Таңертеңнен кешке дейін бір-ақ нәрсені талқылайды – Илиястың асырап алынуы. Бұл жаңалық балалар үйіне де сыймай, мектепке де тарап кетті. Әлия әпкем бұл жаңалыққа сенбеді.

– Не болса соны айтпа, адамдардың күлкісін келтірме, – деп қолын бір сілтеді.

Екі күн қанатымды қомдап қырандай болып жүрдім. Одан кейін құпиямды айтқаным өкінетін болдым. Оған бір ерекше себеп бар еді... Кешке бөлмеде балалар жиналды. Олардың неге келгені бірден белгілі болды.



– Саған қашан келеді? Қай күні? – деп әңгімені Динар бастады.

– Білмеймін. Демалыстардың алдында болуы керек...

Балалардың бет-әлпеттері мені жақтырмай тұр. Қызғанып тұрғандары белгілі. Қуанышымды қалыпты түрде қабылдай алмай әрқайсысы көңіл-күйімді бұзуға тырысты.

– Неге сені алады деп ойлайсың? – деп әңгімеге Дим араласты. Асықпа! Бұл жерде бала көп. Анау апай келіп бәрімізді көретін болса, сені алмай тастап кетуі де мүмкін.

– Иә! – Нил да үндемей тұра алмады. Сен Ілияс-сың ғой, өкпең ауырады, жиі ауырып қаласың. Денешынықтырудан сенде ылғи үш, ал менде тек бестіктер. Мүмкін ол апайға спортшы керек шығар? Олай болатын болса, сен кешір.

– Мен Нәйлә апайды бұрыннан білемін! Ол өзі айтты, маған кел деп сұраған жоқпын ғой! – деп өзімді қорғауға тырыстым.

Балаларды бұл ары қарай тіпті желіктіріп жіберді:

– Жарайды, келсін, біз де оған өзімізді көрсетеміз.

– Мен егер эн шырқасам...

Құдайым-ау! Неге ғана айттым екен? Анамыз бізге үйреткен еді ғой: «Күпия сырларыңды ешкімге айтпаңдар, тіпті достарыңа да. Достарыңның да достары бар. Егер шыдай алмай тұрсаңдар бір орамалды ұстап тұрып күпияларыңды соған айтыңдар. Содан кейін орамалды бір түйіп, сырларыңды



соған жасырып қойыңдар. Одан кейін бұл сыр сақтаушыдан басқа ешкім сендердің құпияларыңды білмейтін болады.»

Балалардың бәрі осындай бақытқа қол жеткізгісі келеді. Олар менен оны жасырмайды да. Менің жынды келтіріп қандай нәрсе істеп бағатындарын айтып жатыр. Өне, үнемі ықылық атып жүретін Рустамның өзі мамонттың баласының әнін айтуды жоспарлауда. Осы әнімен бәрін жалықтырды. Кім оған үйреткен? Қандай да бір аудандық байқау болса директор Рустамды ән салуға мәжбүрлейді. Әннің сөздері аяушылық тудырады:

*Анам естісе екен,
Анам келсе екен,
Анашым мені, сенемін, табар!
Өмірде олай болуы мүмкін емес,
Балалар жоғалмауы керек...*

Осы жерге келгенде Рустам көз жасын аямастан төгіп-төгіп, жылап жібереді. Сол жолы мәдениет үйінде де тура солай болды. Қазылар алқасы, әйелдер жағы жылап, халық қатты-қатты шапалақ ұрды. Бірінші орын – Рустамдікі! Балалар үйіне үлкен басшылар келгенде де Мавлида Нұрғалиқызы осы әнді айтуға мәжбүрлейді. Олардың аяушылық сезімдері оянғанда директор салған жерден көмек сұрайды.

– Сахнада тұрғанда жылай алмайтын кездерімде әдейі тілімді тістеп аламын, – деп Рустам бір күні



мақтанған болатын. Ол үшін директор Рустамға жап-жаңа киімдер бергізді. Қандай тапқыр бала! Егер ол Нәйлә апайдың алдында осылай роль ойнаса – мен шынында да қалып қалуым мүмкін! Дим де қалғысы келмей тұр.:

– Ол апай біздің топқа кірген кезде еденді жуа бастасам. Ол мынау қандай еңбекқор бала десеңші деп ойлайды! Ондай бала кімге керек емес? Олай болса, ренжімендер, жарайды ма?

Ақыры Нәйлә апай келді. Барлық бала оған қалай қарады десеңші... Жан-жағынан қоршап алып балға жабылған арадай шуылдады. Тіпті оның қадам басуына мүмкіндік бермеді. Қонаққа балалар үйі бойынша таныстыру жүргізді. Балалар одан қалмады. Бәрінің көздерінде бір-ақ үміт бар: апай оған назар салса екен. Ал Нәйлә апай бірден менің қолымнан ұстап алды да жібермей ұстап жүрді.

Балалар үйіндегі өмірмен таныстырып шыққан соң директор мені мен Нәйлә апайды өзінің жұмыс бөлмесіне шақырды.

– Құдай бар ғой... Баяғыдан бері бала асырап аламын деген арманым бар еді. Міне, енді... – апай мені арқамнан сипады. – Қазірше күзгі демалысқа алып кетемін. Сөйте жүріп құжаттарды дайындай беремін.

Одан кейін мені бөлмеме жіберді. Заттарым жиналып дайын тұр. Тез сыртқы күртемді кидім, арқама сөмкемді асып алдым. Дәлізге шықсам менің Әлия әпкем мен қарындасым Зульфира отыр.



Маған деген реніштерін жасыра алмады, көздерінде жас, беттері ісіп кеткен.

– Илияс аға, сен бізді тастап кетіп барасың ба? Шын ба? – деп өксіп отырып Зульфира сұрақ қойды.

Мен не деп жауап берерімді білмедім. Айтарға сөз жоқ. Мен қалайша өзімнің ет жақын туыстарымды ұмытып кеттім? Сондай ауыр болды маған...

– Ол бізге қайтыс боларда әкемнің айтқан сөзін ұмытып қалды. – Басқа жаққа қарап тұрып Әлия сөйлеп тұр. Менің көзімді көргісі келмеді. – Ол: «Үнемі бірге болыңдар! Бір-бірлеріңді ешқашан тастамаңдар!» – деген. Ал сен... – Әпкем бетін алақанымен жауып алып өксіп-өксіп жылап жіберді.

– Мен не, ағасыз қаламын ба? Біз сағынғанда не істейміз?

Олардың сөздері жүрегіме қанжардай болып қадалды. Не айтасың мұндайда? Сөз жоқ.

Сатқын! Сені не, сығандар тәрбиеледі ме? Мұны қазір шешеміз бен әкеміз көрсе не дер еді?!

Мен өзімді қоярға жер таппадым. Еріксізден көзімнен жас парлады. Осы уақытқа дейін қуаныштан құлпырып тұрған болсам, ал енді... Өзіме ең жақын жандар туралы мүлде ұмытып кеткен екенмін.

– Илияс, тезірек, директор күтіп тұр, – деп тәрбиеші тездеткенмен менің аяқтарым ол жаққа баспады.

Иә, менікі дұрыс емес. Әлия тура айтады, сатқынмын мен! Тамағыма топырақ байланып қалғандай. Бір ауыз сөз айта алмаймын, тіп-



ті тыныс алудың өзі қиындап тұр! Аяқтарым тындамайды. Көздерімнен жас бұлақтай ағуда... Директордың жұмыс бөлмесіне әрең жеттім. Нәйлә апайдың отбасына да барғым келеді, әпкелеріммен, қарындасыммен айырылуға да болмайды.

Директордың жұмыс бөлмесіне кіргенімде Нәйлә апай бірдеңе болғанын бірден сезді.

– Саған не болды? – деп сұрады.

– Ештеңе, – дедім өзімді ұстауға тырысып. – Нәйлә апай, сіз... мені кешіріңіз...

Мен қатты дірілдеп кеттім, сөзімді аяқтай алар емеспін.

– Сізбен бара алмаймын. Осында қаламын.

Директор мен мейірбике не істерін білмей тұрып қалды! Олардың көздеріне қарау ұят... Бөлмеден тез шығып кеттім. Сыртқа шыққан соң басым ауған жаққа қарай жүгіре жөнелдім... ұзақ жүгірдім... Білмеймін қайда жүгіріп бара жатқанымды...

Күні бойы орманда болдым... Кешке балалар үйіне барғанымда ол жерде Нәйлә апай жоқ еді...





ӨКІНУ

Жазғы лагерьден келдік-ау ақыры. Автобус балалар үйінің алдына тоқтады, бізді тәрбиеші Райфа апай қарсы алды.

– Сәлеметсіз бе, апай! – деп қуана күлімдеп амандастым. Бірақ ол мені көргеніне еш қуанбады. Амандаспады да. Жүзінде ашу тұр екен. Оның түр-әлпетінен бірдеңе болғанын сездім.

– Жақсы болып көрінбей-ақ қой, оңбаған! – деді Райфа апай мені көзімен атып.

Түк түсінбей қалдым. Райфа апай неге менімен бұлай дөрекі сөйлесіп тұр?

– Не болды, апай? – деп ақырын ғана сұрадым.

Менің сөздерім оны одан сайын ашуландыра түсті.

– Түк болмағандай кейіп танытпа, оңбаған! Ұзын тіліңе ие бола алмасаң мен қысқартып беремін.

– Мен не айтқан екенмін?

Бұл ақталуым Райфа апайды тіпті жындандыра түсті. Маңымызға балалар жинала бастады. Олар ішке кіруге асықпады, болып жатқан нәрсеге қарайлап тұр. Біреулерге қызық керек, біреулердің маған жандары ашып тұр. Әдетте балалар үйінде бірдеңе бола қалса бәрі соны



көру үшін жинала қалады. Одан кейін болмаған адамдарға қызықты етіп айтып береді. Тәрбиеші мені қолымнан ұстап алды.

– «Жетімді бақсаң ернің қан болады, шошқаны бақсаң ернің май болады», – деп халық бекер айтпаған, – деп ысылдады, – Мына кішкене, әлсіз бала еш кінәсіз мені бүкіл деревняға ұятты етті.

Райфа апай айқайлағаннан ыстықтап, қып-қызыл болып кетті.

– Қазір адамдардың көзіне түсуден қалдым. Қайда барсам да маған жақтырмай қарайды.

Не дерімді білмей, естігендеріме таң қалып тұрмын. Кенеттен Райфа апай неге маған тап берді? Есіме түсіргім келді, бірақ оның алдында еш кінәм жоқ сияқты! Ақыры айттым-ау:

– Сіз мені біреумен шатастырып тұрған шығарсыз.

– Жап ауызыңды, қарға! – Тәрбиеші қолымды одан сайын қатты қыса түсті. – Әйтпесе бет-ауызыңды бұзамын!

Ашудан көтеріліп кеткен тәрбиешінің сөздеріне бірдеңе деп жауап берудің өзі қауіпті болып тұр. Есімде, ол менің түнде даладан кеш келген бір досымды қатты ұрып тастаған болатын. Бетінен жұдырықпен ұрды! Ол болса көзінің асты көгеріп, басын көтеруге ұялып көп уақыт жүрді. Егер Райфа апайдың қарулы қолына іліксең жайдан-жай кете алмайсың...

Тәрбиеші түкірігін шаша ары қарай сөйледі:

– Айтшы, қане, мен балалар үйінің заттарын үйіме қашан тасыдым? Қашан көрдің? Сендердің



қасық, ыдыстарың маған неге керек? Мен не, сенің жастық, жамылғы, орамалдарыңды ұрлап алдым ба? Неге үндемейсің, мал, қане, жауап бер!

Райфа апай кене сияқты жабысып алған, оның шаңқылдаған үнінен құлағым шыңылдап, дірілдеп кеттім. Кенеттен көңілім босап кетті. Көзімнен жас бұршақша атылды. Сол сәтте ол жастарым бетімді күйдіріп жатты!

– Сіз туралы мен ондай ештеңе айтқан жоқпын! – бар күшімді жинап, тұтығыңқырап сөйледім.

– Қарай гөр! Өзінің кінәсін мойындағысы келмейді! Бүкіл деревня мені кінәлауда. «Ілиястың ауызын жап, көп сөйлемесін,» – дейді кейбіреулері... Бұл сенің ісің! Сенің! Біздің үйге картоп қазуға келгеніңде сен сауысқан сияқты бәрін көріп алдың. Не? Өзіңді тексеруші сезінесің бе? Бәрін көрген екенсің, иә! Енді менің өмірімді қазып жүрсің бе? Жол бермеймін! Ең алдымен өзіңді жөндеп ал! – Райфа апай бар күшімен итеріп жіберді. Мен жерге құлап түстім. Қолым, аяғым жараланып, қанап кетті.

Сенің бұл жамандығыңды ешқашан ұмытпаймын! Әлі өкіріп ащы жасыңмен жылайтын боласың! Өкінесің! – Райфа апай осыны айтты да балалар үйіне кіріп кетті.

Демалып келген бақытты шағым көзімнің алдында бірақ ұшып кетті. Көңіл күйім қатты түсіп кетті. Мұндай сөздерді қашан айтқанымды есіме түсіргім келді. Бірақ ондай нәрсе есімде жоқ.



Мұндай уайымнан мен, әрине, түнде ұйықтай алмадым. Алақаным мен тіземдегі жаралар ғана сыздамады, жаным да қоса ауырып жатты... Ешқашан Райфа апай туралы жаман айтқан емес едім. Керісінше, ылғи оған көмектесуге тырысатынмын. Көктемде балалармен бірге картоп егіп беретінбіз, күзде қазып, жинап береміз. Денеміз, беліміз ауырса да оны ешкімге айтпаушы едік. Қыста есіктің алдының қарын күредік, малдарына қарадық, өзеннен шелектермен су әкелдік... Бұл туралы көп ешкім білмейді. Оның жұмыстарын істеуден бас тартсаң, ол кісінің жауабы даяр:

– Онда саған жаңа киімдер жоқ, аузыңды да ашушы болма!

Біз үшін жаңа киімдерді қоймадан тәрбиешімізге ғана алуға болады. Оның талаптарын орындамасаң одан кейін жыртық-жамау киімдермен жүресің. Басқа балаларда жаңа шалбар, ақ көйлек, ал сен ескі-құсқы киімдермен жүресің. Райфа апайды тыңдамау үшін өзіңе-өзің жау болуың керек. Біздің топта ондайлар жоқ...

Сол күннен бастап маған деген Райфа апайдың қарым-қатынасы өзгерді. Амандассаң жауап бермейді. Мені көрсе болды, түр-әлпеті өзгеріп сала береді. Топтың тәрбиешісіне көп сұрақтар қойылады. Бірақ Райфа апай мені көрмеген, естімеген сыңай танытады.

Бірде жаңа киімдер беретінді естідік. Барлығы жаңаларды алып жатқанда мен құр қол қалмауым үшін тәрбиешіге келдім.



– Балаларға жаңа аяқ киімдер беріледі деп жатыр. Райфа апай, маған да аласыз ба? Мен қырықыншы размер киемін, – деп сыпайы сөйледім.

Райфа апай маған жеркенішті күлкімен қарады:

– Ал мен аяқ киімдерді баяғыда-ақ алып қойғанмын. Саған жетпей қалды...

Оның сөзінен қысылып-қымтырылып қалдым:

– Солай болады ма? Бәріне бар, ал маған жоқ па?

Тәрбиешіге түк те болмағандай. Керісінше, оның түрі бал-бұл жанып, менің бұл күйіме масаттанып тұр.

– Білмеймін. Сен туралы ұмытып кетіппін, – бұл сөздерді ерекше ләззатпен айтты. – Жарайды, ескі бәтіңкеңмен жүре тұр. Маймақ аяғың жұлынып кетпейді.

Айналды да, мені енді көргісі келмейтінін білдіріп жұмыс бөлмесіне қарай кетті.

Осыдан кейін де Райфа апай маған ашулануын қоймады. Сәлемдеспеді. Киімнің ең соңғы қалғандарын берді. Қалған киімдерден ештеңе таңдай алмайсың да. Тигенін аласың. Аяқ киім екі-үш размер үлкен, костюм мен көйлек, керісінше, өте тар. Бұл сол кісінің қалауы бойынша солай болды. Мен сондай күйде жүріп басқа балалардың алдында ыңғайсыз жағдайда қалып жүрдім.

– Апай! Бұл маған тар ғой, – деп тәрбиешіге айттып көрдім. Ол болса бірден дүрсе қоя береді:

– Мемлекет сендерді тегін киіндіреді, ал сендер оның қадірін білмейсіңдер! Рақмет айтыңдар!



Өздерің табыс табуды үйренгенде бойларыңа шақ киімдерді сатып аласыңдар!

– Тым болмағанда жеңі ұзындауы бар ма, мүмкін бар шығар? Мынау енді сұмдық қой...

– Сен қане, үйтіп еркелей берме! Алсаң – ал, алмасаң – кет!

Қалай тәжікелесіп тұрасың? Жалаңаш жүрмейсің ғой...

Әх, білсеңіздер, жан дүниемде қандай жаман күйді кешіріп жатырмын. Менің адамдық арым төмендетіліп, ұяттан жердің астына түсіп кетердей болдым. Неге солай істейсіз, Райфа апай? Мен кінәлі емеспін! Сол күні лагерьден келгеннен бастап менің азапқа толы күндерім басталды.

Мектеп бітіргенімде Райфа апай «қамқорлығын» тағы көрсетті. Университетке түсу үшін мінездеме қажет болды. Оны тәрбиеші жазатын. Сол кезде ол өзінің ашу-ызасына тағы да ерік беріп, не жазғысы келді, соны жазды. Мұндай мінездемемен университет түгілі училищеге де жақындатпасы анық. Есімде, сол кезде сынып жетекшімнен тағы бір мінездеме сұрап едім. Сол мінездемемен жоғары оқу орнына түстім. Ал Райфа апайдың сол бір қара ниетті мінездемесін әлі күнге өзімде сақтап жүрмін...

Ол мінездемеде, міне, былай жазылған:

«Ілияс Мұхаметов – өте қиын адам. Балалар үйіндегі алғашқы күннен бастап-ақ көпшіліктен өзін алыс ұстауға тырысты. Көшеде жалғыз



өзі жиі қыдырады. Қырсық, қыңыр. Қу. Кекшіл. Өзі туралы өте жоғары ойда. Үлкенді де, кішіні де сыйламайды. Оған көп сенудің қажеті жоқ. Адамдарды тез-ақ алдайды. Нағыз жауапты кезде сыныптастарын қолайсыз жағдайда қалдырады. Балалардың арасында шиеленісті оқиғаларды жиі ұйымдастырады. Біреу-міреуге көмек көрсететін болса одан кейін оны өсіріп айтады. Мұғалімдер мен балалардың арасында көптеген түсінбестіктердің тууына кiәлі болды. Илиястың тура жолға түсуі үшін нелер істелмеді десеңші! Отбасынан алған жаман тәрбиені енді түзетудің ешқандай жолы жоқ. Жалпы алғанда Илиясты өте қиын мінезді, тәрбиесіз бала деп есептеуге болады. Болашақта қоғамға мұндай адамнан бір пайда болады дегенге сенбеймін.

Тәрбиеші – Райфа Төлебаева.»

... Содан бері көп жылдар өтті. Балалар үйіндегі сол қатарластарым есейіп, барлығы өздерінің жеке өмірлерін сүруде. Мен университетті аяқтап, астанада қызмет етемін.

Кейбір естеліктер қандай ащы, кермек болса да, сол кездерді бәрібір сағынамын. Әсіресе ашық жүзді, кең пейілді топтағы балаларды, олармен бірге көрген қуанышты, қайғылы күндерді есіме аламын...

Балалар үйінің балалары бірде көп жылдан соң деревняда кездесу жасадық. Өмірден өз орындарын



тапқан, бір-бірлеріне жақын жиырмадай адам жиналды. Мұғалімдер мен бұрынғы тәрбиешілерді де шақырдық. Жақсылап тұрып дастарқан дайындалды. Біз балалар үйіндегі түрлі қызықты оқиғаларды айтып күліп, өзіміздің жаңалықтарымыз бен жетістіктерімізді айтып отырдық. Дастарқан басында уақыт қалайша тез өтеді десеңші!

Кешке жақын жаным Рамиль келіп отырды, біраз көңілденіп алған.

– Илияс аға, сені бір минутқа болады ма? – деп сыртқа шақырды. Біз онымен бір бөлмеде тұрғанбыз. Олимпиадалар мен түрлі жарыстардан үнемі бірінші орын алатын. Балалар үйінен кейін бір кәсіптік-техникалық училищеге түсіп, оны аяқтаған соң туған өлкесіне келген.

Мен шықтым.

– Аға, мен саған бірнәрсе айтуым керек... – Рамиль неден бастарын білмей тұрды да, сөздерін дайындай бастады.

– Қалай болған болса, солай айта бер.

– Сенің алдыңда өзімді қатты кінәлі сезінемін...

– Қойшы, не деп тұрсың? Сен маған ешқандай жамандық жасамадың.

– Болды бірдене, болды... Бірақ сен ол туралы білмейсің, – Рамиль қызарып кетті. – Менің бұл қылығым өмір бойы тынышымды алып бітті. Әлі күнге дейін өкінемін. Бүгін сенің кешіріміңді алмасам алдағы уақытта тыныш ұйықтауым неғайбыл.

– Сен не деп тұрсың, Рамиль? Түсінбей тұрмын.



– Біздің деревнядағы жалғыз омарташы Ғұсман аға есіңде ме?

– Иә.

– Бір күні біздің топтағы Мұрат екеуіміз сол кісіге бардық. Бал жегіміз келді! Өзің білесің, омарташыда бал көп болады. Балалар үйінен балды көрмейсің.

– Ары қарай қалай болды? Бал жедіңдер ме?

– Әх, одан да жемегеніміз жақсы еді... Рамиль біраз үндемей тұрып қалды. Одан соң терең күрсінді де, ары қарай сөзін жалғады. – Ғұсман аға біздің не үшін келгенімізді білсе де балын алдымызға қоюға асықпады. Тіршілігіміз, оқуымыз, балалар үйі жайында сұрады. – Райфа апай балаларға қол көтереді дейді ғой, рас па? Қалай болғанын жақсылап айтып берсеңдер бал беремін, – деп қызықтырды.

Рамиль тағы да терең күрсінді.

– Сендер не айттыңдар?

– Балдан бас тарта алмадық. Қалай болды, соны айтып бердік. Оны несіне жасырамыз, барлығы шын болған еді ғой. Әр дұрыс емес ісіміз үшін басымыздан бір топ кілттың бумасымен ұратынын айттық. Үйінде жұмыс істететінін айттық. Одан кейін Ғұсман аға бізді үйіне шақырды. Әйелі шәй құйып берді. Дастарқанда тұрған иісі аңқыған балды көріп көзіміз шырадай жанды. Ғұсман аға ары қарай сұрап жатыр:

– Райфа апай қалай, жақсы тұрады ма? Үйінде бәрі әдемі шығар?



– Ой, аға, сұрамаңыз! Егер өз көзіңізбен көрсеңіз басыңыз шыр айналар еді. Ол үйде не жоқ дейсіз! Заттардың барлығы негізі балалар үйінен. Ыдыстар, перде, вазалар, жастықтардың тысы – бәрі біздікі, – дедім мен.

– Оны сен қайдан білесің? Мүмкін тәрбиеші оны дүкеннен сатып алған шығар? – деп омарташы Райфа апайға жақтаса кетті.

Айтқанымды қалай дәлелдейтінімді білмедім. Егер Ғұсман аға бәрін Райфа апайға айтып қойса ше? Онда біттім! Қиын жағдайдан бірдеңе қылып шығып кетуім керек болды.

– Ол туралы Ілияс жақсы біледі. Ол бәрін өз көзімен көрген, – деп қалай өтірік айтып жатқанымды өзім де байқамай қалдым. – Өтінемін, мен айтты деп айтпаңызшы, – деп жалындым. Райфа апайдың ұрғандары мені әбден қорқытып тастады. Ал сен бізден үлкенсің, саған тиіспейді деп ойладым.

Мынаны қара!... Кенеттен ақтарылған сырдан таң қалып тұрмын. Рамиль мен үшін ылғи үлгі болатын, енді одан мұндай сөздерді есту... Кім ойлаған?

– Кешірші мені, аға! – Рамиль кінәлі сезініп көзін менен тайқытып әкетті. –Тәтті балдың мен үшін осындай ащы болатынын білген жоқпын...

Сол сәтте дәл жанымыздан біреудің терең күрсінісі естілді. Жалт қарадық. Жақын жерде Райфа апай тұр екен, қазір енді зейнетте. Бізді көріп ол артқа қарай бірнеше қадам басып бір ағашқа сүйеніп тұрып қалды...



ӘКЕМНІҢ БЕЛДІГІ

– Илияс, не болып жүр саған? – деп әпкем Әлия қояр емес.

– Ештеңе.

– Неге сен менен ылғи тығылып жүрсің? Сұрақ қойсам естімегендей түр көрсетесің.

– Әлияның сөздеріне не деп жауап берерімді білмедім. Иә, себеп бар, бірақ оны айтқым келмейді. Әлия апайым біз үшін қазір анамыз да, әкеміз де. Оның болғаны қандай жақсы! Балалар үйінде ол бізді үнемі қорғап жүреді. Бірақ балалардың ішінде Әлиядан мықтылар да бар. Егер кейінгі кездері маған не болғанын айтатын болсам ол қатты уайымдайтын болады. Оған жан дүниемнің қиналыстарын білдіргім келмейді. Сондықтан ақырын ғана оң жақ құлағымды жауып қоямын. Жасырамын. Білемін, Әлия бәрін соңына дейін біліп алғысы келеді. Тезірек оның жанынан кетіп қалуым керек.

– Жарайды, асығып тұрмын, өлең жаттауым керек, – дедім де бөлмеме тез жүгіріп кеттім.

Сол күнді есіме түсірсем бірден жаман болып кетемін. Соны ойлап түні бойы ұйқы көрмеймін. Әпкемнен жасырсам да сіздерге бәрі қалай болғанын айтып беремін.



Біздің балалар үйінде Даян деген баланың барын бәріңіз де білесіздер. Одан барлығы қорқады, өйткені ол – атаман. Жылпостардың бәрі оның жанында «Даян аға, Даян аға...» деп айналсоқтап жүреді. Балалар үйінде Даян өзіне-өзі қожайын. Оның айтқандарын қорқақ балалар орындап жүреді. Біреу оның киімін жуады, біреу өзінің тамағының жартысын береді, енді біреулер оның тапсырмасымен деревняға ұрлыққа кетеді. Маған да Даяннан біраз тапсырмалар берілген.

Балалар үйіне түскен соң мен жиі ауыратын болдым, бәлкім уайым-қайғыдан болар. Бетімнің, денемнің терілері қатты құрғап, қуарып кетті. Өртүрлі кремдер жағып көрдім, бірақ ешқандай көмек болмады.

Балалар үйінің балаларын Даян өз аттарымен атамай, мазақтайтын лақап аттармен айтатын. Мен көп уақыт лақап атсыз жүрдім.

– Сенің атың кім? – деп дәлізде кездескен кезімізде сұрақ қойды.

– Илияс.

– Ешқандай мәні жоқ бұл атыңды ұмыт енді! Қазір саған басқа ат қоямыз.

Ол маған бастан-аяқ қарады. Оның көздері қолымның тартылған терісіне түсті.

– Сен не, өлетін адамбысың? Бетіңе, қолыңа не болған?

– Білмеймін.

Мені төмендеткен сұрақтан соң өз-өзіме келе алмадым. Қорғануға көштім:



– Өзім де таң қаламын. Бұрын ондай емес еді. Осында қалай келдім, солай басталды...

Даян күліп кетті. Алақандарын соққылап, бір үлкен жаңалық ашқандай бүкіл маңға айқайлай бастады:

– Таптым, таптым! Бүгіннен бастап сенің есімің – кепкен балық! Естідің бе? Кепкен балық!

Ұяттан жердің тесігіне кіріп кете жаздадым. Даян болса бар дауысымен айқайлап кетіп барады:

– Кепкен балық, кепкен балық!...

Жанына бірнеше бала жинала қалды. Ол екі-жүзділерге осы да жетіп жатыр. Тістерін ақситып бірімен-бірі жарыса маған күліп, мазақтап жатыр:

– Мәссаған, Даян! Міне, басы қандай! Лақап атты тапқан-ақ екен!

Іштеріндегі ең кішкентайына дейін келіп шын-тағымен түртіп:

Қараңдар, шынында да, кепкен балық сияқты. Осы ат жарасып тұр! – деді.

Осылайша Даян маған лақап ат ойлап тапты. Мені осылай мазақтап жатқанда оларға мән бермеуге тырысып, естімегендей кейіп танытып, басқа жаққа қарайтынмын. Даянға өкпем қара қазандай еді. «Сенің барлық әлімжеттігің өзіңе бумеранг болып айналып келсін» деп тіледім.

Бірде менімен бір топтағы Дим өзінің бөлмесіне шақырды. Онда бізден басқа ешкім жоқ еді. Қызықты бірдеңе айтайын деген шығар.

– Бұл жерде ешкім жоқ, емін-еркін сөйлесуге болады, – деп әңгімені бастады. – Бұл жайлы балалар



үйінде ешкімге де айтпаймын. Сатқындар көп. Әр жерде тың тындап тіміскіленіп жүреді. Бірден айтып баруға даяр. Сенімді адамдар жоққа жақын. Саған қараймын да, Ілияс, дұрыс адамға ұқсайсың, сенімен сөйлесуге бекіндім. Маңдайыңда жазылып тұр, сен тұрақты жансың, саған сенуге болады, – Дим барлық бет-бейнесімен күлімдеп өзінің менімен сөйлескісі келетінін байқатты.

Мұндай сөздерден кейін көңілім көтеріліп, жаным жадырап кетті. Енді ше? Ол мені тұрақты жан деді! «Мүмкін, шынында да солай шығар?» – деп ішімнен қуанып қалдым. – «Бәлкім Дим кімнің кім екенін білетін шығар.»

– Рақмет! Сен де дұрыс адамға ұқсайсың, – дедім мен де.

– Олай болса, сенімен ештеңе жасырмай-ақ сөйлесе беруге болады ма? – Димнің түрі қатқылданды да орнынан тұрды.

– Иә.

– Бірақ бұл жайлы ешкім білмеуі керек, жарайды ма? – деп қимыл-қозғалысымен тағы қайталады.

– Нанмен серт беремін...

– Жарайды, – Дим төңірегіне тағы да бір абайлап қарап алды. – Ілияс, қалай ойлайсың, балалар үйінде кім ең күшті?

– Білмеймін...

– Қалайша білмейсің? – деп таң қалғаннан маған көзін бақырайтты. – Даян аға ше? Оның ең мықты екенін сен білмейсің бе?



Даянның атын естігенімде өзімді қолайсыз сезініп кеттім. Оны құрметтеп «аға» деп тұр.

– Кім болса ол болсын, бірақ Даян емес! – дедім мен. Әлсіздерді ренжітеді, бәрін мазақтап, келекелейді, тамақтарын тартып алады. Ондай адам қалайша мықты болады? Өзінен үлкендерден қорқатын шығар! – деп ашумен не ойлайтынымды айтып жібердім. Дим таң қалғаннан ауызы ашылып тұрып қалды.

– Білмеймін, Илияс, не айтсаң да Даян аға бәрінен күштірек! Сен мұны енді ешкімге айтпа, әйтпесе оған айтып барады. Онда саған да, маған да қиын болады.

Оның ескертуі маған одан сайын сенім берді.

– Ол әбден есіріп, аң болып кеткен! Біреу-міреуді жылатпаса тұра алмайды, үнемі қағынып жүргені. Сенің онымен бір бөлмеде тұрмайтының жақсы болған екен. Әйтпесе күн көрсетпес еді!

Мен тоқтай алмадым, сөйлей бердім. Ол шынында да солай. Ешкімге айта алмай қыстығып жүр едім. Димнің болғаны жақсы болды. Оған сенуге болатын тәрізді. Енді өз ойларыммен Диммен ғана бөлісемін.

Мен сөйлеп біткенше Дим үнсіз басын изеп тұрды. Бірақ бір ауыз сөйлемеді, тіпті «иә» деген жоқ. Бірақ менің ойыммен келісетіні белгілі болды.

– Бірақ та деревняның қыздары Даянға қарайлап қояды, – Дим балалар үйінің атаманына шынында да сүйсініп қояды.

– Олар хатты Даян емес, басқа біреу жазатындарын білсе оған пысқырып та қарамас еді. Ол ақымақ



қой! Бір сөзді үш қатемен жазады. Сондықтан да, хатты «үздік» оқитын балаларға жаздыртады.

– Мүмкін емес! Даян сондай сауатсыз емес шығар!

– Білмейсің бе?! Қателері өріп жүреді! Бірде ол өзі жазып көрген екен. «Күрметті суйген кызым», – деп бастап жаза бастаған дегенде еріксіз күліп жіберген едім.

Осы сәтте дүңкілдеген дыбыс шығып, шифоньердің есігі ашылып, оның ар жағынан түрі күреңітіп кеткен Даян атып шықты. Жүрегім тоқтап қала жаздады! Біттім! Ашулы атаман маған жұдырығын ала жүгірді:

– Өлтіремін! Кепкен балық, өлтіремін! Мен туралы не айтады екенсің, біліп алдым!

Жұдырықпен бір ұрғаннан көзімнің оты жарқ ете қалды. Бетімді қолыммен жаба қойдым, көзімнің астын көгертпеудің амалы ғой.

– Қарай гөр, боқмұрын! Ауызын ашатын болыпты ғой! Мен бе сауатсыз? Бұрын-соңды ешкімнен мұндай сөз естіп көрген жоқпын! Ауызыңа ие бола алмайсың ба, мә саған онда!

Қатты тепкіден бүйрегім шаншып кетті. Одан кейін тағы да, тағы да...

– Даян туралы солай ойлайсың ба? Сеніңше Даян сондай екен ғой!

Ол мені өзі әбден әлсірегенше ұрып-соқты. Денем ауырғаннан аяқта тұруымның өзі мүмкін болмай барады. Одан кейін темекі сасыған саусақтары менің жағамнан алды.



Не? Өлгің келді ме? – Даян маған ішіп-жеп қарап тұр. Осы сәтте арқамнан қатты теуіп жіберді. Ол Дим болатын...

– Осыдан Даян аға туралы тағы бірдеңе айтып көр! – деп тапсырды ол. Қандай қолайсыз жағдайда қалғанымды білдім: қақпанға түсіп қалдым, енді одан шығу да оңай емес. Қаным басыма тепті. Атам қазір бүкіл ашуын шығармай тынышталмайды. Бірақ маған қалай қиын болса да жыламауға тырысып бақтым.

– Көтеріші қане мына өлексені! Даян өзінің құйыршығына бұйрық берді. Ол болса мені көтеріп тұрғызғысы келді, бірақ қолынан келмеді.

– Білдің бе, бүгіннен бастап сен өліксің! Құтыла алмайсың, – деп Даян бөлменің ішін ана бұрыштан мына бұрышқа кезіп жүр. Кенет ол бірнәрсені байқады да тез жетіп келді:

– Мынаны қайдан алдың? – деп белдігімді көрсетті.

– Бұл менің әкемдікі... Өлерінің алдында сыйлаған... – дірілдеген дауысым қорқынышымды білдіріп қойды.

– Шеш! Бүгіннен бастап менікі болады!

Әкемнен қалған жалғыз құнды затты қалайша беремін?! Менде бұдан қымбат нәрсе жоқ еді! Белдікті таққан сайын әкемді есіме алатынмын. Жанымда сияқты сезінетінмін. Оның ашық бет-әлпетін, мейірімді жүзін есіме аламын. «Ала ғой, балам, белің бекем болсын!» – деп еді ол маған белдігін беріп тұрып. Содан бері азғантай уақыт өтсе де әкем



енді жоқ. Ал әдемі қоңыр белдігін мен тастамай тағып жүрмін.

– Жоқ, бермеймін! – белдігімнен қос қолдап ұстап алдым. Одан біржола айырылып қалудан қорықтым. Менің жауабым Даянды одан бетер ызаландырды.

– Сенен сұрамаймын да! Дим, тез шешіп ал! – Даян қолдарымды артқа қайырды.

– Бермеймін белдікті! Ол менің әкемдікі болатын! – деп қиылып тұрып жалындым. Олар мені тыңдап, белдікті тартып алмайды деп дәмелендім. Даян қолдарымды одан бетер қатты қайырды. Сүйектерім әне-міне сынардай болып сықырлап кетті. Дим осы кезде белдікті шешіп алды.

– Міне, Даян аға, болды! – менің затымды мәз болып тұрып Даянға ұсынды.

– Атаман қуанышын жасыра алмай қолында белдікті айналдырып тұрды.

– Керемет!

– Бәрібір бермеймін! – бар күшіммен белдікті ұстап, жабысып алдым. Бірақ Даян оны қатты ұстап тұр еді, жібермеді. Ызадан булығып тұрып мені итеріп жіберді.

– Әй, маса! Не болды саған? Белдік керек пе?

– Иә!

– Мә! Егер қатты қалап тұрсаң, мә!

Ол құлашын сілтеп тұрып белдікпен мені ұрып жіберді. Құлағым шыңылдап кетті, белдіктің металл жағы тиген екен...

Басым бөлініп кеткендей. Денем ауырып, шаншып жатыр. Адам төзгісіз азаптан ерінімді тістеп



алдым. Көзімнен жас моншақтай ағылды. Даян мен Дим ештеңе болмағандай шығып кетті. Әкемнің белдігін олар алып кетті.

Не істерімді білмей бар дауысыммен жыладым. Денемнің ауырғанына емес, жанымның ауырғанына өкірдім. Өмірімде бір рет те әкем белдікпен ұрмаған екен мені. Даян болса менің арымды таптады...

Неге мен мұндай әлсізбін? Мектепте сабағым жайлы мақтайды, одан бірақ не пайда? Әлсіз үздік оқитын оқушы болғанша Даян сияқты денесі мықты екімен оқитын бала болғаным жақсы еді, – өмірімде бірінші рет сабақты жақсы оқитыныма өкіндім.

Сол күні құлағым бірақ көгеріп кетті. Ол аздай дұрыс естімейтін болдым. Әпкемнің сөздерін әрең естимін. Әпкемнің көзіне түспей, одан қашқақтап жүрдім.



Содан бері бірнеше жыл өтті. Мен туған өлкеме оралдым. Жолдан біздің балалар үйі орналасқан деревнядағы сыныптасымның үйіне соға кеттім.

– Даян деген есінде ме? – деп біраз уақыт әңгімеден соң сыныптасым тосын сұрақ қойды.

– Оны есіме де алғым келмейді, – деп жауап бердім.

– Негізінде менің оның тағдыры туралы білемін, әңгімені ары қарай жалғамадым. Біраз жылдар бұрын Даянның автобекет жақта қоқыс жәшігін ақтарып жүргенін көргенмін. Ұрлық үшін түрмеде отырып келген екен.

– Естідің бе, оған не болғанын?

– Бұл сұрақтан соң кішкене қызықтырақ болып кетті.

– Не болды?

– Өткен айда Даян өліп қалды!

– Қалайша?! – бұл жаңалықты естіп, тезірек не болғанын сұрадым.

– Солайша... Деревняның шетіндегі қайыңдардың ішінен тауып алды. Асылып қалыпты. Өзінің қоңыр белдігіне...



ЛЕНТА

Тағы да лента ма? Қалайша сен мені жалықтырдың!

Мавлида Нұрғалиқызы мені көре салып ашуланып кетті. Амандасқан сөзімді естіген де жоқ.

Апай! Жақында мектеп бітіру кеші, – дедім ақырын ғана, өзімді кінәлі сезініп. – Сынып жетекшісі бәрінен лентаға ақша жинап жатыр. Барлығы төлеп қойды. Мен ғана қалдым.

Мен не істеймін? – деп директор жылмия қалды, одан кейін тесіп жіберердей қадалды. – Саған тоғызыншы сыныптан соң кәсіптік-техникалық училищеге түс деп айттым. Айттым ба? Ал сен болсаң қарсы келдің. Қарай гөр мұны, университетке түскісі келеді! Екі жылдан бері бір құрылыстарда еңбек етіп баяғыда-ақ ақша тауып алар едің. Мына жерде алақан жайып жүрмес едің. Енді міне, лентаңды айтып менің миымды кептіріп жібердің. Жо-жоқ! Ауызыңды да ашпа, ештеңе сұраушы болма!

Мавлида апай, бүкіл мектептің алдында мен ғана лентасыз тұрамын, ыңғайсыз ғой...

Тұра бер, неге ыңғайсызданасың? Сен басқалардың ішінен ерекшеленгенді ұнатушы едің ғой. Балалар үйінің балаларының барлығы училище-



ге куана-куана түсіп кетті. Бірақ сен өзінді атақты адамдардың баласындай ұстап, кеудеңе нан пісіп, университетке талпындың. Менің үстімнен министрге арыз жаздың. Сенің кесіріңнен маған тексеріс келді. Кейде тым болмаса өзіңе сырт көзбен қарасаңшы. Өзің аппақсың ба, немене? Бұған бүкіл Уфаны берсең де жақпайсың! Өзінді атақты ғалым не беделді әртіспін деп ойлайсың ба? Қалпыңа кел, адамдардың күлкісін келтірме, – деген сөздерден соң менің басым төмен түсіп кетті. – Лентаға ақша бермеймін саған. Сұрамай-ақ та қой. Егер басқалар сияқты болмаймын десең бүкіл мектептің алдында лентасыз тұра бер. Аппақ қарға болып жүре бер!

– Апай, өтінемін...

Директордың мені тыңдағысы да келмеді. Ашудан жарылардай болып, жаман көзқарасымен мені жеп тастағысы келіп жұмыс бөлмесінен қуып шықты.

– Көрінбе көзіме! Басымды қатырма!

Директорға өтініш айтқаным өкініп шықтым. Мұндай төмендеткен сөздерден соң басымды көтерер күшім де қалмады. Есіктің ар жағынан құтырынған директордың сөздері естіліп жатты:

– Қашан осылардан құтыламын? Шегіне жетті, бітті енді! Маскүнем ата-аналардың ешкімге керек емес сүмелектеріне мен қарыздар емеспін... Сұрағанды ғана біледі: «Апай! Анау керек, мынау керек!» – деп мені тірідей жеп қоюға дайын. Қашан ауыздары жабылады екен...

Директорға сенудің қажет емес екенін түсіндім. Адамдардың алдында ұят болатын болды-ау! Бірдене



ойлап табу керек. Осы ойлар түні бойы маған маза бермеді. Эх, жүз рубльді қайдан тапсам болады?

Басыма бір ой келе қалды! Иә! Таптым! Төменгі көшеде бір аға металлолом қабылдайды. Ал көшелерде нешетүрлі нәрселер жатады. Басқа балалардың ол кісіге түрлі темірлер тасып аппаратынын көріп жүрмін. Менің қолымнан келмейді ме? Теміртерсек жинап өткізсем лентаға қажетті ақша да болып қалар қалтамда.

Ертеңінде сабақтан соң деревняны бір аралап жүріп шықтым. Біздің балалар сол ағадан алған ақшаларына тәтті-мәттілер сатып алып, балалар үйінде мақтанып жүрген. Енді мен де солай істеуге бекіндім. Сіздер мен металлды қайдан алады деп ойлайтын шығарсыздар? Деревняның ар жағында, өзеннің бойынан табылады деп ойлаймын. Керексіз бұзылған нәрселер кімге керек болушы еді? Ал мен үшін ол үлкен нәрсе. Бұл іс туралы басқа балалардан аздап сұрап көрдім.

Сөйтсем металл екі түрлі болады екен: қара және түсті металл. Қара металлдан тракторға бөлшектер, шаруашылыққа қажетті заттар дайындайды. Түсті металл өте сирек кездеседі: алюминий, мыс, латунь. Мен қара металл іздеуге шықтым.

Осындай оймен өзен жаққа қарай беттедім. Біраз алыс жер жүрдім. Көзіме қара нәрсе көрінгенде өзенге де түсіп барып көрдім. Керекке жарар ештеңе табылмады. Неге үнемі осылай болады?



Керегі жоқ кезде ол темірлер алдыңда шашылып жатады. Издейтін болсаң – таппайсың.

Әлі уақыт бар: құр қол қайтпаспын деп үміт-тенемін. Қазір бақшалар арқылы жүріп көрейін. Консерві банкілері мен сынған күректер жатыр. Олардан не пайда? Шіркін, бір ауыр, үлкен нәрсе тауып алсам ғой!

Аяқ астынан үйілген бір темір жабындыларға кезіктім, біреу ескісін алып тастап, шатырына жаңасын жапқанға ұқсайды. Жақсы болды ғой! Мен бәрін тәртіппен жинап, жіппен байладым. Кім қалайтын болса, қолы жетеді. Барлық жабындыларды бірақ алып кете алмаймын, шамама қарай алдым. Біреу-міреу көріп қоймаса екен. Жабындыларды үстіме қойып алдым да металл қабылдайтын кісіге қарай бағыт алдым. Адамдар көрмеуі үшін орталық көшелермен емес, ауылдың шетімен келе жатырмын. Таныс біреу-міреу көріп қалса табан астында ұяттан өліп кетермін. Мен тасып келе жатқан жүк шамамен 15 килограм. Әр килограм үшін 1 рубльден алсам – 15 рубль қалтамда екен. Одан кейін қайта барамын...

Әйтеуір бірдеңе етіп сол үйге де жеттім-ау! Қақпаны қақтым. Иттің үргеніне қожайын сыртқа шықты:

Не керек? – деп сұрады.

Аға, мен металл әкелдім. Сіз қабылдайды дейді ғой? – деп сұрақ қойдым. Жүзімде істеген жұмысымның мақтаныш белгісі тұр еді.



Қабылдаушы темір жабындыларды көрді де күлді.

– Жоқ, достым. Мен мұны қабылдамаймын. Маған ауыр металл керек. Жұқа, жеп-жеңіл темір жабындыдан ешқандай пайда жоқ.

Күтпеген жауаптан не істерімді білмей қалдым:

– Ал бұл не, металл емес пе?

– Металл. Бірақ мұның сапасы өте төмен. Қабылдайтын бөлімшенің ерекше талаптары бар. Сондықтан алмаймын.

Қуанышым, барлық жоспарларым бірден ұшып кетті. Оның үстіне мұны қандай алыстан алып келдім. Бұларды енді не істеймін?

– Онда мұны сізде қалдыра салайын, бірдеңеге керек болар, – деп «сапасыз» жүктен арылғым келіп еді. Бірақ менің сөздерім қабылдаушыға ұнамады.

– Жо-жоқ! Керек емес, – деп бір-ақ кесті. Бұл жерде қоқыс қалдыруға болмайды. Алып кет!

– Енді жүгім екі есе ауыр болып кеткендей болды. Алған жеріме қайта алып бардым. Басқа амалым болмады. Күнім бекер өтті.

Балалар үйіне оралғанымда кеш батып кетті. Қатты шаршадым. Оның үстіне қарным да ашты! Бірінші кезекте асханаға жүгіріп бардым. Менің үлесім суып қалса да үстелдің үстінде тұруы керек. Салқындап қалса да мейлі. Әйтеуір бірдеңе жесем болды, мүмкін көңіл күйім көтерілер.

Сол күні ыдыстарды жинаған Гаухар деген кезекші еді. Қарасам, үстелде ештеңе жоқ.



– Менің үлесімді сен алып тастадың ба, не? – деп сұрадым.

– Сен бұдан да кеш келмедің бе! – деді де Гаухар өз жұмысымен ары қарай айналыса берді.

«Аш адам ұрысқақ келеді», – деп бекер айтпаған екен. Оның сөздеріне қалай ашуландым десеңші! Өзін кім санап жүр? Тәрбиеші сияқты сезініп жүр ме өзін? Оған қалай ұрсып кеткенімді байқамай қалдым:

– Менің кешіккенімде сенің не шатағың бар?! Саған менің тамағым қай жеріңе бөгет болды? Үстелде тұра бермеді ме!

– Білмеймін, тәрбиешіден сұра. Ол сенің жоқ екеніңе ренжіді де сорпаңды төккізіп тастады.

– Тым болмағанда бір тілім нан да қалмады ма?

Үмітімді жоғалтпай төңіректегі үстелдерді де қарап шықтым. Жоқ, ештеңе көрінбейді. Аштанаш барып ұйықтауға жаттым. Жолым болмады ма, болмады. Ақша да таппадым...

Ертеңінде ақша табуға деген ниет басымнан кетпеді. Қимылдау керек! Әйтпесе соңғы қоңырауда лентасыз тұруым керек. Ұят-ай!

Балалар менің кеше немен айналысқанымнан хабардар. Бесінші топтағы Нил бірдеңе біліп, маған жақындап келді.

– Илияс! Саған өте жақсы бірнәре айтамын, – деп әңгімесін бастады, көзін ойнақтатып. – Ақша керек пе?

– Керек...



Нил осындай жауапты күткендей мәз болып күліп кетті. Алақанын соғып әңгімесін ары қарай жалғады:

– Егер олай болса, жақсы бір идея бар! Колхоздың гаражы қай жерде орналасқанын білесің бе?

– Білемін... Өзеннің жағасында тұр. Көшенің төмен жағында.

– Дұрыс. Саған бір құпия бар. Бірақ басқалар білмесін. – Нил сыбырлауға көшті. – Сол гаражға біздің топтың балалары кіріп көріпті. Ой-й-й, ол жерде қаншама металл бар екен! Аллюминий де, мыс та бар... Бірден байып шыға келесің.

– Не болды? Ол металлдың қожайыны бар, – деп жауап бердім.

– Қандай қиын адамсың! Ол темір-терсек кімге керек? Деревняның бүкіл халқы сол жерден алып өткізіп жатыр. Жүр, бізбен бірге бар!

Нилдің сөздері елең еткізді. Қалай болғанда да гараж қараусыз болмауы тиіс. Қарауылы да бар. Бұл жайлы мектептегілер біліп қойса ше? Жағдайым қиындап кетеді онда. Естігенмін, ұрлықшы балаларды есепке алады. Түбі жақсылықпен аяқталмайтын осындай істі біле тұра қалай жасайсың?

– Жоқ, мен бара алмаймын. Өздерің барындар, – деп Нилдан құтылғым келді.

– Қойшы! – Нил ызаланып бір түкірді. – Не деген қорқақсың сен! Ұстап алады деп қорқасың ба? Түк те болмайды: кіреміз, аламыз, кетеміз. Ақша аяғымыздың астында жатыр. Лента ғана



емес, қалағаныңды сатып ала аласың! Өне, деревняда айтып жүр, бір бала металлолом өткізіп өзіне велосипед сатып алыпты. Одан қай жеріміз кем?

Нил маған қамқор болғансып иығыма қолын қойды:

– Мен сені өзіме бөтен санамаймын, сондықтан ұсыныс айтып тұрмын. Балалар үйіндегі басқа балаларға айтар болсам соңымнан топ болып жүгіреді. Ысқырып қалсаң болды. Ал сен болсаң өзіңе жалындырып тұрсың.

– Мен ондай нәрсе істемегенмін, нені қалай істеу керек екенін білмеймін.

– Тапқан екенсің бас қатыратын нәрсені! Жарайды, бірінші рет сен есіктің алдында тұрасың. Үйренесің. Ақшаны екіге бөліп аламыз, саған да бұйырсын. Әлде саған лента керегі жоқ па?

Ол лентаны мен армандағалы қашан! Нил бұл сөздерді айтқанда жүрегім дір ете қалды. Соңғы қоңырауға, мектеп бітіру кешіне аз уақыт қалды. Егер ақша таппасам ше? Ол туралы ойлағым да келмеді. Нил мұндай ұсынысты жамандық ойлап айтып тұрған жоқ. Барсам ба екен? Ол маған тек есіктің алдында қарауыл бол деп тұр ғой...

– Не болды, бізбен барасың ба? Енді айтпаймын саған! – деп Нил асықтырды.

Біраз уақыт үнсіз ойландым. Ұрлаған да ұят, лентасыз қалған да ұят. Эх, не болса ол болсын!

– Келістім!



Кеш батысымен біз гараж жаққа қарай аттандық. Мен, Нил және тағы үш бала. Біразға дейін үндемей келдік. Балалар үйі артта қалғанда Нил темекі алып шықты да тұтатты.

Бұл уақытқа дейін мен онымен жақын араласпағанмын. Ол менің құрдасым, бірақ менен екі сынып төмен оқиды. Мектептегі оқу үлгерімі нашар. Оның тентектіктерін бәрі біледі. Бірде тіпті балалар үйінен қашып кетті! Сондықтан мен онымен жақын бола қоймадым.

Ал қазір онымен бірге ұрлыққа кетіп барамын. Ұрлауға! Осыны түйсіндім де ұялып кеттім. Мүмкін тағы да басқа жерде металлолом бар шығар. Тек гараждан алу керек емес шығар...

– Ал басқа жерлерде түсті металдар жоқ па? – деп өзімнің «көсемімнен» сұрап қоямын.

– Нил мені кекете күлді. Содан соң маған қарап тұрды да:

– Бар! Ағаштың басында!

– Сен әзілдей аласың...

– Мен әзілдеп тұрған жоқпын. Балалар үйінің артындағы қайыңдар өсіп тұрған орманның ішінде көп, толып жатыр. Әр ағаштың үстінде бар деуге де болады.

– Қайдағыны айтпа! Ағаштың басына кім тасиды оны?

Нил дауысын қаттырақ шығарды. Ол өзін ақылды етіп көрсеткісі келді ме, өзінің білімімен мақтанғысы келді ме, білмеймін.



– Сен, Илияс, өзің ештеңе білмейсің. Әр ағашқа адамдар металды тасымайды. Ал сауысқандар тасиды. Олар өздерінің ұяларын солай жасайды. Әр ұяда көп алюминий бар. Мен өзім көрдім.

Нилдің айтқаны барлығын қызықтыра бастады. Одан бәрін дұрыстап айтып беруін өтіндік. Бүкіл назарымыз сонда болды.

– Ары қарай! – деп балалардың бірі асықтырып жатыр. Біздің алдымызда екімен оқитын бала емес, заманның батыл кейіпкері тұр деуге де болады.

– Үлкендерден естігенмін, сауысқандар өз ұяларын металл үгінділері мен қиқымдарынан жасайды деп. – Нил асықпай сөйледі. – Бұл құс жылтырағанның барлығын жақсы көреді. Тіпті біреулер сауысқанның ұясынан алтын сақина тауып алған екен. Тіпті қызыға түстім. Жаныма біздің топтан екі бала алдым да орманға кеттім. Күз мезгілі болатын. Шынында да, қайындардың басынан ұялар көрініп менмұндалап тұр. Бірақ оған шығу керек қой! Қайың діңінің төменгі жақтарында бұтақтар жоқ. Әрине, ағашты аралап құлатуға болады. Арамыз да жоқ болатын. Деревняға барып, бір электриктен ара сұрап алдық. Біз кескен ағаш өте жуан болатын. Кестік, кестік, қатты терледік, күшіміз қалмады! Кішкене демалып алдық та тағы аралауға көштік. Ұзақ қиналдық, ақыры ағаш сықырлап барып жерге құлады.

– Қалай екен? Ұяда бірдеңе болды ма? – балалар әрең шыдап тұр.

– Әрине! – Нил маңғаздана қалды. – Ұя негізінен алюминийдің қиқымдарынан жасалған екен.



Біз тез жинап алдық. Жақсы болды. Бірақ бір килограмға жетпеді.

– Оны содан соң не істедіңдер?

– Сөзімді бөлмеңдер! – Нил ары қарай өршелене түсті. – Бірінші ағаштан соң ары қарай да жалғастырғымыз келді. Екінші ағашты аралауға кірістік. Біраз уақыт қиналған соң ол ағаш та құлады. Металды жинап алдық. Мұны басқалар неге білмеді екен?! Ақша басымыздың үстінде жатыр екен ғой!

– Ақшаны көп тапқан боларсыңдар? – деп сұрап қоямын «металдың королінен».

Нил үндемей қалды. Одан соң:

– Қайдағы! – ол терең күрсінді де қолын бір-ақ сілтеді. – Қайдан шыққанын білмеймін, орманшы келе қалды да біздің жоспарымыздың күл-талқаны шықты. Ол қалай біліп қойды? Мүмкін қарап, аңдып жүрді ме екен?... Бізді милицияға апарам деді. Ох, қалай шошып кеттік десеңші! Бірден араны тартып алды. Біздің олжамыз салынған пакетті де алып қойды. Жеңіл құтылып кеттік. Одан кейін орманға бармайтын болдық...

Нилдің әңгімесінен кейін біз тағы да үнсіз келе жаттық. Гаражға жақындап та қалдық. Бәрі ойдағыдай болып кетсе дұрыс еді. Гаражға жақындап келген сайын жүрегімнің қағысы да жиілеп барады. Жақсылыққа болса екен...

Бірінші темір қақпадан секіріп түсіп колхоздың жеріне қарай өттік. Одан кейін гараждың үлкен қақпасының астымен өтіп ішіне кірдік. Нил



бәріміздің алдымызда келе жатыр, ыммен, белгілермен ғана түсіндіріп келеді. Іште ескі трактор тұр екен, жанында түрлі бөлшектері жатыр. Кіргеннен-ақ не істейтінімді білмей қалшып тұрып қалдым. Қақпаның алдында тұрмын. Балалар жарыса жүріп жұмысқа кірісті. Біреу электр сымдарын жұлып жатыр, Нил болса тіпті жоғарыға шығып алыпты, маймылдарша секіріп барып ұзын кабельді ұстап алды да, тартып жатыр. Болып жатқан нәрселерге қарап таң қалып мен ғана тұрмын.

– Қа-шың-дар! – деп біреу жабайы дауыспен айқайлап жіберді. Зәрем зәр түбіне кетті. Қас қаққанша жаңа ғана темір жинап жүрген балалар жоқ болып кетті! Найзағайдың жылдамдығымен жүгіріп барып терезелерден секіріп, қашып кетті. Терезеге қараймын, бірақ оған шыға алмаймын мен. Алай да көрдім, былай да көрдім – болмайды, шыға алмадым. Көтерілу үшін күшім жетпеді. Біреу сырт жақтан кілттерін сылдыратып есікті ашып жатты! Біттім! Жалғыз өзім қалып қойдым. Қарауыл ұрыларды байқап қойған болуы керек. Не істеймін? Басыма бірден ой келе қалды: гараж біткен жерде екі бөлме бар. Сол жерге тығылу керек! Егер қарауыл ұстап алатын болса басымнан сипамасы анық.

Бір еркек гараждың ауыр қақпасын ашып, ішке енді. Кішкене бөлмеге жүгіріп барып есіктің артына жасырындым. Оның не істеп жатқанын көріп



тұрған жоқпын, бірақ қатты ұрсып аяғын адымдап басып жүргенін жақсы естіп тұрмын. Жүрегім шаншып тұр! Құдай қолдап жеңіл құтылып кетсем екен...

Дыбыс маған қарай жақындап келеді. Тіпті жақын қалды. Оның әр қадамын, тыныс алуын сезініп тұрмын. Қорыққаннан айқайлап жібермеу үшін өзімді қолымда ұстап тұруға тырысып бағудамын. Қарауыл гараждан шығуға асығар емес. Бірдеңе іздеп жүр. Сықыр-сықыр... Міне, ол жақын жерден өтіп кетті. Мына бөлмеге кірмесе екен! Ол тағы жақындап келіп жанымнан өтіп кетті! Уфф... Бірақ ерте қуандым ғой деймін. Қарауыл кілт тоқтады да қайтып келді. Бөлмеге кірді де есіктің артын қарады. Біздің көздеріміз ұшырасып қалды...

– Ах, оңбаған, міне екенсің ғой! Қарауыл үлкен алақандарымен менің жағамнан алды да сілкіп алып шықты. Аяқтарым дірілдеп тұр.

– М-м-мен тиіс... – қатты дірілдегеннен бір сөз де айта алмадым. Денем ысып кетті. Басым айналып тұр. Біттім!

– Жап ауызыңды, миғұла! – қарауыл жуан жұдырығымен басымнан ұрып жіберді. Көзім қарауытып кетті... ‘ – Не істеп жүрсің бұл жерде? Қазір көрсетем саған!...

Қарауыл мені өзінің отыратын жеріне алып барды. Менің қашып кетуге оқталғанымды байқап қолдарымды байлап тастады. Бар күшімен арқамнан бір тепті.



– Отыр! – ашудан жарылардай болып тұрған ол орындықты көрсетті.

Отырдым. Басым төмен түсіп кеткен, оның көзіне қараудан қорқамын. Не істейді екен қазір?

– Балалар үйіненсің бе? – деп дауысын қатты шығара сұрады. Мен басымды изедім. – Білсең ғой, сендердің кесірлеріңнен қанша зардап шектім! Сендер бүкіл гаражды ұрлап біттіңдер, түк те қалмады енді!

Ұзақ айқайлады, ұрысты, үстелді қатты ұрғылады. Қорыққаннан ештеңе есімде қалмады. Менің қанша жаста екенімді сұрады. Одан соң алдыма ақ қағаз бен қалам қойды.

– Мына жерге өзіңнің атың мен фамилияңды, жаныңда болған достарыңның аты-жөндерін тізіп жаз! Сендермен ертең милиция айналысатын болады!

Одан сайын қорқып кеттім. Оны қалайша жазам? Қазір олардың аты-жөндерін жазып берсем ертең-ақ олар мені мерт қылады ғой. Егер жазбасам қазір қарауыл маған ақылға шақырады. Не істесем? Біздің балаларды сатып кеткім келмей тұр, бірден мені тоқылдақ деп атап кетеді бәрі. Жазуға батылым бармай, қаламды айналдырып біраз отырдым. Қарауыл шыдай алмай кетіп бетімнен тағы бір ұрып жіберді. Бұл жолы ерініме тиіпті, үстелге қан шашырап кетті.

– Жазасың ба? Жоқ?! Қазір-ақ өзіңді милицияға алып барамын, – деді ол.



Қазір Илияс Мұхаметов деп жазатын болсам ертең бүкіл мектеп білетін болады. Намыстан қызарып кеттім. Нил мен оның көмекшілеріне де қиын болады. Осы сәтте басыма бір ой келе қалды! Қарауылды алдау керек! Балалар үйінде мүлде жоқ аты-жөндерді жазып берсем болады.

Дірілдеп отырып жаза бастадым. Өзімді Ильдар Махмұтов деп жаздым. Нилдің орнына Варис дедім. Фамилияларын да ойлап таптым. Міне, қалай болып шықты. Егер мені қазір босатып жіберсе құтылатын боламын. Одан кейін Ильдар деген баланы тауып көрсін!

Қарауыл парақты қолына алды да бәрін мұқият оқып шықты. Маған ренжіген көзқараспен бір қарады да қайтадан қағазға үңілді. Одан кейін телефонға келді!

– Сендерге, жүйліктерге сенім жоқ! Балалар үйіне қоңырау соғып көрейін, сен мені алдаған жоқ па екенсің?!

Құдайым-ай! Неге ғана Нилмен бірге баруға келісім бердім екен?! Қазір қарауыл балалар үйіне қоңырау шалады да алдағаным үшін тағы таяқ жеймін! Жүрегім кеудемнен шығып кетердей дүңкілдеп тұр. Жылап жібермеу үшін өзімді әрең ұстап тұрмын. Ол балалар үйінің нөмірін терді де жауап күтті. Одан соң ызаланып телефон тұтқасын қоя салды:

– Бос емес. Түк етпейді, қайта қоңырау соғып көремін. Екі минуттай үнсіз отырдық. Бұл екі минут



маған мәңгілікпен пара-пар еді. Жүрегім тыныштық таппай бұлқынып тұр. Қарауыл телефонға келіп нөмірді қайта терді. Телефонды ешкім алмаса деп ішімнен қалай тіледім десеңші! Ол тұтқаны тағы да орнына қойды:

– Құрып кеткірлер! Олар неге осылайша ұзақ сөйлеседі? – деді де маған қарап тұрып қалды.

– Сен шынында да Ильдарсың ба?

– Иә, шын.

– Анау балаларды да дұрыс жаздың ба?

– Иә.

– Жақсы. Олай болса көзіме көрінбей тайып тұр! Ертең сендермен милиция сөйлеседі.

Орнымнан найзағайша атылып шықтым. Гараждың аумағынан кеткен соң тыныс алуым кішке-не жеңілдеді. Жолдан өзенге қарай түсіп беті-қолымдағы қанды жудым. Қалай жеңіл құтылып кеттім десеңші. Егер оның қоңырауына біреу жауап берсе, ондай балалардың жоғы анықталса не болар еді... Осы бір лас жұмысқа барғаным үшін өзіме-өзім мың рет ұрысқан шығармын. Жеңіл ақша деген сондай болады екен...

Мектеп бітірушінің лентасын алу деген үміт күлге айналып жоқ болып кетті. Көңіл күйім жоқ, ешкіммен сөйлескім де келмейді. Неге менде үнемі осындай болады?

Мектептен қайтып бара жатқанымда жолда оқу ісінің меңгерушісі Насиха апаймен сөйлесіп қалдым. Ол сондай ашық-жарқын жан. Білімі мен тәрбиесі



үшін оны бәрі құрметтейді. Ұлы да өте тәрбиелі, мәдениетті. Мас болып көшеде теңселіп жүретін Мавлида Нұрғалиқызының баласындай емес.

– Илияс, сенің көңіл күйің неге жоқ? – деп сұрады Насиха апай.

– Мектеп бітірушінің лентасын алмайтын болдым. – Мүмкін басқа адамға мен шындығымды айтпас па едім. Ал Насиха апайдан ештеңе жасырғың да келмейді. Бәрібір біліп алады.

– Мен оны білемін, – деді ол. – Бірақ оған бола өзінді осылай ұстауға болмайды. Мен саған ақша беремін.

Таң қалғаннан ауызым ашылып бір орнымда тұрып қалдым! Мен ол кісіден сұраған да жоқпын ғой! Өзі ұсынып тұр! Осы үшін қаншама ұйқысыз түндер, мазасыз күндер өтті. Ал енді бәрі жеп-жеңіл шешіле қалды!

– Әзілдеп тұрған жоқсыз ба? – сөзіне біржола сене алмай тұрмын.

– Жоқ, шын айтамын. – Насиха апай басымнан мейірлене сипады. Ақша келеді-кетеді, ал жүректегі жаралар мәңгілік қалады. Бірақ менің сенде өтінішім бар, Илияс. Өтінемін, саған ақша бергенімді ешкімге айтпашы.

Ол қалтасынан жүз рубль алды да маған ұсынды. Қуанғаннан төбем көкке екі-ақ елі жетпей қалды. Насиха апай! Көп жасаңыз!

– Апай! Сізге көп рақмет! Құдай қаласа қарызымды міндетті түрде қайтарамын, – деп шаттана рақмет айттым.



– Жарайды, кам жеме. Ал соңғы қоңырауға мен арнайы сен үшін келемін. Сенің лента тағып қуанып тұрғаныңды көргім келеді!

Соңғы қоңырауда менен бақытты адам болмады. Жүргізуші біздің аты-жөндерімізді атап жатқанда ортадағы алаңға шығып жаттық. Сондай мақтанышпен ортаға шықтым, себебі мектепті жақсы аяқтадым ғой. Кеудемде мектеп бітіруші түлектің лентасы жарқырап тұрды. Бәрінің назары менің лентама ауып тұрғандай.

Көп жылдар өтсе де мен ол лентаны жүрегіме қымбат қазынадай сақтап келемін... Бірде балалар үйіне бара қалдым. Баруыма себеп болды: біздің мектептің оқу ісінің меңгерушісі болған Насиха апайдың мерейтойы болатын болды. Қаншама жыл табан аудармай жұмыс істеді десеңші! Қиын сәттерде өзінің мейірімімен көмектесті, бізге пана бола білді... Бұл кісіні ұмыту мүмкін емес! Бұрыннан бері оған бір жақсы сыйлық жасағым келіп жүретін. Міне, сол уақыт келді!

Шет елде саяхатта жүргенімде бір шеберден қолөнер бұйымын – ваза сатып алған едім. Соны әдемі қорапқа салдым да сыртынан лентамен әрлеп байлап қойдым. Сол баяғы мектеп бітіргендегі лентамен...



ЭПИЛОГ ОРНЫНА

Сіз бала кезіңізде ертегіні жақсы көрдіңіз бе? Әрине! Әр адамның өзінің ертегі елі болады. Мен де жақсы көрдім. Бала кезімде сөзді тыңдамағаным үшін әпкем маған «ертегі тыңдамайсың онда» дейтін... Анамыз күнде кешке ертегі айтатын, ал кім өзін жаман қырынан көрсеткен болса ол адамды сол бір ғажайып ортаға қоспайтын. Сондықтан мұндай жаза алмауым үшін мен аса көп құтырмайтынмын.

Әх, сол бір керемет кездерді есіме алсам жаным егіледі! Өмірімнің күнге, жарық күндері де болды ғой... Анаң болғанда ешқандай уайым-қайғың жоқ...

Әлемде қанша ертегі барын білмеймін, бірақ менің анамның «сыр – сандығында» өте көп ертегі болатын! Кеш бата бастаса болды, оны анамыздан сұрай бастайтын едік. Жан-жақтан қоршап алып бұл жолы не айтады екен деп тағатсыздана күтетінбіз. Анамыз қашқақтап: «Ұйықтайтын уақыттарың болды, мен бәрін сендерге айтып тастадым...», – дейтін. Білеміз, ол бүгін шаршады, сондықтан ертегі аяқталды дегенін түсінеміз. Бірақ оған мән бермей тағы сұраймыз, тағы да сұраймыз... Анамыз бізден оңай құтыла алма-



сын біледі де ақырында ертегінің тиегін ағытып жібереді. Қалай қызықты етіп айтады десеңші! Сол хандықта өзіңді жүргендей сезінесің, айлакер дәулермен күш сынастырып, кейіпкерлерді құтқарып ішінде бірге жүресің... Анамыз ертегіні аяқтаса да біз ұйықтауға асықпаймыз:

– Тағы бірін, өтінеміз, енді біреу! – деп көндіруге тырысамыз.

– Жоқ, қымбаттыларым, ертегі де ұйқыға жатады, – деп бізді тыныштандыратын.

– Қалайша ұйқыға жатады? Басқа терезелердегі жарықтар әлі өшкен жоқ қой! Әне, көршіміз Юнирге анасы әлі ертегі айтып жатқан шығар.

Біз өзіміздің қалауымызды орындатамыз – тағы да бір ертегі! Ауызымыз ашылып, әр сөзді зер салып тыңдаймыз. Бірақ сол ертегіден соң анамыз сөзін орындайды, енді оған да демалу керек.

– Бүгінге жетеді. Ертегіге де демалыс керек. Ертегілерді ұзақ уақыт айта берсе қыс аяқталмай, ұзап кетеді...

Шіркін, біздің өмірлеріміз тек ертегі күндерінен тұрса ғой!

... Анамыз бізді біржола тастап кетті... Содан бері бір ертегі де тыңдамадым, оны маған ешкім айтқан да емес. Сол кездерді қалай сағынамын десеңші... Ана...

Сіздерді менің балалар үйіндегі достарымның ары қарайғы тағдырлары қызықтыратын болар? Өмір оларды қатты өзгертіп жіберді. Біреулер ба-



қыттың биіктеріне жетсе, ал енді біреулері өмірдің тереңдеріне шөгіп кетті.

Мавлида Нұрғалиқызы ... Ол қазір балалар үйінде жұмыс істемейді. Оған себеп бар. Жаз келе салысымен әдеттегідей директор лагерьге тәлімгер етіп балалар үйінің бұрынғы атамандарының бірін жібереді. Ол тәлімгер Уфадағы бір училищенің студенті, тас қалаушы мамандығын оқып жүрген. Бұл тәлімгер басқалардың алдында өзін дұрыс ұстап жүрсе де күн сайын балаларға маза таптырмаған екен. Түнде ұйықтардың алдында бір балаға оған арнап ән айтып тұруға мәжбүрлепті. Ол баланың ән айтуы ұнамаған екен. Сол үшін тәлімгер оны ұрып тастапты. Біреулер оны видеоға түсіріп алып ғаламторға қойыпты. Шу шықты. Теледидардағы, радиодағы жаналықтардан тек сол жайлы айтты. Балалар үйіне тексерушілер келген. Директорға, баланы ұрған тәлімгердің үстінен қылмыстық іс қозғалған. Кейіннен қаржының жетіспеушілігі анықталған. Мавлида Нұрғалиқызын қызметінен босатты.

Амиля... Сыныптасыммен мақтанамын! Оның ылғи өз пікірі, өзінің нақты мақсаттары болған еді. Ешқашан біреулерге ұнау үшін, біреулерге жалбақтау үшін ұмтылған емес. Біздің бірлескен қателіктеріміз болса бірге жауап беруші едік.

Тоғызыншы сыныптан соң оны тігіншілік мамандыққа училищеге жіберді, ол оны бітірген соң өз күшімен университетке түсті. Бүгінде Амиля



Уфада, араласып тұрамыз. Жақсы, отбасы бар. «Біз көрген қиындықтарды балаларымыз көрмесе деймін. Сондықтан барынша алдыға талпындырудамыз» – деген еді бір кездесуімізде.

Нил... Онымен гаражға металл ұрлауға бірге барған едік. Сол кезде ендігәрі өмірде ештеңе ұрламаймын деп уәде бергенмін. Нилға ұрлық ұнаған болуы керек. Үлкен қалада бұл іске тіпті қызығып алған сияқты. Күндердің бір күнінде дүкенді тонап, кассадан үлкен, қомақты соманы алып кеткен екен. Мұндай қылмыс үшін ешкім оның басынан сипамасы анық. Түрмеге жапты.

Дим... Естеріңізде ме, Дим Даянмен бірге менің әкемнен қалған белдігімді тартып алып еді ғой? Кім бұл өмірде қателеспейді? Ол сол кезде Даянның ықпалында қалып еді...

Заң бойынша жетімдерге әлеуметтік жәрдемақы беріледі. Ол 18 жасқа толғанша жеке есепшотқа түсіп жиналып жатады. Кейін бұл ақшаны шешіп алып жеке басыңның игіліктеріне жұмсауға болады. Димнің есепшотында кәдімгідей ақша бар екен, 200 мың рубльдей жиналыпты. «Жақын арада байып кетемін! Келесі айда 18-ге толамын да 200 мың рубльді аламын!» деп жатақханада бәріне айтқан екен. .. Оны соңғы рет банкке бара жатқанында көріпті. Содан бері жеті жыл өтті, оны ешкім еш жерден көрмеді. Дим хабарсыз кеткен кезде оны ешкім іздемеді де, туған-туыстары да жоқ болатын...

Динар... Жазғы лагерьде «ұрыны» ұстап алған «батыр». Өмір оның да басынан сипаған жоқ. Аста-



нада оқып жүрген кезінде досымен бірге бір кісінің үйіне барыпты. Арақ ішкен, қатты мас болған. Пәтердің қожайынымен жанжал басталған. Динар досымен бірге әлгі адамды қатты ұрған, ол болса өліп кетіпті. Қорыққаннан пәтерден қашып кеткен, мәйіт қылмыс істелген жерде қалған. Динар мен досын 15 жылға бас бостандығынан айырды.

Әлия, Алсу, Зулфира... Бәріміз бір-бірімізбен араласып тұрамыз. Олар қалада тұрып жатыр, әрқайсының өз отбасылары бар. Әлия үш баланың анасы. Зулфираның ұлы бар. Олардың қазіргі өмірлеріне ризамын. Біздің отбасымыздың барлық мүшелері өмірден өз орындарын тапты...

Балалар үйінде бәріміз бір шатырдың астында өмір сүрдік, бірдей киім кидік, бәріміз бірдей тамақ іштік. Қалайша өмір бәрімізді әр жаққа лақтырды? Біздің топты мысалға алайын. Жиырма шақты бала болатынбыз. Содан бері көп уақыт та өтпеді. Міне, солардың төртеуі бұл өмірде жоқ, сегізі түрмеде отыр... Осыны ойлағанда жаным егіліп, тамағыма бірдеңе тығылып қалады. Оларға неге тағдыр осылайша қатыгез болды екен? Бірге өстік, қиындықтарды бірге жеңдік, бірақ оларға өмір өте қатал болды, алғашқы жолда-ақ қанаттары сынды... Неге? Оларға бала кездерінде ешкім ертегі айтпағандықтан болар...

МАЗМҰНЫ

Тастамашы, ана! Хикаят

Тастамашы, ана!	9
Үйге қайтқым келеді.....	22
Балалар үйі тағы төртеумен толықты.. ..	41
Анамның әні	50
Тастамашы, ана!	58
Тіс ауырғаннан өлмейді.....	67
Шірік адам болмаңдар!.....	83
Ауру	94
Балық пен кәмпиттің дәмі	110
Қуаныштан айырды	129
Жұмыс істей алмайды.. ..	138
Сөнген үміт	146
Қонақтарды күтеміз	154
Министрге хат	165
Туған үйдің табалдырығында.....	171
Емтихан.....	179

Ертегісіз өткен балалық. Хикаят188

Анамның дауысы	188
Сынақ	198
Мереке.....	208
Арман	216
Егеукұйрық	223
Ұры	239
Сүйек	251
Бақыт	264
Өкіну	276
Әкемнің белдігі	286
Лента	296
Эпилог орнына	314

АЙГИЗ БАЙМУХАМЕТОВ

ТАСТАМАШЫ, АНА!

Хикаяттар

Башқұрт тілінен аударған – Саят Қамшыгер

Редакторы *Б.Такежанова*
Компьютерде беттеген *М. Нусупалиева*

Басуға2019 жылы қол қойылды.

Офсеттік басылым. Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Баспа табағы 20,0

Қаріп түрі “Times New Roman”. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №...



ЖШС «Кітап» баспасы,
Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93а.
Тел.: 8 (727) 394-39-59, 394-39-65. Факс: 394-39-10
E-mail: kommerz@dauir.kz, kitap_dauir@mail.ru

ISBN 978-601-7888-43-5



9 786017 888435